В методических рекомендациях по определению источников комплектования государственных архивов отмечается, что «важнейшим условием оптимизации состава и содержания

документов Национального архивного фонда Республики Казахстан, создания полноценной источниковой базы, всесторонне и объективно отражающей историю развития государства и общества, является определение источников комплектования государственных архивов страны». В данном документе рекомендации раскрывают: принципы и критерии определения организаций-источников комплектования государственных архивов; этапы работы по их определению; примерную форму Списка организаций-источников комплектования государственного архива; примерную классификационную схему построения данного Списка» [11].

Решение вопросов комплектования Национального архивного фонда Республики Казахстан находится в прямой зависимости от состояния экономики, уровня развития науки и культуры, от системы документирования и организации работы с документами в ведомствах, а также от достижений архивоведения.

Таким образом, для современного этапа общественного развития характерно значительное увеличение количества документов, что является результатом политических, экономических, общественных, научных, инновационных процессов и ряда других причин. К их числу следует отнести развитие всех областей экономического и социально-культурного строительства, усложнение управленческих процессов, расширение тематики научных исследований, дальнейшее совершенствование системы образования, повышение политической и творческой активности членов общества и др.

В связи с объективным процессом увеличения количества создаваемых документов и их качественного изменения основным направлением в теории и практике архивного дела является проблема оптимизации состава и содержания архивного фонда страны. Вопросы комплектования государственных архивов и экспертизы ценности документов неразрывно связаны с решением этой важной задачи архивной службы Республики Казахстан.

При формировании Архивного фонда наблюдается целостность правовых, организационных, научных и методических принципов. Для выполнения государственным архивом задач по формированию на государственное хранение представительного массива документов современного периода устанавливаются двухсторонние отношения с учреждением-сдатчиком документов. Правовой основой определения

организаций-источников комплектования государственных архивов являются законы и нормативные правовые акты Республики Казахстан, нормативные правовые акты субъектов об архивном деле, а также нормативные акты, определяющие систему управления, ее функционирование, цели и задачи организаций, процесс документирования их деятельности.

Кроме того, как отмечает В.Н. Автократов: «толчком к самой реформе комплектования явились многие наблюдения о нулевой интенсивности использования фондов организаций низкого ранга, заполонивших местные архивы. Но отсутствие потребности в таких документах обусловлено их ничтожно малой информативностью» [12].

Литература

- 1 Абдулина А.Т. Состояние архивного дела в Казахстане после победы октябрьской революции // Вестник КазНУ. – 2011.
- 2 Хасанаева Л.М. Казахстанские архивы в период установления и укрепления тоталитарной системы 20-30 годы XX века // Вестник КазНУ. – 2011.
- 3 Орлова Н.А. Некоторые понятия теории познания и их значение для экспертизы ценности документов // Тр. МГИАИ. – М., 1975. – Т. 31. – Вып. 2. – С. 14-19. Автократов В.Н. Теоретические проблемы отечественного архивоведения. – М., 2001. – С. 134, 138.
- 4 Автократов В.Н. Источниковедческий и информационный подходы в теории экспертизы ценности: Вопросы анализа архивоведческих критериев ценности // Материалы к Научной конференции по проблемам комплектования документальными источниками государственных архивов в СССР. – М., 1974. – Ч. 1. – С. 17-18.
- 5 Алексеева Е.В. Архивы и право [Текст]: современное состояние и перспективы развития / Е.В. Алексеева, Е.М. Бурова // Делопроизводство. – 2003. – № 2. – 18 с.
- 6 Автократов В.Н. Теоретические проблемы отечественного архивоведения. – М., 2001. – С. 133.
- 7 Архивный вестник: Сборник статей и материалов Научно-методического совета архивных учреждений Центрального федерального округа России. – 2005. – Вып. 3(9).
- 8 Методические рекомендации по отбору на государственное хранение документов-источников комплектования выборочного приема. – Усть-Каменогорск, 2005.
- 9 Закон Республики Казахстан от 22 декабря 1998 года № 326-1 «О Национальном архивном фонде и архивах». Приказ Министра связи и информации Республики Казахстан от 16 ноября 2011 года № 348 «Об утверждении положений о Центральной экспертно-проверочной комиссии и экспертно-проверочных комиссиях центральных государственных и специальных государственных архивов» (с изменениями по состоянию на 11.11.2014 г.).
- 10 «Единые правила организации комплектования, хранения, учета и использования документов Национального архивного фонда», утвержденные приказом Министра культуры и информации Республики Казахстан от 29 декабря 2009 г. №185.
- 11 Сариева Р. Методические рекомендации по определению источников комплектования государственных архивов. – Алматы, 1999.
- 12 Автократов В.Н. Теоретические проблемы отечественного архивоведения. – М., 2001. – С. 134, 156.

References

- 1 Abdulina A.T. Sostojanie arhivnogo dela v Kazahstane posle pobedy oktjabr'skoj revoljucii // Vestnik KazNU. – 2011.
- 2 Hasanaeva L.M. Kazahstanskije arhivy v period ustanovlenija i ukreplenija totalitarnoj sistemy 20-30 gody HH veka // Vestnik KazNU. – 2011.
- 3 Orlova N.A. Nekotorye ponjatija teorii poznanija i ih znachenie dlja jekspertizy cennosti dokumentov // Tr. MGIAI. – M., 1975. – T. 31. – Vyp. 2. – S. 14-19. Avtokratov V.N. Teoreticheskie problemy otechestvennogo arhivovedenija. – M., 2001. – S. 134, 138.
- 4 Avtokratov V.N. Istochnikovedcheskij i informacionnyj podhod v teorii jekspertizy cennosti: Voprosy analiza arhivovedcheskih kriteriev cennosti // Materialy k Nauchnoj konferencii po problemam komplektovanija dokumental'nymi istochnikami gosudarstvennyh arhivov v SSSR. – M., 1974. – Ch. 1. – S. 17-18.
- 5 Alekseeva E.V. Arhivy i pravo [Tekst]: sovremennoe sostojanie i perspektivy razvitija / E.V. Alekseeva, E.M. Burova // Deloproizvodstvo. – 2003. – № 2. – 18 s.
- 6 Avtokratov V.N. Teoreticheskie problemy otechestvennogo arhivovedenija. – M., 2001. – S. 133.
- 7 Arhivnyj vestnik: Sbornik statej i materialov Nauchno-metodicheskogo soveta arhivnyh uchrezhdenij Central'nogo federal'nogo okruga Rossii. – 2005. – Vyp. 3(9).
- 8 Metodicheskie rekomendacii po otboru na gosudarstvennoe hranenie dokumentov-istochnikov komplektovanija vyborochnogo priema. – Ust'-Kamenogorsk, 2005.

9 Zakon Respubliki Kazahstan ot 22 dekabnja 1998 goda № 326-1 «O Nacional'nom arhivnom fonde i arhivah». Prikaz Ministra svjazi i informacii Respubliki Kazahstan ot 16 nojabnja 2011 goda № 348 «Ob utverzhdenii polozhenij o Central'noj jekspertno-proveročnoj komissii i jekspertno-proveročnyh komissijah central'nyh gosudarstvennyh i special'nyh gosudarstvennyh arhivov» (s izmenenijami po sostojaniju na 11.11.2014 g.).

10 «Edinye pravila organizacii komplektovanija, hranenija, ucheta i ispol'zovanija dokumentov Nacional'nogo arhivnogo fonda», utverzhdennye prikazom Ministra kul'tury i informacii Respubliki Kazahstan ot 29 dekabnja 2009 g. № 185.

11 Sarieva R. Metodicheskie rekomendacii po opredeleniju istočnikov komplektovanija gosudarstvennyh arhivov. – Almaty, 1999.

12 Avtokratov V.N. Teoreticheskie problemy otechestvennogo arhivovedenija. – M., 2001. – S. 134, 156.

Мұхатова О.Х.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» – тарихи және тарихнамалық дерек

Мақалада энциклопедист ғалым әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» еңбегі тарихи және тарихнамалық дерек ретінде қарастырылады. Автор ғұламаның өмір-баянына қысқаша тоқталып өткен. Еңбек тарихи жазба дерек ретінде талданып, оның пайда болуы объективтілігі, сақталуы, түпнұсқалығы, түрі мен типі, шынайылық дәрежесі, құндылығы анықталған. Сонымен қатар шығарма тарихнамалық дерек ретінде сипатталып, оның жазылуының принциптері көрсетілген. Еңбектің тарихнамалық фактілері, олардың мәні, маңызы айқындалған. Әл-Фарабидің аталған еңбегі арқылы ортағасырлық тарихи ойдың дамуына қосқан үлесіне баға берілген. Автор ғұлама ғалымның ғылым мен қоғам туралы пікірлерін келтірген. Ғалымның пікірі бойынша қоғамды, яғни мемлекетті басқару, оның түрлері мен жолдары мысал келтіру арқылы қарастырылады. Нағыз бақытты қоғам заңдар үстемдік ететін, демократиялық ұстанымдар орын алған мемлекетте ғана болатындығы жайында мәселе ауқымында талданады. Мемлекетті басқарудың гуманистік бағыты, билеушінің табиғи қабілеті мен дарынының болуы, билік басына халықтың қалауымен ғана келуі мәселелері ғұламаның еңбегінен алынған сілтемелерді талдау негізінде баяндалған.

Түйін сөздер: әл-Фараби, қайырымды қала, тұрғындардың көзқарастары, трактат, тарихи дерек, тарихнамалық дерек, қоғам, шын бақыт, басқару, билеуші, билік.

Mukhatova O.H.

«Treatise on the views of residents of a virtuous city» – the historical and historiographical source

The paper work of Al-Farabi «The views of residents virtuous city» is regarded as a historical and historiographical source. The author briefly stopped on the biography of the scientist-scientist. Work analyzed as a written historical source, defined the objectivity of its appearance, preservation, authenticity, appearance and type, the degree of reliability, value. As well as writing characterized as historiographical source, the principles of his writing. Facts determined historiographical labor, their nature, value. Through the work called al-Farabi, the contribution of the scientist in the development of medieval historical thought. The author cites the views of scientists about science and society. According to the scientist considered the example of governance of society, ie, state, its forms and ways. Analyzes the problems in the context of this happy society, which is dominated by laws, there is a democratic approach. Based on the analysis of quotations from the work of the scientist presents humanistic approach of government, the need for natural ability and talent ruler come to power only with the support of the people.

Key words: al-Farabi, the virtuous city views of residents, treatise, historical source, historiographical source, society, true happiness, government, ruler, power.

Мұхатова О.Х.

«Трактат о взглядах жителей добродетельного города» – исторический и историографический источник

В статье труд Аль-Фараби «Взгляды жителей добродетельного города» рассматривается как исторический и историографический источник. Автор коротко остановился на биографии ученого-энциклопедиста. Анализируются объективность его появления, сохранение, подлинность, вид и тип, степень достоверности, ценность. Через названный труд аль-Фараби оценен вклад ученого в развитие средневековой исторической мысли. Автор приводит взгляды ученого о науке и обществе. Рассмотрены взгляды на вопросы управления общества, т.е. государства, его формы и пути. На основе анализа цитат из работы ученого излагается гуманистический подход государственного управления, необходимость наличия природных способностей и таланта правителя, приход к власти только при поддержке народа.

Ключевые слова: аль-Фараби, добродетельный город, взгляды жителей, трактат, исторический источник, историографический источник, общество, настоящее счастье, управление, правитель, власть.

**«ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА
ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ
КӨЗҚАРАСТАРЫ
ТУРАЛЫ ТРАКТАТ» –
ТАРИХИ ЖӘНЕ
ТАРИХНАМАЛЫҚ
ДЕРЕК**

Тарихи танымның даму жолдарын бірізді қарастыра отыра тарихнамалық дерек ғылымының қозғаушы күштерінің, әртүрлі ғылыми мектептердің бағыттарының пайда болуының және ауысуының заңдылықтарын, олардың объективті шынайылықтың көрсеткіштеріне орай қалыптастырған тұжырымдамаларының, сол ғылыми ой-тұжырымдардың өз заманының қоғамдық өміріндегі, тарих ғылымын дамытудағы маңызын айқындауға мүмкіндік береді. Тарихи дерек адамның тұлғалық өзіндік санасының және адам мен қоғамның өзара қарым-қатынастарының эволюциясы тұжырымдамасымен байланысты қалыптасады. Адамзаттың дамуы барысында оның шығармашылық мүмкіндіктері және өз тәжірибесін материалдық бейнелерде түрлі жолдармен қалдыруда жаңа тарихи деректер пайда болып, олардың қасиеттері, түрлік құрылымдары өзгеріске ұшырайды. Сондай өз заманында озық ойлы тарихи және тарихнамалық дерек қалдырған әлемдік ауқымдағы ғалым – Әл-Фараби.

Абу Насыр Әл-Фараби – ортағасырлық Шығыстың ұлы энциклопедист ғұлама ғалымы. Ғұламаның толық аты – Абу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлаг Әл-Фараби ат-Турки. 870 жылы Ұлы Жібек жолының бойына орналасқан орта ғасырдағы саяси және экономикалық, мәдени орталықтарының бірі болған Фараб қаласында дүниеге келген. Ұлы ғалымның есімін ұлықтаған орта ғасырдағы Фараб қаласы кейіннен Отырар деп аталғандығы мәлім. Көптеген ғалымдардың айтуынша, Әл-Фараби түріктің танымал әскери қолбасшысының отбасынан шыққан. Оның толық атындағы «тархан» деген сөз бұған дәлел бола алады.

Әл-Фараби жас кезінен-ақ туған қаласын тастап, білім жолын қуып, мұсылмандардың үлкен мәдени орталықтары – Бұхара, Мерв, Хорран, Александрия, Каир, Дамашықта болады. Әл-Фарабидің көп жылдар бойғы тұрған екінші отаны сол кездегі барлық араб-мұсылман елдерінің мәдени астанасы – Бағдад қаласы болды. Мұнда ол алдыңғы қатарлы мұсылман және ежелгі дәуір ғалымдарының шығармаларын оқиды, Шығыстың көрнекті ғалымдарымен араласып, уақыт өте олардың арасынан озық орын алады. Өзінің терең білімі мен қабілеті, жоғары адами қасиеті, озық ойының арқасында, осы Бағдадта «Муаллим асана», яғни «екінші мұғалім» аталды. Шығыста Аристотель-

дің «бірінші» екені белгілі. Алайда жамандардың өзінен білімді адамды көре алмаушылығы Әл-Фарабиді Бағдадтан кетуіне мәжбүр етті. Өмірінің соңғы жылдарын ұлы ғалым Алеппо мен Дамаскіде өткізді. Бұл жерлерде Әл-Фараби жергілікті әкімдердің сыйы мен рақымшылығына бөленді, алайда осыған қарамастан, ол билеуші сарайында қалмады.

Ғалым өзінің қарапайым еңбекақысымен өмір сүріп, Дамашықта 80 жасында қайтыс болды.

Әл-Фараби – әлемдік деңгейдегі ойшыл, ғалым. Өз шығармаларында ол араб, парсы, үнді, ежелгі және төл түрік мәдениетін бір-біріне ұқсатып, жақындастырып, жинақтады. Оның қызығушылық деңгейінің шеңбері өте кең болды. Әл-Фарабидің ой-өрісі сол кезеңдегі әйгілі ғылым мен мәдениет салаларының бәрін қамтыды. Ол астрономия, логика, музыка теориясы және математика, социология және этика, медицина және психология, философия және құқық, өнер мен әдебиет, поэзия және музыка бойынша еңбектер жазды. Мамандардың есебі бойынша, Әл-Фараби 200-ден астам шығарманың авторы. Бұлар – трактаттар мен философиялық еңбектер, музыка және поэзия. Оның әлемге әйгілі болған еңбектері: «Ғылымның саралануы туралы сөз», «Рақымшыл қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат», «Музыканың үлкен кітабы», «Альмагестке түсінік», «Диалектика», «Метафизика», «Ғылымның шығу тегі туралы», «Әріптер кітабы» және тағы басқа [1, 61-62 бб.].

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Сұрақтардың мәні», «Платон мен Аристотель көзқарастарының ұқсастығы туралы» еңбектері – IX-XII ғасырлардағы отандық тарихи ойдың дамуына қосылған сүбелі үлес. Біздің бүгінгі сөз еткелі отырғанымыз ғалымның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат. Азаматтық ғылым, юриспруденция және догматикалық діни ілім туралы» еңбегі [1, 63-70 бб.]. Аталмыш шығармалар бір жағынан өз заманынан, ондағы саяси-қоғамдық қатынастардан, ортағасырлық Отан тарихынан біршама құнды мәліметтер беретін тарихи жазба дерек, екінші жағынан ортағасырлардағы тарихи ой мен тарихи білімнің жай-күйін айқындайтын тарихнамалық дерек болып саналады. Ең алдымен «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатты» тарихи жазба дерек ретінде талдайтын болсақ, онда оның пайда болуы объективтілігіне тоқталу қажет. Еңбектің дүниеге келуіне IX-X ғасырлардағы түркі дүниесіндегі мәдени құндылықтар,

дүниетаным, салт-дәстүр, Шығыс пен Батысты жалғастырған Ұлы Жібек жолы, сол арқылы мәдениеттердің тоғысуы, сонымен қатар Әл-Фарабидің өмірге келуі, оның Азия елдерінде терең, әрі жан-жақты білім алуы ықпалын тигізді. Шығарма ұзақ уақыт бойы қолжазба түрінде әлемдік кітап қоймаларында сақталып келді. Еңбек алдымен орыс тіліне, тек соңғы жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұңғыш рет қазақ тіліне аударылды. Айта кетерлік жайт, зерттеушілер бұл еңбекті тек орыс тілді басылымдар арқылы зерттеп келді. Орыс тіліндегі аудармаларда тілдік, этнографиялық айырмашылықтардың қазақ тілді қауымға түсініксіз тұстары болған. Мұның бәрі реттеліп, қазақ тіліне аударылып жеткізілуі аталған материалдарды тек қазақ тілі мен тарихына жақындата түседі [1, 5 б.]. Жазба деректің дүниеге келген уақытын X ғасырдың бірінші жартысы деп санауға болады, өйткені осы кезде ғұлама астары терең еңбектер жазуға ден қойған. Деректің пайда болған жерін Дамашық қаласы деп топшылауға болады, себебі ұлы ғалым осы қалада ұлы ғалым Алеппомен бірге өткізді. Осы қалада әл-Фараби жергілікті әкімдердің сыйы мен рақымшылығына бөленді, әлемдік тарихи ойдың жауһары саналатын еңбектер жазуға алғышарттар тудырылған. Дерек авторының әл-Фараби екендігі дау тудырмайды. Барлық еңбектерін бір бірімен салыстыратын болсақ, онда олардың барлығынан әл-Фарабидің ой-өрісі, дүниетаным деңгейі, қызығушылық шеңбері айқын көрініс тапқандығы анық байқалады. Еңбектің мазмұны көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналып, ғылымның бір саласы – фарабитанудың қалыптасуына ықпал етті. Деректің түрі және типі жағынан айқындайтын болсақ, ол жазба, әрі қайталанбайтын дерек болып табылады. Барлық типтік сыныптаулар кезінде негізгі топқа жататын жазба деректер. Жазба деректердің аса көп мөлшерде кездесетіндігінен олармен жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік алу үшін зерттеушілер оларды әр түрге бөледі. Мұндағы негізгі принцип жазба деректердің пайда болуының, формасы мен мазмұнының және арналған мақсатының бірлігі. Жалпы жазба деректердің мынадай түрлерін атауға болады: жылнамалар, жеке тектік құжаттар, әдеби ескерткіштер, публицистикалық және саяси шығармалар, ғылыми еңбектер, мерзімді басылымдар [5]. Біз талдап отырған дерек ғылыми еңбекке жатады. Жазба дерек ретіндегі маңызы туралы айтатын болсақ, ол ортағасырлық Қазақстан тарихы бойынша дереккөзі, адамзаттың

ақыл-ойының қазынасының бір бөлшегі болып саналады.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастарын» тарихнамалық дерек ретінде сипаттайтын болсақ, онда мына төмендегілерді баса айту қажет. Біріншіден, бұл трактат тарихнамалық дерек ретінде дербес зерттеуге жатады. Әуелгі уақыттарда қолжазба ретінде сақталған еңбек соңғы жылдары кітап түрінде жарияланған. Шығарма тарихилық, шынайылық және әлеуметтік принциптерге негізделіп жазылған. Зерттеу әдістері де әртүрлі. Еңбектің жалпы мазмұны азаматтық ғылым, заңтану, догматикалық діни ілім, қоғамды басқарудың негіздері туралы ғұламаның ой-тұжырымдарынан құралған. Ғылыми зерттеудің тарихнамалық фактілері қайталанбайтын болып келеді [6]. Ғалым қоғам және оны басқару туралы жазған. Ғұламаның қоғам деп отырғаны мемлекет, яғни билеушілер қоғамды мемлекет арқылы басқарады. Мемлекетті басқару үшін адамға қабілет, мінез, ақыл-ой, дарын керектігін баса айтқан. Бұларды ол саясат туралы ғылым ретінде қарастырған. «Ол [бұл ғылым] әлгіндей әрекеттер мен мінез-құлық белгілі бір әдіспен басқарғанда, осы әрекеттерді, мінез-құлықты, сапаларды, қасиеттер мен ниет-құлықты қалалар мен халықтар арасында нығайта түсетіндей етіп басқарғанда ғана, жоғалып кетпес үшін сол қалалар мен халықтарда осы қасиеттерді сақтағанда ғана болатынын түсіндіреді. Бұлай басқару үшін осыларды нығайтып, баянды етілген тәртіпті сақтау үшін сол әрекеттерге итермелейтін белгілі бір жұмыстың жүргізілуі немесе соған қабілеттің болуы шарт. Міне, осы жұмыс пен қабілет дегеніміз, патшалық немесе жоғарғы өкімет билігі, мұны адам не деп атаса да өз еркі. Ал саясат осындай жұмыстың негізі болмақшы» [1]

Ғұламаның пікірінше, «Қайырымды қала тәні таза адам секілді, оның барлық ағзалары тіршілік иесінің өмірін сақтап, бір-біріне көмектесіп, оны анағұрлым толық етеді» [2, 305 б.]. Біздің түсінігімізше, мемлекетті басқаруға қажетті құрылымдардың барлығы дерлік қалыптастырылып, олар өзара байланыста қызмет етулері тиіс. Демек, ғалымның ойы мемлекеттік басқару аппараты туралы болып отыр. Осыған орай ол: «Басқарудың екі түрі болады: басшылықтың бірі әрекеттерді, құлықты, ерік қасиеттерін шыңдай түседі, осылардың арқасында бақытқа қол жетеді және бұл өзі қала мен халықты қайырымшылдықпен басқару болып табылады. Осылай басқаруға бағынатын қалалар, халықтар қайырымшыл қалалар мен халықтар болып

табылады» [1. 64 б.], – деп жазған. Қайырымдылықпен басқару Фарабише демократиялық қоғам, яғни қала мен халықтың талабын, мүддесін ескеру, соның арқасында бақытқа кенелу. «Шын бақыт – бұл игілік, рахым және лайқаттылық». Аталған адамзат жетістігі тек демократиялық қоғамда ғана орын алады. Демократия – халық билігі, қоғамның мемлекеттік-саяси құрылымының ерекше түрі, халық биліктің бірден бір көзі, оның субъекті және нысаны [3]. Мұндай қоғамда барлық азаматтар тең құқылы, заң үстемдігі және негізгі принципшілдігі әрекет етеді. Билеуші де билігін осыларға негіздейді. Сондықтан да өз трактатына заңтану – юриспуденция сөзін қосып жазған. Мұның өзі нағыз адами бақыт заңдардың үстемдік ететін қоғамында орын алады дегенге саяды. Заңды аяқ асты ететін қоғам – қайырымсыз, бақытсыздыққа жол берген мемлекет. Ол демократиялық билікке қарама-қайшы, ол – тирания немесе тоталитарлық қоғам. Әл-Фараби оны «Басқарудың екінші түрі қалаларда шындығында бақыт болып табылмайтын, қиялдағы бақытқа қол жеткізетін әрекеттер мен қасиеттерді нығайтады; мұндай басқару – наданшылық басқару» деп атаған.

«Басқару көптеген қосымша түрлерге бөлінеді, мұның әрқайсысы алға қойған мақсатына қарай әртүрлі аталады». Қазіргі тілмен әрі түсінікпен айтатын болсақ, билік субъектісіне, қызмет саласына, ресурстарға сәйкестігіне, биліктің субъекті мен нысанының өзара қарым-қатынастары тәсілдеріне, көлемі мен дәрежесіне, іске асыру әдістеріне қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Біздің түсінігімізше, Әл-Фараби осыларға мензеген. Мәселен, Қазақ жеріндегі ортағасырлық қағандықтарда басқарудың өзіндік түрлері қалыптасты. Мысалы, Батыс түріктері мемлекетінің басшысы – қаған, билеуші, билеп төстеуші, әскербасы болды. Қаған мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси істерінің бәріне басшылық етті, ру басшыларын тағайындады. Қаған тек билеуші ғана емес, сонымен қатар қағанаттың барлық жерінің иесі де болуы мүмкін. Алайда көшпелі қоғам жағдайында билік негізінен алғанда жерге емес, ол жерді пайдаланатын адамдар ұжымына жүргізілді [4, 301 б.].

Әл-Фараби ары қарай: «Бұл өзі сонымен бірге сол басқарудың көздейтін мақсаттары мен міндеттеріне де қарай бөлінеді. Мысалы, егер басқару байлықты көздейтін болса, онда бұл опасыз басқару деп аталады: егер ол дәрежені мақсат етсе, онда бұл мансапшылдық басқару. Егер басқару әлде бір басқа мақсатты көздесе,

онда оны сол мақсатына қарай басқаша атайды...» [1, 64 б.], – деп жазды. Байлықты билік мүддесіне айналдырған, «он сегіз ғаламды» бағындырған Ескендір Зұлқарнайын төл ауызша тарихнамада қатыгез, рақымсыз қолбасшы ретінде сипатталады. Оның байлыққа құмарлығы күнәсіз адамдар өмір сүретін, Ескендірге ішіне кіруге тиым салынған қақпадан бір қап ұн мен адам бас сүйегінің лақтырылуы, оның таразы басына қойылып, бір жағына Зұлқарнайынды, екінші жағына сүйекті қоюы, ақыры сүйекке бір уыс топырақ шашқанға дейін оның теңестірілмеуі, әлемді жаулап алушының қартаймай бақилыққа аттануы [7] туралы атадан балаға жеткен тарихи аңыз арқылы адамзат жадында сақталып қалған. Осыған орай эпикалық ескерткіштерде «... Ескендірдей алсаң да бар ғаламды, сен де бір күн жермен жексен боларсың» деген толғаулар орын алады.

Дәрежені мақсат еткен билеушілер тарихта жетіп артылады, алайда олардың есімдері дәріптелмейді. Нақты мақсатты көздейтін мемлекеттің болашағы жарқын болатына да тарих куә. Мәселен, тәуелсіз Қазақстан Республикасы өзінің алдына әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша әлемнің отыз елінің қатарынан көрінуді басты мақсаты ретінде күн тәртібіне шығарған [8]. Басты басымдылықтардың бірі елдегі саяси тұрақтылық, ұлтаралық, конфессияаралық келісім айқындалып, сол бағытта дамып келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылдың 18 қаңтарындағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауында Мәңгілік Ел ұлттық идеясын бастамасын көтеріп, оның «жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы» болып саналатындығын қадап айтты [9]. «Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы байқуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді» [9]. Қазақстандықтардың да көксегені – Фараби жазған бақытты елге айналу. Жалпы бақытты ел болу адамзаттың арманы, сол мақсатқа жетудің бірден бір жолы құқықтық мемлекет құру. Мұндай елде билік тарамдалып, үшке бөлінеді, заңдар үстемдік етеді, қоғам мүшелерінің мүддесі алдыңғы орынға қойылады, тұлғаның әлеуметтік, зияткерлік, психологиялық, мәдени, саяси мәдениеті жоғары деңгейге жетеді, әрбір азаматтың жеке және

ұжымдық меншігі болады. Құқықтық мемлекет қалыптастырудың алғышарттары Қазақстан Республикасында да жасалған. Заң шығаратын екі палаталы парламент, жоғарғы сот және атқарушы билік – министрлер кабинеті құрылған. Ата Заң – Конституция қабылданған. Оның жұмыс істегеніне биыл жиырма жыл толмақшы. Азаматтардың құқығы мен міндеттері анықталған, заң алдында қоғам мүшелері бірдей, әлеуметтің жағдайы жылдан жылға жақсарып келеді.

Тарихта мемлекетті басқару үшін түрлі билеушілердің билік басына келгендігі және қандай жолдармен оған қол жеткізгендері жайында жазба деректер мол. Мұндай үдерістің үнемі жүріп отыратыны да белгілі. Әл-Фараби осы турасында да ой толғаған. «Бұл бөлім қайырымды қала қашан оның билеушілері уақыты бітіп бірінің орнын бірі басқанда, бұрынғысы қандай жағдайда басқарған болса, соңғысы да сол жағдайда басқаратын болса, бұлардың орын ауысуы үздіксіз және дәйекті болатын болса, онда қала бұрынғыша қайырымды күйінде қала беретінін, қайырымсыз қалаға айналмайтынын түсіндіреді. Билеушілер ауысқанда үздіксіз басшылық болу үшін не істеу керек екенін түсіндіреді» – деген тұжырымдары осының дәлелі. Алайда билеушілердің жиі ауысып, билік басына келуі де қасірет. Мәселен, Алтын Орда тұсында айналдырған жиырма жылдың ішінде алпыстан астам хан билікке түрлі жолдармен келген. Мұның өзі орда ішіндегі тартыс пен қырқысқа, ақыры оның ыдырауына алып келген. Билік басында бір билеушінің ұзақ отыруы да қоғамның тоқырауы мен дағдарысына әкеледі. Тарихтан мұндай құбылыстарға көптеп мысал келтіруге болады. Ортағасырлардағы Еуропа тарихында бірқатар мемлекеттер саяси бытыраңқылыққа ұшыраған. Арғысын айтпағанның өзінде Кеңес Одағы коммунистік партиясы орталық комитетінің бас хатшысы Л.И. Брежневтің жиырма жылға жуық билігі кеңестік қоғамның тоқырауын, сөз бен алшақтығын, номенклатураның күшеюін, т.б. тұндырғаны белгілі. Ал билікке келудің жолдары мен тәсілдері турасында сөз қозғасақ, Қайта Өрлеу заманының ойшылы Н. Макиавеллидей дөп басып жазған ешкім болмаса керек. «Патша» тақырыбындағы шығармасында Н. Макиавелли «билеуші қандай әдістермен мемлекетті басқара алады және билікті ұстап тұрады?» деген сұраққа «биліктің мықты негіздерін қалау» арқылы қол жеткізуге болады» деп жауап берген [10, 76 б.]. «Мықты мемлекет пен биліктің өмір сүруі басқару аппаратына тікелей байланысты

болмақ» деген тұжырымы әл-Фараби пікірімен үндес. Н. Макиавелли «патша болудың» бірнеше жолдарын көрсеткен. Алғашқысы тағдырдың қайырымымен, яғни жекелеген адамдардың де-меуі, қолдауы арқылы билікке келуге болады. Екіншісі – жеке ерлігінің арқасында, үшіншісі – қылмыстық жолмен, төртіншісі – халықтың қолдауы және азаматтардың мархабат етуі [10, 77 б.]. Н. Макиавелли билікке келудің оңай, ал оны ұстап тұрудың қиындығы туралы да жазған. Мұның өзі әл-Фараби көрсеткен басқарудың «қайырымды қала» тұрғындары үшін сәтті әрі нәтижелі болатынының бір айшықты дәлелі.

Мемлекеттің түрлері мен нысандары туралы ойлары ғұламаның антикалық ойшылдардың еңбектерін зерделегенін дәйектейді. Платон мен Полибийдің тұжырымдарына қосыла отырып, басқарудың монархия, аристократия сияқты түрлеріне тоқталған. Билеушінің басқару қабілеті мен дарынынан өзге оны тәрбиелеп шығару керектігі, жағдай жасалуы тиістігі баса айтылған. Бұл орайда заманауи қазақстандықтардың «Елбасы біреу, халық оған тіреу» деген парасатты ұстанымы ойға оралады. Мұның өзі халық даналығына, Фараби трактатындағы «Бұл бөлім патшалардың және басқа да билеушілердің балалары қазіргі билеушілердің өкімет билігін алуға лайықты болу үшін, оларға қандай дәреже және жағдай жасау керек екендігін түсіндіреді. Табиғи қабілеті бар балалар әбден кемеңгер монарх болып, өкіметті қолына алу үшін оны қалай тәрбиелеу керек екендігін түсіндіреді» [1, 66 б.] деген пікіріне сүйенген тұжырым болса керек.

Әл-Фарабидің пікірінше, мемлекетті басқаруы гуманистік ұстанымдарға негізделуі тиіс. «Мұнымен бірге кімде-кімнің ел басқаруы надан болса, ондайлар мүлдем монарх болуға тиісті

емес. Өздерінің жағдайларында, қимыл-әрекеттерінде және басқару ісіне олар теориялық та, практикалық та философияға ділгер емес; ол олма, олардың әрқайсысы өздері басқарып отырған қалалар мен халықтар арасында көздеген мақсаттарын осындай іс барысында алған тәжірибесі арқасында жүзеге асыра алады» [1, 66 б.]. Қазіргі уақыттағы модернизация гуманистік бағытты ұстанады. Заманауи модернизация екі түрлі мақсатты көздейді: бірі – азаматтық қоғам, екіншісі – мемлекет тәуелсіздігі, оның жалпыұлттық институттарын дамыту.

Билеушінің табиғи қабілеті мен дарынын баса назар аударған ғұлама: «Егер өзінің мақсат етіп қойған игілігіне – жан рахаты мен мәртебелі дәрежелерге, т.с. жету үшін қажет болған әрекеттерді зерттеуге оның туа біткен тамаша қабілеті болса, онда ол игілікті игеру жолында өз мақсатына жетеді. Бұл арада оның ізінің көздеген мақсатындай мақсатты ұстаған өзінен бұрынғы билеушіге ойдағыдай еліктей білуі де осыған жатады» [1, 66 б.], – деп жазған.

Тарихнамалық деректің ерекшелігі оның фактілерінің күні бүгінге дейін талданып, зерттелуі. Олардың өзге зерттеушілердің еңбектеріне арқау болуы, А. Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ, «жем» болуы.

Әл-Фараби трактатының тарихи және тарихнамалық дерек ретіндегі маңызы өте зор екендігі дау тудырмайды. Академик С.О. Шмидтің пікірінше, «тарихнамалық дерек деп тарихнамалық құбылыстарды тануға болатын кез-келген дерек» [11, 59 б.], сол арқылы ғылымдағы негізгі тұжырымдамаларды, құбылыстарды, ахуалды, тарихи ойды, теориялық методологиялық тұстарын тануға жол ашылады. Әл-Фараби трактатын тану бойынша ғұламаның қағидаға айналған ұстанымдары танылды.

Әдебиеттер

- 1 Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 3. Ортағасырлық тарихи ой. 2005. – 512 б.
- 2 Аль-Фараби. Философские трактаты. – М., 1970. – 533 с.
- 3 Гугенбергер Б. Теория демократии (словарь политических понятий) // Полис. – 1991. – №4. – С. 39-45.
- 4 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Төрт томдық. 1 т. – Алматы: «Атамұра», 1996. – 543 б.
- 5 Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: «Қазақ университеті», 2002. – 302 б.
- 6 Мұхатова О. Тарихнама ғылымының теориялық-методологиялық негіздері және зерттеу үлгілері. – Алматы: «Қазақ университеті», 2009. – 189 б.
- 7 Қасқабасов С. Ескендір туралы Абайдың «Ескендір» поэмасы // Қазақстан мектебі. – 1968, – №2. – 66 б.
- 8 Назарбаев Н. Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. – 2012 жыл, – 17 шілде.
- 9 Назарбаев Н. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // Егемен Қазақстан. – 2014 жыл, – 18 қаңтар.
- 10 Макиавелли Н. Государь. – Москва-Харьков, 2003. – 656 б.
- 11 Шмидт С.О. Методологические и теоретические проблемы исторической науки. – Калинин, 1980. – 259 б.

References

- 1 Tarihi – adamzat aqyl-oyynuñ qazynasy: On tomduq. – Astana: Folio, 2005. T.3. Ortagasyrlyq Tarija oh. – 2005. – 512 b.
- 2 Al-Farabi. Philosophicas lucubrationes. – M., 1970. – 533 p.
- 3 Gugenberger B. Theoria Democratia (Dictionary politicae conceptus) // Polis. – 1991. – №4. – S. 39-45.
- 4 Kazakhstan tarihy. Kene zamannan byginge deyin. Tört tomduq. I-t. – Almaty: Atamyra, 1996. – 543 b.
- 5 Atabaev Қ. Kazakhstan tarihyнын derektanulyk negizderi. – Almaty: Kazakh University, 2002. – 302 b.
- 6 Mukhatova O. Tarihnama gylmynyn teoriyalyk-metodologiyalyk negizderi zhane zertteu ylgileri. – Almaty: Kazakh University, 2009. – 189 b.
- 7 Қасқабасов S. Eskendir turaly Abaydyn «Eskendir» poemasy // Kazakhstan mektebi. – 1968, – №2. – 66 b.
- 8 Nazarbayev N. Zhalpyga ortak enbek қоqamyna qaray XX kadam // Egemen Kazakhstan. – 2012 zhyl, 17 shilde.
- 9 Nazarbayev N. Kazakhstan joly – 2050: bir maksat, bir mydde, bir bolashak // Egemen Kazakhstan. – 2014 zhyl, – 18 kantar.
- 10 Machiavelli N. Gosudar. – Moscua-Kharkov, 2003. – 656 b.
- 11 Schmidt S.O. Methodological et speculativa quaestiones historicae scientiae rationes. – Kalinin, 1980. – 259 b.

Абдимомынов Н.Т.
**Алтын Орда тарихының
батысеуропалық тарихнамасы
(XIX-XX ғғ.)**

Мақалада Алтын Орда тарихының XIX-XX ғғ. батысеуропалық тарихнамасын зерттеу көзделген. Алтын Орда тарихы батыс тарихнамасында ертеден зерттеліп, қазірге дейін өзіндік ауқымды тарихнамасы қалыптасқанына қарамастан зерттеушілер арасында өзектілігін жоймаған тақырыптардың бірі. Батыс Еуропа мемлекеттерінде ориенталистика ғылымының ертеден қалыптасып, дамуына байланысты, Алтын Орда тарихына қатысты еңбектер XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басында-ақ жарыққа шыға бастады. Әсіресе, Алтын Орда тарихына қатысты маңызды және сапалы еңбектер көрнекті австрия, ағылшын, француз, неміс шығыстанушы-ғалымдарының еңбектері XIX-XX ғасырларда жарыққа шықты. Батыс тарихнамасын зерттеу осы тақырып аясында зерттеулер жүргізіп жүрген отандық зерттеушілер үшін шетелдік ғылыми әдебиеттерге қатысты талдау жасалғандығымен маңызды болып отыр. Осы бағытта автор батыс зерттеушілерінің тақырыпқа қатысты негізгі еңбектерін талдаған, Батыс Еуропада Алтын Орданы зерттеудің кезеңдеріне сипаттама берген, батыс зерттеушілерінің Алтын Орда тарихына қатысты тұжырымдамалық пікірлері мен көзқарастары талдаған.

Түйін сөздер: тарихи сараптама, Алтын Орда, батысеуропалық тарихнама, Й. Хаммер-Пургшталь, Б. Шпулер.

Abdimomynov N.T.
**History of the Golden Horde in
Western historiography
(the XIX-XX centuries)**

The article is devoted to the study of the Golden Horde history in the XIX and XX centuries by Western historiography. History of the Golden Horde has long been studied in the western medieval studies, and still attracts much attention of Western researchers. West European scientists were the first to study the problems of the history of the Golden Horde in the framework of Oriental studies at the end of the XVIII century and in the early XIX century. Especially in the XIX century there were written keynote papers on the history of the Golden Horde by the Austrian, French, British and German scientists-orientalists. The importance of the study of Western historiography is great due to the fact that national researchers, who specialize in this topic, need to analyze foreign sources. From this position, the author held historiographical analysis of major scientific works of Western researchers, described the stages of development of the study of the history of the Golden Horde in Western Europe, and analyzed the conceptual judgments of Western scholars on issues of the Golden Horde history.

Key words: historiographical analysis, the Golden Horde, the Western European historiography, Hammer-Purgshtal, B. Spuler.

Абдимомынов Н.Т.
**История Золотой Орды
в западноевропейской
историографии (XIX-XX вв.)**

Статья посвящена исследованию западноевропейской историографии по истории Золотой Орды в XIX-XX вв. История Золотой Орды издавна изучается в западной медиевистике и до сих пор привлекает большое внимание западных исследователей. Западноевропейские ученые первыми начали изучать проблемы истории Золотой Орды в рамках ориенталистики еще в конце XIII в. и в начале XIX в. Особенно в XIX-XX веках написаны ключевые научные работы по истории Золотой Орды австрийских, французских, английских и немецких ученых-востоковедов. Важность изучения западной историографии обусловлена тем, что это является важным для отечественных исследователей, специализирующихся по данной проблематике, где крайне необходим анализ зарубежной литературы. С данной позиции автором проведен историографический анализ по основным научным трудам западных исследователей, охарактеризованы этапы развития по изучению истории Золотой Орды в Западной Европе, проанализированы концептуальные суждения западных исследователей, относительно вопросов истории Золотой Орды.

Ключевые слова: историографический анализ, Золотая Орда, западноевропейская историография, Й.Хаммер-Пургшталь, Б. Шпулер.

**АЛТЫН ОРДА
ТАРИХЫНЫҢ
БАТЫСЕУРОПАЛЫҚ
ТАРИХНАМАСЫ
(XIX-XX ғғ.)**

Алтын Орда – ортағасырлық кезеңде бірнеше ғасырлар бойы Еуразия халықтарының өмірінде маңызды орын алған және тарихи даму үдерісінде айрықша із қалдырған қуатты мемлекеттердің бірі. Әрине, ортағасырлық кезеңдегі мұндай ірі еуразиялық державаның тарихы әлем зерттеушілерінің назарын өзіне ерте аударды. Еуразия континентінде екі ғасырға жуық уақыт бойына державалық мемлекет ретінде өмір сүрген Алтын Орданың тарихы батысеуропалық медиовистикада бастапқы кезеңнен бастап-ақ, күрделі және дискуссиялық тақырыптардың бірі болды. Батыс Еуропада шығыстану ғылымының ерте дамуына байланысты тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша зерттеулер XVIII ғ. бастап жүргізіле бастады. Бірақ бастапқы кезеңдегі зерттеушілердің жазған еңбектерінің ғылыми деңгейі төмен, мәліметтері нақты емес, моңғолдар тарихына шолу түрінде қызығушылық деңгейінен аса алмады. Тек XIX ғ. бас кезеңінен бастап, Франция, Англия, Германияда Азия халықтарын зерттеу мақсатында құрылған ғылыми қоғамдардың қолдауымен ғана батыс зерттеушілерінің ғылыми жағынан сапалы еңбектері жарыққа шыға бастады. Батыс Еуропа зерттеушілерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының артықшылықтары – олар алғашқы болып, тақырыпқа қатысты ортағасырлық нарративтік деректерді ғылыми айналымға енгізді, тақырыпқа қатысты араб, парсы және латын тілдеріндегі тарихи деректерді еуропалық тілдерге аудармаларын жасады. Ортағасырлық қолжазбалардың Батыс Еуропаның атақты кітапханаларындағы жинақталған мол қоры батысеуропалық зерттеушілер үшін жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді.

Ғылыми деңгейі жағынан сапалы алғашқы еңбектер қатарында 1834-1835 жылдары көлемді француз тілінде төрт томдық К.Д'Оссонның «Моңғолдар тарихы Шыңғыс ханнан – Темірге дейін» (*Histoire de Mongoles depuis Tchinguiz – Khan jusqu'a Timour Bey ou Tamerlan*) атты зерттеу еңбегін ерекше атап өтуге болады. К.Д'Оссон бұл аталған еңбегінде өзінің назарын көп жағдайда саяси оқиғалар, моңғолдардың Еуропаға жорығының мәселелері кеңінен талданған. Оның ішінде Алтын Орданың саяси тарихы да кеңінен қарастырылған. Сондай-ақ, зерттеуші өз еңбегінде алғашқылардың қатарында Рашид ад-Дин шығармасын кеңінен пайдаланған. К.Д'Оссон енгізген

мағлұматтар кейбір кемшіліктеріне қарамастан, кейінгі моңғол мемлекеттерінің тарихын зерттеудің бағыт-бағдарын айқындап берді. Алтын Орда тарихына қатысты мәселелер бойынша ең алғашқы жүйелі түрде қарастырған келесі еуропалық зерттеуші австриялық шығыстанушы Й. Хаммер-Пургштальдің [1] ғылыми-зерттеу еңбегі деректерді пайдалану жағынан тыңғылықтылығымен де, ғылыми құндылығының маңыздылығымен де ерекшеленеді. Зерттеушінің неміс тіліндегі «Қыпшақтағы Алтын Орда тарихы» (*Geschichte der Goldenen Horde in Kiptschak*) атты еңбегі 1826, 1835 жылдары Ресей Ғылым Академиясының «Ресейдегі моңғол билігінің, мемлекеттің саяси байланыстарына, басқаруға, ішкі басшылыққа, тағы басқаларына қалай әсер еткені және оның салдары» тақырыбында жарияланған конкурс нәтижесінде арнайы жазылған ғылыми зерттеу жұмысы еді. Тақырып бойынша бірінші кезеңдегі жұмыстың аяқталуы мерзімі 1829 жылдың қаңтарына дейін белгіленді. Академияның негізгі талабы орыс-моңғол қарым-қатынастарын зерттеу еді. Осы олқылықтың орнын толықтыру үшін 1832 жылы конкурсты қайта жариялады. Сонымен қатар оның талаптарына үлкен міндет жүктеді. Ол Жошы ұлысының немесе кейінгі атауы Алтын Орданың тарихын шығыс деректері және монеталық ескерткіштер негізінде, орыс жылнамалары мен бірге еуропалық деректерді сыни түрде талдай отырып жазу қажет еді. Бірақ академиялық комиссия шешімі бойынша зерттеу жұмысының кемшіліктеріне байланысты конкурсқа ұсынылған жалғыз Й. Хаммер-Пургштальдің ғылыми еңбегіне сыйақы беруден бас тартты. Дегенмен, автор оған қарамастан ғылыми зерттеу жұмысының кемшіліктерін түзетіп, 1840 жылы Пештте неміс тілінде жарыққа шығарды. Бұл ғылыми еңбек жөнінде кейінгі Кеңес тарихшысы М.Г. Сафарғалиев былайша пікір айтты: «Хаммердің сәтсіздігі, оппоненттердің айтқанындай автордың асығыстығы мен дайындықсыздығы себеп болды деген пікірлері орынсыз айтылған. Ол кезеңде әлі де зерттелмеген аса ауқымды мәліметтерді алғаш рет жинақтап шығып, бір жүйеге келтіру сол кезеңдегі ешбір зерттеушінің қолынан келмейтін іс еді... кейінгі Алтын Орда тарихын жазған батысеуропалық шығыстанушылардың қай-қайсысы да Хаммердің еңбегінде қолданылған деректермен де, Жошы ұлысының тарихын мазмұндаудағы тыңғылықтылығымен де тайталаса алмайтын еді», – деген еді [2, 4-5 бб.]. Бірақ нақ Алтын Орда тарихына қатысты Й. Хаммер-Пургштальдің еңбе-

гі сияқты ауқымды, іргелі ғылыми еңбек Ресейде немесе Батыс Еуропа елдерінде 100 жылға таяу уақыт шеңберінде жарыққа шықпады. Тек 1937 жылы Кеңес үкіметі кезінде Алтын Орданың тарихы жөніндегі маркстік-лениндік ұстаным бойынша ғылыми еңбек жазудың маңыздылығын түсінген екі көрнекті Кеңес тарихшылары – Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский алғашқы іргелі еңбекті жарыққа шығарды. Бұл ғылыми еңбек Ресей зерттеушілерінің 1832 жылы Ресей Ғылым Академиясының қойған талабына жауабы еді [3, 23-24 бб.].

XIX ғ. 80-ші жылдары жарыққа шыққан ағылшын шығыстанушысы Г. Ховарстың «Моңғол тарихы 9 ғасырдан 19 ғасырға дейін» (*History of the Mongols from the 9th to the 19th Century*) атты көлемді үш томдық еңбегін жарыққа шығарды. Бұл зерттеу еңбегінің екінші томында [4] (*Part 2 the So-Called Tartars of Russia and Central Asia*) Алтын Орда тарихына қатысты мәселелерді кеңінен қарастырған. Бірақ Г. Ховарстың бұл еңбегі тағы да Кеңес зерттеушілері тарапынан қатаң сынға ұшырап, тіпті оның ғылыми құндылығын жоққа шығарды. Бұл жөнінде М.Г. Сафарғалиев былайша пікір айтқан еді: «Көлемі жағынан ауқымды бұл еңбектің авторы шығыс тілдерінің бірде біреуін білмегендіктен, шығыс мәдениетімен таныс болмағандықтан, тың деректерді қолдана алмаған. Г. Ховарс өзіне дейінгі Хаммер-Пургшталь, Д'Оссон және тағы басқа еуропалық зерттеушілердің еңбектерін пайдалана отырып, тарихи оқиғаларды тек комплятивті мәліметтер негізінде ғана баяндады. Сондай-ақ, автор өзінің алдына қойған міндетін орындауға қол жеткізді деп айта алмаймыз. Өйткені зерттеу жұмысында көптеген қайталаулар, дәлсіздіктер мен қателіктер көп кездеседі», – деген еді [2, 6 б.]. Неміс тарихшысы Франц фон Эрдман (1795-1862) тақырыпқа қатысты араб-парсы деректерін аудару және зерттеу нәтижесімен танылды. Оның ішінде тақырыпқа қатысты деректер қатарындағы Рашид Ад-Диннің «Жылнамалар жинағы» шығармасын аударумен қатар, Темуджиннің тарихы жөніндегі (*Temudschin der Unerschütterliche*) [5] ауқымды (600 беттен астам) ғылыми-зерттеу еңбегін атауға болады.

Батыс Еуропа тарихнамасында Бату қолбасшылығымен моңғолдардың Еуропаға жасаған жорықтарына (1241-1242 жж.) қатысты дискуссиялық мәселелер жөнінде арнайы қарастырылды. Батыс жорығы кезеңінде моңғол шапқыншылығына қарсы күрестегі Еуропа халықтарының рөлі жөніндегі ұлттық көзқарас негізіндегі жазылған еңбектер де (әсіресе, неміс тарихнама-

сында) осы кезеңде жарыққа шыға бастады. Бірақ, бұл еңбектердің ғылыми деңгейі жоғары болғанымен, неміс зерттеушілері арасында моңғол шапқыншылығына қарсы тұрудағы неміс халқының рөлі мен моңғолдардың кенеттен Еуропаны тастап кері қайтуының себептерін қарастыруда ұлтшылдық көзқарас тұрғысындағы пікірлері де көрініс тапты [6, 7 б.]. Олардың пікірінше, неміс халқы Еуропаны «Азиядан төнген қауіп-қатерден құтқарушы» ретінде сипаттады. Батыс жорығы кезеңінде моңғол әскері мен еуропалық коалиция арасындағы Легниц түбіндегі шайқас жөнінде неміс тарихшылары ұлттық мүдде тұрғысында біршама бұрмалаушылықтар жасаған. Олардың пікірінше, неміс рыцарлық әскери күші мен неміс билеушілерінің саясаты Еуропа өркениетін моңғолдардың талқандауынан құтқарып, Легниц түбіндегі шайқаста маңызды рөлге ие болғанын айтып өтсе, тіпті бірқатар неміс зерттеушілері бұл шайқас Бату басқарған моңғол әскерлерінің Еуропаға жаулаушылық жорықтарын тоқтатуына алып келді дейді. Мұндай көзқарастар кейінгі неміс зерттеушілерінің көзқарастарына ықпал еткені де байқалды.

XX ғ. 30-40-шы жылдары тақырыпқа қатысты мәселелерді зерттеумен белсенді түрде айналысқан неміс ғалымы Б. Шпулердің еңбектерін ерекше атап өту қажет. Зерттеушінің 1938 жылы Гёттингенде «Моңғолдардың Ирандағы билігі» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, оның бұл ғылыми еңбегі Германияда 4 рет баспадан жарыққа шықты. Зерттеушінің тақырыпқа қатысты 1943 жылы Лейпцигте (ал 1965 ж. екінші рет) «Алтын Орда. 1223-1502 жж. Ресейдегі моңғол билігі» (*Die Goldene Horde. Die Mongolen in Rußland, 1223-1502*) [8] атты іргелі зерттеу еңбегі Алтын Орда тарихы мен оның Ресейдегі билігі жөнінде кең ауқымды деректік және тарихнамалық мәліметтер негізінде өте жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Бұл еңбектің құндылығы, ең алдымен тақырып аясындағы мәселелер жөнінде тұжырымдамалық пікірлер мен қорытындылар айтылған, осыған байланысты болар, кейінгі зерттеушілердің басым көпшілігі осы еңбекті кең ауқымды түрде пайдаланған. Б. Шпулер өз еңбегінде Алтын Орданың ішкі және сыртқы саясаты, әкімшілік құрылымы мен мәдениеті, Алтын Орда хандарының нақты генеологиясын сипаттады. Еңбекте маңызды мәселелердің қатарында номадизм мен отырықшылықтың өзара байланысы, көшпенді құрылым негізіндегі Алтын Орданың Руспен симбиозін сипаттады. Бұл еңбекте де автордың пайдаланылған деректері мен әдебиеттері ауқымды (600-ге жуық), яғни түрік, араб,

парсы, орыс, византия, грузин, литва, поляк және венгриялық деректерді қолданған. Б. Шпулер Алтын Орда мемлекетінің саяси тарихымен қатар, мемлекеттік құрылым, құқық, әскери іс, экономика, мәдениет пен өнер, діни қарым-қатынастар және т.б. жөнінде кеңінен қарастырған. Бұл еңбек Батыс Еуропадағы зерттеушілерінің арасындағы Жошы ұлысының тарихына қатысты Й. Хаммер-Пургшталдің еңбегінен кейінгі жарыққа шыққан екінші еңбек еді.

Б. Шпулер жалпы моңғол дәуірін зерттеудің ғылыми ілімін жаңа деңгейге көтерді [9, 371-372 бб.]. Бірақ неміс зерттеушісінің еңбегі Кеңес ғалымдары тарапынан үлкен сын ескертпелерге ұшырап, сол кезеңдегі идеологиялық саясат әсерінен тіпті оның ғылыми құндылығын жоққа шығарды. Ол жөнінде А.Ю. Якубовский мынадай пікір айтты: «Б. Шпулердің еңбегі, ауқымды мәліметтерді пайдалану арқылы жазылып, деректерге нақты сілтемелер жасалған... құрылымы жағынан, ғылыми зерттеуге жатпайтын, орыс халқының тарихын және орыс халқының татарлармен күресін сипаттауда бұрмалаушылыққа жол берген», – деген еді [10, 9-10 бб.]. Сондай-ақ, Кеңес зерттеушісі Г.А. Федоров-Давыдов неміс зерттеушісі Б. Шпулерді «фашистік кезеңдегі неміс тарих ғылымының реакциялық ұстанымдарын көрсетті», – деп айыптады [11, 6 б.]. Б. Шпулер аталған еңбектерден басқа 1948 жылы батыс әлеміне аса танымал «*Geschichte der islamischen Länder, ein Überblick. Die Mongolenzeit*» (Ислам мемлекеттерінің тарихына шолу. Моңғол дәуірі) атты тарихи очеркін жарыққа шығарды.

Сонымен қорытындылай келе, Алтын Орда тарихының Батыс Еуропада ұзақ жылдар бойы зерттеулердің нәтижесінде қазірге дейін үлкен жетістіктерге жетіп, өзіндік ауқымды тарихнамасы қалыптасты. Дегенмен, XIX-XX ғғ. батысеуропалық тарихнамада көп жағдайда мемлекеттің регрессивтік жақтарын көрсету тұрғысынан біржақты қарастырылғаны да байқалады. Мысалы, жоғарыда айтып өткен Й. Хаммер-Пургштал еңбегінде 1241 ж. Бату қолбасшылығымен моңғол әскері мен еуропалық коалиция арасындағы Легниц шайқасын – еуропалық өркениет пен моңғолдық тағылықтың арасындағы күресі деп сипаттады [1, 13 б.]. Ал неміс зерттеушісі Л. Рюль Батудың Еуропаға жорығын тағы халықтардың шапқыншылығы ретінде қарастырып, моңғолдардың Еуропаға жорықтарын тек жортуыл ретінде бағалады және XIII ғ. моңғолдардың Азияның кең-байтақ даласы мен Еуропаның орталық аймақтарына дейін басып кіруіне байланысты батысеуропалық

билеушілердің Русь жерін бағындыруға деген пікірлерін өзгеріске ұшыратты деген еді. Сондай-ақ, зерттеуші моңғолдардың жорықтарын тағы халықтардың ауқымды жортуылдарының соңғысы; моңғолдар кезінде Рим империясы мен Орталық Еуропаны ғасырлар бойы тітірентіп, Грек-Рим өркениетіне қауіп төндірген көшпелі тайпалар ғұндардың ізімен келді. Бірақ олардың ғұндардан ерекшелігі Римге де, Византияға да қауіп төндірмей, Ұлы қоныс аудару кезіндегі қоныстанған көшпелі халықтар секілді Еуропа

жеріне де қоныстанбай, 1241-1242 жж. Силезия, Венгрия және Далмацияға жортуылдар жасады да, Азияға кері қайтты деген еді [3, 116 б.]. Міне, осындай пікірде жазылған пікірлерді XIX-XX ғғ. Батыс Еуропа зерттеушілерінің қай-қайсысының еңбектерінен табуға болады. Дегенмен, еуропалық тарихнамада соңғы онжылдықтарда Алтын Орда тарихына қатысты мәселелер мен Еуразия тарихына оның әсерін қайта бағалап, әлемдік тарихқа қосқан үлесін позитивтік тұрғыда жазылған еңбектер жарыққа шыға бастады.

Әдебиеттер

- 1 Hammer-Purgstall J. von. Geschichte der Goldenen Horde in Kiptschak, das ist: der Mongolen in Russland. – Pesth: C.A. Hartlebens Verlag, 1840. – 683 s.
- 2 Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Саранск: Мордовское книжн. изд-во, 1960. – Вып. 9. – 276 с.
- 3 Гатин М.С. Проблемы истории Улуса Джучи и постордынских тюрко-татарских государств Восточной Европы в немецкой историографии XIX-XX вв. дис. ... канд. ист. наук. – Казань, 2006. – 257 с.
Авеста мен Ригведа мәтіндерінде арийлердің бастапқы атамекені жөнінде де құнды мәліметтер кездеседі, атап айтқанда бұл жердің мал мен жайылымға бай, Даития маңында екендігі айтылады. «Ол жақта он ай қыс, екі ай жаз, бұл (қыс) айларда су суық, жер суық, өсімдіктер қыстың ортасында суық, ол жақ қыстың нағыз ортасы; қыс аяқтала бастағанда онда су көп болады» (Вендидад, 1 тарау) [10, 431 б.]. С.П. Толстов Даития Амудария өзені болуы мүмкін деп қарастырды. А. Асқаров болса, ежелгі Хорезм қола дәуірінде «Арьянам Вайджидің» тек оңтүстік бөлігі болуы мүмкін деп есептейді [8, 192 б.].

Археологиялық мәліметтерге қарағанда, «Арьянам Вайджа» территориясы орасан зор аймақты алып жатқан, ол Қара теңіздің солтүстік, солтүстік-шығыс жағалауларынан Байкал өзеніне дейін созылып жатқан. Авестаға сенсек, оның солтүстік шекарасы славян ормандарымен шектеседі, дәл осы жерде қыс он айға созылады. Археологиялық зерттеулер бойынша осы мал шаруашылығына қолайлы далаларда б.з.д. II мыңжылдықтың бірінші жартысында көшпелі мал шаруашылығы негізінде жылқы өсіру дамиды. Ал жылқы өсіру жайылымдық шаруашылықтан көшпелі мал шаруашылығына өтуде маңызды фактор болып табылады. Бұл жағдай қоғамның әлеуметтік және экономикалық өмірінде түбегейлі өзгерістерге алып келді. Нәтижесінде мал шаруашылығымен айналысушы қауымдарда ірі жеке меншік пайда болды. Мал шаруашылығымен айналысушы қоғамда егіншілікке қарағанда мүлктік жіктеліс қарқындырақ жүретіні ғылымда белгілі жағдай. Интенсивті түрде дамып отырған көшпелі мал шаруашылығының қажеттіліктері үшін жайылымдарды үнемі кеңейту немесе жаңа жерлерді жаулап алып отыру талап етілді, мұның өзі қауым ішінде жауынгерлік жасақтың қалыптасуына алып келді. Қоғамның әлеуметтік өмірінде бұл салт атты жауынгерлер ерікті, тез қозғалысқа түсетін (мобилді) әскери топты құрды, олар ірі мал иелерінің тірегіне айналды. Авестада дәл осы салт аттылар және олардың

отбасы мүшелері «азаттар», яғни арийлер деп аталады. Сол кездегі қауымдық дәстүрге сәйкес, арийлердің жақындары мен тайпаластары да өздерін арийлерге жатқызды.

Сонымен, арийлердің бастапқы атамекені «арийлер жері», яғни «Арьянам Вайджа» бұл мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы Ұлы дала, яғни Еуразия далалары болғаны анық. Мал шаруашылығы егіншілікке қарағанда рентабелді болғандықтан, тез баюға, мүліктік жіктеліске ықпал еткені жөнінде жоғарыда айтқан болатынбыз, яғни іс жүзінде ру-тайпалық қоғамнан алғашқы таптық қоғамға өту орын алды. Көшпелі мал шаруашылығының орнығуымен қауымдағы салтатты жауынгерлердің маңызы одан да бетер еселеп артып, кәсіби жауынгерлерді тәрбиелеу тіпті ең маңызды іске айналды деуге болады. Даланың көшпелі тайпалары өз балаларын ерте жастан әскери іске баулып отырды. Дәстүрлерге адал болу рухында тәрбиелеу түркі тілді тайпаларға ежелден тән болғаны белгілі. Жас түріктер үшін ержүректіктік, қайсарлық өмірлік қағидаға айналды. Ру-тайпалық қатынастардан еретаптық қатынастарға өту дәуірінде қалыптасқан осы жауынгерлік рух, соңғы нәтижеде, жаулаушылық соғыстар малшаруашылығымен айналысушы тайпалардың баюының маңызды көзіне айналуына алып келді.

Дәл осы малшы тайпалардың салтатты жауынгерлері шынайы түрде еркіндікті сезінді, олар Кұдайдан басқа ешкімнің алдында тәуелді болу дегенді білмеді, өздерін экономикалық жағынан да, саяси жағынан да ерікті «азат-арий» сезінді. Бірте-бірте жас ұрпақты тәрбиелеу әрбір жас жауынгерді шынайы арий ретінде тәрбиелеуге саятын болды. Бұл дегеніміз, арийлер малшы тайпалар өміріндегі көшпелі кезеңнің дамуымен байланысты қалыптасқан элеуметтік құбылыс бола отырып, қоғамның ең белсенді, білімді бөлігі, енді қалыптасып келе жатқан еретаптық қоғамның ақсүйек тобын құрағанын көрсетеді [8, 193 б.].

Сонымен, өзбек ғалымы А. Асқаров алғаш болып ұсынып отырған осы концепция бойынша, «арийлер – бұл дала тұрғындарының ең бай, ақсүйек бөлігі, олар көшпелілердің әскери жоғарғы қабатын құрады. Ал этникалық жағынан олар ең ежелгі түркі тайпалары болып табылады» [11, 71 б.]. Академик А. Асқаров арийлердің түркі тілді болғандығы жөнінде ашық мәлімдеген алғашқы ғалым.

Арийлерді түркілермен байланыстырған екінші тарихшы З. Гасанов болды. Ол өзінің «Патшалық скифтер» атты монографиясында

жүйелі түрдегі салыстырмалы-тарихи талдау негізінде бір жағынан скифтердің этномәдени құндылықтарын, ал екінші жағынан, скифтердің көне түркілермен бірегейлігі мәселесін зерттеген болатын. Нәтижесінде, «...иранистердің тәсілінен ерекше, түркілік атрибуттар негізінде жасалған бірегейлікті анықтау көптеген сәйкестіктерді көрсетеді... дәл осы Алтай дәстүрі скиф шежірелеріндегі сюжеттердің алтайлық ата-баба культімен, ал скиф теологиялық образдары тәңірішілдікпен сәйкес келетіндігін анықтауға мүмкіндік береді» деген қорытынды жасайды [12, 17 б.].

Еуропацентризмге негізделген кеңес ғылымында «Авеста» мен «Ригведа» тілдері мен қазіргі еуропа тілдерінің жақындығы негізінде Ұлы дала халықтарының да, Орта Азия халықтарының да үндірандық тіл тобына жататындығы туралы көзқарас қалыптасқан болатын. Осының салдарынан үндіеуропалықтардың бастапқы атамекені Орал маңы жерлері, Орал жотасының оңтүстік-шығысы деп, ал арийлер тілінде сөйлеген халық дала тайпалары болды деген пікір орнықты. Еуразия далаларының жергілікті халқының ирантілді болғандығы жөніндегі қағида далалы аймақта түркітілді тайпаларға ешқандай орын қалдырмайды. Сондықтан да түркітілді тайпалардың атамекені ежелгі дәуірде тек таулы Алтаймен ғана шектелді, ал Еуразияның басқа барлық аймақтарын ирантілді халықтар мекендеді деген жалған пікір пайда болды.

Алайда, материалдық мәдениеті, антропологиялық келбеті бірегей болып келетін Ұлы дала тұрғындары тілдік жағынан қалайша мүлде бөлек болады. Сонда тек таулы Алтай тұрғындары ғана түркі тілінде сөйлеп, ал оларды қоршап жатқан аймақтардың халқы ирантілді болғаны ма?

Бұл мәселені шешуде бізге түркі жазба ескерткіштерінің таралу географиясы көп көмек береді деп ойлаймыз. Түркі руникалық ескерткіштерін алғаш болып зерттеген кеңестік түркітанушы ғалым Е.С. Малов былай деп жазады: «Түркілер бастапқыда қай жерде: шығыста – Орталық немесе Орта Азияда, Сібірде немесе батыста – оңтүстік орыс далаларында немесе Волга-Орал бассейнінде пайда болды, құрылды, өмір сүрді дегенге жауап бере алам ба, білмеймін. Тек б.з.д. бес ғасыр бұрын да, түркілер қазіргі тұрып жатқан жерлерінде және сол өмір салтымен (аз ғана өзгерістермен) тұрған» [13, 136 б.]. Алайда С.Е. Маловтың бұл пікірі «белгілі себептерге» байланысты назардан тыс қалып келді.

Тек түркітанушылар ғана емес, соғдытанушылардың ішінде де, соңғы кезде, Орталық Азияның түркі тайпалары Алтайдан келген келімсектер емес, олар Еуразияның кең байтақ далалы аймағының автохтонды халқы екенін мойындайтын ғалымдар шыға бастады. Осы орайда соғдытанушы М. Исхаковтың зерттеулері маңызды болып табылады. Ол көнетүркі жазба ескерткіштерінің таралу географиясы негізінде жасаған қорытындысы бойынша көнетүркі ескерткіштерінің көптеген жергілікті нұсқалары болғандығын айтады. Көнетүркі жазба ескерткіштері тек Орхон мен Енисейде ғана емес, сонымен бірге таулы Алтайда, Якутияда, Обь және Ертіс өзені бассейндерінде, Моңғолиядан Жетісуға дейін, Қазақстан далаларында, Талас аңғарында, Ферғана алқабында, Қашқадария оазисінде, Еділ бойында, Дон өзені бассейнінде, Солтүстік Кавказда, Кубань бассейнінде, Қырымда, Молдовада, Венгрия мен Болгарияда таралған. Мұның өзі ежелгі дәуірде түркілердің тарихи-мәдени, әлеуметтік-саяси кеңістігі барынша кең ауқымды территорияны қамтығандығын көрсетеді. Ежелгі дәуір мен орта ғасырларда түркі тілі тек таулы Алтайда, Сырдарияның орта және төменгі ағысында ғана емес, шығыста оның шекарасы Минусин ойпатына дейін тарады. Ежелгі дәуірде Ташкент оазисі, Қазақстанның бүкіл территориясы, Жетісу, Таулы Алтай, Оңтүстік Сібір және Шығыс Түркістан түркітілді халықтардың отаны болды.

Сонымен, көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеудің қорытындылары түркі тайпалары ежелгі дәуір мен орта ғасырларда Еуразияның бүкіл орталық бөлігінің – шығыста Якутиядан батыста Дунайға дейін, солтүстікте қыпшақ даласынан оңтүстік Тұранға дейінгі жерлердің автохтонды халқы болғанын көрсетіп берді [14, 7-12 бб.]. Түркі мемлекеттілігінің қалыптасуында, әсіресе Қазақстан далалары, Төменгі Еділ бассейні, Оралдың оңтүстік-шығыс аймақтары, таулы Алтай, Шығыс Түркістан, Оңтүстік Сібір мен Моңғолия далалары маңызды рөл атқарды. Бүкіл Еуразия кеңістігінде, соның ішінде Орта Азия жерінде де түркілер, бұрынырақ келіп қоныстанған жергілікті түркі тайпаларына сүйене отырып өз билігін орнатты. Орта Азиядағы бұл полиэтникалық жағдай саяси үдерістерге кері ықпалын тигізе қойған жоқ (жалпы, ұлттар қалыптасқанға дейінгі кезеңдерде, яғни ежелгі дәуір мен орта ғасырларда этникалық ерекшелік қоғамдық-саяси дамуда маңызды рөл атқармаған тәрізді). Керісінше, автохтонды ирантілді халықтар – бактриялықтар, соғдылар, хорезмдік-

тер, Шаш пен ежелгі Ферғана тұрғындары түркі мемлекеттерінің қолдауына сүйене отырып, Ұлы Жібек жолы бойымен саудасын жүргізіп, халықаралық байланыстарын дамытып отырған. Соңғы нәтижеде түркі-соғды синтезінің негізінде жаңа этникалық бірліктер – өзбек және тәжік халықтары қалыптасты.

Өкінішке орай, тарих ғылымында түркі халықтары Орта Азияға қоныс аударушылар, жаулаушылар, тіпті басқыншылар ретінде келді деген пікір орныққан. Мұндай пікірдің ешқандай ғылыми негізі жоқ. Өйткені, Орта Азия территориясында ең ежелгі дәуірлерден бастап тек ирантілді халық емес, солармен бірге түркі халықтары қатар мекен етті. Бұл тарихи шындықты тек археологиялық материалдар ғана емес, ежелгі қытай деректері де растайды.

Орталық Азиядағы түркі этносының көне дәуірлерден мекен еткендігі жөнінде соңғы жылдары қытай және жапон ғалымдары да айта бастады, олар бірлесіп жазған 24 томдық Қытай тарихында ежелгі қытай деректеріндегі түркі атауы әртүрлі нұсқаларда б.з.д. 2205 жылдан бастап көрсетіле бастағаны жайында айтылады.

Еуразия далаларының этникалық құрамы жөніндегі мәселеге қайта оралатын болсақ, бұл кеңістікте түркілерден басқа этникалық қабаттар (славяндар) тек орыс патшасы Қаһарлы Иван билігі тұсынан бастап қана бірте-бірте пайда бола бастайды [15]. Бұған дейін славяндар шығыста Орал жоталарына дейін, ал оңтүстікте Орал өзеніне дейін мекендеген [16]. Орта ғасырларда славяндардың оңтүстікке шабуылымен Шығыс Еуропада түркі этносының тұтас тізбегінде біраз үзілген тұстар болғанына қарамастан, Еділ бойында, Солтүстік Кавказда, солтүстік-батыс Каспийде, Қырымда, Молдовада қазірге дейін түркітілді халықтар тұрып жатыр. Болгарлар соңғы мыңжылдықта ғана, үстем тілдік ортаның ықпалымен славянтілді халыққа айналды. Осы орайда белгілі лингвист А.М. Щербактың «Дон бассейнінде, Новочеркасскіден Воронежге дейінгі жерлерден табылған түркі жазуының үлгілерін печенегтерге жатқызуға болады» деген қорытындысы аса маңызды [17, 27-34 бб.].

Антропологиялық зерттеулерде де Еуразияның ежелгі дәуірдегі этникалық құрамы жөнінде маңызды қорытындылар жасалуда. Атап айтқанда, қазақтың белгілі антропологы О. Исмағұлов: «Ежелгі дәуірде Еуразияның этникалық және мәдени тарихында, осы аймақты мекендеген көптеген халықтардың физикалық тұрпатының бастауларында арий тайпалары тұрды, олар этнолингвистикалық жағынан, шынында да, кө-

не түркі этносының негізін құрады» – деп көрсетеді [18, 40 б.].

Сонымен, арийлер Еуразия далаларының малшы тайпалары өміріндегі көшпелі кезеңінде қалыптасқан әлеуметтік құбылыс болып табылады, олар қалыптасып жатқан ертетартық қоғамның ақсүйек бөлігі болды. Арийлер, еуропацентристік ғылымда көрсетілетіндей ирантілді болмаған, ежелгіқытай деректерін салыстырмалы зерттеу қорытындылары арий тілі түркітілді этносқа жататындығын көрсетіп отыр. Ал енді арийлердің б.з.д. II мыңжылдықтың ортасынан бастап оңтүстікке миграциясын Орта Азияның археологиялық материалдары толық айғақтайды, шынында да Орта Азияда осы кезеңде түркітілді тайпалар кең таралған болатын. Арийлердің қола дәуірінен басталған Орта Азияға жаппай миграциясы бұл жерде ерте орта ғасырларда түркі-соғдылық әлеуметтік және этномәдени кеңістіктің қалыптасуына алып келді, бұл кеңістікте түркітілді этникалық қабат бірте-бірте күшейе отырып, соңғы нәтижеде түркі тілі жеңіске жетті.

Арийлердің қиыр оңтүстікке, қазіргі Ауғанстан, Иран, Пәкістан және Солтүстік Үндістан жерлеріне енуі археологиялық материалдар-

да толық әрі нақты көрініс таппаған. Б.з.д. II мыңжылдықтың ортасында арийлердің белгілі бір бөлігі жеткен болуы керек, оны Ригведа мен Авеста мәтіндері айғақтайды. Алайда, Орта Азиядағыдай үлкен топтардың дүркін-дүркін миграциясы бұл аймақтарда бола қоймаған тәрізді. Осы себептерге байланысты және жергілікті халықтан мәдени-экономикалық дамуы жағынан төмен тұрған халық автохтонды тұрғындардың тілін өзгерте алмады. Сөйтіп, бастапқыда, әлеуметтік атау ретінде қалыптасқан арий термині, кейінірек, арийлер жергілікті халықпен ассимиляцияға түскеннен кейін жаңа этникалық мазмұнға ие болды, үстем жергілікті тілдік ортаның ықпалымен арийлер бірте-бірте өздерінің ана тілін, яғни түркі тілін ұмытып, иранданып кетті.

Сонымен, Еуразия далаларының малшы тайпаларының ирантілді болғандығы жөніндегі гипотеза логикаға мүлде сай келмейтін, ғылыми негізі жоқ, еуропацентристік ғылымның нәсілшілдік теориясын негіздеу қажеттігінен туындағанын түсіну қиын емес. Ал, бұған қарама-қарсы, арийлердің түркітілді болуын айғақтайтын ғылыми мәліметтер жеткілікті екеніне зерттеу барысында толық көз жеткіздік.

Әдебиеттер

- 1 Дьяконов. История Мидии. – М.-Л., 1956.
- 2 Иванов В.В., Топоров В.Н. Санскрит. – М., 1960, – С. 13
- 3 Братченко С.Н. Периодизация памятников средней бронзы бассейна Нижнего Дона: авт. канд. дисс. – Киев, 1969.
- 4 Смирнов К.Ф., Кузьмина Е.Е. Происхождение индоиранцев в свете новейших археологических открытий. – М., 1977.
- 5 Толстов С.П. Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования. – М., 1948. – 68 б; сонікі, По древним дельтам Окса и Яксарта. – М., 1962.
- 6 Бернштам А.Н Спорные вопросы истории кочевых народов в древности. КСИЭ, XXVI. – М., 1957.
- 7 Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. – М.-Л., 1960.
- 8 Аскарлов А. Арийская проблема: новые подходы и взгляды // Денежное обращение и торговля средневекового Казахстана. Материалы международной научно-практической конференции. Туркестан, 2007.
- 9 Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. – М., 1993.
- 10 История древнего Востока. Тексты и документы. – М., 2002.
- 11 Аскарлов А.А. Об исконной родине расселения древних тюрков // История материальной культуры Узбекистана (ИМКУ). – Самарканд, 2001. Вып. 32.
- 12 Гасанов З. Царские скифы. Этноязыковая идентификация царских скифов и древних огузов. – Нью-Йорк, 2002. – 480 с.
- 13 Малов Е.С. Древние и новые тюркские языки // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. – Т. XI. 1952. – Вып. 2.
- 14 Isxraqov M. Eski turk yazitlarin cograiası ve turk etnogenez surefarin. 2003.
- 15 Бахрушин С.В. Очерки по истории колонизации Сибири в XVI-XVII вв. – М., 1927.
- 16 Греков Б. Роль славян в истории мировой культуры. Журнал «Славяне», № 1. – М., 1946.
- 17 Щербак А.М. О рунической письменности в Юго-Восточной Европы. // Советская тюркология. № 4. – М., 1971.
- 18 Исмагулов О. О начальном этапе истории тюрков Центральной Азии (взгляд антрополога) // Орта ғасырлардағы Қазақстандағы ақша айналымы және сауда. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Түркістан, 2007.
- 19 Массон В.М. Древнеземледельческая культура Маргианы. – М.-Л., 1959.

20 Аскарлов А. Степной компонент в оседлых комплексах Бактрии и вопросы его интерпретации. // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. – Алма-Ата, 1989.

References

- 1 Diyakonov. Istorija Mii. – M.-L., 1956.
- 2 Ivanov V.V., Toporov V.N. Sanskrit. – M., 1960, – S. 13
- 3 Bratchenko S.N. Periodizatsia pamiatnikov sredney bronzy basseina Nizhnego Dona. Avt. Kand. Diss. – Kiev, 1969.
- 4 Smirnov K.F., Kuzmina E.E. Proishozhdenie indoirancev v svete noveyshih arheologicheskikh otkrytiy. – M., 1977.
- 5 Tolstov S.P. Drevniy Horezm. Opyt istoriko-arheologicheskogo. – M., 1948. 68 б; сонікі, Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta. – M., 1962.
- 6 Berinshtam A.N. Spornye voprosy istorii kochevykh narodov v drevnosti. KSIE, XXVI. – M., 1957.
- 7 Chernikov S.S. Vostochniy Kazakhstan v epohu bronzy. – M.-L., 1960.
- 8 Askarov A.A. Ariyskaya problema: novye podhody I vzglyady // Denezhnoe obrashenie I trgovlya srednevekovogo Kazakhstana. Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii. – Turkestan, 2007.
- 9 Gumilev L.N. Tsyachiletie vokrug Kaspya. – M., 1993.
- 10 Istoriya drevnego Vostoka. Teksty I dokumenty. – M., 2002.
- 11 Askarov A.A. Ob iskonnoy rodine rasseleniya drevnih tyurkov // Istoriya materialnoi kultury Uzbekistana (IMKU). – Smarand, 2001. – Vyp. 32.
- 12 Gasanov Z. Carskiye skify. Etnoyazykovaya identifikatsiya I carskykh skifov I drevnykh oguzov. – New Yourk, 2002. – 480 c.
- 13 Malov E.S. Drevnie i Novye tyurkskie yaziki // Izvestiya AN SSSR. Otdelenie literatury. – T. XI. 1052. – Vyp. 2.
- 14 Isxaqov M. Eski turk yazitlarin cograiyasi ve turk etnogenezi surefarin. 2003.
- 15 Bahurshyn S.V. Ochetki po istorii kolonizatsiy Sibiri v XVI-XVII vv. – M., 1927.
- 16 Crekov B. Rol slavyan v istorii mirovoy kultury. Zhurnal «Slavyane», № 1. – M., 1946.
- 17 Sherbak A.M. O ruchnicheskoy pismennosti v yugo- vostochnoy Evropy. // Sovetskaya tyurkologiya. № 4. – M., 1971.
- 18 Ismagulov O.O. nachalnom etape istorii tyurkov Centralnoi Azii (vzglyad antropologa) // Orta gasyrlardagy Kazakhstandagy aksha ainalimy zhane sauda. Halykaralyk gylimi- praktikalyk konferentsiyanin materialdary. – Turkystan, 2007.
- 19 Masson V.M. Drevnezemledelcheskaya kultura Margyany. – M.-L., 1959.
- 20 Askarov A. Stepnoy component v osedlykh kompleksah Baktrii I voprosy ego interpretatsiy // Vzayimodeistvie kochevykh kultur I drevnykh tsivilizatsiy. – Alma-Ata, 1989.

Хабижанова Г.Б.,
Ахметова М.Ж.

**Послемонгольское становление
этнополитических союзов
тюркских племен**

Данная статья посвящена процессам становления тюркских этнических групп после монгольского нашествия. Здесь затрагиваются вопросы интеграции, ассимиляции и метисации этносов, входящих в тюркскую цивилизацию. Ведь большая часть монголов после своих походов постепенно растворилась в тюркском массиве Средней Азии и Поволжья. Сохраняя зачастую древние монгольские племенные названия, они утрачивали свой язык, мусульманизировались, их знать сливалась со знатью тюркских племен.

Также в данной статье рассматривается формирование новых племенных объединений, перемешавшихся в ходе завоеваний и бесконечных переселений, которые, поселяясь на новых землях, тем самым раздвинули политические границы Великой Степи. На землях расколовшихся и обособившихся улусов Монгольской империи, управляемых Чингизидами, начался новый этап тюркского этногенеза – начальный этап формирования современных тюркских народов.

Ключевые слова: нашествие монгол, тюркский этнос, этногенез, ассимиляция, интеграция, тюркизация, образование племен, формирование народностей.

Habizhanova G.B.,
Ahmetova M.Zh.

**Post-Mongol formation of ethno-
political alliances Turkic tribes**

This article focuses on the processes of formation of the Turkic ethnic groups after the Mongol invasion. There are issues of integration, assimilation and cross-breeding of ethnic groups, members of the Turkic civilization. Since the majority of Mongols, after their campaigns gradually dissolved in the Turkic array of Central Asia and the Volga region. Saving often ancient Mongolian tribal names, they lost their language, musulmanization, know them mingled with the nobility of Turkic tribes.

Also this article discusses the formation of new tribal unions, who mixed during the endless conquests and migrations, settling on new lands, thus expanded the political boundaries of the great Steppe. On lands broken up and separated uluses of the Mongol Empire, Genghis Khan managed, began a new phase of the Turkic ethnogenesis – the initial stage of formation of the modern Turkic peoples.

Key words: invasion of Mongol, Turkic ethnicity, ethnogenesis, assimilation, integration, turkization, the formation of tribes, the formation of nationalities.

Хабижанова Г.Б.,
Ахметова М.Ж.

**Моңғол шапқыншылығынан
кейінгі түркі тайпаларының
этносаяси одағының
қалыптасуы**

Бұл мақалада моңғол шапқыншылығынан кейінгі түркі тайпаларының этникалық топ ретінде қалыптасуы жайында баяндалады. Мақалада алып түркі өркениетіне кірген әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың бір-бірімен ассимиляциясы мен интеграциясы (ынтымақтастығы) жайында сөз қозғалады. Моңғолдардың көп бөлігі шапқыншылықтан кейін Орта Азия тайпаларымен араласып, өз тілдерін ұмытып, мұсылманданды.

Мақалада сондай-ақ, жаңа жерлерді игеріп, жаулап алу процесі негізінде жаңа тайпалардың бірігуі және олардың жаңа жерлерге қоныстануы Ұлы Даланың саяси шекарасын кеңейтті. Жауланған жерлерге Шыңғысхан ұрпақтары ұлыстарға бөліп басқаруы түркі этногенезі үшін жаңа кезең, яғни қазіргі түркі халықтарының қалыптасуына әсер етті.

Түйін сөздер: моңғол шапқыншылығы, түркі этносы, этногенез, ассимиляция, интеграция, түркілендіру, тайпалардың қалыптасуы, халықтардың қалыптасуы.

**ПОСЛЕМОНГОЛЬСКОЕ
СТАНОВЛЕНИЕ
ЭТНОПОЛИТИЧЕСКИХ
СОЮЗОВ ТЮРКСКИХ
ПЛЕМЕН**

Монгольское нашествие оказало существенное влияние на этнический состав народов, проживавших на территории Казахстана. Вторжение монгольских войск привело к разгрому малых племен, другие предпочли всем составом уйти в соседние регионы. Этнические объединения распались, процесс развития и формирования народов замедлился. Однако в некоторых регионах наблюдалось быстрое восстановление народов в этническом плане, особенно в Восточном Дешт-и-Кыпчаке, в Южном Казахстане (Туркестанский район) и в Семиречье. Здесь восстановление шло быстрыми темпами. Причиной тому были многоязычие их жителей, разнообразие в культуре и быте и их быстрая приспособляемость. Поэтому в регионах начинает активизироваться исторический процесс преобразования племенных объединений в народы.

Оставленное Чингисханом громадное государство было разделено им на четыре удела, по числу его сыновей от главной жены Бортэ. Джучи получил северо-западный удел от Алтая до Урала; на юге удел этот простирался до Амударьи и Аральского моря. Чагатаю достались земли к югу от Амударьи – часть Туркестана, Афганистан и Персия, а также Закавказье. Угэдэй получил всю западную часть собственно Монголии, Джунгарию и Восточный Туркестан. Наконец, долю Тулуя составили: земли найманов, восточная часть собственно Монголии, земля тангутов и завоеванная часть Цзиньского государства. Царевичи управляли своими уделами на правах наместников императора.

Из наличного к моменту смерти Чингисхана состава армии в 129 000 человек перешла, по его завещанию, в распоряжение Тулуя 101 000 человек, в том числе и гвардейская «тысяча багадуров», которой командовал Цаган из племени тангутов, взятый Чингисханом в плен в возрасте 15 лет и воспитанный вместе с его сыновьями от Бортэ, почему Чингисхан называл его «пятым сыном». В числе отошедших к Тулуу войск имелось также 4 000 человек из племени дербет-ойрат под начальством Хотуга-беки, которому ввиду заслуг его племени перед Империей было предоставлено право замещать в своем отряде должности беков (начальников, командиров) до тысячников включительно собственной властью [1].

Всем остальным наследникам вместе было завещано 28 000 человек войска, в том числе Джучи – 4 000 человек и 9 000 кибиток с тремя беками. К ним присоединилось много войск из «русских», черкесских, кипчакских, мадьярских и других народов, присоединенных к ним впоследствии, добавляет историк Рашид ад-Дин [1, с. 153].

Улусы Угэдэя и Чагатая. Внук Угэдэя Хайду хан, опираясь на ханов Золотой Орды, начал войну против всемонгольского хана Хубилая (потомка Тулуя). Племена мангытов, кыргызов стали покидать свои земли на востоке и переселились на запад, в Золотую Орду и государство Хайду хана.

В эпоху Хайду хана новый виток миграции начался с передвижением на Запад бааринов (бахрины), которые имели родственные отношения с ханом по материнской линии. Мать Хайду была из бааринов. Баарины были одними из первых, которые выразили желание служить Хайду хану, внуку Угэдэя. Они потянули за собой большинство племен улуса Хорчи и Угэдэя, предки которых имели историко-культурные и этнические связи с тюркскими племенами, которые на Тянь-Шане объединились с новоиспеченным ханом. О переселении кыргызов и племен Западной Монголии на Тянь-Шань в период Хайду хана свидетельствовало появление в данном регионе восточных племен булагачинов и керемучинов, которые в исторических источниках тех времен указывались наряду с кыргызами или в составе кыргызских племен. Например, в источниках могольской эпохи рассказывалось об улусе булагачинов в Моголистане, а в одной из китайских хроник XVII века керемучины указывались в числе кыргызских племен [2].

В XIV-XV века под моголами понимались все племена Моголистана, признававшие власть чингизидов. Моголы делились на крупные и малые племена. Наиболее крупными из них считались дуглаты, баарины, чурасы, духтуи, барласы, сагарачи (кончи), булгачи, канглы-бекчики, кераиты и др. К малым, незначительным объединениям относились роды арканут, сулдуз, итарчи, йарки (барки), ордабеги, мекрит, шункарчи, нарин, долан, балыкчи, татар и др. Собственно могольскими были дуглаты, баарины, чурасы, духтуи, барласы, татары.

Крупные тюркские племена в составе Моголистана ни чем не уступали в правах моголам, кроме как в вопросе престолонаследия и других, когда проблема касалась прав господствующей династии. По М. Чорасу, некоторые племена

имели привилегированное положение в системе управления и оказывали свое влияние на решение политических и других проблем страны. М. Чорас информировал, что если же могольское войско шло на север или на запад, то право идти впереди войска принадлежало эмирам рода чурас, народа духтуй и главой керейтов. Такие же привилегии были у племени канглы-бекчиков. Чорасы постоянно оспаривали у канглы-бекчиков право идти на краю, как на охоте, так и во время военных действий.

Собирательный этноним «могол», принятый ими, совершенно отличал их от собственно монголов Монголии и других районов обитания. В результате тюркизации монгольских племен произошел распад Чагатайского улуса на два государства. Т. Джуманалиев пишет: «Распадение Чагатайского улуса на Моголистан и Мавераннахр и провозглашение Туглук-Тимура ханом моголов является не только политическим актом, но и актом этническим, т.е. признанием своей этнокультурной самостоятельности» [2, с. 159].

Население Мавераннахра до монгольского нашествия состояло из двух основных частей персо- и тюркоязычного, с некоторой примесью монгольского элемента. Все эти компоненты находились в процессе взаимной культурной ассимиляции. Карлуки еще в XI в. проникли вместе с племенами чигилей, ягма, тухси, аргу в Мавераннахр и утвердились здесь при Караханидах. С разгромом Караханидов Сельджуками в XI столетии в регионе появились племена огузов, часть которых также вступила в процесс взаимной ассимиляции с местным населением.

В XIII столетии Чингизхан оставил правителем этой части монгольской империи своего сына Чагатая. Ставка самого Чагатая находилась в долине реки Или, т. е. в достаточной отдаленности от Средней Азии, а непосредственно культурной областью Мавераннахра правили представители местной аристократии, сначала хорезмиец Махмуд Ялавач, затем его сын Масуд-бек, а также ряд последующих местных правителей, правивших от имени кого-либо из Чагатаидов.

С этого времени началось проникновение монгольских родов джалаир, барлос, каучин, орлат, турки, мусобозори, калтатой, могол и др., которые в результате интенсивных контактов с более цивилизованным местным населением подверглись ассимиляции и тюркизации. В XIV в. выходец из племени барлос Темур, победив представителей Чагатайского улуса, основал

собственную династию, которая просуществовала до нашествия в регион кочевых дашти-кипчакских узбеков [3, с. 274].

В середине XIV века Улус Чагатай разделился на два государства: Могулистан с центром в Алмалыке и Мавераннахр с центром в Самарканде. Территория Жетысу как раз составляла Могулистан, населённый могулами – тюркомонгольскими племенами кочевников-скотоводов. Могулы и чагатаи перманентно воевали друг с другом. Сначала могулы неоднократно завоёвывали и разоряли Мавераннахр, затем при эмире Тимуре, наоборот, чагатаи не раз вторгались в Могулистан. Да и впоследствии оседлые ираноязычные жители восточного Мавераннахра часто подвергались нападениям кочевников соседнего Могулистана. Так что поводов недолюбливать друг друга у них было достаточно. Средневековые историки утверждают, что жителей западного Могулистана чагатаи называли «джете» (в значении «разбойники» или «грабители») или улусом Джете. В свою очередь, могулы называли чагатаев Мавераннахра «караунас» (в пренебрежительном значении «метис» – за смешение их с местным оседлым населением и утрату кочевых традиций). Об улусе Джете упоминают в своих хрониках многие историки того времени: могул Хайдар Дулати, казах Кадыргали Жалаири, чагатай Шарафетдин Язди и др.

Впоследствии улус Джете захватили ойраты, и государство Могулистан исчезло в конце XVII века. Могульские племена вошли в состав казахов, киргизов, уйгуров. Остатки западных могульских племён стали признавать власть казахских ханов. Могулы-джете, превращаясь в могул-казахов, входили в Улы жуз и присоединились к Казахскому ханству. Тем временем джунгары, захватывая лучшие пастбища Могулистана, вытесняли могул-казахов на запад и север, к Сыр-Дарье, к Ташкенту, в Прибалхашье. В результате часть племён Улы жуза оказалась на территории восточного Мавераннахра. В эпоху джунгар исходный этноним «джете» оказался неактуальным, забылся и сохранился только для обозначения местности, где они когда-то проживали [4, с. 75].

В период династии Темуридов окончательно сложилась так называемая чагатайская культура, чагатайский литературный язык, канонизированный поэтом Алишером Навои, выходцем из того же племени барлос.

Носителем этой культуры было, в основном, население городов, состоящее из перешедших к

оседлому образу жизни представителей бывших тюркских племен, а также тюркизированного персоязычного населения, большая часть которого получила наименование сартов. Создатели чагатайской литературы Бабур и Навои в своих исторических трудах отмечали существование сартов наряду с другими народами, населяющими регион, но сами не относили себя к ним. Тем не менее, именно сарты в последующем стали проводниками чагатайской культуры и чагатайского языка, получившего в последующем название языка тюрки.

Таким образом, наследие эпохи Чагатаидов воплотилось не столько в народностях, именующих себя чагатаями, сколько в насыщенной культуре высокоразвитых языке и литературе, которые стали и в своей основе остаются доминирующими в Мавераннахре. Чагатай, как было отмечено выше, было собирательным именем для всех народов Мавераннахра в период Темуридов. Но после их изгнания ареал использования этого слова стал сужаться: часть чагатайских народов и племен стала переходить или в сообщество узбекских племен, что характерно, прежде всего, для территории, охватываемой Зарафшанским бассейном (районы Самарканда, Кашкадарьи и Сурхандарьи), или в категорию сартов, что более характерно для территорий, охватываемых бассейном Сырдарьи [3, с. 274].

Улус Джучи. В результате нашествия монголов часть кипчаков погибла, бежала на запад, была пленена и продана в рабство. Но в массе своей кипчаки остались кочевать в своих степях и составляли главную часть кочевых тюркских подданных потомков Джучи.

С приходом в Кипчакскую степь центральноазиатских племен наступил новый этап этнической интеграции. Главными результатами этого сложного по характеру и продолжительного по времени многоаспектного процесса были:

- 1) смешение родов и племен, смена многих прежних местных тюркских (кипчакских) этнонимов на монголо-тюркские формирования ряда новых родоплеменных групп с ранее неизвестными или парными наименованиями;
- 2) тюркизация монголо-татарских племен и принятие ими ислама;
- 3) формирование из конгломерата родов и племен, находившихся на различных стадиях своего развития, каким было население Дешт-и Кипчака в период распада Золотой Орды, целого ряда тюркских народностей, в том числе и с монгольскими названиями [5].

Из собственно монгольских племен одними из первых оказались на территории Дешт-и Кипчака меркиты.

По словам Рашид ад-Дина и анонимного автора «Муизз ал-ансаб», Чингиз-хан еще при жизни выделил своему старшему сыну Джучи четырех эмиров с четырьмя тысячами войска – тысячу Мунгура, бывшего из племени сиджиут (сихиут); тысячу Кингитая Кутан-нойона, бывшего из племени кингит; тысячу Хушитая, бывшего из племени хушин; тысячу Бауку, также бывшего из племени хушин. Эти четыре личные тысячи воинов царевича Джучи, пишет персидский историк Вассаф (умер в 1335 г.), после его смерти перешли в ведение его старшего сына, Орды, и уже при жизни Орды (умер между 1246–1251 гг.) составляли вместе с прямыми потомками более одного тумана живого войска, т. е. более 10 тысяч наличных воинов [6, с. 98-100].

По сообщению Махмуда ибн Вали, в составе войска Бату, в частности, были ополчения племен аргун, огуз, найман, буйрак, ойрат, карлук, кушчи, усун, минг, конграт, керейт, барлас.

После завершения военной кампании 1236–1242 гг. большая часть центральноазиатских племен вместе со своими вождями возвратилась к себе на историческую родину. Однако определенное количество из этих родов и племен было распределено после похода между Джучидами в качестве эля; они стали таким образом «дештскими». Так, по словам Абу-л-Гази и автора «Зубдат ал-асар» (XVI в.), Бату после возвращения из похода в Восточную Европу (1242 г.) отдал под власть своего брата, Шибана, народ, состоявший из 15 тысяч семейств, выделив четыре главных племени: кушчи, найман, карлук, буйрак. Другому своему брату, Тукай-Тимуру, Бату выделил минг, тархан, ушун, ойрат [7, с. 302].

В составе войска золотоордынских ханов XIII – начала XV в. в источниках называются части из племен кунграт, кият, сарай, бахрин, найман, джалаир, уйшун, кипчак, курлаут, алчин, буруджоглы, йисут, курдер.

По словам ал-Хаджжи Абд ал-Гаффара Кирими, гвардия Тохтамыш (1379–1395 гг.) состояла из представителей четырех племен: ширин, барин, аргын, кипчак. В XV–XVI вв. эти четыре племени были главными племенами Крымского ханства [7, с. 315].

Список названий родов и племен Улуса Джучи XIII–XV вв.: алтын, аргун, ас, барак, барин, барлас, бахрин, башгырд, буйрак, буркут, буруджоглы, джалаир, джуркун, дурман, ички, ичкибайри, йиджан, йисут, йети-минг, каанбайлы,

карлу к, кенегес, керейт, кингит, кипчак, кунграт, кият, куйун, курдер, курлаут, кушчи, мадэоар, мангыт, масит, меркит (мекрит), минг, найман, огуз, ойрат, салор, сарай, сихиут (сиджиут), таймас, табгут (тангут), тархан, татар, тили-минг, тубай, тубай-туман, туман, туман-минг, уйгур, уйсун, украш-найман, утарчи, хитай, хушин, чинбай, чубурган, шадбаклы, шункарлы [8].

Государство потомков Джучи, было «монгольским государством» лишь в династийном отношении, являясь на самом деле тюркской страной по культуре, хозяйству и этнической основе.

В источниках при освещении событий XIII – первой половины XIV в. для обозначения кочевого населения Улуса Джучи одинаково употребляются слова «татары», «монголы», «тюрки», «кипчаки». Постепенно центральноазиатское слово «татар» превратилось в самоназвание тюркоязычного населения Поволжья, Крыма и части Западной Сибири [9, с. 252-258].

Со второй половины XIV в. кочевое население Улуса Джучи известно нам под общим собирательным словом узбеки.

Впервые узбеки упоминаются в сочинении Хамдуллаха Казвини (род. ок. 1280), который рассказывает о вторжении в 1335 г. хана Узбека в пределы Ирана, называя при этом золотоордынское войско «узбеками», а государство Узбека (Золотую Орду) «государством узбекским». Историк Темур – низа-маддин Шами в своём рассказе о бегстве двух эмиров Темура в 1377 г. сообщает, что оба эмира ушли в область узбеков и укрылись у Урус-хана, которого называет ханом узбекским. Другой историк Темур – Шереф-ад-дин Али Езди, рассказывая о посольстве 1397 г. от золотоордынского хана Тимур Кутлуга, называет прибывших послами узбеков [3, с. 271].

Разгром Темуром войск Тохтамыш в XIV в. способствовал распаду Улуг Улуса. Образовались Казанское и Астраханское ханства, Хорезм (отошедший к Тимуридам), Ногайский и Узбекский улусы в составе Белой орды.

Особенностью этногенеза в Дешт-и Кипчаке было то, что решающую роль в их объединении под эгидой сильного централизованного государства играли харизматические лидеры типа Узбека, Абулхаира, Жанибека, Керей и Шейбанихана, сочетавшие в себе дуальность принципов правления – приверженность исламу и степному обычному праву (Яса). Абулхаир был вознесен на ханский престол в 1429-30 гг. главами 24 племен: кият, мангит, байлы, кунграт, тангут, йид-

жан, дурман, кушчи, утарчи-найман, угриш-найман, тубай, таймас, джат, хитай, барак, уйгур, карлук, кенегес, уйшун, курлаут, имчи, туманинг [3, с. 272].

После его смерти (1468-69 гг.) контроль над Дешт-и-Кипчаком перешел к другим представителям дома Джучи (Джанибек и Керей), которые основали династию казахских султанов (даулат-и салатин-и казак). Имя «казак» сначала передано ханству, а затем стало названием народности; с первых десятилетий XVI в. за страной закрепилось название Казакстан.

В ту эпоху для обозначения временного состояния вольных людей, оторвавшихся по разным причинам и разными путями от своей социальной среды и принужденных обстоятельствами вести жизнь искателей приключений, употреблялось тюркское слово казак, известное еще с первой половины XIII в. Кстати, отсюда слово «казак» и в русском языке.

Так как Керей, Джанибек и их приверженцы были людьми, ушедшими от своих и скитавшимися по окраинам государства кочевых узбеков, к которому они принадлежали и с которым находились в состоянии войны, то их прозвали узбеками-казаками, т. е. узбекскими казаками, или просто казаками. Имя это за ними закрепилось.

С образованием в 1470–1471 гг. (875 г. по хиджре) Казахского ханства Узбекский улус окончательно распался. С тех пор, по словам информированного историка Мирзы Хайдара Дуглата (1500–1551 гг.), казахи всецело «владевали в большей части Узбекистана». Степи западной части Узбекского улуса, с центром в местности по нижнему течению Яика, служили для кочевков объединения племен, известных в восточных источниках как мангыты, по имени одного из тюркизированных монгольских племен, некогда живших в Восточной Азии. В русских источниках мангыты называются ногай-

цами, по имени известного в истории Золотой Орды монгольского царевича Ногая. В XV–XVI вв. мангыты (ногайцы) составляли не только этнографическую, но и политическую единицу (Мангытский йурт – восточных, мусульманских источников; Ногайская Орда – русских источников) и имели своих властителей (бий, мурзы). В XVII в. объединение окончательно распалось, большая часть составлявших его население родов и племен откочевала на запад. Русский термин «ногайцы» полностью заменил восточное название «мангыты».

После распада Золотой Орды в XV в. на их основе стали формироваться отдельные народности, которые говорили по-тюркски и исповедовали ислам. Часть родов и племен западных областей Джучиева Улуса составила этническую основу крымских татар; другие родоплеменные группы вошли в состав башкир, казанских татар, а также тюркских народов Северного Кавказа. Кочевые роды и племена Восточного Кипчака составили ядро казахского и ногайского народов. Роды и племена Дешт-и Кипчака, переместившиеся в Мавераннахр, Хорезм и Притяньшанье, вошли в состав современного узбекского, каракалпакского и киргизского народов [9, с. 261].

Несмотря на жестокое преследование и укрепление своей политической власти, монголы не могли навязать местным многочисленным племенам чуждые им язык, традиции и обычаи, религиозные взгляды. Хотя, конечно, монгольское нашествие разрушило устоявшиеся этнополитические связи, социально-экономический строй и существенно замедлило формирование этнических сообществ в народ, и только спустя столетие процесс стал активизироваться. За это время монгольские завоеватели сами стали разговаривать на тюркском языке и ассимилироваться с местным населением.

Литература

- 1 Хара-Даван Эренжен. Чингис-хан как полководец и его наследие. – Элиста: Калмыцкое книжное издательство, 1991. – 196 с.
- 2 Акеров Т.А. Каркырахан. Великий Кыргызский каганат. (Роль этнополитических факторов в консолидации кочевых племен Притяньшанья и сопредельных регионов (VIII–XIV века)). – Бишкек, 2012. – 202 с.
- 3 Этнический атлас Узбекистана. Узбекистан: ИООФС. – Узбекистан, 2002. – 452 с.
- 4 Уали М., Алиев Ф.О. О происхождении топонима Жетысу // Научный вестник столицы. – №№ 10-12 (31-33), октябрь-декабрь 2012 г.
- 5 Евстигнеев Ю.А. Кыпчаки, куны, половцы, куманы – один этнос или четыре? <https://www.google.com/url?sa=t&ret>
- 6 Кычанов Е. И. Великий Чингис-хан. «Кара Господня» или «человек тысячелетия»? – М.: Эксмо, 2013. – 368 с. <http://kniz.ru/book1137.html>
- 7 Рахманалиев Р. Империя тюрков. Великая цивилизация. – М.: Рипол, 2009. – 704 с.

- 8 Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.
- 9 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей: от древности к новому времени. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2009. – 432 с.

References

- 1 Hara-Davan Jerezhen. Chingis-han kak polkovodec i ego nasledie. – Jelista: Kalmyckoe knizhnoe izdatel'stvo, 1991. – 196 s.
- 2 Akerov T.A. Karkyrahan. Velikij Kyrgyzskij kaganat. (Rol' jetnopoliticheskikh faktorov v konsolidacii kochevyh plemen Pritjan'shan'ja i sopredel'nyh regionov (VIII-XIV veka)). – Bishkek, 2012. – 202 s.
- 3 Jetnicheskij atlas Uzbekistana. Uzbekistan: IOOFS. – Uzbekistan, 2002. – 452 s.
- 4 Uali M., Aliev F.O. O proishozhdenii toponima Zhetyusu // Nauchnyj vestnik stolicy. – №№ 10-12 (31-33), oktjabr'-dekabr' 2012 g.
- 5 Evstigneev Ju.A. Kypchaki, kuny, polovcy, kumany – odin jetnos ili chetyre? <https://www.google.com/url?sa=t&rct>
- 6 Kychanov E. I. Velikij Chingis-han. «Kara Gospodnja» ili «chelovek tysjacheletija»? – M.: Jeksmo, 2013. – 368 s. <http://kniz.ru/book1137.html>
- 7 Rahmanaliev R. Imperija tjurkov. Velikaja civilizacija. – M.: Ripol, 2009. – 704 s.
- 8 Bartol'd V.V. Tjurki: Dvenadcat' lekcij po istorii tureckih narodov Srednej Azii. – Almaty: Zhalyln, 1993. – 192 s.
- 9 Kljashtornyj S.G., Sultanov T.I. Gosudarstva i narody Evrazijskih stepej: ot drevnosti k novomu vremeni. – SPb.: Peterburgskoe Vostokovedenie, 2009. – 432 s.

Абдимомынов Н.Т.
**Алтын Орда тарихындағы
Ноғайдың саяси қызметі
(XIII ғ. 2-ші жартысы)**

Мақалада Алтын Орда тарихындағы көрнекті мемлекет қайраткерлері, XIII ғ. 2-ші жартысындағы Еуразия тарихының ықпалды саясаткерлердің бірі болған Ноғайдың саяси қызметі қарастырылады. Осы мақсатта автор Ноғайдың Алтын Орданың ішкі және сыртқы саясатына, Византия, Балқан түбегі, Шығыс Еуропаға қатысты саяси қызметі пен ықпалы талданған. Сонымен қатар автор Ноғайдың Тұда-Мөңке (1282-1287), Төле-Бұға (1287-1291) және Тоқта (1291-1312) хандардың билігі кезеңдеріндегі саяси шиеленістерді ұйымдастырушы ретіндегі саяси қызметі мен саясатының көлеңкелі жағын да қарастырған. Қазіргі кезеңдегі тарихшылар арасындағы күрделі тұлға Ноғайдың саяси қызметін бағалаудағы дискуссиялық мәселелер туындап отыр. Осыған байланысты автор өз тарапынан араб-парсы, византиялық, орыс деректері мен батыс, отандық зерттеушілердің концептуалдық пікірлерін талдау негізінде Ноғайдың саяси қызметіне объективті баға беруге тырысқан.

Түйін сөздер: Алтын Орда, Ноғай, Мөңке-Темір, Тұда-Мөңке, Төле Бұға, Византия, Болгария, сарай шиеленістері.

Abdimomynov N.T.
**Political activity of Nogai in the
history of the Golden Horde
(2nd half of XIII century)**

The article regards political activity of Nogai, one of key figures of the Golden Horde history and influential politician in the Euroasian history of the 2nd half of XIII centuries. For this purpose, the author analyzed his political activity and influence on the Golden Horde domestic and foreign policy, as well as his influence on Byzantium territories, the Balkan Peninsula and Eastern Europe. In addition, the author analyzed other aspects of Nogai political activity, such as his organization of several palace intrigues at the time of Golden Horde khans Tuda-Mengu (1282-1287), Tula-Buga (1287-1291) and Tokta (1291-1312) ruling. Due to the appearance of debatable questions among historians concerning the political activity of Nogai, the author made an attempt to give an objective assessment on the basis of the analysis of the Arab-Persian, Byzantine, Russian sources and conceptual judgments by the western and national researchers.

Key words: The Golden Horde, Nogai, Mengu-Timur, Tuda-Munke, Tula-Buga, Byzantium, Bulgaria, palace intrigues.

Абдимомынов Н.Т.
**Политическая деятельность
Ногай в истории Золотой Орды
(2-я половина XIII в.)**

В данной статье рассматривается политическая деятельность Ногай, являвшегося одной из ключевых фигур золотоордынской истории и одним из влиятельных политиков в Евразийской истории 2-ой половины XIII века. С этой целью автором проанализирована политическая деятельность и влияние Ногай во внутренней и внешней политике Золотой Орды, а также на территориях Византии, Балканского полуострова и Восточной Европы. Кроме этого, автором проанализирована другая сторона деятельности и политики Ногай как организатора нескольких дворцовых интриг во времена правления Золотой Орды ханами Туда-Менгу (1282-1287), Тула-Буга (1287-1291) и Тоқта (1291-1312). В связи с появившимися дискуссионными вопросами среди историков по оценке политической деятельности и политики Ногай автором предпринята попытка дать объективную оценку деятельности Ногай на основе анализа арабско-персидских, византийских, русских источников и концептуальных суждений западных, отечественных исследователей.

Ключевые слова: Золотая Орда, Ногай, Менгу-Тимур, Туда-Мунке, Тула Буга, Византия, Болгария, дворцовые интриги.

**АЛТЫН ОРДА
ТАРИХЫНДАҒЫ
НОҒАЙДЫҢ САЯСИ
ҚЫЗМЕТІ
(XIII ғ. 2-ші жартысы)**

Ноғай (? – 1300) – Алтын Орда тарихының XIII ғ. 2-ші жартысындағы көптеген саяси оқиғаларына белсенді қатынасқан ең ықпалды саяси қайраткерлерінің бірі, Берке-хан кезеңінде Хулагулық Иранға қарсы жорықтар жасаған көрнекті қолбасшы, сарай маңында хандарды алмастырып, шытырман оқиғаларды ұйымдастырған күрделі тарихи тұлға ретінде тарихта қалып отыр. Жошы ұрпақтарының генологиясы бойынша Ноғай – Жошының некесіз әйелінен туылған Бувалдың ұлы Тұтардың тұңғыш ұлы болды [1, 109 б.; 2, 57 б.].

Ноғайдың туылған уақыты жөнінде ортағасырлық деректерде нақты мәлімет жоқ. Дегенмен, кейбір мысыр және парсы авторларының шығармаларында Ноғай тым егде жастағы «қарт» адам ретінде сипаттаған. Берке-хан билігі кезеңінде Ирандық Құлағу әулетіне қарсы Алтын Орда әскерін басқарып жорықтар жасап, өзін дарынды және ержүрек қолбасшы ретінде көрсете білді. Алтын Орданың алдыңғы қатарлы әскеріне басшылық жасаған Ноғай бірнеше жеңістерге ие болған еді [1, 121, 508 бб.]. Әскери жетістіктері үшін Берке оны ерекше құрметтеп, оны беклербек лауазымына тағайындады [3, 88 б.]. Ерліктері үшін Еділ, Жайық өзендерінің бойынан Сюргал жерді халқымен бірге өз иелігіне алып, өзінің басқаруындағы моңғол мыңдықтарын осында орналастырады. Беркеден кейін таққа отырған Мөңке Темірдің (1266-1282) билігі кезеңінде ел сүйіктісіне айналып, оның аты хандармен қатар аталатын болды. Сюргал жері кеңейіп, жергілікті халықтар «Ноғай ұлысы», «Маңғыттар» атанып, өзін «Ноғай ұлысының әмірі» деп лауазымдалды [4, 600 б.].

Мөңке-Темір қайтыс болған соң, Ноғайдың Алтын Орданың ең ықпалды қайраткерінің біріне айналды, тіпті осы кезеңнен бастап ол іс-жүзінде тәуелсіз саясат жүргізе бастады. Ноғай сарай маңындағы шиеленістер де ұйымдастырып, тақ мұрагерлігі мәселесін де шешіп отырды. Ол басқа мемлекеттермен тәуелсіз түрде келіссөздер жүргізіп, елшілер алмасып отырды, сондай-ақ, көрші мемлекеттердің ішкі мәселелеріне белсенді араласты. Византия императормен әулеттік некелік бітім жасасты, орыс княздарынан, мысыр сұлтандарынан бағалы сыйлықтар алды. Бірақ Ноғай ешқашан ресми түрде ханнан өзін жоғары қойған жоқ, керісінше әрқашан Алтын Орданың жоғарғы би-

леушісіне бағыныштылығын білдіріп отырды. Міне, осындай мүмкіндіктерге ие болғанына қарамастан ол бірде-бір ретте хан тағына отыруға талпыныс жасамаған. Мұның себебі Ноғайдың Алтын Орданы басқарушы әулетке жатпағанын айқындайды. Тақ мұрагері болу үшін тек Бату ұрпақтарына бекітілгендіктен, Ноғай Жошы ұрпағынан бола тұра, хан тағын иелену дәстүрін бұза алмады [3, 90 б.]. Бірақ, аға ұрпақ әрі тәжірибелі саясаткер ретінде мемлекеттік істерге араласып отырды. Мұның барлығы оны өте көреген саяси тұлға болғандығын дәлелдейді. Ноғайдың саяси қызметін тарихи деректер арқылы сараптайтын болсақ, Ноғай сепаратист, не билікті заңсыз иеленуге ұмтылмады. Қайта түрлі саяси айла-тәсілдері арқылы Алтын Орданың саясатын, бағытын айқындайтын іс-жүзінде тең билеушіге айналды. Ол әрқашан өте сақ, ақылмен ойланып, тіпті ешқашан ашық түрде дөрекі түрде зорлық-зомбылық жасамай ақырын қимылдады. Егер қандай да бір саяси бәсекелестің көзін құрту қажет болса, онда оны өз қолымен емес, ханның қолымен немесе оны биліктен заңды құрылтай арқылы шеттетіп отырды. Міне осының барлығы оның саяси қызметінде белгілі бір жүйенің бар екені байқалады. Орыс тарихшысы В.Л. Егоровтың айтқанындай, Ноғайдың іс-жүзінде тәуелсіз саясат жүргізгеніне қарамастан, оның ұлысы Алтын Орда территориясынан заңды тұрғыда бөлініп шыққан жоқ. Ноғай ұлысы өмір сүрген уақытының барлығында Алтын Орда территориясының бір бөлігі болып қалды [5, 35 б.].

В.В. Трепавловтың пікірінше, Ноғай Алтын Орда территориясында Шыңғысханның Яссы заңдар жинағының орындалуын қадағалауды жүзеге асырды [3, 90 б.]. Бұл оның саяси ықпалын одан ары күшейтті. XIII ғ. 90-шы жылдарының аяғына дейін көптеген Алтын Орданың көшпенді аристократия өкілдері оны белсенді түрде қолдады. Сондықтан Ноғайдың дәстүрлі заңды бұзғаны жөнінде нақты дәлел жоқ. Бұл «заңдылық» позициясы, шамасы Ноғайдың бүкіл саяси қызметінің негізге алған элементі болған және барлық дәстүрлік, консервативтік құндылықтарды сақтаудың негізін анықтап берді. Мұндай саясат Ноғайдың саяси қызметінде сәттіліктерге қол жеткізуді ұзақ уақыт қамтамасыз еткен құралы болды. Ноғай басқа мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатып, Мысыр, Иран, Византия, Болгария, Сербия мемлекеттеріне елшілер жіберіп отырды, ал Русь княздықтарының мәселелеріне белсенді араласып отырды. Өз иелігін Дунай мен Карпат аралығындағы

жерлерді қосып алуына байланысты едәуір кеңейтті. Оған тікелей тәуелділікке Молдова княздығы, Болгария және Сербия түсті.

Ноғайдың саяси көшбасшылық қызметінің қай кезден басталғанын нақты түрде анықтау қиын. Ноғайдың Мөңке-Темір кезінде-ақ іс-жүзінде тәуелсіз саясат жүргізгені жөніндегі фактісін дәлелдеу үшін, зерттеушілер сұлтан Бейбарыс пен Ноғай арасындағы хат жазу арқылы байланыстарына және оның қымбат бағалы сыйлықтарды Мысыр мен Византия билеушілерінен алғаны жөнінде, сондай-ақ Византия императоры Михаил VIII Палеологтың некесіз қызына үйленгенін негізге алады [6, 64; 5, 40 бб.]. Бірақ, бұл көрсетілген аргументтер толыққанды дәлел бола алмайды. Өйткені, 1270 жылы Ноғай шындығында Мысыр сұлтанына арнайы жолдау хат жіберді, бірақ бұл хат жазысудың инициаторы ол емес еді. Анығында, Бейбарыс Берке өлімінен соң, оның «балалары және туыстары жөнінде және оның қайсысы мұсылман дінін қабылдағанын» білгісі келгендіктен, соның қалауымен жасалды [1, 101 б.]. Бұл сұлтанның өтінішін Алтын Ордалық елші Арбұға Ноғайға табыстады, ол содан кейін ғана ол хат тиісті түрде дайындалып, Каирге жіберілді. Сонымен қатар хаттың мазмұны да ерекше назар аударады, оның жазылуы да әсерлі және мәнерлі түрде жақсы тілектерін білдірген. Жолдау хаттың жазудың «мақсаты» нақты көрсетілген, «оның бірі – Бейбарысқа сәлем жолдап, оны құттықтау», екіншісі – Ноғайдың «мұсылмандыққа кіріп және Аллаға сенгені жөніндегі» хабарламасы болды [1, 101 б.]. Қорытынды бөлігінде былай делінген: «Иә, (біздің арамызда) хат жазысу тоқтамайды. Біз екеуіміз қолдағы саусақтың ұштары секілді: сенімен кім келісімде болса, сонымен біргеміз, ал кімде-кім сенімен қарсыласса, оған қарсы боламыз» [1, 102 б.]. Осылайша, Ноғайдың хаты жалпылама тұрғыда сипатталған, хат жазысуды ары қарай жалғастырамыз деген ықыласын білдіргені болмаса, оның мазмұны нақты бірлескен іс-әрекет жасаудың нақты ұсыныстары көрсетілмеген.

Бейбарыстың Ноғайға жазған жауап хаты, осыған ұқсас үлгіде жазылды, тек сұлтан дінсіздерге қарсы қасиетті соғысты жалғастыру қажеттілігін айтты.

Бұл хаттың мазмұнына байланысты, оның тек жеке адамға арнап жазбағаны байқалады, оны «Берке әскерінің басшысына» арнап жазғаны айқын. Сірә, Ноғайдың «мұсылман дініне кіруі» жөніндегі хабарламасы, тек ресми түрде баяндау екені байқалады. Өйткені, XIII ғ. соңғы ширегіндегі оқиғалар жөніндегі жазба дерек-

терде оның діни іс-әрекеті жөнінде немесе тіпті, мұсылман дін басыларына ерекше қатынасы жөнінде ешқандай мәлімет жоқ. Ал егер оның мұсылман дініне қатыстылығы жөніндегі мәселе шынайы болатын болса, онда оны ортағасырлық мұсылман авторларының әсерленіп жазу болмысында кеңінен сипатталатын еді. Бұл мәселеде мысалға алатын болсақ, Берке мен Өзбек хан жөніндегі аса ықыласпен жазылған сипаттауларды айтуға болады. Ноғайдың Мысыр билеушісінен қымбат бағалы сыйлықтарды алғаны жөнінде фактісіне күмәнданудың қажеттілігі жоқ. Бірақ, бұл оның хан билігінен тәуелсіз екенін айғақтай алмайды. Сұлтан Калаун шындығында Мөңке-Темір сарайына сыйлықтарды жібергені айқын, ханмен қатар ол тарту-таралғыларды Ноғай, Аукаджи, Туда-Менгу, Тула-Буга, Джиджек, Тутлын, Тутаюн, Султан, Хутлу, Маву, Таир, Кутлука, Юклук, Гияс ад-Дин алуы тиіс болатын [1, 67, 104, 155 бб.]. Демек, сұлтаннан жіберілген тарту-таралғылар көптеген Алтын Орда аристократиясының ықпалды өкілдеріне арналып жіберілді, яғни одан заңды хан билігіне қарсы жікшілдік немесе оппозицияның бар екеніне күдіктену қиын. Таңқаларлығы, ан-Нувейри және Рукн ад-Дин Бейбарыс шығармаларында Ноғай бұл кісі атаулары тізімінде Ноғай есімі бірінші орынға да қойылмаған. Сонымен қатар, Калаун барлық сыйлықтарды тікелей Ноғай ордасына емес, Мөңке-Темір сарайына жіберді, бұл Ноғайдың сөзсіз ханға деген бағыныштылық сипатын көрсетеді.

Ноғайдың жоғарыда айтқанымыздай, Византия императоры Михаил VIII Палеологтың некесіз туылған қызы – Ефросиниге үйленуі және Византиядан бағалы сыйлықтарды алуы, оның орасан зор саяси ықпалы бар екенін айғақтайды, бірақ бұл оның сарай билеушісіне оппозициялық көңіл-күйі бар екенін дәлелдей алмайды, сондай-ақ осындай сипатта Константинополмен байланысқа түсуі заңсыз немесе дәстүрлік заңдылыққа қарсы деп айта алмаймыз. Сонымен қатар Византия тарихшысы Пахимер шығармаларында Ноғайды «патша» немесе «хан» деп атамаған, оны тек «архонт» түрінде көрсеткен. Ноғай Алтын Орданың оң қанатын басқарды, яғни оның бақылауындағы территория тікелей Византия шекарасына жақын маңда болды, сондықтан Византия императоры жағынан оған аса назар аударуы түсінікті жайт.

Ноғайдың саяси ықпалы Алтын Ордада орасан зор болғанымен, оның қызметі белгілі бір деңгейде хандар тарапынан шектеліп отырды. Кезінде Мөңке-Темір Ноғайдың Алтын Ор-

даның саяси өміріне араласуын шектеп, оның Дунайға жер аударылуы да оған оң әсерін берді. Мөңке-Темір өлімінен соң (1282 ж.) Ноғай Жошы ұлысының саяси өміріне белсенді түрде араласа бастады. Мөңке-Темір өзінің артынан мұрагер тағайындаған жоқ. Бұл оның соңынан кейінгі тақ мұрагерлігіне талас мәселесін тудырды. Жошы ұлысының ақсүйектерінің бірқатары ханның кіші інісі Туда-Мөңкені қолдаса, бірқатары ханның немере інісі Төле-Бұғаны қолдады. Төле-Бұғаның жақтастары, Мөңке-Темір тірі күнінде оны тақ мұрагері ретінде тағайындаған деген сияқты пікірді алға тартса, Туда-Мөңке жақтастары, оның жас шамасы жағынан үлкендігі мен отбасылық иерархияда ағалық орнын алға тартты. Сонымен қатар, ең маңыздысы, оның ислам дінін ұстанатынына байланысты оны алтынордалық мұсылман дінбасылары мен саудагерлері қолдады. Бұл жолы Туда-Мөңке (1282-1287) Алтын Орда тағын иеленді. Сірә, оның кандидатурасы Ноғайды да қанағаттандырған, өйткені «(сол уақытта) басшылық жасап үлгерген еді», сондықтан ол тақ мұрагерлігі мәселесін шешуде зор беделді иеленді [1, 155 б.].

Туда-Мөңке таққа отырған соң, көп кешікпей Сарай әкімшілігі мен Ноғай арасында қарама-қайшылықтар орын алды. Туда Мөңкенің тұсында негізгі билік Мөңке Темірдің бәйбішесі Жиджек пен Ноғайдың қолында болды. Туда-Мөңкенің Ноғайдың саяси ықпалын әлсіретуге бағытталған әрекеттері сәтсіздікке ұшырап отырды. Ал Ноғай болса Туда-Мөңкені саяси істерден шеттей отырып, хан тағына келесі үміткер Төле-Бұғаның кандидатурасын қолдай бастады. Сарай төңірегіндегі саяси шиеленістерді ұйымдастыруға оған алғашында Беркенің әйелі болған, Беркенің өлімінен соң, Мөңке-Темірдің әйелі болған Джиджек-хатун көмектесті. Мұсылмандықты ғибадат еткен Жиджек-хатунды мұсылман мемлекеттері мен Алтын Орда мұсылмандары қолдаған еді. 1287 жылы Ноғайдың ықпалымен Төле-Бұға саяси шиеленіс ұйымдастырып, тақты Туда-Мөңкеден тартып алды. Саяси шиеленісті ұйымдастырушылар Туда-Мөңкені дінге үлкен көңіл бөліп, мемлекеттік істерге араласпай шет қалғанын алға тартып, тақтан өз еркімен бас тартуына мәжбүр етті. Туда-Мөңке жанын сақтап қалу үшін, биліктен 1287 ж. шеттетілді. Тақтан өзі кетіп, қалған күндерін тақуалықпен өткізуді жөн санады [7, 61 б.]. Алтын Орда тағына Ноғайдың таққа отырғызған адамы Төле-Бұға (1287-1291) келді. Бірақ Ноғай саяси билікті толық беруді қаламады. Сондықтан оның жаңа ханның іс жүзіндегі тең билеуші-

лері (соправитель) болып туған бауыры Күнчек пен немере бауырлары, Мөңке-Темірдің ұлдары Алғуй мен Тоғырыл болды. Ноғай өз тарапынан беклер-бек қызметін сақтап қалумен қатар, өз қалауымен аға ұрпақ ретінде сайланып, Жошы ұрпақтарының басшысы түрінде хан сарайындағы мәселелерге өз қалауымен араласып отырды. Осыдан соң ол толықтай саяси қызметке араласқан жоқ, ол жөнінде ешқандай деректе оның бірде-бір мәлімет кездеспейді. Сірә, Туда-Мөңке биліктен кеткен соң, Алтын Орда тағына Төле-Бұғаның билікке келген күнінен бастап, Ноғайға қарсы әрекетке көшкен. Оның себебі Ноғай, кезінде болашақ Алтын Орда ханы Төле Бұғамен бірге еуропалық мемлекеттерге қарсы Краков жорығының сәтсіздігіне байланысты екеуінің арасындағы араздыққа байланысты болашақ хан билікке келгенге дейін ішіне сақтап келген. Ол жөнінде мысыр авторы Рукн ад-Дин Бейбарыс мәліметіне сәйкес оқиға былайша сипатталған: «686 х.ж. Төле-Бұға өзінің немере ағасы Туда-Мөңкемен бірге билік жүргізе бастады, осы кезеңде жорыққа дайындалып, Краков (Крулевск?) жері мен оның тұрғындарын талқандап, тонау мақсатында әскермен аттанды. Ол (сонымен қатар) Ноғайды да аттандырып, оған өзінің қарамағындағы әскермен Краков жеріне бірлескен түрде шабуылдау жасауға бұйрық берді. Ноғай өзінің қарамағындағы он мыңдық әскермен аттанды» [8, 96 б.].

Төле Бұға мен Ноғайдың Венгрия мен Польша территорияларын тонап талқандап, ішкерілей еніп, Польшалық деректерде сипатталғандай, үлкен олжаға батқанымен, жорықтың соңы сәтсіздікке ұшырады. Төле-Бұға басқарған әскери топ қайтар сапарында табиғаттың дүлейіне тап болған еді. Ноғай басқарған әскери топ қауіпсіз қонысқа барып орналасты, ал Төле Бұға басқарған әскери жасақтар ашық табиғат аясында қалып, жауын-шашын мен суық аязға ұрынды. Олар жан сақтау үшін өз жылқыларын, иттерді, өлген жолдастарының денелерін азық етіп, жан сақтауларына тура келген. Олар Карпат асуынан өткен кезеңде Төле-Бұға басқарған әскери топтың шағын ғана жасақтары қалған еді [9, 126 б.]. Бұл оқиғаны мысыр-араб авторы ан-Нувайри мәліметі де растайды. Оның мәліметіне сәйкес, Ноғай мен Төле-Бұға жоспарға сәйкес, Краков жеріне тонаушылық шабуылдар жасап кері қайтты. Қайтар жолда қар қалың жауып, суық аяз күшейе түсті. Ноғай өзінің қарамағындағы әскермен одан (Төле-Бұғадан) бөлектеніп, өзінің қыстауына аман есен жетіп, (үйіне) жетті. Төле-Бұға болса, қайтар сапарында жолдан адасып, онымен бірге көптеген жауынгерлері та-

биғаттың суық аязына ұшырады. Тіпті жағдайдың қиындығына байланысты олар жүк артқан малдарын, аңшы иттерін және аштықтан өлген адамдардың егін жеумен жан сақтады. Ол (Төле-Бұға) бұл тұзақты Ноғайдың қаскөйлік ниетпен жасаған әрекеті деп күмәнданып, оған қарсы әрекетті ойластырды деген еді [8, 126 б.]. Төле-Бұға Ноғайдың Краков жорығы кезеңіндегі сәтсіздікке байланысты ма, әлде Ноғайдың билікке белсенді араласуына қарсы тұру үшін бе ол жағы белгісіз? Бірақ Төле Бұға билікке келген соң, Ноғайға ашық қарсылық көрсете бастады. Бірақ тәжірибелі Ноғай Төле Бұғаның қақпанына емес, Төле Бұға Ноғайдың қақпанын түсіп қалады. Ноғай Төле-Бұғаның таққа отыруын жалғастыруына көңілі толмай, оның орнына келесі үміткер – Мөңке-Темірдің ұлы Тоқтаны құпия түрде дайындай бастады. Ноғай мен Төле Бұға арасындағы ашық соғыс кезеңінде Төле Бұға қаза болған соң, Ноғай өзінің тікелей ықпалымен Тоқтаны (1291-1312 жж. билік құрды) Алтын Орданың хан тағына отырғызды. Тоқта хан мен Ноғай арасында қарым-қатынас бастапқы кезеңде өте жақсы болды. Тоқта хан Ноғайға көрсеткен көмегі үшін Қырымды берді. Сөйтіп, Ноғайдың иелік жері Еділден Қырымға жетеді. Тоқта хан таққа отырған соң біршама уақыт өткен соң, Ноғайдың әрекеттеріне наразы болып, екеуінің арасында күрес басталды. Ноғай бұрынғы әдіске салып, Тоқта ханға қарсы бірнеше ноянды сарайда бүлік жасауға итермеледі. Мұның сыры ашылып қалып, Орданың бірнеше нояндары Ноғайға қашып келеді. Ноғай олармен бірігіп, Тоқта ханға қарсы соғысқа дайындала бастады [4, 602 б.]. Рашид ад-дин мәліметіне сәйкес, тіпті Ноғай, Тоқта ханмен күресі кезінде оған қарсылас Иран билеушісі Қазан-ханнан көмек сұрауға елші жіберді [10, 75 б.]. Бірақ Ирандағы монғол билеушісі Алтын Орданың ішкі мәселелеріне араласпаған. Ноғай мен Тоқта арасындағы қарсыластық (1298-99) Алтын Орда ішіндегі азаматтық соғысқа алып келді. Осындай жағдайда 1300 жылы Ноғай мен Тоқтаның арасындағы ақтық шайқас кезінде Ноғай қаза болды [11, 66 б.]. Осылайша, Ноғай өзі ұйымдастырған сарай төңірегіндегі саяси ойындардың құрбаны болды.

Қорытындылай келе, Ноғайдың қаза болуынан кейін Тоқта хан өз саясатын тәуелсіз түрде ешкімнің ықпалынсыз жүргізе бастады. Тоқта Ноғай тарапынан болған билік үшін қанды күресте үстем болып, Алтын Орданың екіге бөлініп, ыдырау қаупінен сақтап қалды. Ал Тоқта-ханның өмірінің соңғы жылдарында Алтын Орда державалық қуаттылығы артып, халықаралық аренада маңызды үлкен саяси ықпалға ие болды.

Әдебиеттер

- 1 Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. В.Г. Тизенгаузена. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884. – Т. I. – 563 с.
- 2 Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В.Г. Тизенгаузенем и обраб. А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.-Л., 1941. – Т. II. – 308 с.
- 3 Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в.: Проблема исторической преемственности. – М.: Наука, 1993. – 168 с.
- 4 Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 728 б.
- 5 Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. – М.: Наука, 1985. – 246 с
- 6 Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. – М.: Наука, 1966. – 160 с.
- 7 Почекаев Р.Ю. Цари ордынские. Биографии ханов и правителей Золотой Орды – СПб.: Евразия, 2010. – 408 с.
- 8 Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. I. – 709 с.
- 9 Jackson P. The Mongols and the West, 1221–1410 / – (Nachdr.), 3. (print.). – Harlow, England (u.a.): Pearson Longman, 2006. – 414 p.
- 10 Насонов А.Н. Монголы и Русь: История татарской политики на Руси. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – 178 с.
- 11 Камалов И.Х. Отношения Золотой Орды с хулагуидами / пер. с турец. яз. – Казань: Инс-т истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2007. – 108 с.

References

- 1 Sbornik materialov odnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy. V.G. Tizengauzena. Izvlecheniya iz sochineniy arabskikh. – SPb., 1884. – T. I. – 563 s.
- 2 Sbornik materialov odnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy. Izvlecheniya iz persidskikh sochineniy. Sobrannye V.G. Tizengauzenom i obrab. A.A. Romaskevichem i S.L. Volinym. – M.-L., 1941. – T. II. – 308 s.
- 3 Trepavlov V.V. Gosudarstvennyy stroy Mongol'skoy imperii XIII v.: Problema istoricheskoy preemstvennosti. – M.: Nauka, 1993. – 168 s.
- 4 Kinayatuli Z. Shingghis han zhane Kazakh memleketi. – Almati: Tarih taghilimi, 2010. – 728 b.
- 5 Egorov V.L. Istoricheskaya geografiya Zolotoy Ordy v XIII-XIV vv. – M.: Nauka, 1985. – 246 s
- 6 Zakirov S. Diplomaticheskie otnosheniya Zolotoy Ordy s Egiptom. – M.: Nauka, 1966. – 160 s.
- 7 Pochekaev R.Yu. Tsari ordynskie. Biografii khanov i praviteley Zolotoy Ordy – SPb.: Evraziya, 2010. – 408 s.
- 8 Sbornik materialov odnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy. Izvlecheniya iz arabskikh sochineniy, sobrannye V.G. Tizengauzenom. – Almsty: Dayk-Press, 2005. – T. I. – 709 s.
- 9 Jackson P. The Mongols and the West, 1221–1410 / – (Nachdr.), 3. (print.). – Harlow, England (u.a.): Pearson Longman, 2006. – 414 p.
- 10 Nasonov A.N. Mongoly i Rus': Istoriya tatarskoy politiki na Rusi. – M.-L.: Izd-vo AN SSSR, 1940. – 178 s.
- 11 Kamalov I.Kh. Otnosheniya Zolotoy Ordy s khulaguidami / per. s turets. yaz. – Kazan': Ins-t istorii im. III. Mardzhani AN RT, 2007. – 108 s.

Кәрібаев Б.Б.
**Қазақ хандығы дәуіріндегі
аналар мен ханымдар**

Автор бұл мақаласында хандық дәуірдегі ханымдар мәселесіне тоқталады.

Жалпы, анаға деген құрметтің қазақ халқының тарихында ежелгі замандардан бері үзілмей келе жатқан асыл құндылықтардың бірі екенінін айта отыра, ол хандық дәуірде де жалғасқанын айтады.

Хандық дәуірде аналарға қатысты дерек материалдардың: 1) жазба дерек мәліметтерінде; 2) ауыз әдебиетінің үлгілерінде; 3) материалдық ескерткіш түрлерінде; 4) ру-тайпа атаулары мен ру-тайпа ұрандарында кездесетіндігін көрсетіп, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталады.

Әсіресе, XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ хандарының аналары жөнінде жақсы тұжырымдар береді.

Түйін сөздер: Ұмай-ана, хандық дәуір, Қазақ хандығы, Қасым хан, Хақназар хан, Шығай хан, Тәуекел хан, Есім хан.

Karibayev B.B.
**Mothers and Khanums in the Age
of the Kazakh Khanate**

The article is devoted to the institution of motherhood during Khan's age.

In general, respect for the mother in the history of the Kazakh people is a continuous value from ancient times to the present day. A striking example of respect for the mother can be considered during the Khan's age.

The study of this problem is possible by the following sources: 1) Data from written sources; 2) Examples of oral literature; 3) monuments of material art.

In particular sources XVI-XVIII provide full information on the issue of institution of motherhood.

Key words: Umay Ana, Age of khanate, Kazakh khanate, Kasym Khan, Khaknazar Khan, Shygay Khan, Tauekel Khan, Yessim Khan.

Карибаев Б.Б.
**Матери и ханумы
в эпоху Казахского ханства**

Статья посвящена проблеме института материнства в период ханской эпохи.

В целом, уважение к матери в истории казахского народа является непрерывной ценностью с древних времен по сей день. Ярким примером уважения к матери можно рассмотреть в период ханской эпохи.

Изучение данной проблематики возможно по следующим источникам: 1) Данные письменных источников; 2) Примеры из устной литературы; 3) Памятники материального искусства; 4) Из названия родов и родоплеменных боевых кличей.

В частности, источники XVI-XVIII вв. дают полную информацию по проблеме института материнства.

Ключевые слова: Умай-ана, ханская эпоха, Казахское ханство, Хакназар хан, Шыгай хан, Тауекел хан, Есим хан.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ АНАЛАР МЕН ХАНЫМДАР

Өткен жылдың тамыз айының соңында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлытау төрінде журналистерге берген сұхбатында Ұлытау өңірінің Қазақ тарихындағы алатын орны туралы кең толғана, тебірене келе, былай деген болатын: «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі» [1]. Елбасының осы төрт сөйлемнен тұратын тарихымызға қатысты тебіреніспен айтқан терең тұжырымды ойы – қазақ тарихының өте ежелгі замандардан, нақтырақ айтсақ, біздің жыл санауымызға дейінгі II-I мыңжылдықтар шегінен басталатынын көрсетеді. Теориялық-методологиялық мәні зор бұл тұжырымның Қазақ мемлекеттілігінің қайнар бастауларын, қазақ этногенезінің негіздерін, қазақтың арғы мәдениеті мен рухани өмірінің іздерін, қазақ халқының арғы ата-бабаларының шаруашылық түрлерін зерттеуде қоғамтанушыларға, тарихшыларға тигізер көмегі зор. Үш мың жылдық тарихымызда көптеген оқиғалар болды, өзгерістер жүрді. Көптеген мемлекеттер мен мемлекеттік құрылымдар пайда болып, бірін-бірі ауыстырды. Әртүрлі замандар болды, небір ірі тарихи тұлғалар мен ғұламалар өмір сүрді. Көптеген құндылықтар ауысты, олардың орнын жаңа құндылықтар басты. Бірақта өзгермеген, өшпеген бірнеше құнды қасиеттер халқымыздың бойында мәңгі сақталып қалды. Олардың біріне әрі бірегейіне – руханилық тұрғыдан алғанда Анаға деген құрмет жатты.

Анаға деген құрмет қазақ халқының тарихында мемлекеттік тарихымен, қазақ халқының этногенезімен, халқымыздың мәдениетімен, рухани өмірімен қатар дамып, біте қайнасып келеді. Оның ежелгі замандардағы көрінісін бүкіл түрік тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы, береке-молшылық тәңірісі болып саналған – Ұмай-анаға деген табынуынан көрсек, мың жылдан астам уақытқа созылған ортағасырларда, әсіресе оның ислам дәуірі кезеңінде «Жұмақтың кілті – ананың табанының астында» және осындай сипаттағы қағидалар арқылы берік орнығады. Қазіргі күндерге дейін жалғасын тауып отырған осы бір асыл қасиет халқымыздың аналарға арнап шығарған әндерінен кең байқалады. Қазақ халқында ана тақырыбына арнап

өлең жазбаған ақын, ән шығармаған сазгер жоқ шығар. Егерде әндер тақырыбын арнайы зерттеген маман болса, онда ол ана тақырыбының алдыңғы қатарлардың бірінде тұратынын ешбір қиындықсыз дәлелдеп берген болар еді. Ал оған қарсы ешкім де дау айта алмаған болар еді. Аналарға арнап шығарылған әрбір әннің сөздері жүректің тереңінен шыққаны белгілі. Дегенмен де, белгілі «Анашым» әніндегі «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деген жолдарды білмейтін қазақ баласы жоқ деп ойлаймын. Бұл дегеніміз – бірнеше мың жылдардан бері үздіксіз жалғасып келе жатқан Анаға деген сыйдың, құрметтің қазіргі күндердегі бір ғана көрінісі.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Анаға деген құрмет қазақ тарихының барлық дәуірінде сақталынып келді. Біз оны хандық дәуір деп аталатын – XV-XVIII ғасырлардағы тарихымыздан анық байқаймыз. 2015 жылы 550 жылдығын жыл бойы атап өтіп отырған Қазақ Елінің тарихында Керей мен Жәнібек хандардың ұлттық сипаттағы қазақ мемлекетінің шаңырағын көтеруімен жаңа белес басталады. Үш жарым ғасырдан астам уақытқа созылған хандық дәуірде ел есінде небір аяулы аналарымыз бен әжелелеріміздің есімдері мәңгіге сақталып қалды. Тарихымыздың хандық дәуірінде өмір сүрген асыл Аналарымыздың есімдері тарихи санамызда мәңгіге сақталып, олар мынадай дерек түрлерінде көріністер береді:

- 1) жазба дерек мәліметтерінде;
- 2) ауыз әдебиетінің үлгілерінде;
- 3) материалдық ескерткіш түрлерінде;

4) ру-тайпа атаулары мен ру-тайпа ұрандарында кездеседі. Төменде осы көрсетілген тармақтар бойынша аналарымыздың тарихымыздағы рөлі жөнінде жеке-жеке қарастырып көрелік.

«Батыр да анадан туады» деген халық мәтеліне сай, хандық дәуірдегі әрбір хан, сұлтан мемлекет басшысы, мемлекет қайраткері болып қана қоймай, әрі батыр, әрі қолбасшы бола білген. XV-XVII ғасырлардағы атақты қазақ хандары мен кейбір сұлтандарының аналарының есімдері жазба дерек мәліметтерінде сақталған. Ол жөнінде тарихшы Қадырғали би Қосым ұлы Жалайыридың еңбегінде айтылады. Автор XV-XVII ғасырлардағы қазақтың 6 ханының, 8 сұлтанының және 4 ханымының аналарының есімдерін айтып өтеді. Олар мыналар:

1) Жаған бикем, ол – қазақ хандығының негізін салушылардың бірі – Жәнібек ханның әйелі, Қасым ханның анасы;

2) Ханық сұлтан ханым, ол – атақты Қасым ханның әйелі, Хақназар ханның анасы;

3) Абай-хан-бегім – Шығай ханның, Мәлік сұлтанның анасы;

4) Байым-бике – Сейітқұл сұлтанның, Ондан сұлтанның, Алтын-ханымның анасы;

5) Жақсым-бике (Яхшым-бике) – Тәуекел ханның, Есім ханның, Сабыр бике ханымның анасы;

6) Дадам ханым – Әли сұлтанның, Сулум сұлтанның, Ибрагим сұлтанның, Шахим сұлтанның анасы;

7) Алтын ханым – Оразмұхаммед ханның және Тәтті ханымның анасы;

8) Сүйім ханым – Тәуекел ханның әскер басшысы Көжек сұлтанның анасы [2, 258-260 бб.].

Дерек мәліметінде айтылған сегіз ханымнан туған мемлекет басшылары: Қасым хан, Хақназар хан, Шығай хан, Тәуекел хан, Есім хандар – 1511 жылдан 1628 жылға дейін Қазақ хандығын билеген тарихта белгілі тұлғалар. Бұл хандардың билігі тұсында Қазақ хандығы негізінен күшею, өрлеу кезеңдерін басынан өткергені белгілі. Олардың осындай тұлға балып тарихта қалуында аналарының рөлі болғандығын ешкім де жоққа шығара алмайды.

XVI ғасырдың 20-30-шы жылдары Қазақ хандығы үшін өте ауыр болғаны белгілі. Тахир ханның билігі тұсында Қазақ хандығының Ноғай ордасымен, Шығыс Түркістан аумағындағы Моғулия мемлекетімен қарым-қатынастары күрделі болып, ол қатты шиеленіседі. Осындай жағдайда қазақ-моғол қарым-қатынасын жақсартуға Жүніс ханның қызы, Әдік сұлтанның, одан кейін Қасым ханның әйелі болған – Сұлтан-нигар ханым белсене араласып, үлкен нәтижелерге қол жеткізеді. Сөйтіп, ақылды ханымның арқасында Қазақ хандығы мен Моғулия мемлекеттерінің арасындағы шиеленісті қатынастар бейбіт жағдайға ауысады [3, 413-414 бб.]. Мұхаммед Хайдар Дулати өз еңбегінде Сұлтан-нигар ханымның парасаттылығын айта келе, Тахир ханның оған туған анасындай құрмет көрсеткенін ерекше айтып өтеді [3].

XVIII ғасырдағы тарихымызда Кіші Жүздегі Әбілқайыр ханның әйелі – Бопай ханымның ақылдылығы мен парасаттылығы жөнінде орыс деректерінде көп баяндалады. Әбілқайыр ханның тұсында сұлулығымен қатар, ақылдылығымен көзге түскен Бопай ханым Кіші жүзде үлкен құрметке ие болады. Ал 1748 жылы Әбілқайыр ханның қазасынан кейін Кіші Жүздің ішкі саяси өмірінде, қазақ-орыс қатынасында билікте отырған ұлдарына кеңесші, ақылшы бола білген Бопай ханымның есімі жазба деректерде өте жағымды бейне ретінде жақсы баяндалады [4, 410-

412 бб., 432-436 бб., 510-519 бб.]. Бопай ханым қайтыс болғаннан кейін де, оның моласы талай уақыттар бойы рухани ем іздеген нәзік жандарға азық ретінде қызмет етуін тоқтатпайды.

Хандық дәуірден бері ел аузында кең таралған ауыз әдебиетінің үлгілерінде Ел Анасы болған – Домалақ ана жөніндегі аңыз-әңгімелер өте көп. Текті жерде туып-өсіп Адал жар, Ел анасы бола білген Домалақ ана ұрпақтарына ақылдылығымен, сабырлылығымен, көрегендігімен, кемеңгерлігімен, әулиелігімен есте қалады. Оның жерленген жері күні бүгінге дейін апаларымыз бен әжелеріміздің, қарындас-жеңгелеріміздің зиярат ететін жеріне айналған.

Тарихымызда аналарымызға қойылған материалдық ескерткіштер – күмбездер, мавзолейлер, мазарлар күні бүгінге дейін жетіп отыр. Домалақ ана кесенесі, Рабиға сұлтан бегім мавзолейі, Бопай ханым мазары әлі күнге дейін өздерінің негізгі міндетін жоғалтпай, жаңа ұрпақ өкілдеріне рухани қызмет етуде.

Аналарымызға деген құрметті қазақ халқының ру-тайпа және оның бөлімшелерінің атауларынан, тіпті ру-тайпалар ұрандарынан көруге болады.

Енді осы пікірімізді төменде дәлелдеп көрсетелік. Алдыменен есімі ұранға айналған Аналар туралы тоқталсақ.

Негізінен алғанда, қазақ халқының құрамындағы ру-тайпа ұрандарының шығуы мен пайда болуы мәселесі Отандық тарихнамада әлі күнге дейін арнайы тақырып ретінде зерттелмеген. Тек кейбір зерттеу еңбектерінде бұл мәселе жанама түрде қарастырылып өтеді [5, 408-409 бб., 6, 1-2 бб., 7, 106-108 бб., 8, 94 б.]. Сондай ізденістердің материалдарына сүйене отырып, қазақ ру-тайпаларының ұрандарының пайда болуы жөнінде мынадай тұжырымдарға келеміз.

Біріншіден, барлық ру-тайпалардың ұрандарының негізіне белгілі тарихи кезеңде өмір сүрген нақты бір тарихи тұлғалар алынады.

Екіншіден, тарихи тұлға есімі ұранға айналуы үшін оның ерекше қасиеттері – әулиелік, батырлық, көсемдік, шешендік секілді қасиеттері айрықша көрінуі керек.

Үшіншіден, кейбір ұрандар бірнеше ғасыр бойы қолданылып, кейіннен оның орнына жаңа ұрандар ауыстырып отырса, кейбір ұрандар өзі пайда болған кезінен бері уақыт тезіне шыдап отырған.

Төртіншіден, ұрандардың шығуын зерттеу қазақ халқының этногенезін кең түрде қарастыруда көмекші қызмет ете алады екен.

Қазақ халқының этникалық құрамындағы ірі ру-тайпалардың ұрандарына назар аударғанымызда, көзіміздің жеткені мынау болды. Барлық ұрандардың негізіне ерекше қасиетке ие болған ата-бабаларымыздың есімдері алынған екен. Тек бір ғана тайпаның ұранының негізіне – ана есімі алыныпты. Ол – арғын тайпасының құрамындағы ең белді ру – Қаракесек руының ұраны. Ұран – Қарқабат деп аталады. Қарқабат ананың кім, қандай тұлға болғандығы жөнінде ауыз әдебиетінің материалдарында көптеген мәліметтер кездеседі. Ол мәліметтерде Қарқабат ананың асыл қасиеттері туралы көп айтылады. Қарқабат ұранының бір ерекшелігі – оның уақыт сынына төтеп беріп, пайда болған кезінен бері өзгермей келе жатуы. Бұл да анаға деген құрметтің жарқын бір көрінісі болса керек.

Қазақ халқында аналардың есімдерімен аталатын ру-тайпа бөлімдері көптеп кездеседі. Бұл да аруақты Аналарға деген бір құрметтің түрі болса керек.

Қазақ халқының шежірелік құрылымындағы ру-тайпалардың құрамындағы бөлімдер мен бөлімшелерге, тармақтарға көңіл аударсақ, Аналар есімдерінің рулық тармақтарға берілу жолдары әртүрлі болғанымен, бір ортақ нәрсе бар. Оған – руға есімі берілген аналарымыздың бәрінің ақылды, көріпкел, кемеңгер, сабырлы, салмақты және тағы осындай жақсы қасиеттерді иеленген тұлға болуы жатады. Ауыз әдебиетінің мәліметтері мен шежірелік материалдарға сүйенсек, Кіші жүздегі Кете тайпасының атауы – Кете бике анамыздың есімімен байланысты [9, 72-73 бб.]. Кете бике анамыздың есімі қалай ру атына берілгендігі туралы ел арасында тараған аңыз-әңгімелер бар [10, 91-92 бб.]. Әлімнің ішіндегі Қаракесек тайпасында Қасай, Шектіде – Жекей деген тармақтар бар. Шежірелерде Қасай мен Жекейдің апалы-сіңілі қыздар болғандығы туралы айтылады [11, 16-17 бб.]. Найманның Матай тайпасында – Қызай, Қаракерей тайпасында – Мұрын атты рулық бөлімдердің бар екені белгілі [12, 125 б.]. Ел арасында кең таралған аңыз әңгімелерде бұл екі анамыз Домалақ ананың қыздары болыпты. Бірінің есімі – Күнбибі, екіншісінің есімі – Жүзей екен. Күнбибі анамыз Қызай деп аталып, одан тараған ұрпақтар қызайлар деп аталып кетіпті. Ал Жүзей анамыздың лақаб есімі Мұрын делініп, одан тараған ұрпақтар мұрындар делінеді. Есімдері аталған Аналарымыздың асыл қасиеттері ғана олардың есімдерін ру тармақшасына бергізіп, олардың есімдерін мәңгіге қалдырып

отыр. Бұл да халқымыздың аналарға деген сый-құрметтерінің бірі деп білеміз.

Осылайша жоғарыда айтылған ойларымыздың бәрін түйіндей келе, қазақ халқының асыл қасиеттерінің бірі – Анаға деген құрмет ежелгі замандардан бері қалыптасып, хандық дәуірде де жалғасын

тапқан дейміз. Хандық дәуірдегі осы асыл қасиет аналарымыздың есімдерін жазба деректерде, ауыз әдебиетінде, ру-тайпа ұранына, ру-тайпа атауларына қалдырады. Сол арқылы аналарымыздың есімдері күні бүгінге дейін жетіп, өз халқымен бірге жасап келеді және жасай береді де.

Әдебиеттер

- 1 Ұлытау төріндегі толғаныс // Егемен Қазақстан газеті, – №165 (28389), – 26 тамыз, сейсенбі. – 2014. – 1-2 бб.
- 2 Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272 б.
- 3 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2003. – 616 б.
- 4 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. (Сборник документов и материалов). Алма-Ата: Издательство Академии Наук Казахской ССР, 1961.
- 5 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численностей. – СПб., 1897.
- 6 Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Том первый. Юридический быт. Приложения №1. – Ташкент, 1889. – 1-2 бб.
- 7 Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993.
- 8 Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генштаба. Ч.1. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб., 1865.
- 9 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Қаракесек бірлестігі (Әлім, Кете, Шөмекей). Т.13. – 4-кітап, – 550 б. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2010.
- 10 Үсенбаев Т. Алшын шежіресі. – Қызылорда, 2003.
- 11 Дәуренбекұлы Ж., Құттыбайұлы С. Алты ата Әлім. – Алматы, 1992.
- 12 Бейсенбайұлы Жарылқап. Қазақ шежіресі. – Алматы: «Атамұра», 1994. – 160 б.

References

- 1 Ulytay torindegi tolghanys // Egemen Kazakstan gazetі, – №165 (28389), – 26 тамыз, сеісенбі. – 2014 жыл. – 1-2 бб.
- 2 Syzdykova R., Koigeldiev M. Kadyrgali bi Kosymuly zhane onyn zhylnamalar zhinagy. – Almaty: Kazak universiteti, 1991. – 272 b.
- 3 Dylati M.H. Tarih-i Rashidi. – Almaty: M.H. Dylati kogamdyk kory, 2003. – 616 b.
- 4 Kazahsko-rysskie otnosheniya v XVI-XVIII vekah. (Sbarnik dokumentov i materialov). Izdatel'stvo Akademii Nauk Kazahskoi SSR. – Alma-Ata, 1961.
- 5 Aristov N.A. Zаметki ob etnicheskom sostave turkskih plemen i narodnostei i svedeniya ob ih chislennostei. – SPb., 1897.
- 6 Grodekov N.I. Kirgizy i karakirgizy Syr-Dar'inskoi oblasti. Tom pervyi. Uridicheskii byt'. Prilozheniya №1. – Tashkent, 1889. – 1-2 bb.
- 7 Tynyshpaev M. Istoriya kazahskogo naroda. – Almaty, 1993.
- 8 Meier L. Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye ofiserami genshtaba. CH.1. Kirgizskaya step' Orenbyrgskogo vedomstva. – SPb., 1865.
- 9 Kazak ry-taipalarynyn tarihy. Karakesek birlestigi (Alim, Kete, Shomekei). T.13. – 4-kitap. – 550 b. – Almaty: «Alash» tarihi-zerttey ortalygy, 2010.
- 10 Ysenbaev T. Alshyn shezhiresi. – Kyzylorda, 2003.
- 11 Dayrenbekuly Zh., Kuttybaiuly S. Alty ata Alim. – Almaty, 1992.
- 12 Beisenbaiuly Zharylkap. Kazak shezhiresi. – Almaty: Atamura, 1994. – 160 b.

Мухамбетғалиева А.К.

**Выдающаяся роль
Касым хана
в укреплении казахского
государства**

Данная статья посвящена личности известного правителя Казахского государства – Касым хана, который оставил яркий след как политический, военный и государственный деятель. На основе имеющихся исторических материалов сделан анализ истории Казахского ханства в первой половине XVI века, а именно периода могущества государства казахов. В статье приведены сведения об умелой внутренней и внешней политике, методах государственного управления Касым хана, направленные на расширение границ молодого казахского государства. История Казахского ханства периода Касыма, в 1511-1521 гг., примечательна и тем, что именно в те годы казахи как самостоятельная этническая общность стали и известны в Западной Европе. Автор приводит ценные материалы об дипломатических отношениях Касым хана с Московским государством, мангытами и могилами. Обобщая изученный материал, автор еще раз подчеркивает мысль о том, что Касым хан один из выдающихся личностей, стоявших у истоков казахской государственности.

Ключевые слова: государство, государственность, этнос, кочевники, власть.

Muhambetgalieva A.K.

**The outstanding role of kasym
khan in strengthening the kazakh
state**

In world history there was a large number of events that were always sent to different moral authority and minds personalities: brilliant or mediocre, strong, or weak, progressive or reactionary. These individuals have influenced the course of historical events, the fate of the nations people. This article is dedicated to the personality of the famous ruler of the Kazakh state Kasim khan, who left a bright trace how political, military and statesman. On the basis of available historical materials the analysis of the history of the Kazakh khanate in the first half of the sixteenth century, namely the period of the power state of the Kazakhs. The article provides information about skilled domestic and foreign policy, the practices of public administration Kasim khan aimed at the expansion of the boundaries of the young Kazakh state. The history of the Kazakh khanate period Kasim in 1511-1521, notable for the fact that in those years the Kazakhs as a separate ethnic community became known in Western Europe. The author gives valuable materials about Kasim khan diplomatic relations with Moscow and with mangyts and moguls. The name of Kasim Khan oral traditions of the Kazakhs tie the legal reforms and the creation of laws «Kasym khannyn kaska zholy» («Shining Path Kasim»). Summarizing the material studied, the author again emphasizes the idea that Kasim khan, one of the outstanding personalities who stood at the origins of the Kazakh statehood.

Key words: statehood, ethnicity, nomads, government, authority.

Мұхамбетғалиева А.К.

**Қасым ханның қазақ
мемлекетін нығайтудағы рөлі**

Мақала авторы Қазақ тарихындағы атақты тарихи тұлғалардың бірі Қасым ханның бейнесін зерттеді. Тақырыпқа байланысты тарихи әдебиеттер мен деректерді зерттеу нәтижесінде Қазақ хандығы өз дамуында ең биік шыңына жеткен кезеңіне тарихи талдау жасайды. Мақалада Қасым ханның сыртқы және ішкі саясатымен, мемлекеттік басқаруда қолданған әдістері туралы баяндай отырып, сол реформалардың қазақ мемлекетінің іргесін кеңейтуге бағытталғанын айтылады. Қасым хан 1511-1521 жж. аралығында билік құрған елге танымал хандардың бірі болған. Қасым тұсында қазақ этносы Батыс Еуропада белгілі болған. Кемеңгерлік саясатының арқасында қазақ ханы Мәскеу мемлекетімен, маңғыттармен Моғол мемлекетімен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Қорыта келе, автор мақалада Қасым хан қазақ мемлекеттілігінің негізін салған ел билеушілерінің бірі болғанын пайымдайды.

Түйін сөздер: мемлекет, мемлекеттілік, этнос, көшпенділер, билік.

ВЫДАЮЩАЯСЯ РОЛЬ КАСЫМ ХАНА В УКРЕПЛЕНИИ КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВА

В мировой истории произошло большое количество событий, которые всегда направлялись разными по своему моральному облику и уму личностями: гениальными или посредственными, волевыми или слабодушными, прогрессивными или реакционными. Эти личности оказывали влияние на ход исторических событий, на судьбы нации, народа.

Великие личности меняли историю. Одним из таких личностей в истории нашего государства был четвертый правитель Казахского государства – Касым хан.

Во второй половине XV века на исторической арене Евразии появляется новое политическое образование – Казахское ханство, первое государство казахов. Возникновение казахской государственности берет свое начало с цивилизации кочевников евразийских степей: саков, усуней, хуннов и других этнических общностей, проживавших в древности на территории Казахстана.

Усиление Казахского ханства при Касыме (1511-1521 гг.) оставило значительный след как в исторической памяти казахского народа, так и в письменных источниках XVI-XVII вв.

Касым хан родился около 1445-1446 годов, чингизид, потомок тринадцатого сына Джучи хана, третий сын Джанибек хана, одного из основателей Казахского ханства. Мать – Джаган-бегим, по источникам, приходилась родной сестрой матери Махмуд-султана, младшего брата по отцу Шейбани-хана [4, с. 163]. Известно, что свою юность он провел в «казачестве» (в скитальчестве) в Моголистане [1, с. 69].

Система правления кочевого Казахского ханства к концу XV века имела сложный характер. Практически всем общекзахским ханам приходилось постоянно решать проблему центробежных сил внутри государства и сепаратизма местных султанов. Как свидетельствует известный источник «Тарих-и Рашиди», после Керея власть перешла к его сыну Бурундуку. В источниках о нем говорится как об одном из известных правителей. На его долю выпало править в тяжелое время – политической борьбы и перемен. Бурундук правил более 30 лет, однако он не сумел удержать верховную власть в своих руках до конца жизни.

В источниках, повествующих о событиях в Дешт-и Кипчаке, говорится о влиятельных султанах, возглавлявших отдельные казахские племена. Одним из них был и султан Касым. Мухаммед Хайдар в «Тарих-и-Рашиди» говорит о том, что во время властвования Бурундука вся полнота власти находилась в руках Касыма [2, с. 42].

Побежденный в соперничестве с Касымом Бурундук хан был изгнан с престола. По словам Мирзы Хайдара, к 1511 году Бурундук хан откочевал в Самарканд к своей дочери, которая была замужем за Тимур-султаном, сына Шейбан-хана. О дальнейшей судьбе хана историкам неизвестно [1, с. 508].

В общественной политической жизни Казахского ханства последней трети XV – начала XVI века Касыму принадлежит одно из центральных мест. Став ханом с 1511 года, Касым окончательно утвердил свое господство над обширными степными пространствами казахской территории. Касым твердо контролировал границы ханства, очерченные в свое время Жанибеком и Кереем.

Касым сыграл историческую роль в самый переломный момент истории страны. Отличаясь умелой политикой, хан-реформатор, полководец упрочил молодое Казахское государство.

Немало высоких отзывов о Касыме сохранились в трудах современников казахского хана, как, например, Бинаи, Ибн Рузбихан, Батур и др. Его называли «единственный в своем роде богатырь и знаменитый воитель того времени среди казахов» [6, с. 165].

Касыма знали как отважного и удачливого воина, благородного правителя и умного политика.

С начала 80-х гг. XV века наблюдалась усиление мощи Шайбанидов и их экспансии в Мавераннахре. Известно, что Мухаммед Шайбанихан совершил четыре похода на казахов. Богатые пастбища, крупные культурные и торговые центры в присырдарьинском регионе стали объектом борьбы между Шайбанидами и казахскими султанами. Стремление казахских правителей овладеть городами Сырдарьи наталкивалось на сопротивление Шайбанидов, не желавших допускать казахов на рынки. Так, Мухаммед Шайбанихан издал указ, запрещающий населению Туркестана вступать в торговые сделки с казахскими купцами [5, с. 43].

В 1510 году Мухаммед Шайбанихан со своим войском напал на казахские владения в

районе Улытау и разгромил зимовки казахов. Однако эта битва закончилась поражением Мухаммеда Шайбани-хана. Положение Шайбанидов осложняется борьбой с войсками иранского шаха Исмаила I, в борьбе с которым Мухаммед Шайбанихан погибает под Мервом. Эти события способствуют упрочению положения молодого ханства, усилению влияния в южных регионах. В 1512 году Касым хан встретился с могульским ханом Султан-Саидом, который намеревался склонить Касым хана к продолжению борьбы с Шайбанидами. Однако, известно, что казахский хан отказал в военном союзе, что подтверждало о самостоятельной и независимой политике государства.

В результате активизации внешней политики Казахскому ханству удалось закрепить за собой присырдарьинские земли, имевшие большое торгово-экономическое значение, а также одержать верх над Ногайской Ордой. Примерно с 1513 года казахи начинают оказывать военное давление на ногаев. Зимой 1513-1514 гг. ногайские улусы, вытесненные казахами, перекочевали правобережье Волги. В условиях Крымских вторжений в Ногайскую Орду и гегемонии Казахского ханства в Дешт-и Кипчаке между ногайскими правителями в 1514-1516 гг. вспыхнула междоусобная борьба. [4, с. 300]. Перевес Казахского ханства в соперничестве с Ногайской Ордой во втором десятилетии XVI в. был в численности войск Касыма, который составлял 300 тыс. человек [4, с. 302]. В 1519 г. он одерживает решительную победу над ногаями.

Активизация западного направления политики при Касыме расширила сферу внешнеполитических связей ханства. При Касыме существовали посольские контакты между Казахским ханством и Московским государством, тексты документов по которым не сохранились.

После смерти Касым хана в государстве вспыхнули султанские междоусобицы, ханство начало ослабевать. По поводу даты кончины великого хана имеются расхождения. Кадыргали Жалаири в «Сборнике летописей» пишет, что Касым хан умер в г. Сарайшык. По данным Мухаммеда Хайдара Дулати, Касым хан скончался в 1518 году. В источнике «Раузат-ат-Тарихирин» указывается дата смерти хана 1523-1524 года. Однако, по исследованиям А. Исина, который опирается на донесение пленника З. Зудова, указывает время смерти Касым хана – конец зимы 1521 года. Он приводит выдержки из документа донесения З. Зудова Василию III о том, что «а

казатцкого царя Касыма сее зимы не стало. А его два салтана, и они ся еще меж собою бронят, а на царство никто не сел» [5, с. 62].

Таким образом, человек со многими высокими качествами – личной отвагой, военным

талантом, способностью вести за собой народ стоял у истоков казахской государственности. Его период правления ознаменован войнами и завоеваниями, внутренними реформами и спокойствием в народе.

Литература

- 1 Акимбеков С.М. История степей: феномен государства Чингисхана в истории Евразии. – Алматы, 2011. – 640 с.
- 2 Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата, 1985. – 104 с.
- 3 Султанов Т. История Казахского ханства. – Алматы, 2003. – 160 с.
- 4 Султанов Т. Поднятые на белой кошме ханы казахских степей. – Астана, 2006. – 256 с.
- 5 Исин А. Казахское ханство и Ногайское Орда во второй половине XV-XVI в. – Алматы, 2004. – 160 с.
- 6 История казахской государственности (древность и средневековье). – Алматы, 2007. – 416 с.

References

- 1 Akimbekov S.M. Istorija stepej: fenomen gosudarstva Chingishana v istorii Evrazii. – Almaty, 2011. – 640 s.
- 2 Abusejtova M.H. Kazahskoe hanstvo vo vtoroj polovine XVI veka. – Alma-Ata, 1985. – 104 s.
- 3 Sultanov T. Istorija Kazahskogo hanstva. – Almaty, 2003. – 160 s.
- 4 Sultanov T. Podnjatyje na beloј koshme hany kazahskih stepej. – Astana, 2006. – 256 s.
- 5 Isin A. Kazahskoe hanstvo i Nogajskoe Orda vo vtoroj polovine XV-XVI v. – Almaty, 2004. – 160 s.
- 6 Istorija kazahskoj gosudarstvennosti (drevnost' i srednevekov'e). – Almaty, 2007. – 416 s.

3-бөлім
**ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

Раздел 3
**НОВАЯ И НОВЕЙШАЯ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**

Section 3
**MODERN AND CONTEMPORARY
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

Мекебаев Т.Қ.,
Құмғанбаев Ж.Ж.

**Мұстафа Шоқайдың
эмиграциядағы тәуелсіздік
үшін жүргізген идеологиялық
күресінің кейбір мәселелері**

Мұстафа Шоқайдың Ресей қоластындағы Түркістан түркі халықтарының басын қосуды ойлап Түркістан автономиясын құрғаны белгілі, бірақ большевиктер тарапынан автономияны күштеп құлатқаннан кейін ұлт қайраткері большевиктерге қарсыласудың ерекше тәсілін, яғни эмиграция жолын таңдайды. Мақалада жат жұртта аса ауыр жағдайда жүріп Түркістанның тәуелсіздігі үшін ерен ерлік танытқан Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы тәуелсіздік идеясы үшін күресінің келесі сатысы туралы айтылады. Эмиграцияда жүріп қолына қару емес, қалам алып, баспасөз арқылы Түркістанның тәуелсіздігіне арналған іс-әрекеті туралы кейбір мәселелері баяндалады.

Түйін сөздер: Мұстафа Шоқай, Түркістан автономиясы, эмиграция, түркі халықтары.

Мекебаев Т.К.,
Kumganbaev Zh. Zh

**Some questions of the ideological
struggle of Mustafa Shokai for
the attainment of independence
in the period of emigration**

Mustafa Shokai created Turkestan autonomy for the unit of peoples of Turkestan, who had been the colonial policy of Russia, but after the defeat autonomy by Bolsheviks, the national leader chose emigration as a special way of fighting. The article discusses the activities of Mustafa Shokai abroad in the struggle for independence of Turkestan. Also, the article states that, while in exile Mustafa Shokai through the print media has been active in information activities on the issue of independence of Turkestan.

Key words: Mustafa Shokai, Turkestan autonomy, emigration, Turkic peoples.

Мекебаев Т.Қ.,
Кумганбаев Ж.Ж

**Некоторые вопросы
идеологической борьбы
Мустафы Чокая
за обретение независимости
в период эмиграции**

Мустафа Шоқай создал Туркестанскую автономию для объединения тюркских народов Туркестана, которые подверглись колониальной политике России, но после разгрома большевиками автономии, национальный деятель выбрал эмиграцию как особый способ борьбы. В статье рассматривается деятельность Мустафы Чокая за рубежом в борьбе за независимость Туркестана. Также в статье говорится о том, что, находясь в эмиграции, Мустафа Чокай посредством печатных изданий вел активную информационную деятельность по проблеме обретения независимости Туркестана.

Ключевые слова: Мустафа Чокай, Туркестанская автономия, эмиграция, тюркские народы.

**МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ
ЭМИГРАЦИЯДАҒЫ
ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН
ЖҮРГІЗГЕН
ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ
КҮРЕСІНІҢ
КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бүгінгі күні барынша зерттеу нысанына айналған Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің белгісіз тұстары басым. Әсіресе эмиграция жылдарында атқарған қызметі үлкен сұранысқа ие. Қазіргі таңда Мұстафа Шоқай тарихи тұлға ретінде тиісті бағасын алғанымен, қоғамдағы екіұшты пікірлердің бары рас. Тарихи дерекке негізделмеген пікірлердің болуы өткінші және ұлт қайраткеріне қатысты пікір араздығын тудыруға бағытталған құбылыс деп санаймыз. Дегенмен, қоғамдағы мұндай пікірдің болуы зерттеушілердің алдына жаңа міндет жүктеп отыр. Демек нақты тарихи дерекке негіздей отырып, М. Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметіне объективті баға берілуі бүгінгі күннің басты талабы болып табылады.

Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің аясы ауқымдылығымен ерекшеленеді. Ресей қоластындағы түркі халқының басын қосуды ойлаған ұлт қайраткері большевиктерге қарсыласудың ерекше тәсілін, яғни эмиграция жолын таңдады. Эмиграция – саяси, экономикалық және өзге де себептерге байланысты өз елінен мәңгілік немесе уақытша ерікті немесе еркінен тыс қоныс аудару болып табылады [1]. Осы тұрғыдан келгенде М. Шоқай өзінің саяси көзқарастары үшін шетелге өз еркінен тыс кетуге мәжбүр болған. Түркішіл қайраткердің негізгі саяси көзқарасы, яғни тұтас Түркістан идеясы – большевиктер тарапынан қорқыныш тудырып, оның соңы түрлі тосқауыл, тіпті ашық күш көрсетуге жалғасқандықтан түркішіл қайраткердің эмиграциялық қызметі басталған.

Қырым татарларының көрнекті өкілі, Мұстафа Шоқайдың соңғы күндерінде жанынан табылған Тахир Шағатайдың пікірінше, қазақ халқының жарқын өкілінің эмиграциядағы қоғамдық-саяси қызметі нәтижесінде тұтас Түркістан идеясы Еуропалық немесе халықаралық сипат ала бастаған айтады [2]. Ал Еуропадағы саяси қызметінің алдында қайраткердің Түркістан автономиясын құрғаны белгілі. Алайда автономия жұмысы 1918 жылдың ақпан айында күшпен таратылғаннан кейін де М. Шоқай өзінің алдына қойған мақсатына сай әрекет ете бастаған. Атап айтқанда түркілік белгіге тыйым салынғандықтан, большевиктердің билігіне деген өзге ұлттардың қарсылық шарасына қатысып, олармен тығыз қарым-қатынас орнатады. Олардың қатарында большевиктерге қарсы құрылған Ресей

үкіметінің Самара қаласындағы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының комитеті мәжілісіне қатысқан болатын. Алайда бұл ұйыммен орнатылған байланыстар нәтижесіз аяқталып, Мұстафа Шоқай 1918 жылы қыркүйек айында Челябинскиде шақырылған комитеттің келесі бір съезіне қатыспақ болғанымен, Колчак тарапынан тұтқындалады [3]. Өзінің саяси көзқарастары үшін сегіз айдың ішінде ірі екі тосқауылды басынан өткізген М. Шоқай алдағы уақыттағы тиімді жолдың бірі – эмиграция болғандығын жете түсінді. Сондықтан тұтқыннан босап шығысымен 1919 жылы көктемде Маңғыстау арқылы Баку қаласына, одан әрі Тбилисиге жол тартады. Грузия большевиктердің билікке келу қарсаңында өмір сүріп жатқандықтан осы жердің мемлекет басшылары мен билік органдары да большевиктерге қарсы саясат ұстанған болатын. Сондықтан болар Грузия үкімет басшысы Ной Жордания және Ішкі Істер министрі М. Рамишвилимен болған кездесулер сәтті өтеді [4, 65 б]. Нәтижесінде Грузия үкіметі мен М. Шоқай арасында Түркістан мен Грузия халықтарының большевиктерге қарсы тізе қоса отырып күрес жүргізу мақсатында одақтастық келісім-шарт жасалды [4, 32-33 бб].

М. Шоқай большевиктерге қарсы саясат ұстанған барлық ұлт өкілдерімен саяси байланыстар орнатуға тырысқан. Мысалы, Тбилиси қаласында Украина өкілдерімен кездесу өткізіп, украиндықтардың қолдауына ие болады. Осындай қолдаулар нәтижесінде Тбилиси қаласында «На рубеже» журналын шығара бастады. Сонымен қатар М. Шоқай бұдан бөлек Тбилисидегі түрік қоғамының қолдауымен «Шафак» атты журналы шығара бастаған [5, 260 б]. Әрине мұндай баспасөз органына ие болып, мерзімдік басылым шығару ісі арзанға түспейтіні белгілі. Ол үшін қомақты қаражат немесе демеушілердің көмегі қажет. Біздің пікірімізше М. Шоқай Тбилиси қаласындағы грузия және украин өкілдерінің қолдауына ие болған. Өйткені осы жылдары украин жеріндегі үкімет билігі большевиктердің қолына өткен болса, Грузиядағы билігін қолға алуды көздеген большевиктердің белсенді әрекеттері байқалып жатқан болатын. Сондықтан большевиктерден төнген қауіп түркішіл М. Шоқай мен грузия, украин өкілдерін жақындастырған негізгі фактор болған деп есептейміз.

Аталмыш баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары арқылы М. Шоқай ашық түрде большевиктерден төнетін қауіп пен оларға қарсы күрес барысындағы бірлік мәселесін барынша насихаттауға тырысады. Алайда бұл елге боль-

шевиктердің кіруі Тбилисидегі қоғамдық-саяси қызметіне тоқтау салады. Сондықтан өзінің жары Мария Яковлевнамен бірге Әзірбайжан жері арқылы 1921 жылы ақпанның 25 күні Стамбулға келген. Стамбул қаласы түркі қалаларының ішінде Еуропа мәдениеті түркілік дәстүрмен етене араласқан сол тұстағы замануи қалалардың қатарына жатты. Біздің пікірімізше Стамбул қаласы уақыт өте барлық эмиграция жолын таңдағын түркішіл қайраткерлердің саяси баспанасына айналды. Оның негізгі себебі, Түркия Республикасының таңдаған саяси бағытымен тығыз байланысты болды. Бұл жылдар Түркия тарихында түбегейлі өзгерістерге тап келді. Сан ғасырлық тарихы мен империялық саяси беделі басым болған Осман империясының өмір сүруін тоқтатып, жаңа Түркия Республикасының құрылуы уақытына тұспа-тұс келді. Мемлекеттіліктің қалыптасуының алғашқы жылдарында Мұстафа Кемалдың «түріктің түріктен басқа досы жоқ» деген ұран сөзі де түркі халықтары арасындағы бауырластықтың күшеюіне жағдай жасаған деп санаймыз. М. Шоқай осындай саяси бағдарды ұстанған Мұстафа Кемал Ататүрікті қызу қолдай түсуінің басты себебі де осы да болса керек. Оған Ю. Ақшораның «Түркістанның да, өзге түрік өкілдерінің де тәуелсіздігі Түркияның тәуелсіздігіне тікелей байланысты. Егер Түркия мемлекет ретінде сақталып қалса, Мұстафа Кемал амалын тауып Түркияны құтқарып қалса, бұл біздің және сіздің Түркістанды құтқаруымыздың да басы болар еді» – деген сөзімізді дәлелдей түседі [6, 127 б.].

Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің жаңа белеске көтерілуінде Түркия елінің, Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түркішіл қайраткерлермен болған кездесулер мен пікір алмасулар үлкен септігін тигізген. Түркішіл қайраткерлермен болған кездесулер арқылы өзінің саяси көзқарастарымен бөлісіп, идеялас қайраткерлермен тығыз байланыстар орнатылды.

Жат жұртта аса ауыр жағдайда жүріп Түркістанның тәуелсіздігі үшін ерен ерлік танытқан Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы тәуелсіздік идеясы өмірінің соңына дейін еш ойынан кетпегендігін зерттеу барысында байқадық. Қолына қару емес қалам алып баспасөз істерімен айналысуы және шет елдегі осындай күресі тек Түркістанның тәуелсіздігіне арналған іс-әрекеті еді. Мұстафа Шоқайдың баспасөз арқылы тәуелсіздікке ұмтылған іс-әрекетінің жандануынан соң, оған жауап ретінде Кеңестер Одағында, соның ішінде өзінің отаны Түркістанда еркін ой-өрісінің күн өткен сайын тарыла түсуі байқала бас-

тады. Жаңадан келген большевиктер үкіметінің рухани өмірінде де, шексіз билікке ұмтылып ешқашан да, оппозицияға жол бермейтінін жақсы айыра білді. Сондықтан да оның пікірінше, Түркістандағы кеңестік билікті сынауды өзінің тікелей ұйымдастыруымен 1927 жылдан бастап Стамбулдан шыға бастаған қайраткер З.У. Тоған басқарған «Иени Түркістан» журналында орын алды. «Иени Түркістан» журналының басты мақсаты – Түркістан ұлттық тәуелсіздік идеясы мен түркі халықтары арасында ынтымақтастық пікірін айтуы көзделді. Сонымен қатар Түркістан халықтарымен Түркия халқы арасында тіл және діл бірлігін нығайтуды басты мақсат етіп қойған журнал болып табылды [5]. «Иени Түркістан» журналында М. Шоқайдың Кеңестік Орта Азия мемлекеттерінде болып жатқан мәдени жаңалықтармен қоса көбінесе тәуелсіздікке бас-тар маңызды мақалалары жарық көрді. Айта кету керек «Иени Түркістан» журналы «Түркістан ұлттық Бірлігі» ұйымының басылымы болатын. Сол себептен эмиграциядағы тұтас Түркістанның ортақ мүддесі жолындағы журнал болды. М. Шоқай бастаған эмиграциядағы ұлт зиялыларының басым бөлігінің мақсаты бір тәуелсіздік үшін күрес болатын. Сондай зиялылардың бірі Илтердің (Салих Еркені) атты өлеңдері ерекшеленіп тұрды. Оның 1928 жылы журнал бетінде жарық көрген «Түркістан қолбасшыларына» деген өлеңі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының басшыларына арналған еді:

Елімнің еркі үшін өлімге бел байлап,
Арыстан ерлерге болды олар жолбасшы.
Шаң қылған Каспий мен Алтайдың арасын,
Түріктің ұрпағы – қаһарман қолбасшы.
Ұлы отан анамыз жетелер жеңіске,
Еркіндік әніміз, азаттық салтымыз.
Тігінен тапталып жаншылар аяққа,
Құзғыннан қаймығып, айрылмас антымыз.
Бұл Отан біздікі, қымбатты ұлысым,
Біз оның иесі, сол үшін ұлы ісім.
Жат жұрттық жаулардан қалғанша тазарып,
Қынына кірмейді серттескен қылышым [7, 188 б].

Журналдың негізгі мақалалары ел, жер, отан, азаттық, тәуелсіздік тақырыптарында баяндалды. «Иени Түркістан» басылымында жарияланған мақалалар мен өлең жырлардың авторлары негізінен Еуропа мен Түркияда өмір сүріп жатқан түркістандықтар болатын, сонымен қатар бұл журналда Әзірбайжан мен Түркия зиялыларының да мақалалары жарық көріп тұрды. Сол себептен түркістандық зиялылар тікелей Түркиялық зиялылармен байланысы күшті бол-

ды. Түркиядағы Мұстафа Шоқай мен тәуелсіздік үшін күрес жүргізген Әзірбайжандық Санан есімді зиялы қайраткер отанын жоқтап:

Ей, Отаным әр кезде жанымды өртеп,
Қоштасу сәтін ойлап, жылаймын.
Батар күннің шапағы көңілімді кернеп,
Сағыныш сезіміне тұншығып, жылаймын.
Бұл шетсіз менен, ұсқыны бөтен,
Жұбата алмайды мені, көктемі келсе де,
Сағынышпен сарғайып өтер ме едім.
Түннен айықпайды, көкте күн күлсе де [7, 190 б] –

деген асау жырлардан Мұстафа Шоқай жанына біріккен Әзірбайжанның ұлт зиялы өкілдері де, Отанына азаттықты сұрағанын аңғарып тұрмыз. Мұстафа Шоқай басқа отандастары сияқты Стамбулда ұзақ тұрмастан, Ресейлік саяси эмиграцияның астанасы Париж қаласына жол жүріп, сол жерде паналаған. Мұстафа Шоқайдың ендігі өмірі Еуропадағы тәуелсіздік идеясының жалғасы көрініс табуы үлкейе беріп, Алаш бағытында автономияны көздеген зиялылар қатары өмір көрсетіп бергендей, осылай отанында және шет елдік эмиграцияда іс-әрекеттерімен жалғасын тапқан еді. М. Шоқайдың шетелдік эмиграцияға кетуі қандай бағытта болатын өзі көрсетіп бергендей өмірінің соңына дейін дәлелдеп кеткен еді. М. Шоқай Түркияға келмей тұрып Грузияда журнал шығарып тұрған кезінде Ташкенттегі Сұлтанбек Қожановтан телеграмма алады. Онда алдымен ұстап алып, артынан кешірім сұрайтын Кеңес үкіметінің Қоқан автономияшыларына амнистия жарияланғандығы, соған байланысты М. Шоқайдың Ташкентке қайта оралуының болатындығын айтқан еді. М. Шоқай бұл арада өте тиімді шешімге келген еді, яғни, кейін оралған жоқ. Сөйтіп, оның ғұмырының соңына шейін ұласқан эмиграциялық қызметі осылай басталған болатын.

Отанда қалған Алаштың зиялылардың тағдырында кеңестік билікті ішкі дүниесімен қабылдай алмады, бірақ мойындауға мәжбүр болды. М. Қойгелдиевтің еңбегінде көрсетілгендей. Ә. Бөкейханов ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Мен кеңес үкіметін сүймеймін, бірақ мойындаймын», – деп кеңестік биліктің бұл міндетті толық атқара алатынына күмән келтіреді. Бұл бағыттағылар алдымен қуғын сүргінге түсіп артынан түгел атылады [9, 224 б]. Өз отанында қалған Алаш зиялыларына тиесілі басқа үлес жоқ екенін Мұстафа Шоқай жақсы түсінді. Түсінгендіктен де саналы түрде эмигрант тағдырын таңдап алды. Оның бұндай қадамға баруы, ерліктің үлкені болды. Оған себеп эмиграцияда

Тұтас Түркістан идеясын шетелде жүріп ұлттық мемлекеттілік мәселесін өмірінің соңына дейін көрсетіп бергенін негізге алсақ та жеткілікті екені айқын. Түркістанда тұратын халықтардың тәуелсіз мемлекеттерін көзімен көрмесе де ол алдын ала болжай білгені өз ойларынан баспа бетіндегі мақалаларымен еңбектерінен байқалып тұрғанын байқаймыз.

Стамбулдағы өз жақтастарымен бірге тәуелсіздік идеясында қалам тартқан. Мұстафа Шоқайдың қызметі «Иени Түркістан» журналы 1931 жылы қыркүйек айында түрік үкіметінің шешімі бойынша жабылып қалған болатын. [10, 40 б] Өзі тікелей ат салысқан «Яш Түркістан» журналының өмірге келуіне еңбегі құнды екені белгілі. Және сонымен қатар бұл журнал Түркістан Ұлттық Одағының баспасөз органы ретінде шығып тұрды. Ал Мұстафа Шоқай бұл журналдың тікелей басқарушысы болмаса да жоғарыда атағандай журналдың шығып тұруында еңбегі болды. Тахир Шағатай «Иени Түркістан» журналының Түркістан мәселелерін жеткілікті дәрежеде қамти алмаған үшін «Яш Түркістан» журналының шыға бастағанын айтады [5, 262 б] «Иени Түркістан» журналы жабылып қалған соң «Яш Түркістан» журналы іштегі және сырттағы жалғыз журнал болып қалды. Бұлай дейтініміз, кеңестік қысым күшейген бұл тұста жалғыз «Яш Түркістан» ғана Түркістанның тәуелсіздігі жайында сөз қозғап, қалам тербей білді. Сондықтан, «Яш Түркістанға» Еуропа мен Түркиядан ғана емес, сонымен қатар Жапониядан, Қытайдан, Үндістаннан, Ауғанстаннан, Иран, Кеңестік Орта Азиядан оқырман хаттары ағылып келіп жатты. «Яш Түркістан» журналында М. Шоқайдың басты мақалалары негізінен тәуелсіздік идеяларын көздейді. Өзінің «Біздің жол» атты мақаласы журналының 1929 №1 санында жарық көрді. Мақалада баяндалғандай: «Біз, Түркістан Тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз» деген ойлары «Яш Түркістан» журналының мақсатының өзі шет елде эмиграцияда жүрген М. Шоқайдың ашық большевиктерге қарсы оппозицияда мойындалды. Түркістан халықтарының тәуелсіздігін көздегені журналдың алғашқы санынан-ақ көрініп тұр [11]. Сонымен қатар аталған мақалада «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы талаптарының мән-мағынасын бұзбай, күшін әлсіретпей «Яш Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік» [11] аталған ойымызда М. Шоқай сөздері еш күмән келтірмейді.

М. Шоқайдың орыс баспасөзінен қол үзуі дегенде, осы 1923 жылдан кейін Мұстафа Шоқай «Дни» немесе «Последние новости» басылымдарына мүлдем мақала жазбады деп түсінбеу керек. М. Шоқай бұдан кейін де бұл басылымдарда түркістандық мүддені бейнелеген мақалалар мен орыстың «көкезу», «мылжың», «демократтарына» қарсы мақалалар жазып тұрған. Ол бұл басылымдардағы корректорлық ресми қызметінен кетті. Оның төмендегідей себептері болды деп ойлаймыз. Біріншіден, шынайы Түркістандық мүддені білдіретін мақалаларын бұл басылымдар баса қоймаған. Өйткені, эмиграциядағы орыс «демократтары» Ресей империясының ішіндегі Түркістан мен өзге орыс емес халықтарды мойындағысы келмейтін. Екіншіден, кезінде Түркістан ұлттық үкіметінің басшысы болған, өзі түрікшіл, Тұтас Түркістан идеясын насихаттаушы тұлғаның өзге ұлттардың табиғи құқына күле қарайтын орыс басылымдарында жұмыс істеуі оның саяси беделіне зор нұқсан келтіретін және өзіне деген сенімсіздік тудыратын. Үшіншіден, М. Шоқай сол кездің өзінде тәуелсіз Түркістан баспасөзін ұйымдастыруды ойға алып, оның жолында белін бекем бұғанға ұқсайды.

Ұлттық автономия алу идеясын орыс демократиясы қолдайды деген соқыр сенім дәуірін М. Шоқай былай деп еске алады: «... біздің эмигранттық топтар Түркістаннан келген әрбір поштадан орыс халқы туралы, оның демократиялық және төңкерістік топтары туралы ескі таным-түсінігімізге өзгерістер енгізетін жаңалықтармен танысудамыз. Біздің бұрынғы жетекшілеріміз Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және т.б. орыс халқына тән ерекшелік – ұлттық эгоизм мен ұлттық үстемдіктің жоқтығына қатты сенген болатын. Олар осы өз сенімдерімен басқаларды да сендірді және сондарынан көпшілікті ерте білді. Ақпан төңкерісі кезінде орыс демократиясына, әсіресе оның төңкерісшіл бөлігіне деген соқыр сенім жетегінде жүрдік. Украиндар бірінші болып ұлттық айқындалу бағдарламасымен шыққан кезде, бұл біздерге, түркістандықтарға жасалған бірінші сақтандыру және орыс халқына деген біздің сенімімізге қағылған бірінші сына болды» [12]. М. Шоқай коммунистік өтірік бүркемелеген Түркістан шындығын халықаралық аренаға көтеру үшін, түрік халықтарының өзекті мәселелеріне Ұлттар Лигасының және әлем халықтарының назарын аудару үшін, тұтас Түркістан идеясын насихаттау үшін тәуелсіз түрік баспасөзін қалыптастыруға баса назар аударды. Осы тұста, кезінде Ресей империясының отары болған Польша өкіметі мен

маршал И. Пильсудскийдің «Лихие прометеи» ұйымының Батыс Еуропадағы Түркістан, Еділ-Орал, Әзірбайжан, Кавказ және басқа да ұлттық азаттық қозғалыстарына зор материалдық көмек көрсеткенін атап өту ләзім. Орыс отаршылдығының ауыр тауқыметін өз бастарынан кешірген поляктар Ресейдегі өздерімен тағдырлас бодан халықтардың жай-күйіне немқұрайлы қарамаған. М. Шоқай да «Иени Түркістан» және «Яш Түркістан» журналдарын шығаруда осы «Лихие прометеи» ұйымының қаржылық көмегіне сүйенген болатын. Эмиграцияда жүрген түркі-мұсылман халықтарының Ә. Топчибашев және Г. Исхаки секілді өкілдерімен жиі араласып, пікірлес болды. Оларды Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарын азаттыққа жеткізуде күш біріктіре әрекет етуге үндеді. 1929 жылдан «Яш Туркестан» журналын шығаруды қолға алды. Бұл журналдың алдына қойған міндетін Мұстафа Шоқай: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік

жолындағы талаптарының мән-мағынасын сол күйінде әлсіретпей «Яш Туркестан» беттерінде бере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік», – деп сипаттады.

Сонымен, қорытындылай келе, Түркістан саяси эмигранттарының азаттық қозғалысы азат және Тұтас Түркістан идеясы үшін қызмет еткендігін; Түркістан, Еділ-Орал және өзге де түрік халықтары ұйымдарының «түрік бірлігі» идеясына топтасуына Кеңестік және эмиграциялық орыс шовинистерінің, өзге де түрікшілдікке қарсы топтардың әрекеттерінің басты себеп болғандығын; азат және Тұтас Түркістан идеясы үшін күреске өз өмірін арнаған М. Шоқайдың жетекшілік рөлінің жоғары болғандығын; М. Шоқайдың ешқандай өзге идеяға қызмет етіп, сатылмағандығын және соғыстан кейін де М. Шоқай бағытының өз жалғасын тауып, әлі күнге созылып келе жатқандығын атап көрсетеміз.

Әдебиеттер

- 1 Национальная энциклопедия Казахстана. Человек с книгой. Статьи и публикации. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – 5. т. – 558 с.
- 2 Çağatay S. Önsöz // Mustafa Çokay. 1917 Hatıra Parçaları. – Ankara, 1988 – S. 5-6.
- 3 Шоқай М. Естеліктер. – Ыстанбұл, 1997. – 271 б.
- 4 Oktay A. Mustafa Çokayın Gençlik ve Siyasi Hayatından Bır Parça // Türkistan Milli Hareketi ve Mustafa Çokay. – İstanbul, 1950. – S. 44 – 50.
- 5 Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі, Шығармашылығы / Түрік тілінен ауд. Г.Шадиева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 320 бет + 8 бет суретті жапсырма.
- 6 Қыдыралиев Д. Қ. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б.
- 7 Қамзабекұлы Д. Эмиграциядағы Түркістан әдебиеті қазақ ұлт азаттық қозғалысы. – Астана, 2008. – 10 т. – 188 б.
- 9 Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
- 10 Яш Түркістан. – 1931. – № 237, – қазан, – 40 б.
- 11 Яш Түркістан. – 1929. – №1. – 33-39 бб.
- 12 Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы: Ғылым, 2002. – 214 б.

References

- 1 Nacionalnaya encyclopedia Kazakhstan. Chelovek s Knigoi. Statii i publikacii. – Almaty: Kazakh enciclopediasy, 2006. – 5. T. – 558 c.
- 2 Çağatay S. Önsöz // Mustafa Çokay. 1917 Hatıra Parçaları. – Ankara, 1988 – S. 5-6.
- 3 Shokai M., Estelikter. – İstanbul, 1997. – 271 b.
- 4 Oktay A. Mustafa Çokayın Gençlik ve Siyasi Hayatından Bır Parça // Türkistan Milli Hareketi ve Mustafa Çokay. – İstanbul, 1950. – S. 44 – 50.
- 5 Kara A. Mustafa Shokai. Omyry. Kuresy. Shygar mashylygy / Turk tilinen audargan. G. Shadieva. – Almaty: «Arys» baspasy, 2004. – 320 bet+ 8 bet surety zhapsyrma.
- 6 Kydyraliev D.K. Mustafa Shokai. – Astana: Foliant, 2007. – 320 b.
- 7 Kamzabekuly D. Emigraciadagy Turkistan adebiety Kazakh ult azattyk kozgalysy. – Astana, 2008. – 10-T. – 188 b.
- 9 Koigeldiev M.K. Ultyk sayasy elita. Kismeti men tagdyry (XVIII – XX gg.). Zertteuler. – Almaty: Zhalyn, 2004. – 400 b.
- 10 Yash Turkestan. – 1931. – № 237. – kazan 40 b.
- 11 Yash Turkestan. – 1929. – №1. – 33-39 bb.
- 12 Shildebai S.K. Turikshildyk zhane Kazakhstandagy ult-azattyk kozgalys . – Almaty: Gylym, 2002. – 214 b.

Мекебаев Т.К.,
Құмғанбаев Ж.Ж

**Уақытша үкіметтің
Қазақстандағы билік
органдарының қоғамдық-саяси
ұйымдармен қарым-қатынасы**

Мақалада Уақытша үкіметтің Қазақстандағы құрылған билік органдарының қоғамдық саяси ұйымдармен қарым-қатынасы туралы баяндалады. Айталық, негізінен Уақытша үкімет өзінің саясатын жүзеге асыруда Қазақ комитеттеріне, Мұсылмандар комитетті және тағы басқа қоғамдық негіздегі ұйымдарға сүйенді. Ал осы ұйымдардың ішінде негізінен Уақытша үкіметтің ұлттық тірегі болған Қазақ комитеттері мен мұсылман комитеттері, сондай-ақ, ұйғыр-дүнген (Тараншы-дүнген), Қырғыз уездік комитеттері сияқты ұлттық және діни негізде құрылған ұйымдар еді. Кейбір зерттеушілер бұл ұйымдарды окшау ұлттық құрылым, Уақытша үкіметтің сойылын соғып, көзсіз қолшоқпары болды деген сипатта көрсетіп келді. Бірақ, бұл ұйымдардың негізінен Уақытша үкіметпен қарым-қатынасы жағымды сипатта болған, мақалада олардың өзара байланысы туралы баяндалады. Сонымен қоса мақалада Уақытша үкімет мекемелері үшін Жетісуда 1916 жылдан кейін қалыптасқан халықтар арасындағы өшпенділікті мүмкіндігінше басқа арнаға түсіру, ымыраластыру, өзара ынтымақ пен келісімге келтіру міндеті туралы айтылады. Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті де 1917 жылы 25 сәуірдегі мәжілісінде Жетісу облысындағы ұлтаралық шиеленістің ауыр оқиғаларға соқтырып отырғанын талқылай келе, көтерілістің ауыр салдарын жою шаралары да қарастырылады.

Түйін сөздер: Уақытша үкімет, Түркістан комитеті, Ақпан төңкерісі, Қазақ комитеті, Мұсылман комитеті.

Мекебаев Т.К.,
Kumganbaev Zh.Zh.

**The relationship of the
authorities of th Temporarily
Government with organizations
in Kazakhstan**

The article discusses the relationship of the authorities of the temporarily government in Kazakhstan with political organizations. To carry out its policy of the temporarily government was based on the Kazakh Committee and the Committee of Muslims. From these basic structures of the organization supporting the authority of the temporarily government were Kazakh Committee and the Committee of Muslims, as well as such national and religious organizations, such as Uighur, Dungan (Taranshy-Dungan), Kyrgyz county committees. Some researchers describe these organizations as separate national entities, which serve as an instrument of power of the temporarily government. But the relationship between the temporarily government and these organizations have been positive, the article provides an analysis of the process. Also, according to the tasks of the temporarily government in Zhetysu in 1916 to resolve the ethnic conflict and the conclusion of peace and harmony. Turkestan Committee also at the meeting of temporarily government April 25, 1917 raised the issue of inter-ethnic conflicts in Zhetysu and considered measures to eliminate the consequences of heavy uprising.

Key words: Temporarily government, Turkestan Committee, February revolution, Kazakh Committee, Committee of Muslims.

Мекебаев Т.К.,
Құмғанбаев Ж.Ж

**Взаимоотношение органов
власти Временного
правительства
с политическими
организациями Казахстана**

В статье рассматривается взаимоотношение органов власти Временного правительства в Казахстане с политическими организациями. Для осуществления своей политики Временное правительство опиралось на Казахский комитет и комитет Мусульманов. Из этих организаций основными структурами, поддерживающими власть Временного правительства, были Казахские комитеты и комитеты мусульман, а также такие национальные и религиозные организации, как уйгурские-дунганские (Тараншы-дунган), Киргизские уездные комитеты. Некоторые исследователи описывают эти организации как обособленные национальные структуры, которые служили орудием власти Временного правительства. Но взаимоотношения между Временным правительством и этими организациями были положительными, в статье дается анализ этого процесса. А также, говорится о задачах временного правительства в Жетысу в 1916 году по урегулированию межнационального конфликта и заключению мира и согласия. Туркестанский комитет также на заседании Временного правительства 25 апреля 1917 года поднимал вопрос о межнациональных конфликтах в Жетысу и рассматривал мероприятия по ликвидации последствий тяжелого восстания.

Ключевые слова: Временное правительство, Туркестанский комитет, Февральская революция, Казахский комитет, Мусульманский комитет.

**УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
БИЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
ҰЙЫМДАРМЕН
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ**

Ақпан төңкерісі елде саяси жүйені өзгертіп, республикалық құрылысқа көшуге жағдай жасаумен қатар, империяның орталығында да, сондай-ақ кең байтақ жерлерде созылып жатқан ұлттық отар аймақтарда да барлық саяси күштердің, қоғамдық ұйымдардың жанданып, бұқаралық сипат алып, әрекет етуіне өз ықпалын тигізді. Осының нәтижесінде елде азаматтық келісімге келуге белгілі бір мүмкіндіктер туды. Алайда, Қазақстанда жергілікті өкімет биліктері туралы мәселе күрделі, әрі ұзаққа созылған процесс болды. Жергілікті өкімет органдарының құрылу уақыты жергілікті өзгешеліктерге де байланысты жүрді. Бұл өзгешелікті жалпы белгілі бір уезд, облыстағы тұрғындардың саяси белсенділігімен, халықтың ауызбіршілігінің мықтылығымен, оқыған, зиялы азаматтардың (ел басқаруға жарайтын) басымдылығымен, тағы басқа жағдайдармен байланыстыруға болады. Мәселен, Қазақстанның Семей облысында Сырдария облысына қарағанда қазақтардың үкімет органдарына, өзге де саяси қоғамдық ұйымдар құруға қатысуы қызу жүрді. Сырдария, жалпы Түркістандағы саяси ахуалға М. Шоқайдың берген бағасы бұл жағдайдың себебін аша түседі, «Революция бізге еркіндік пен ұлттық белсендікке жол ашатындай көрінді. Бірақ, ұзақ жылдар қараңғыда отырған кісінің жарыққа шыққанда көзі қамасатыны сияқты талай заманнан бері патшаның отарлық саясатының қапасында тұншыққан біз революция алып келген бостандықтың жарығына шыққанда көзіміз қамасып, бірден жол тауып кете алмадық. Санамыздың қараңғылығы да көзімізді одан сайын қарықтырып, көп сандалдық. Дәрменсіздігіміз бір тобымызды орыс революцияшыл демократиясына еруге мәжбүр етті... екінші тобымыз, көпшілігіміз, саяси табысқа дұғамен жетеміз дегенге сенетін... Әрине, мұның екеуі де қате еді» [1]. Жөн біледі деген оқыған азаматтардың бір пікірге келе алмауы, бірлесіп күреспеуі нәтижесінде көп партиялар, түрлі ұйымдар құрылып, Түркістандағы азаттық үшін күреске кері әсерін тигізді. Енді 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін түрлі ұлттық, қоғамдық негізде құрылған ұйымдар мен үкімет органдарының қарым-қатынасы мәселесіне келейік.

Ақпан төңкерісі Ресей империясының барлық саяси жүйесіне тән дағдарыстың заңды нәтижесі болды. Патшалық тәртіптің құлауы елде сапалық тұрғыдан жана саяси жүйе құруға мүмкін-

діктер туғызды. Империяда бұрыннан орын алып келген «біртұтас және бөлінбес Ресей» идеясы мен соған негізделген мемлекеттік саясатқа сызат түсе бастады. Ақпан жеңісінен кейін жаңа таптық, әлеуметтік, ұлттық және партиялық мақсат-мүдделерді, көп жағдайда бір-біріне қарсы болған мақсат-мүдделерді жақтайтын күштер саяси күрес аренасына шықты [2]. Елдегі шешімін күткен ұлттық автономия, жер, азық-түлік, оқу-ағарту, тіл, дін тағы басқа толып жатқан мәселелерді өз міндет-мақсаттарына, бағыт-бағдарламаларына арқау еткен қоғамдық-саяси ұйымдар, ұлттық құрылымдар өкімет органдарымен өз мүдделерін жүзеге асыруда қарым-қатынасқа түсті. Бүкіл империя көлемінде Ресейде халық бұқарасын көптеп қамтыған демократияның қалыптасуына осы мезгілде жол ашылған еді. 1917 жылғы ақпан мен наурыз айларында қазақ қоғамында Уақытша үкіметтің өз билігін толық жүргізуге заңды құқы да, не күші де болған жоқ, ал қазақ басшылары тәуелсіз аймақ орнату мақсатында кең қолдауға ие болып, экономикалық тұрғыдан өзін-өзі басқару мәселесін шеше алмады [3]. 1917 жылы осылайша Қазақстанда қалыптасқан саяси вакуумды толтыруға түрлі саяси топтар ұмтылды. Себебі Уақытша үкімет бар билікті Құрылтай жиналысына қалдырып, толық мағынасындағы заңды үкімет орны бола алмады. Осыған байланысты жергілікті үкімет билігі де үлкен қиындықтармен шешіліп жатты. Орталықта да, жергілікті жерлерде де, өкімет орындарының құрамы үздіксіз өзгеріс күйін кешіп, ол үшін әртүрлі ұйымдар мен құрылымдар, саяси партиялар өзара күресті жандандыра түсті.

Орталықта қатаң, әрі жүйелі құрылған билік жүйесінің болмауын мына жағдайлардан көреміз. 1917 жылы наурызда Уақытша үкімет жаңа заңдар жобасын шығаратын, үкімет пен министрліктер арасында тұрған дәнекер іспетті заң мәжілісін (юридическое совещание) құрды, 25 мамырда Құрылтай жиналысына сайлау заңын әзірлейтін Ерекше мәжілісін (Особое совещание) құрып, оның төрағалығына белгілі заңгер Ф.Ф. Кокошкинді сайлады. Күзге қарай Уақытша үкімет конституция жобасын жасау үшін заң мәжілісінің Ерекше комиссиясын құрып, оның төрағалығына профессор Н.И. Лазеревскийді тағайындады. 1917 жылдың мамыр айында үкімет жаңадан 4 министрлікті құрды: еңбек, азық-түлік, мемлекеттік бақылау, почта және телеграф. Тамыз айында оған дін министрлігі қосылды. Осылайша көктем мен жазда мемлекеттік аппарат толықтырыла түсті. Оның қатарына Экономикалық кеңес және Экономикалық бас комитет, Қорғаныс комитеті, Бүкілресейлік кітап

палатасы, Милиция істері жөніндегі бас басқарма, Әскери министрлік комитеті, Шетелдермен қатынас бас басқармасы қосылды. Тамыз айында Уақытша үкімет «армия мен флоттың өмірінде саяси жұмыстың маңыздылығын ескеріп», әскери министрліктің құрылымындағы қызметкерлер санын үш есеге көбейтті [4]. «Ресей тарихында бірде-бір патша өкіметі Уақытша үкімет сияқты шығын шығаруға соншама қолы ашық болған емес», [5] – деп мәлімдейді орталықтағы Мемлекеттік мәжілісте қаржы министрі Н.В. Некрасов. Орталықта болып жатқан басқарудағы тұрақсыздық, көп жүйелілік жергілікті жерлердегі ахуалдарға да әсер етпей қоймайды. Халық уақыт өте, әрбір қадамын басқан сайын қала комиссары, милиция комиссары, ұлттық топтардың тағы басқа комиссарларға жолығатын болды. Комиссарлар мен комиттер Уақытша үкімет тұсында ең сәнді әрі танымал атау болады. 1917 жылғы Ресей жалпы мемлекеттік, қоғамдық, жеке адамдардың бірлестігі және басқа жіктелуі қиын институттардың тізбегін дүниеге келтірді. Олардың барлығы өзара күрделі байланыста болып, қоғамдық-саяси өмірге үлкен әсерін тигізді [6]. Ал Қазақстанда Уақытша үкімет өзінің саясатын жүзеге асыруда Қазақ комитеттеріне, Казак комитеттеріне, Мұсылмандар комитеті және тағы басқа қоғамдық негіздегі ұйымдарға сүйенеді. Ал, осы ұйымдардың ішінде Уақытша үкіметтің ұлттық тірегі болған Қазақ мемлекеттері мен мұсылман комитеттері, сондай-ақ, ұйғыр-дүнген (Тараншы-дүнген), Қырғыз уездік комитеттері (Прижевальск, Пішпек уездері Жетісу облысы құрамында болды) сияқты ұлттық және діни негізде құрылған ұйымдар еді. Кейбір кеңестік зерттеушілер бұл ұйымдарды оқшау ұлттық құрылым, Уақытша үкіметтің сойылын соғып, көзсіз қол шоқпары болды деген сипатта көрсетіп келеді. 1917 жылдың наурыз айынан бастап жер-жерлерде бой көтере бастаған Қазақ комитеттері, мәселен, Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетті. Алайда Қазақ комитеттері өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттеріне мүше болып кіріп, ұлттық мүддені қорғады. Себебі, оның ұлттық саясатын қазақ съездері бекітіп, бағыт-бағдарлама беріп тұрды. Орал облыстық Қазақ атқару комитетінің Жарғысында ұйымның мақсаты қазақ халқын жаңа құрылыстың негіздерімен таныстыру және оны жүзеге асыру, Құрылтай жиналысына әзірлеу делінеді. Осы құжатта Қазақ комитеттерінің Уақытша үкіметтің жергілікті ұйымдармен қарым-қатынасы былайша айқын көрсетілген: «Комитеттер (қазақ) өзінің қызметіне қа-

тысты мәселелер бойынша өзара, сондай-ақ, басқа мекемелермен және ұйымдармен қарым-қатынаста болды. Облыстық Қазақ комитеті өзінің өкілдерін Оралдағы атқару комитетіне, облыстық және ауылдық комитетке екі өкілден делегат жібереді. Облыстық Қазақ атқару комитеті Орал облыстық атқару комитетімен, уездіктер – уездік атқару комитетімен қарым-қатынаста болады» [7]. Қазақ комитеттерінің ұсынуы бойынша үкіметтің жергілікті органдары құрамына кіргендер қазақ қоғамына байланысты мәселелерге тікелей араласып, көбіне істің қазақтың пайдасына шешілуіне септігін тигізді. Семей облыстық Делегаттар Кеңесі құрамына Қазақ комитеті атынан өкіл болып кірген Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, Б. Сәрсеновтар қазақ арасындағы шешілмей жатқан мәселелерді көтеріп, түйінін табуға талпынды. Мәселен, Алаш қаласының дербестік мәселесін, астық жинауға жіберілген қазақ жігіттеріне төлемақы белгілеу, ел ішінде уездік комиссариаттар құру үшін қазақ комиссарларын жіберу тағы басқалар күн тәртібіне қойды [8]. Отарлық аппарат шенеуніктері мен ұлттық интеллигенция өкілдері арасында қырғиқабақтық пен келіспеушіліктер де болмай қойған жоқ, мұндай жағдайлар Орал, Қостанайда, Қарқаралыда тағы басқа жекелеген қалаларда орын алды [2]. Комиссарлар мен атқару комитеттері қазақ комитеттері қойған талаптарға жүрдім-бардым қарап, уақытында шешпей, созбаққа салды, шешсе де негізінен өздеріне қолайлы тұрғыдан шешті. Әйтсе де, жергілікті халық өзінің талап-тілегін осы қоғамдық негізде құрылған мекемелер арқылы іске асыруға ұмтылды. Жетісу, Сырдария Қазақ комитеттеріне жергілікті халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, әсіресе, жер мәселесіне байланысты шағымдары қардай борады [9]. Уақытша үкімет мекемелері үшін Жетісуда 1916 жылдан кейін қалыптасқан халықтар арасындағы өшпенділікті мүмкіндігінше басқа арнаға түсіріп, ымыраластыру, өзара ынтымақ пен келісімге келтіру – бірінші кезектегі міндет болатын, мұны жергілікті халықтың Қазақ комитеті сияқты қоғамдық ұйым және мұсылмандар комитеті де жақсы түсінді. Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті де 1917 жылы 25 сәуірдегі мәжілісінде Жетісу облысындағы ұлтаралық шиеленістің ауыр оқиғаларға соқтырып отырғанын талқылай келе көтерілістің ауыр салдарын жою шараларын қарастырады. Осы мәселеге байланысты Түркістан комитетінің жергілікті халықтың жайын жақсы білетін 2 мүшесі – М. Тынышбаев пен О. Шкапский Жетісуға жіберіледі. Оларға халықтар арасында өзара сенімді орнату, қалыпты тұрмыс жағдайын жа-

сауға ықпал ету тапсырылады. О.А. Шкапский Жетісуді жақсы білетін, тәжірибелі түркістандық еді. Ол 1905 жылы Алматыда құрылған қоныс аудару мекемесінің бастығы болып қызмет те істеген. Жерге орналастыру басқармасының меңгерушісі Шванебахқа Жетісу облысында қазақтардың басы артық жері жоқ екендігін қызмет орны мен мансаптан айырылып қаламын деп қорықпай алғаш ресми мәлімдеген де осы О.А. Шкапский еді [10]. Ал осы Жетісу өлкесінде туып-өскен, білім алған, жергілікті тұрғындардың әдет-ғұрпы, тұрмыс жайын жете білетін азамат тұрғын М. Тынышбаевты тек жергілікті қазақтар ғана емес, орыс тұрғындары да жақсы білетін, сыйлайтын. М. Тынышбаевтың екі халықтың да сеніміне ие болғандығына орыс халқы атынан комитет төрағасы Зиминнің М. Тынышбаевты тұтқындар мәселесін шешуге арнайы жіберілуін сұраған жеделхаты да дәлел [11]. Жетісудағы 1916 жылы көтеріліс зардаптарын жою Уақытша үкімет органдары қызметкерлеріне де, Қазақ комитеті сияқты ұлттық негіздегі қоғамдық ұйымға да оңай соққан жоқ. Мысалы, 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін 24 наурызда құрылған Жетісу қазақтарының атқару комитеті Қытайдан қайтқан қазақ-қырғыздың жағдайымен санаспастан, олардың мүддесін ескерместен, тек біржақты талаптар қойып, «Қазақ халқы 1916 жылғы көтерілістің шағындарын өтемесе және ендігәрі орыстарға қазақтардың тимеуіне кепілдік берілмесе, осы айтқан орындалмаса, бейбітшілік тек жаңа ұрпақтар кезінде ғана болуы мүмкін» дегенді ашық қойды [12]. Жетісу қазақ комитеті Ресейдің қазақтар партиясы бағдарламасын қуаттап, қазақтардың томаға-тұйық, сословиелік ұйымын сақтауға, қазақтардан «әділетсіз» алынған жерлерді қайтаруға, қазақтар автономиясының жеріне ешкімнің қолы тимеуіне тағы басқа қол жеткізу қажеттігін негіздеп жатты.

1917 жылы Жетісу казак әскерлері құрамында 45 мың адам, 681 мың десятина жер бар еді. Комитет Уақытша үкіметті жақтады және палаталы атқарушы билігі бар, парламенттік республиканы жақтады [13]. Казактар арасында саяси дифференция өте жай жүрді, еңбекші казактардың көбі офицер-казак билеушілері ықпалында болды.

Уақытша үкімет органдары казактар комитетімен, жалпы олардың құқықтарымен санасып отырды. Талай жылдар бойы отарлық тонаушылық пен зорлық-зомбылық жағдайында тәрбиеленген орыстық азшылдық санасында жергілікті халықтан гөрі ұлттық үстемдік жөнінде пікір енгізіліп, бұратана халықтан қажет нәрсенің бәрін тартып алуға болады деген сенім қарапайым

құқық дәрежесіне жетті [14]. Расында, Уақытша үкіметтің жергілікті басқару орындарында, мысалы, переселен мекемелерінде патша үкіметі тұсында отарлық саясаттың қолшоқпары болған чиновниктер аз емес тұғын. Олар жаңа үкімет тұсында да бұрынғы «бұратана есебінен шешу» позициясын жалғастыра берді. Жаркент уезінде қоныс аудару мекемесін басқарған Войшивилло деген чиновник Уақытша үкімет тұсында да ескі әдетінен айырылмай, қазақтардың жерін заңсыз орыс тұрғындарына беріп, жергілікті тұрғындарды астық пен пішеннен қаққан [15]. Кереку уездік комиссары Кайдалов та майданнан қайтып келе жатқан қазақ жігіттерін орынсыз тексеріп, жеке заттарын жөнсіз алып, олардың жеке бас құқықтарын бұрмалауға жол берген. Семей облыстық атқару комитеті бастығы Ляшкевичтің (қазақ комитетінің өтініші бойынша) жасаған ескертпесіне қазақтардың өтірігінің бірі деп кескінмен жауап қайтарады [16]. Үкімет тарапынан ешқандай қағажу көрмеген солдаттар Пішпек уезіне қарасты Георгиевке селосында да өз беттерінше тінту жүргізіп, елдің дүние-мүлкін тонап, ақшаларын тартып алып, бірнеше адамды бір түнде қырып салған [17]. Жетісудағы қанды оқиғаларға байланысты облыстық қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақов бастаған қазақ зиялылары қанішірлердің жазаға тартылуын талап етіп, облыстық, одан қалды, Түркістан комитетіне сұраулар салды. Жетісудағы жағдайға байланысты 1917 жылы қазанда Пішпекте 4 мұсылман ұйымы: Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитеті, «Щуро-и-ислам» мұсылмандар комитеті, дүнгендердің «Егінші» одағы және «Бұқара» одағы мүшелері бірігіп Кеңес өткізіп, уақытша үкіметтің жергілікті өкімет органдарының барлық ескерту шараларына қарамастан орыс азаматтарының зорлық-зомбылық әрекетінің тоқтамай тұрғандығын баса көрсетті. Солдаттардың соңын ала шаруалар да, былтырғы төгілген қанның кегін аламыз деп, қарулы тобыр құрып, жүгенсіз қимыл-әрекеттердің аумағын кеңейте түскенін ашына мәлімдеді. Жүгенсіздікке қарсы күресуге өкімет органдары мен ұлттық ұйымдардың шамасы келмей тұрғандығы әскери шенділердің қарама-қайшы іс-қимылынан деп көрсетті [8]. Қоғамдық ұйымдардың бұл біріккен Кеңесі Түркістан өлкелік комитеттің О. Шкапский мен әскери комиссар Ивановтан көмек сұрап, облыстағы мұсылмандар мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырады. Уақытша үкіметтің жергілікті билік органдары мен ұлттық, мұсылмандық ұйымдар, өзге қоғамдық-саяси бірлестіктер бас қосып, күш біріктіре жол табуға тырысқан әрекеттері орталық өкіметтің қолдауын таппады.

Мысалы, селолық комитет мүшелерінен Уақытша сот құрып, орыс бандасын ауыздықтауды тездетейік деген Түркістан өлкесі комиссары М. Тынышпаев пен О. Шкапскийдің ресми 2 рет жасаған ұсынысына Юстиция министрлігі еш жауап қатпады.

Осылайша, барлық, маңызды, ұлттық мәні бар істердің орталыққа барып тұйықталып қала беруі ұлттық ұйымдарды мәселені дербес шешуге итермеледі. Мұндай дербестікке ұмтылу Жетісу жағдайында өз адамдарынан тұратын сот құрылымдарын құруға талпынушылықтан байқалады. Пішпек уездік қырғыз-қазақ комитетін төрағасы К. Әлімбаев комитет төралқасы өзінің құрамынан білімді де тәжірибелі адамдарын шығарып, халыққа жайлы сот жасауды қажет деп тапқанын, сөйтіп әкімшілікке қоса сот қызметін қатар алып жүруді өтінсе, Жаркенттегі тараншы-дүнгендердің уездік мұсылман комитеті шариғатты білетін, әрі білімді азаматтардан сот билігін құруға рұхсат сұрады [8]. Бірақ, Түркістан комитеті: Пішпек уездік қырғыз-қазақ уездік комитетінен өкімет органын жасауға соғады», [18] – деп жауап қайтарады.

Облыстық көлемде қазақ арасындағы мәселелерді қарау үшін Семейде облыстық қазақ соты құрылды. Жергілікті жерлерде қазақ соттарын құруға талпынушылық дербестікке ұмтылудан әрі қазақ мәселесінің шешілуі ұзаққа созылудан немесе мүлдем жауапсыз қалудан туындаған еді.

Әйтсе де, ел арасындағы кей жұмыстар Уақытша үкіметтің атқару комитеті мен ұлттық құрылымдардың күш біріктіруімен шешімін тауып жатты. Үржар уездік атқару комитеті ат ұрлау мәселесін шешу үшін барлық болыстардан 2 делегаттан және Үржар бөлімшелік қазақ комитетінен өкілдер қатыстыра отырып шешуге алғашқы ұсынысты жасап, біршама істерге ұйытқы болады. Аталған мәселені шешуге Үржар мұсылмандарының біріккен комитетінің төрағасы Салық Аманжолов өзін заңгер ретінде, әрі халықтық тәжірибені жақсы білетіндігімен көзге түседі [19].

Уақыт өте келе Уақытша үкіметтің қолынан саяси билік біртіндеп ұзай берді. Пәрменді биліктің болмауынан құрамына әртүрлі қоғамдық ұйымдар кірген Делегаттар кеңесі, Қоғамдық қауіпсіздік комитеті, Кеңестердің кеңесі тағы да басқа құрылымдар жергілікті өкімет билігін жүзеге асыруға тырысты. Барлық ұйым өкілдері бас қосқан ортада жергілікті мәселелер бойынша түрлі істер қаралып, тиісті шешімдер қаралып жатты. Алайда, қазақ халқы үшін өмірлік маңызы бар жер, автономия, тіл тағы басқа мәселелер құрылтай жиналысына дейін қалдырыла берді.

Уақытша үкіметтің Қазақстандағы жергілікті билік органдары мен қазақ комитеттері, мұсылмандық комитеттер, қазақ комитеттер тағы басқа ұйымдардың қарым-қатынасы өзара үйлесімге, әрі қайшылыққа толы еді. Мұндай екі жақты байланыстың себебі, біріншіден, аталған ұйымдардың бәрі де Уақытша үкіметті қолдады, қуаттады, екіншіден, жергілікті мәселелерді, нақтырақ айтсақ, ұлттық зәру мәселелерді шешуде қайшылықтар, талас-тартыстар көп болды, ортақ тұжырымдар жасау қиынға соқты. Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындарындағы комиссар Қайдалов, Войшивилло сияқты кертартпа күштер билікті қолға жиып ұстағысы келсе, жергілікті халықтан тұратын қоғамдық негіздегі

ұлттық ұйымдар өздеріне тиісті істерді дербес шешуге ұмтылды. Осындай қайшылықтан туындаған өмірлік мәні бар мәселелердің құрылтай жиналысы қарауына қалдырыла беруі халықтың тағатын тауысты. Қазақтың ұлттық мәселелері, уақыт өте келе, тек автономияға қол жеткізгенде ғана шешілетіндігі айқындала түсті.

Уақытша үкімет мекемелері үшін Жетісуда 1916 жылдан кейін қалыптасқан халықтар арасындағы өшпенділікті мүмкіндігінше басқа арнаға түсіріп, ымыраластыру, өзара ынтымақ пен келісімге келтіру – бірінші кезектегі міндет болатын, мұны жергілікті халықтың Қазақ комитеті сияқты қоғамдық ұйым және мұсылмандар комитеті де жақсы түсінді.

Әдебиеттер

- 1 Шокай М. Түркістанның килы тағдыры / құрастырған Б. Серікбайұлы Қошым-Ноғай. – Алматы: Жалын, 1992. – 184 б.
- 2 Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 3 Олкотт М. Қазақтар // Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы, 1994. – 124 б.
- 4 Сенин А.С. Либералы у власти. История повторяется? // Кентавр. – 1993. – №2.
- 5 Государственное совещание 12-15 августа 1917 года. Стенограф. Отчет. – М.-Л., 1930. – С. 34
- 6 Общественные организации в политической системе России 1914-1918 гг. – М., – С. 4.
- 7 ҚР ОММ. 14-к., 3-т., 2-іс, 21-п.
- 8 Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917 ж. – маусым 1918 ж.): тар.ғыл.канд. ... афтореф. 1995. –29 б.
- 9 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Т.1. – 384 б.
- 10 Тынышпаев М. Великие бедствия ... – С. 105.
- 11 ҚР ОММ 9-к., 1-т., 99-іс, 1-п.
- 12 ҚР ОММ. 39-к., 2-т., 243-іс, 46-49-п.
- 13 Абдиров М.Ж. История качества Казахстана. – Алматы, 1994. – С. 132.
- 14 Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). – М., 1921. – С. 62.
- 15 ҚР ОММ. 9-к., 56-іс, 1-п.
- 16 ҚР ОММ. 992-к., 1-т., 3-іс, 3-10, 215-216-п
- 17 ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 90-іс, 51-п.
- 18 ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 86-іс, 26-п.
- 19 ҚР ОММ. 22-іс, 67-70-п.

References

- 1 Shokai M. Turkistannyn kyly tagdyry / kurastyrgan B. Sreikbaiuly Koshym-Nogai. – Almaty: Zhalyln, 1992. – 184 b.
- 2 Nurpeisov K. Alash ham Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b.
- 3 Olkot M. Kazakhtar // Esmagambetov K. Kazakhtar shetel adebietynde. –Almaty, 1994. – 124 b.
- 4 Senin A.S. Liberaly u vlasti. Istoria povtoryatsya? // Kentavr. – 1993. – № 2.
- 5 Gosudarstvennoe sovechanie 12-15 avgusta 1917 goda. Stenograf. Otchet. – M.-L., 1930. – s. 34
- 6 Obchestvennye organizacii v politicheskoi sisteme Rossii 1914-1918 gg. –M., – С. 4.
- 7 KR OMM. 14-k., 3-t., 2-is, 21-p.
- 8 Mahaeva A. Sh. Kazakh komitetteri: kuryly men kyzmety tarihy (nauriz 1917 zh. – mausym 1918 zh.), 29-bet
- 9 Bokeyhanov A. Shygarmalar. – Almaty: Kazakhstan, 1994. – Т.1. – 384 b.
- 10 Tynyshbaev M. Velikie bedstvyia ... – С.105.
- 11 KR OMM 9-k., 1-t., 99-is, 1-p
- 12 KR OMM. 39-k., 2-t., 243-is, 46-49-p.
- 13 Abdiro M.Zh. Istoria kachestva Kazakhstana. – Almaty, 1994. – С. 132.
- 14 Safarov G. Kolonyalnaya revolyucia (opyt Turkestana). – М., 1921. – С. 62.
- 15 KR OMM. 9-k., 56-is, 1-p.
- 16 KR OMM. 992- k., 1-t., 3-is, 3-10, 215-216-p
- 17 KR OMM. 9- k., 1-t., 90-is, 51-p.
- 18 KR OMM. 9- k., 1-t., 86-is, 26-p.
- 19 KR OMM. 22-ic, 67-70-p.

Ахметжанова А.Т.,
Козыбақова Ф.А.

**Деятельность интеллектуалов
в период функционирования
имперской власти в Казахстане
(30-е годы XX века)**

В статье авторы раскрывают деятельность личностей-интеллектуалов, трудившихся в ведущем вузе нашей страны в 30-е годы XX века, чья жизнь и деятельность сыграла заметную роль в становлении высшей школы в Казахстане, специалистов в области образования и науки, знатоков казахского языка и литературы, работавших на благо КазГУ имени С.М. Кирова (КазНУ имени аль-Фараби) и советского государства. Статья написана на основе анализа документов, хранящихся в архивных фондах ЦГА РК, КазНУ имени аль-Фараби и исследований казахстанских ученых. Авторы призывают ученых и педагогов университета бережно относиться к истории развития вуза и деятельности интеллектуалов, подвергшихся репрессии в период функционирования имперской власти в советском Казахстане.

Ключевые слова: интеллектуал, деятельность, образование, наука, архив, репрессии, имперская власть.

Ahmetzhanova A.T.,
Kozybakova F.A.

**Activities of intellectuals during
the functioning of imperial
power in Kazakhstan (The 30s of
XX century)**

In this article, the author reveals the activities of individuals who worked in the leading universities of our country in the 30s of XX century. Intellectuals, whose life and work played a significant role in the development of higher education in Kazakhstan, experts in the field of education and science, the experts of the Kazakh language and literature, who worked for the benefit of the Kazakh State University named after S.M. Kirov (al-Farabi Kazakh National University) and the Soviet state. This article was written based on an analysis of documents stored in archival collections CSA RK, the al-Farabi and research of Kazakhstan scientists. The author calls for scientists and university teachers take care of the history of the university and the activities of intellectuals who have been repressed during the imperial power in Soviet Kazakhstan.

Key words: intellectual, activity, education, science, archive, repressions, imperial power.

Ахметжанова А.Т.,
Козыбақова Ф.А.

**Қазақстанда империялық
билік тұсындағы
интеллектуалдардың қызметі
(XX ғасырдың 30-шы жж.)**

Мақалада авторлар XX ғасырдың 30-шы жж. біздің мемлекетіміздегі жетекші жоғары оқу орнында еңбек еткен тұлғалардың қызметін қарастырады. Кеңестік мемлекетке және С.М. Киров атындағы КазГУ-дың (аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың) игілігі үшін еңбек еткен қазақ тілі мен әдебиет білгірлерінің, Қазақстандағы жоғары мектептің қалыптасуы мен дамуындағы білім, ғылым саласындағы интеллектуалдардың қызметі баяндалады.

Мақала ҚР КРОМА мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мұрағаттарында сақталған құжаттар және қазақстандық ғалымдардың зерттеулері негізінде жазылды. Авторлар университеттің педагогтары мен ғалымдарын, жоғары оқу орнының даму тарихына және кеңестік Қазақстанда империялық билік кезінде репрессияға ұшыраған интеллектуалдардың қызметіне ерекше көңіл бөлуге шақырады.

Түйін сөздер: интеллектуал, қызмет, білім, ғылым, мұрағат, репрессия, империялық билік.

**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛОВ
В ПЕРИОД ФУНКЦИО-
НИРОВАНИЯ
ИМПЕРСКОЙ ВЛАСТИ
В КАЗАХСТАНЕ
(30-е годы XX века)**

В настоящее время казахстанцы реализуют перспективные задачи, определенные Стратегией «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства». Значительными из них являются «сохранение культуры, традиции и самобытности народов», поднятие «роли национальной интеллигенции в духовном развитии нашего общества»..., а также продолжение работы по «формированию исторического сознания нации» [1, с. 59]. Широкий интерес в мире вызывают интеллектуалы, чья деятельность является фундаментальной. Исследуются их жизнь, богатое наследие, роль в культурном развитии своего народа и вклад в сокровищницу мировой цивилизации. Такие личности были, есть и будут во всех государствах. Многие из них своими идеями, сильным духом, патриотическими чувствами раздражают имперскую власть.

В первой половине XX века передовые члены казахского общества были подвергнуты репрессии как со стороны российской, так и советской империй. Среди них есть ученые и педагоги КазНУ имени аль-Фараби. Трудовая деятельность некоторых из них начиналась в начале XX века в имперской России и трагически закончилась во время существования государства диктатуры пролетариата. В советской стране искали и находили «виновных», «вредителей», «подрывных антисоветских элементов», «участников подпольных организаций» и «буржуазных националистов». Определить, сколько «врагов народа» было найдено в нашем вузе, сложно. Ранее мы писали об этом. Но точно можно сказать, что это были интеллектуалы, имевшие разный статус в вузе, начиная с первых руководителей до рядовых членов коллектива. К примеру, один из организаторов высшей школы в Казахстане Баймен Алманов (1896-1943) трудился директором (ректором) КазПИ с 1931 по 1934 годы (ныне Казахского национального педагогического университета имени Абая) и по совместительству директором (ректором) КазГУ (ныне Казахского национального университета имени аль-Фараби) с 1 по 18 января 1934 года. Деятельность его в нашем университете подтверждается архивными документами: имеются приказы, подписанные Байменом Алмановым с 1 по 18 января 1934 года. Это: Приказы по учебной и административно-хозяйственной работе КазПИ и КазГУ, о совместительстве директо-

ра; об оплате заместителя директора по учебной части Д.В. Кузнецова; о приеме на работу первых преподавателей и сотрудников; о назначении комиссии по подготовке строительства и выбора места стройки; об испытаниях, поступающих в КазГУ; о зачислении с 15 января 1934 года лиц в число студентов КазГУ [2]. И только после окончания подготовительных работ по открытию университета, 19 января 1934 года директором (ректором) Казахского государственного университета был назначен Ф.Т. Оликов. О Баймене Алманове можно найти небольшой материал в книгах «Казахская национальная энциклопедия», «Тауқымет пен тағзым», «Алаш ақиықтары: мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар», а также в статье «Алғашқы ректор кім болған?» Жетпіс Галдыбаева, опубликованной в журнале «Қазақ тарихы» в 2004 году. Баймен Алманов был арестован в 1938 году. Умер в лагере в 1943 году. Реабилитирован в 1955 году. В 50-ые годы XX века гонениям подвергся ректор КазГУ имени С.М. Кирова Толеген Тажибаев.

Не одобрила имперская власть и деятельность Телжана Шонанулы (1894-1938) – активного деятеля алашского движения, крупного специалиста по казахскому языку и литературе. В университете трудился с 1934 года, о чем свидетельствуют архивные документы. О нем, впервые после реабилитации, писал историк Абу Сактаганович Такенов. Благодаря ему был издан его труд «Жер тағдыры – ел тағдыры» и раскрыты мало известные страницы его работы в вузе. Автобиографические данные Т.Ш. Шонанулы можно найти в книге «Казахи в России», изданной в 2007 году в Москве. Учеными Казахстана исследованы его научная, педагогическая, просветительская деятельности. Изданы его труды. Знаток истории становления и развития родного языка и литературы, трудился не думая о благодарностях, поощрениях и льготах. Свидетельством того, что это была выдающаяся личность, являются написанные им 32 книги и 72 статьи [3]. Телжан Шонанулы был арестован 21 июля 1937 года. По мнению исследователей в обвинительном деле нет доказательств его виновности. Суд длился 15 минут. 23 февраля 1938 года он был приговорен к высшей мере наказания – расстрелу. Приговор приведен в исполнение в тот же день. Реабилитирован Телжан Шонанулы лишь 13 августа 1990 года [3].

Советской власти не понравилось происхождение и личная жизнь Шахзады Шонановой (1903-1938) – супруги Телжана Шонанулы, студента 2 курса биологического факультета КазГУ.

- 2 ҚРПМ қор 708, тізбе 139, іс 1282, парақ 10.

References

- 1 KRPM khor 708, 139 tizbe, 1274 is, 1-12 parak.
- 2 KRPM khor 708, 139 tizbe, 1282 is, 10 parak.

Әбденов А.Ж.
**«Өзен-Атырау-Самара» мұнай
құбырының салыну тарихы**

Мақалада Батыс Қазақстан территориясында құрылысы жүрген «Өзен-Атырау-Самара» мұнайқұбырының салыну тарихы қарастырылады. Құбыр XX ғасырдың II жартысында мұнайлы Маңғыстау өңірінің қара алтынын Самарадағы мұнай өңдеу зауытына тасымалдауды жеделдету мақсатында салынған болатын. Сол кезеңдегі керемет ең ірі «ыссы» магистралды мұнайқұбырының салыну барысы өте ауқымды болған.

Құбыр жолы Маңғыстау түбегін, Каспий маңы ойпатын, Атырау, Батыс Қазақстан, Орынбор және Самара облыстарын кесіп өтіп салынған. Сонымен қатар, мақалада осы алып құрылысты жүргізген «Южгипротрубопровод» институтының ұжымын Мемлекеттік сыйлықпен марапаттау мәселесі де келтірілген.

Түйін сөздер: мұнай, мұнайқұбыры, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, тасымалдау, құрылыс, магистрал.

Abdenov A.Zh.
**The history building of oil
pipeline «Ozen-Atyrau-Samara»**

In presented part the build pipelines «Ozen-Atyrau-Samara» were considerate in Western Kazakhstan, economically efficient system of new pipeline transport for Mangystau oils.

The rapid development of oil industry of Kazakhstan needs exact, rational piping layout that will promote the provision of hydrocarbon fuel to internal and external markets.

A peculiarity of the third stage of oil pipe-line transport system development is connected with developing of new deposits of Mangystau peninsula in the 1960-1980s and with creation of a new oil pipe-line department (South oil pipe-line department). For the oil transportation in western region there were constructed arterial oil pipe-line «Ozen-Atyrau-Samara».

Key words: Oil, pipeline, Western Kazakhstan, Mangystau, transportation, constructed, arterial.

Абденов А.Ж.
**История строительства
нефтепровода ряда
«Озен-Атырау-Самара»**

В данной статье рассматривается строительство «горячего» нефтепровода «Озен-Атырау-Самара». Новым и грандиозным сооружением во второй половине XX века в Западном Казахстане явилась прокладка нефтепровода «Озен-Гурьев-Куйбышев», завершение которого во многом изменило лицо Мангистауской нефти. Трасса трубы пересекала территорию ряда областей: Мангистауской, Атырауской, Западного Казахстана, Оренбургской и Самарской.

Особенность развития нефтепроводной транспортной системы связана с освоением новых месторождений Мангистауского полуострова в 1960-1980-е гг. и созданием нового нефтепроводного управления (Южное нефтепроводное управление). Для транспортировки нефти в западном регионе был сооружен магистральный нефтепровод «Озен-Атырау-Самара».

Ключевые слова: нефть, нефтепровод, Западный Казахстан, Мангистау, транспортировка, строительство, магистрал.

**«ӨЗЕН-АТЫРАУ-САМАРА»
МҰНАЙ ҚҰБЫРЫНЫҢ
САЛЫНУ ТАРИХЫ**

Қазақстанда мұнай көздерінің басым бөлігі Батыс Қазақстан территориясында, ал бұл аймақ екі үлкен алаңға бөлінеді. Бірі – революциядан бұрын-ақ мұнай бере бастаған Ембі аудандары да, екіншісі – Маңғыстау жарты аралы. Ал осы аймақтың болашағы мен мұнай қорын салыстырсақ, Маңғыстаудың шоқтығы әлдеқайда жоғары болып келеді.

Елімізде Маңғышлақ мұнайын тасымалдауға аса көңіл бөлінді, жоғары тұнбалы парафинді мұнайын тасымалдау мақсатында «ыстық» магистралды Өзен-Гурьев-Куйбышев мұнай құбырын салу жоспарланды.

1965 жылы мұнай өндірудің артып келе жатқанын ескере отырып, оған қоса тасымалдау мәселесінің шешілмеуі осы өңірде «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің маңынан магистралды мұнайгаз өнімдері құбырлары басқармасының (ММГӨҚБ) құрылуына септігін тигізді. Транспорттық құрылыстан басқа Шевченко, Астрахань, Махачкала, Баку, Атырау мен Волгоград қалаларының арасында теңіздік коммуникациялардың қалыптасуы да қатар жүрді. Аса маңызды шаралардың бірі Ақтау теңіз портына мұнай қабылдау айлағының тұрғызылуы болды. Кейіннен, Ақтау порты Кеңес Одағы порттарының тізімі қатарына енгізілді.

Мұнай өндірудің еселеп артуы 1967 жылы Өзен-Құлсары-Гурьев-Куйбышев магистралды мұнай арнасы құрылысын жүргізуге және құрылысты 1970 жылы аяқтап, шаруашылыққа пайдалануға беру көзделді [1, 12 б.].

1968 жылдың 1 ақпанына дейін мұнай құбырының Өзен-Сай-Өтес-Бейнеу-Құлсары-Гурьев аралығында келесі алаңдар қолданысқа берілді:

1. Гурьевте мұнайды құю мен қыздырып айдау станциясы (16.01.1968 ж.);
2. Құлсары-Гурьев бөлігіндегі екі қыздыру пункті (24.10.1967 ж.);
3. Бейнеудегі айдау станциясы (27.01.1968 ж.);
4. Өзендегі негізгі айдау станциясы (22.01.1968 ж.).

Құрылыс алаңдарын жоспарлау мен қолданысқа беру міндеттерін «Южгипротрубопровод» институты қолға алады, бірақ олар кейбір құжаттарда (атап айтсақ, жұмыс сызбалары мен жоспарлау жұмыстарының материалдарын) уақытылы тап-

сырмады, Сай-Өтес пен Құлсары алаңдарындағы мұнай қыздыру пунктерінде кейбір олқылықтар орын алды. Айдау станциясы мен қыздыру пунктердегі алаңдарда тиісті жұмыстар атқарылмаған, бұл дегеніміз қажетті нысандардың дер кезінде жүзеге асырылып, аяқталуына едәуір тежеу жасалғанын көрсетеді [2, 15 б.].

Дейтұрғанымен, «Южгипротрубопровод» институты – негізгі жоспарлау ұжым ретінде Газ өнеркәсібі Министрлігі мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1967 жылғы 18 тамыздағы № 1995 – р бұйрығына сәйкес, 1967 жылдың желтоқсан айының соңында «Өзен-Құлсары-Куйбышев» магистралды мұнай арнасының жоспарлау сызбасын аяқтады [3, 18 б.]. Жоспарды атқару тапсырмасы 1968 жылдың 12 қаңтарында алынды. Кейін осы жоба «Қазақстанмұнай» бірлестігінің қарауында болып, сараптама жасалынды.

КСРО Министрлер Кеңесі 1967 жылдың 18 тамыздағы №1995 – р бұйрығына орай, Маңғышлақ түбегінің қара дариясын мұнай зауыттарына жөнелту бағыттарын тиімді жолға қою үшін тапсырма берді:

1. Мұнайөнеркәсібі, Мұнайхимияөнеркәсібі, Газөнеркәсібі Министрліктерінің шешімдеріне, КСРО-ның Мемлекеттік жоспарлау басқармасы 1967-1970 жылдары құрылысы жүретін «Өзен-Құлсары-Куйбышев» магистралды құбырдың құрылысын жүргізуді мақұлдай келе, 1966 жылдың 2 қазанындағы Маңғышлақ-Гурьев-Волгоград мұнай арнасын салу жөніндегі №814 қаулысына түзетулер енгізіп, шешімді өзгертті.

Аталған өзгертулерге орай, Маңғышлақ мұнайын тасымалдаудағы магистралдық желілердің бағыттары қайта қаралатын болып белгіленді;

2. КСРО Мұнайөнеркәсібі мен Газ Өнеркәсібі Министрлігіне – «Өзен-Құлсары-Куйбышев» магистралды мұнайқұбырының құрылысына қажетті жағдайды жасау, Өзен-Құлсары-Гурьев бөлігі мен Гурьев қаласына мұнай құятын пункт құрылысын 1968 жылы, Құлсары-Куйбышев аралығын 1970 жылдың 1-ші тоқсанында аяқтап, қолданысқа беруді тапсырды.

Өзен-Құлсары-Куйбышев құбыры құрылысында тұрақты түрде еңбек еткісі келетін жұмысшыларға Компартия мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1956 жылдың 17 мамырдағы №648 қаулысына сәйкес, КСРО Министрлер Кеңесінің 1967 жылдың 18 тамыздағы №1995-р бұйрығын орындауда, КСРО Мұнайөнеркәсібі Министрі 1967 жылдың 2 қыркүйегіндегі №433 бұйрығы негізінде:

I. «Қазақстанмұнай» бірлестігіне (С. Өтебаевқа):

а) 1967 жылдың қыркүйегінде құрылысы басталған Өзен-Құлсары-Куйбышев құбырының жұмысын Шевченко қаласында ұйымдастыру;

ә) 1967 жылдың 1-ші желтоқсанына дейін құрылысқа қажетті инженер-техникалық мамандармен қамтамасыз етіп, шақырылған жұмысшы-кадрларды Шевченко қаласында орналастырып, жағдайын жасау;

б) 1967 жылдың 10 қыркүйегіне дейін «Южгипротрубопровод» институтына Өзен-Құлсары-Куйбышев мұнайқұбырының жоспарын аяқтау, Гурьев қаласында жылына 6 млн. тонна мұнай құятын эстакаданы салудағы іс-шараларды реттеу;

II. Күрделі құрылыстың негізгі басқармасы (Соколовқа):

а) «Қазақстанмұнай» бірлестігіне құрылысы қайта жаңғырған мұнай желісіне қажетті қаржыны уақытында бөлу;

ә) 1968 жылдың жоспарына Өзен-Құлсары-Гурьев құбырының іске қосылуына қаражат бөліп, 1968 жылы Гурьевте мұнай құю пунктін аяқтауға күш салу;

б) 1968 жылдың 1 қаңтарына дейін құбыр жолының барлық нысандарының техникалық құжаттарын әзірлеу.

III. Өзен-Құлсары-Куйбышев мұнайқұбыры құрылысының ұжымына (Юдилевичке):

а) Өзен-Гурьев бөлімі мен Гурьев қаласында мұнай қабылдау бөлімшесінің жобасын 1968 жылы, Құлсары-Куйбышев аралығын 1970 жылдың I тоқсанында тапсыруға барлық жағдайды жасауға бұйырды [4, 146-147 pp.].

КСРО Мұнай Өнеркәсібі Министрлігі мұнайқұбырының құрылысына тапсырыс берумен қатар, құрылыстың уақытылы аяқталуына да тікелей бақылау жасады. Мұнайқұбырын салу мен трубаларды төсеу жұмыстарын Газ Өнеркәсібі Министрлігіне қарасты арнайыланған құрылыс және монтаждау ұйымдары жүргізді.

Диаметрі 1020 мм-ге есептелінген мұнайқұбыры жоғары парафинді мұнайды қыздыру тәсілі арқылы 1400 шақырымды бойлай өтіп салынбақ, отандық және шетелдік тәжірибеде бұрын соңды бұндай ірі құрылыстың жобасы болған емес, әлемде ешбір теңдесі жоқ құрылыс кешені негізгі орталыққа айналады.

Мұнайқұбыры жылына 31 млн. тонна маңғышлақ мұнайын Гурьевтің, Куйбышевтің, Орскінің және Волгоградтың мұнай өңдеу зауыттарына (МӨЗ), «Дружба» мұнайқұбыры мен Қара теңіздің порттарына жеткізуге мүмкіндік береді. Волгоград, Орскі МӨЗ мен Қара теңіз порттарына Гурьев арқылы темір жолмен тасымалда-

нылады, ол да мұнайқұбыры кешенінің жобасы құрамына енгізілген.

Маңғышлақ түбегіндегі Өзен кәсіпшілігінен бастау алатын мұнай арнасының соңғы қабылдау пункті Куйбышев қаласы маңындағы мұнай айыру базасы, сол жерден «Дружба» мұнайқұбырына және Куйбышев МӨЗ жіберіледі.

Өзен-Құлсары-Куйбышев мұнайқұбырының құрамына:

1. 1467 км-ге созылатын магистралды трубақұбыр құрылысының Дирекциясы;

2. Өзендегі бас құрылыс;

3. Гурьев ауданындағы мұнай құйылатын пункт, айдау стансасы мен қыздыру пункті біріктірілген;

4. Сай-Өтес, Бейнеу, Индербор және Үлкен Шағандағы аралық насостыайдау стансалары;

5. Сахарный, Үлкен Черниговка және мұнайқұбырының 663 км тұсындағы үздіксіз қыздыру пункті;

6. 66, 228, 419, 601 км тұсындағы және Кармановтағы уақытша қыздыру пунктері қарады [5, 19-20 пп.].

Трасса Маңғыстау түбегін, Үстіртті, Каспий маңы ойпатын, Гурьев (Атырау), Орал (Батыс Қазақстан), Орынбор және Куйбышев облыстарының территориясын кесіп өтіп, солтүстікке еліміздің мол байлығын тасымалдауға арналды. Құбыр жолы 133 табиғи және жасанды өткелдерден өтеді, соның ішінде: 39 өзен, 6 шойын жол, 14 автомобиль жол, 23 сорды кеседі. Құбыр жолындағы ең ірі өзен – Орал.

Мұнай арнасының жолында бір-бірінен 20-30 км аралықта электржелілерінің тоғысатын нүктелері орналасты. Магистралды мұнай құбырының диаметрі 1020 мм, трубаларды электрдәнекерлеу арқылы төсеу есептелінген. Мұнай «насосан насосқа» айдау схемасы негізінде жүргізіледі.

Трубақұбырларды топырақ коррозияларынан қорғау шаралары кешенді жүргізілді, электрлік қорғаныс пен протекторлар қондырылды. Трасса жолын, әсіресе, Өзен-Гурьев, Гурьев-Куйбышев аралықтарын авиацияның (вертолет) көмегімен бақылап отырды.

Қара алтынның қорына бай еліміздің Маңғышлақ түбегінің мұнайында парафиннің көлемі жоғары (20-25%) сол себепті де +30° температурада мұнай тұнып қалады.

Жоғарытұнбалы парафинді мұнайды трубақұбыр арқылы тасымалдау бірнеше қиыншылықтар тудырады. Осы мәселені оңтайлы шешудің екі жолы бар:

1. Бүкіл трубақұбыр жолында мұнайды қыздырудың үнемі жоғары температурасын сақтау.

2. Мұнайдың реологиялық өзгешелігін жақсартуда механикалық немесе химиялық жолдарды пайдалану.

Сондықтан да, тұнбалы мұнайды трубақұбырда еш қиындықсыз тасымалдаудың амалдары ойластырылды:

- Қыздыру (ысытып айдау);
- Суды пайдалану (гидротранспорт);
- Газбен және т.б. [6, 21-25 пп.].

Құрылыс алаңындағы және стансалардағы жұмысшылар мен қызметкерлерге арнап жаңадан тұрғын-үй, қоғамдық-мәдени орталықтар және көптеген басқа да нысандар салына бастады.

Соңғы жылдардағы Кеңес Одағы мен шетелдердегі басқа мұнайқұбырларына қарағанда «ыстық» Өзен-Құлсары-Куйбышев мұнайқұбыры техникалық-экономикалық жағынан олардан әлдеқайда жақсы болған [1; 2 кесте].

Мұнайқұбырында автоматика мен телемеханиканы қолдану әсерінен қызмет көрсетуші 64 адамның жұмысы жеңілденді, құбырдың өнімділігі 4%, энергия қуатын пайдалану 5% қысқарды, нәтижесінде 264 мың рубль қаржы үнемделді. Темір жол көлігіне қарағанда мұнайқұбырымен тасымалдаудың әлдеқайда тиімділігі тағы бір дәлелденді.

Институт Одақ көлемінде салынған жоғарытұнбалы мұнай тасымалына арналған барлық магистралды мұнайқұбырлары жобасының авторы екендігін айта кеткен жөн. Сондықтан да Өзен-Құлсары-Куйбышев мұнайқұбыры құрылысына бұған дейін одақ аумағында салынған құбырлардан жиналған мол тәжірибе көп көмегін тигізді.

Мұнайқұбыры құрылысына жауапты ұйым – КСРО Газ Өнеркәсібі Министрлігі, мұнайқұбырының құрылысына атсалысатын ұйымдар қатарына:

- а) «Маңғышлақнефтегазстрой» тресті – Өзен алаңы;
- ә) «Союзгазпромстрой» басқармасы – Бейнеу, Құлсары, Индербор алаңдары;
- б) «Омскнефтепроводстрой» тресті – Өзен-Гурьев бөлігі 0 км – 134 км, 155 км – 300 км, 883 км – 961 км және Сай-Өтес алаңы;
- в) «Уралнефтегазстрой» тресті 300 км – 884 км, Гурьев пен Карманово алаңдары;
- г) «Татнефтепроводстрой» тресті – Гурьев-Куйбышев бөлігі 961 км – 1171 км және Сахарный мен Үлкен Шаған алаңдары;
- е) «Востокнефтепроводстрой» тресті – 1171 км – 1467 км бөлігі және Үлкен Черниговка алаңы мен 1380 км тұсындағы қыздыру пункті қарады.

Келтірілген №1 кестеде КСРО территориясындағы ірі мұнайқұбырлардың техникалық

экономикалық жағдайына салыстырмалы түрде талдау жасадық, шынымен де Өзен-Құлсары-Куйбышев мұнайқұбырының кейбір көрсеткіштері тұрғысынан алғанда басқа алып құбырлар-

дан артықшылығы көрінеді. Нақтылай кетсем, ұзындығы, материалдардың қолданылуы мен жұмысшылардың жылдық еңбегі жағынан бір қадам алда тұр.

1-кесте – Құбырлардың негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Өзен-Құлсары-Куйбышев мұнайқұбыры	Өзен-Құлсары-Куйбышев мұнайқұбыры, қыздыру пунктерінсіз	Усть-Балык-Омск мұнайқұбыры	«Дружба» мұнайқұбыры
Ұзындығы, км	1467	1467	1006	1290
Диаметрі, мм	1020	1020	1020	1020
Жылдық өнімділігі, млн. тонна	31-25	31-25	44	47,5
Металл шығыны, мың тонна	408,7	408,7	300,9	366,5
Айдау стансалары	7	7	14	16
Айдау құны, млн. рубль	25,4	18,7	27,9	37,2
Жұмысшылар саны	875	767	1647	1120
Жұмысшының жылдық еңбек өнімділігі, млн. тонна.	46,8	53	26,9	54

2-кесте – Салыстыру кестесі. Құбырлардың техникалық-экономикалық көрсеткіштері (шетелдік мұнайқұбырларымен бірге)

Көрсеткіштер	Өзен-Куйбышев мұнайқұбыры	Оңтүстік-Еуропалық мұнайқұбыры	Транс-Альпілік мұнайқұбыры
Ұзындығы, км.	1467	760	460
Диаметрі, мм.	1020	860	1016
Жылдық өнімділігі, млн. тонна.	31-25	25-35	25-50
Стансалар арасындағы орта қашықтық, км.	200	115-81	92-42
1 км мұнай құбырының құны, мың рубль.	139,5	-	400

№2 кестеде Кеңес Одағындағы тұңғыш «ысы» Өзен-Куйбышев мұнайарнасын шетелдік мұнайқұбырларының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін келтіре отырып салыстырдық. Нәтижесінде көріп отырғанымыздай, алып магистралдар арасында Маңғышлақ түбегінен бастау алатын құбыр жолының көрсеткіші жоғары екендігі көрінеді [7, 30-34 pp.].

Сіздерге 1969 жылдың 10 желтоқсанындағы «Южгипротрубопровод» институтының техникалық Кеңесінің №15 хаттамасының көшірмесін ұсынайын

Киев қ.

Қатысқандар:

Техникалық кеңес мүшелері: Кофман С.Р., Дубяга А.Г., Зубок И.А., Лукашевич Э.Н., Ткаченко И.М., Вайсман М.О., Кельнер М.И., Ос-

редько Ю.С., Лунев И.А., Ступенько И.Ю., Коцюба М.Д., Некрич И.Н., Розен С.Ш., Терентьев В.Г., Пархоменко С.М., Ковсан В.М.

Шақырылғандар: бөлім басшылары, жобаның бас инженерлері.

Төраға – С. Кофман

Хатшы – Ю. Воскобойников

Күн тәртібінде:

КСРО-ның Мемлекеттік Сыйлығына жоғарытұнбалы мұнайды тасымалдаумен айналысатын «Өзен-Құлсары-Гурьев-Куйбышев» магистралды мұнайқұбыры мен «Южгипротрубопровод» институтының авторлық ұжымына сыйлық беру туралы мәселе қаралды.

Тыңдалды:

Алдымен Кеңестің төрағасы С.Р. Кофман +27 +30° жоғары температурада тұнып қалатын Маңғышлақтың мұнайын Гурьевтің, Волгог-

радтың, Орскінің және Куйбышевтің МӨЗ-на жеткізуге арнап салынған әлемде теңдесі жоқ «Өзен-Құлсары-Гурьев-Куйбышев» магистралды мұнайқұбырының құрылысы мен жобалау ерекшелігіне тоқталып өтті.

КСРО Мемлекеттік Сыйлығының негізгі ұстанымдарына сәйкес, «Южгипротрубопровод» институты мұнайқұбырының жобасына, оның құрылысына тікелей қатысып және іске қосылуына мол үлес қосқан 5 қызметкерден тұратын авторлық ұжымның тізімін ұсынады.

Институттың партиялық бюросының отырысында мақұлданған үміткерлер қатарында: А.П. Бондарчук, С.Р. Кофман, М.А. Кулишер, Э.Н. Лукашевич және Ю.С. Осередько болды.

Талқыланылып жатқан сұрақ төңірегінде бойынша И.А. Зубок, А.Г. Дубяг, В.Г. Терентьев, М.Я. Шапиро және В.Г. Мильман өз пікірлерін білдіреді.

Қаулы етті:

І. Жобаланылып салынған (құрылыстың І кезеңі) диаметрі 1000 мм жоғарытұнбалы парафинді мұнайды 1400 шақырымда қыздыру әдісі арқылы тасымалдауға салынған мұнайқұбырының ерекшелігі сол – отандық немесе шетелдік құрылыс саласында бұрын-соңды керемет жетістік болмаған. Мұнайқұбырында жаңа жоғарыөндірістік технологиялық процесс қолданылды. Жаңа талапқа сай мұнайқұбыры халықшаруашылығының дамуына, өркендеуіне зор әсер етеді.

Сондықтан авторлық ұжымның жұмысын орасан ерлікпен бағалай отырып, КСРО Мемлекеттік Сыйлығына ұсынып, үміткерлер тізімі белгіленді:

1. А.П. Бондарчук – институт директоры.
2. С.Р. Кофман – институттың бас инженері.
3. М.А. Кулишер – институттың бас инженерінің орынбасары.
4. Э.Н. Лукашевич – Өзен-Құлсары-Куйбышев мұнайқұбыры жобасының бас инженері.
5. Ю.С. Осередько – технологиялық бөлімнің басшысы.

ІІ. Жасырын жолмен дауыс беріп, авторлық ұжымның мүшелерін анықтаған комиссия хаттамасы заңды күшіне енгізілсін [8, 42-50 пп.].

Техникалық Кеңестің төрағасы С. Кофман
Хатшы Ю. Воскобойников

«Өзен-Құлсары-Гурьев-Куйбышев» магистралды мұнайқұбырының жобасы мен құрылысын ұйымдастыруда атқарған маңызды жұмыстары үшін «Южгипротрубопровод» институтының авторлық ұжым мүшелерінің жұмыстары 1969 жылы үздік деп танылып, Одақ көлеміндегі аса жоғары Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

1970 жылдың 25 тамызында 1500 километрлік Өзен-Құлсары-Гурьев-Куйбышев «ыстық» мұнайқұбырының іске қосылуы Маңғыстау мұнайын елдің орталық аудандарына жеткізу проблемасын шешуге мүмкіндік берген [9, 14 б.].

Өрине, ол тек жеке тұлғаға сыйлық беру ғана емес, құрылыс бүкіл ұжымның маңдай тері, еңбегі. Еліміздің халық шаруашылығы мен экономикасының дамуына, халқымыздың әлеуметтік жағдайының жақсаруына зор көмегін тигізген болатын.

Әдебиеттер

- 1 Жемчужина Каспия. – Алматы: Олке, 2003. – 34 с.
- 2 Атырау ОММ. 1092-қор, 1-тізбе, 159-іс, 15-п.
- 3 Ресей МЭМ. 70-қор, 1-тізбе, 2959-іс, 18-п.
- 4 Маңғыстау ОММ. 322-қор, 1-тізбе, 58- іс, 146-147-пп.
- 5 Ресей МЭМ. 70-қор, 1-тізбе, 2959-іс, 19-20 пп.
- 6 Ресей МЭМ. 70-қор, 1-тізбе, 2959-іс, 21-25 пп.
- 7 Ресей МЭМ. 70-қор, 1-тізбе, 2959-іс, 30-34 пп.
- 8 Ресей МЭМ. 70-қор, 1-тізбе, 2959-іс, 42-50 пп.
- 9 Маңғыстаумұнайгаз. 2003. 63 б.

References

- 1 Zhemhuzhina Caspia. – Almaty: Olke, 2003. – 34 b.
- 2 Atyrau OMM. 1092-kor, 1-tyzbe, 159-is, 15-p.
- 3 Resei MЭM. 70-kor, 1-tyzbe, 2959-is, 18-p.
- 4 Mangistau OMM. 322- kor, 1- tyzbe, 58- is, 146-147-pp.
- 5 Resei MЭM. 70-kor, 1-tyzbe, 2959-is, 19-20-pp.
- 6 Resei MЭM. 70-kor, 1-tyzbe, 2959-is, 21-25-pp.
- 7 Resei MЭM. 70-kor, 1-tyzbe, 2959-is, 30-34-pp.
- 8 Resei MЭM. 70-kor, 1-tyzbe, 2959-is, 42-50-pp.
- 9 Mangistaumunaigaz. 2003. – 63 b.

Касымова Д.Б.,
Кундакбаева Ж.Б.

**Трансформация
мировоззрения советских
женщин в первой половине
XX века в западной
историографии**

Отношения между мужчиной и женщиной за длительную историю человеческого общества постоянно претерпевают изменения. Роль мужчины не сильно изменилась за многие столетия, а роль женщины изменилась кардинально. Конечно же, надо учитывать менталитет общества – образ мыслей, совокупность умственных навыков и духовных установок, присущих отдельному человеку или общественной группе. Для нас представляет интерес процесс ментальной трансформации советской женщины. Истоки этого западные исследователи определяют первой половиной XX века, когда, по их мнению, складывалась «тоталитарная система» советского общества. В данной статье перед нами ставится задача понять, в результате влияния каких факторов женщины стали менять сложившуюся веками мировоззренческую природу. Почему появились приоритеты быть наравне с мужчиной. Распространялось ли это только на семейные отношения или это касалось карьеры и финансовой независимости. Как молодое поколение женщин вливалось в активную политическую жизнь.

Ключевые слова: ревизионизм, советская гендерная политика, сталинизм, советская модернизация, тоталитаризм, феминизм.

Kassymova D.B.,
Kundakbayeva Zh.B.

**Transformation of soviet women
outlook in the first quarter
of XX century in western
historiography**

Relations between man and woman for the whole history of humankind have been in the process of everlasting changes. The role of man did not change much over times, while the females' role radically altered over the last centuries. The society mentality should be taken into account – way of thinking, set of intellectual skills and matrixes, typical for any individual or social group. For us the most exciting is the mental transformation process of a soviet woman. Western researchers see the origin for that to come out define as first half of the XX century when, in their opinion, was formed «totalitarian system» of the soviet society. The article is aimed to understand which factors resulted in women's changes of their centuries formed mental nature. How did the priorities to be equal to man grow? Whether they covered only family sphere or spread to career and financial independence? How did the young generation of women get into active political life?

Key words: soviet gender policy, Stalinism, totalitarianism, revisionism, soviet modernization, feminism.

Қасымова Д.Б.,
Құндақбаева Ж.Б.

**XX ғасырдың бірінші
жартысындағы батыс
тарихнамасындағы кеңестік
әйел дүниетанымының өзгерісі**

Қоғамдағы әйел және ер адамның қатынасы ғасырлар бойы өзгеріске ұшырап, түрленіп отырды. Бастапқы тарихи кезеңмен салыстырғанда ер адам және әйелдің қызметі өзгеріске ұшырауын байқап отырмыз. Оның басты себебі қоғамдағы ойлау ортасы мен рухани құндылықтардың және жеке адамға қатысты көзқарастардан байқауға болады. Біз үшін әйелдің ментальді өзгеріске ұшырау үдерісі маңызды. XX ғасырдың басындағы «тоталитарлық жүйенің» қалыптасуы батыстық зерттеушілердің осы өзгерістерден бастау алатынын көрсетеді. Мақалада әйелдің дүниетанымының қандай себептерден өзгергендігіне қатысты зерттеулердегі мәселелер талқыланады. Ғасырлар бойы қалыптасқан ер адамның қоғамдағы орнына әйелдің көтерілуіне қатысты алғышарттардың туындауы талданды. Бұл қаржылық немесе отбасылық қатынасқа таралуымен қатар жүруіне ерекше көңіл бөлінді. Саяси өмірге жаңа әйел бейнесінің енуіне байланысты зерттеулердегі көзқарастардың туындауын көрсетеді.

Түйін сөздер: ревизионизм, кеңестік гендерлік саясат, сталинизм, кеңестік модернизация, тоталитаризм, феминизм.

¹Казахстанский институт менеджмента, экономики и прогнозирования,
Республика Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы

*E-mail: didar@kimep.kz

ТРАНСФОРМАЦИЯ МИРОВОЗЗРЕНИЯ СОВЕТСКИХ ЖЕНЩИН В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА В ЗАПАДНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Как известно, период формирования «советской тоталитарной системы» исследователи относят к периоду сталинизма. Историки школы ревизионистов выделяют ориентиры для понимания сути процессов, происходивших в Советском Союзе, среди которых можно выделить работы Шейлы Фитцпатрик. Исследователь целенаправленно проводит научно-методологическую линию по реставрации истории сталинизма через личные переживания [1]. Ш. Фитцпатрик разработала новую методологию интерпретации социальной реальности советского периода 1920-1930-х годов, которая дает основание заключить, что сталинизм был не только политико-административной системой, эволюционировавшей из диктатуры пролетариата, соединенной с личностью И. Сталина, но и формой адаптации большей части населения Страны Советов к системе, принятием самой системы и поддержке, которую они ей оказывали. По мнению ревизионистов, советский режим получал поддержку от большей части населения, которое получило возможности социальной мобильности в новых условиях. Социальные группы выигрывали от сталинской политики, т.к. получали широкие привилегии (повышение материального уровня, общественный престиж: стахановцы, закрытые распределители для номенклатуры, МТСы для колхозной красной элиты, и пр.). Мобилизирующую роль в этом играли идеология, пропаганда, образование и культура. Люди выступали не в качестве «винтиков» советской сталинской машины, но, по утверждению ревизионистов, считали себя основным инструментом проведения политики партии, правительства и лично товарища И.В. Сталина. В тоталитарной модели сталинизма народ играл скорее пассивную роль и инициативы «сверху» носили принудительно-репрессивный характер. Работы Ш. Фитцпатрик раскрывают особенности конструирования нового советского общества «снизу». Она показывает, как широкие народные массы и их представители принимали участие в продвижении социалистических реформ, получая от этого определенные выгоды. Именно таким образом была создана аффирмативная советская империя [2]. Стремление выжить у советских людей выработало классовую идентификацию «снизу»: люди старались придумать для себя новые (политически корректные) биографии,

особенно если они уезжали в другие населенные пункты, где их, как они надеялись, никто о них не знает. В своем новом прошлом они происходили из «правильных семей» (не из баев или биев) и т.д. [3].

Использование дискурсивных практик в интерпретации источников личного характера позволило некоторым американским исследователям не только расширить документальную базу (дневники, письма), но и заглянуть в души женщин-современниц 1920-1930-х годов, вчитаться в их мысли и чувства, приоткрыть завесу прикрытых маской приличия тайн и трагедий [4]. Люди подчиняли свои эмоции на интеллектуальном и подсознательном уровнях (поскольку опасались за свои жизни и не хотели подвергать опасности своих близких) внешним канонам и каналам производства идеологически корректных эмоций или эмоций на заданную тему.

Так называемая советская субъективистская школа появилась как развитие ревизионистского направления. Её сторонники считают, что сталинизм воспринимался миллионами советских людей в позитивном плане и подпитывался их энтузиазмом, т.к. отвечал их внутренним потребностям и представлениям о том, как нужно строить социализм и «светлое будущее». При этом сталинская идеология и официальная пропаганда использовали формулы, которые и вызывали эти внутренние мотивы вовне. Люди подавляли свои сомнения в том, правильно ли поступают партия и вожди не только из-за страха, сколько из-за убеждения, что так надо [5]. Жизнеспособность сталинского режима заключалась как в слепом подчинении населения, так и в изолированной технике манипулирования массовым сознанием через совпадение дискурсов – официального и массового публичного – люди читали в текстах и между строк именно то, что отвечало их социальному бытию. Историки Jochen Hellbeck и Igal Halfin считают, что к середине 1930-х годов официальная пропаганда и система контроля над сознанием людей (через морально-психологическое воздействие – страх, слепая вера, фанатизм или апатия) жестко контролировали мышление советских людей, поэтому они не могли себе представить, что можно думать иначе. Что было с теми, кто наедине с собой (и как потом выяснилось, с офицерами НКВД, которые читали дневники арестованных) рассуждал о внешнем окружении, сейчас известно всему миру после публикации дневника девочки подростка нины Луговской. В 1937 году она была осуждена на 5 лет ГУЛАГа [6].

Муки личностного становления как личности, девушки и гражданского отношения к событиям в стране стали основой обвинения в антисталинизме. Ш. Фитцпатрик считает, что практика ведения личных дневников была частью программы создания нового советского человека как инструмента самодисциплины, но использовалась властями для контроля и наказания. «Сталинские дети» с момента включения в систему социализации под чутким государственным контролем становились маленькими взрослыми и должны были следовать линии становления «правильных девушек». Сложности переходного периода интерпретировались с точки зрения логики взрослого человека и наказание было соответствующим [7].

Интерес представляют и работы общего плана, раскрывающие особенности повседневной жизни советских людей. Для Венди Голдман характерны исследования «коллизий между советским законом и жизнью» в ходе проведения гендерной политики. В своих работах она проводит анализ модернизационных траекторий советских реформ через феминизацию промышленности, вызванную, с одной стороны, нехваткой рабочих рук, а с другой – стремлением государства сэкономить на низкой оплате труда женщинам [8]. Это привело к гендерному конфликту в экономике, но при этом государство, несмотря на внешние проявления заботы о женщинах, играло роль проводника мужской линии. Следствием этого явилось, по мнению В. Голдман, «драконовское» советское законодательство регулирования труда и социальной сферы, касающееся женщин [9]. Проследившая эволюцию политики советского государства в отношении женщин за первые два десятилетия, исследователь указывает, что на женщину были возложены двойные обязанности – семейные и социально-экономические [10]. В. Голдман приходит к выводу, что советская версия эмансипации женщин шла не по феминистским рецептам, а маскулинным, что, как ни парадоксально, способствовало наделению женщин не только комплексом гражданских прав, но и правом считаться подлинными строителями социализма [11]. Программы индустриализации и коллективизации нуждались в высвобождении рабочих рук и дешевой рабочей силе, и именно женщины, которых привлекали в различные отрасли экономики и должности – от металлургии до управления производством, стали той базой, на которой и строился социализм – дешево, надежно, решение нескольких задач одновременно – они и работники, лояльные

граждане, поддерживают линию партии и правительства, и воспроизводят новое поколение советских людей всемьях. В. Голдман рассматривает эволюцию концепта «семья» в большевистской риторике и идеологической практике в качестве одного из необходимых условий свержения власти капитала до усложненного понимания роли семьи в общественном развитии, и особенно выделяется роль женщины в процессе воспроизводства человеческого капитала.

Другой исследователь, А. Горсуч раскрывает сложности вовлечения молодых девушек в активную политическую жизнь в 1920-е годы ввиду особенностей их положения в семьях, где они выполняли всю домашнюю работу [12]. На основе анализа документов из архивов комсомольских организаций 1920-х годов А. Горсуч восстанавливает картину сложного и противоречивого процесса продвижения концепта женского равноправия в советских организациях для молодежи – комсомол. Консервативное отношение молодых мужчин-комсомольцев к женщинам как второсортным существам, чья участь – удовлетворять потребности мужчин и заниматься домашним хозяйством, было доминирующим в обществе, что затрудняло продвижение женщин в социальной жизни и не давало возможности реализовать их личностный потенциал. Такой же точки зрения придерживается Д. Браун – не могла быть успешной политика советского государства по эмансипации женщин, когда вся домашняя нагрузка была на их плечах, и кроме того, они выполняли и репродуктивную функцию [13].

Исследования истории практической реализации женского равноправия на примере комсомольских организаций в России проливают свет на многие закрытые страницы подавления инициативы молодых женщин через, с одной стороны, маскулинизацию внутренней культуры работы самой организации (которая требует больших затрат времени и энергии) и, с другой стороны, гендерную дискриминацию через непризнание женских интеллектуальных и организационных способностей [14]. Молодым девушкам приходилось не только бороться с мужской дискриминацией, но и преодолевать негативное отношение широкой публики к открытию женщины – выходу в публичное пространство, отвечать на вызовы её внешней доступности, доказывать право на признание своего культурного и интеллектуального потенциала равным с мужским [15]. Постепенно вырисовывался идеальный образ комсомолки прообраза новой женщины как авангарда молодых: женщины революцион-

ной поры, описанные как «смелые, пылкие и порывистые, практичные, благоразумно интеллигентные», должны были стать «сильными, свободными гражданами, не уступающими мужчинам ни чем» [16]. И комсомол был призван их воспитать [17]. Что, впрочем, говорит не столько о моральной культуре в организации, сколько о том, что такие практики использовались в своих личных целях для социального продвижения нечисто плотными личностями [18].

Исследователь Э. Вуд рассматривает совпадение двух линий в решении женского вопроса в России после революции – государственная политика вовлечения женщин в процесс строительства социализма, в ходе которого из русской бабы должна была получиться советская женщина через цепь переходных стадий трансформации сознания и активности, и реакция самих русских женщин на этот процесс [19].

В свете феминистских теорий большевистские проекты освобождения женщин видятся как часть марксистской интерпретации сущности экономического и политического управления обществом [20]. Мужчины создают механизмы для установления контроля над женщинами, и, в зависимости от природы собственности на средства производства, полный или частичный контроль над женщинами остается в руках семьи или государства. Поэтому предполагать, что большевики освободят женщин ради них самих, было с научной точки зрения неразумно [21]. Критический теоретико-методологический анализ положений марксизма и практической реализации равенства мужчин и женщин в социалистическом обществе показал невозможность решить проблемы женщин через декларирование равенства и внедрение норм гендерного равноправия, поскольку их природа – мужская или женская – требует иного отношения [22]. Женщины в рамках «двойной системы» эксплуатации при внешнем соучастии в решении их проблем внутри семьи являлись объектом мужского доминирования.

Однако прекращение деятельности женотделов в 1930 году, по мнению западных исследователей, показывает, что в политике советского государства наблюдается отход от феминизма. Причиной тому стали противоречия в видении роли и задач женотделов их представителями, которые настойчиво проводили в жизнь гендерное различие, требовали разработки и поддержки в решении женского вопроса со стороны государства и руководства страны, которое считало, что тогда революция всех уравнивала до статуса просто граждан [23]. Однако это относится

в основном к практике в России, но не наблюдалось на окраинах.

Статья написана в рамках реализации научно-исследовательского проекта по гранту МОН

РК «В эпоху коренной трансформации общества: жизненные истории женщин в Казахстане периода сталинской модернизации, 1920-1930-ые гг.».

Литература

- 1 Fitzpatrick S. Russia's Twentieth Century in History and Historiography // The Australian Journal of Politics and History. – Vol. 46. – 2000.
- 2 Fitzpatrick S: New perspectives on Stalinism, in Russian Review, vol. 45, num. 4, 1986, pp. 357-373; Sheila Fitzpatrick, Revisionism in Retrospect: A Personal view, in Slavic Review, vol. 67, num. 3, 2008, p. 691.; Sheila Fitzpatrick, 'Middle-class values and Soviet life in the 1930s', in Terry Thompson and Richard Sheldon eds, Soviet Society and Culture (Westview Press; Boulder, CO, 1988), pp. 20-38; Roberta Manning, 'Women in the Soviet countryside on the eve of World War II, 1935-1940', in Beatrice Farnsworth and Lynne Viola, eds, Russian Peasant Women, (Oxford University Press; Oxford & New York, 1992). – Pp. 206-35.
- 3 Fitzpatrick S. Constructing Stalinism: Reflection on Changing Western and Soviet Perspectives on the Stalin Era // The Stalin Phenomenon. London. –1993. – P. 82.
- 4 Fitzpatrick S., Ascribing Class: the Construction of Social Identity in Soviet Russia // The Journal of Modern History. – Vol. 65, No. 4 (Dec., 1993), – Pp. 745-770.
- 5 Фитцпатрик Ш. Счастье и тоска: исторический очерк о выражении эмоций в предвоенной России (фрагменты) // Политическая лингвистика 1 (47). – 2014. – С. 284-288.
- 6 Hellbeck J. Revolution of my Mind; Writing a Diary under Stalin. Cambridge, MA: Harvard University Press, 2006; Halfin I. From Darkness to Salvation: Class Consciousness and Salvation in Revolutionary Russia. – Pittsburgh: University of Pittsburgh Press, 2000.
- 7 Луговская нина. Хочу жить... Из дневника школьницы: 1932–1937. – М., 2004.
- 8 Fitzpatrick S. Pessimism and boys. URL: <http://www.lrb.co.uk/v26/n09/sheila-fitzpatrick/pessimism-and-boys>
- 9 Goldman W. Women at the Gates: Gender and Industry in Stalin's Russia. – Cambridge: Cambridge University Press, 2002.
- 10 Goldman W. Babas at the Bench: Gender Conflict in Soviet Industry in the 1930s. Women in the Stalin Era/ pp. 69-88.
- 11 Goldman W. Women, the State and Revolution: Soviet Family and Social Life, 1917-1936. – Cambridge: Cambridge University press. 1993. – P. 331-342.
- 12 Gorsuch Anne. «A Woman Is Not a Man»: the Culture of Gender and Generation in Soviet Russia, 1928-1928.// Slavic Review 55, no. 3. (1996): 636-660.
- 13 Brown Donald. The Role and status of women in the Soviet Union. – New York: Teachers College Press, 1968.
- 14 Fisher R. Pattern for Soviet Youth: Study of the Congresses of the Komsolol, 1918-1954. – New York, 1959.
- 15 Naiman E. The case of Chubanov Alley: collective rape, utopian desire, and the mentality of NEP//Russian History/Histoire Russe 17. Spring 1990: 7.
- 16 Clements Barbara. The Utopianism of the Zhenotdel// Slavic Review 51, no. 2 (Summer 1992): 487.
- 17 Wood E. The Baba and the Comrade Gender and Politics in Revolutionary Russia. – Bloomington: Indiana University Press, 1997.
- 18 Jagger A., Rothenberg P. Feminist frameworks. Alternative theoretical accounts of the relations between women and men. McGraw-Hill Book Company. New York. 3/e 1993. P. 174.
- 19 Hartmann H. The Unhappy marriage of Marxism and Feminism: Towards a More Progressive Union» in Sargent (ed.). URL: http://web.ics.purdue.edu/~hoganr/SOC%20602/Hartmann_1979.pdf
- 20 Fuqua M. The politics of the domestic sphere: the Zhenotdely, women's liberation, and the search for a novybyt in early soviet Russia. Seattle, WA; Henry M.Jackson School of International Studies, University of Washington, 1995.
- 21 Fitzpatrick S. Middle-class values and Soviet life in the 1930s, in T.Thompson and R.Sheldon eds. Soviet society and Culture. Westview Press; Boulder, CO, 1988.
- 22 Fuqua M. The Politics of the Domestic Sphere: The Zhenotdely, Women's Liberation, and the Search for a NovyByt in Early Soviet Russia. Treagold Papers, no. 10. Seattle, 1995.
- 23 R.Manning, Women in the Soviet countryside on the eve of World War II, 1935-1940, in B.Farnsworth and L. Viola, eds. Russian Peasant Women. Oxford University Press; Oxford & New York, 1992, – Pp. 206-35.

References

- 1 Fitzpatrick S. Russia's Twentieth Century in History and Historiography // The Australian Journal of Politics and History. – Vol. 46. – 2000.
- 2 Fitzpatrick S: New perspectives on Stalinism, in Russian Review, vol. 45, num. 4, 1986, pp. 357-373; Sheila Fitzpatrick, Revisionism in Retrospect: A Personal view, in Slavic Review, vol. 67, num. 3, 2008, p. 691.; Sheila Fitzpatrick, 'Middle-class values and Soviet life in the 1930s', in Terry Thompson and Richard Sheldon eds, Soviet Society and Culture (Westview Press; Boulder, CO, 1988), pp. 20-38; Roberta Manning, 'Women in the Soviet countryside on the eve of World War II, 1935-1940', in Beatrice Farnsworth and Lynne Viola, eds, Russian Peasant Women, (Oxford University Press; Oxford & New York, 1992). – Pp. 206-35.

- 3 Fitzpatrick S. Constructing Stalinism: Reflection on Changing Western and Soviet Perspectives on the Stalin Era // *The Stalin Phenomenon*. London. –1993. – P. 82.
- 4 Fitzpatrick S., Ascribing Class: the Construction of Social Identity in Soviet Russia // *The Journal of Modern History*. – Vol. 65, No. 4 (Dec., 1993), – Rp. 745-770.
- 5 Fitzpatrick Sh. Schast'e i toska: istoricheskij ocherk o vyrazhenii jemocij v predvoennoj Rossii (fragmenty) // *Politicheskaja lingvistika* 1 (47). – 2014. – С. 284-288.
- 6 Hellbeck J. *Revolution of my Mind; Writing a Diary under Stalin*. Cambridge, MA: Harvard University Press, 2006; Halfin I. *From Darkness to Salvation: Class Consciousness and Salvation in Revolutionary Russia*. – Pittsburgh: University of Pittsburgh Press, 2000.
- 7 Lugovskaja Nina. *Hochu zhit' ... Iz dnevnika shkol'nicy: 1932–1937*. – M., 2004.
- 8 Fitzpatrick S. Pessimism and boys. URL: <http://www.lrb.co.uk/v26/n09/sheila-fitzpatrick/pessimism-and-boys>
- 9 Goldman W. *Women at the Gates: Gender and Industry in Stalin's Russia*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2002.
- 10 Goldman W. *Babas at the Bench: Gender Conflict in Soviet Industry in the 1930s*. *Women in the Stalin Era*/ pp. 69-88.
- 11 Goldman W. *Women, the State and Revolution: Soviet Family and Social Life, 1917-1936*. – Cambridge: Cambridge University press. 1993. – R. 331-342.
- 12 Gorsuch Anne. «A Woman Is Not a Man»: the Culture of Gender and Generation in Soviet Russia, 1928-1928.// *Slavic Review* 55, no. 3. (1996): 636-660.
- 13 Brown Donald. *The Role and status of women in the Soviet Union*. – New York: Teachers College Press, 1968.
- 14 Fisher R. *Pattern for Soviet Youth: Study of the Congresses of the Komsolol, 1918-1954*. – New York, 1959.
- 15 Naiman E. The case of Chubanov Alley: collective rape, utopian desire, and the mentality of NEP//*Russian History/Histoire Russe* 17. Spring 1990: 7.
- 16 Clements Barbara. The Utopianism of the Zhenotdel// *Slavic Review* 51, no. 2 (Summer 1992): 487.
- 17 Wood E. *The Baba and the Comrade Gender and Politics in Revolutionary Russia*. – Bloomington: Indiana University Press, 1997.
- 18 Jaggat A., Rothenberg P. *Feminist frameworks. Alternative theoretical accounts of the relations between women and men*. McGraw-Hill Book Company. New York. 3/e 1993. P. 174.
- 19 Hartmann H. The Unhappy marriage of Marxism and Feminism: Towards a More Progressive Union» in Sargent (ed.). URL: http://web.ics.purdue.edu/~hoganr/SOC%20602/Hartmann_1979.pdf
- 20 Fuqua M. *The politics of the domestic sphere: the Zhenotdely, women's liberation, and the search for a novybyt in early soviet Russia*. Seattle, WA; Henry M.Jackson School of International Studies, University of Washington, 1995.
- 21 Fitzpatrick S. Middle-class values and Soviet life in the 1930s, in T.Thompson and R.Sheldon eds. *Soviet society and Culture*. Westview Press; Boulder, CO, 1988.
- 22 Fuqua M. *The Politics of the Domestic Sphere: The Zhenotdely, Women's Liberation, and the Search for a NovyByt in Early Soviet Russia*. Treagold Papers, no. 10. Seattle, 1995.
- 23 R.Manning, *Women in the Soviet countryside on the eve of World War II, 1935-1940*, in B.Farnsworth and L. Viola, eds. *Russian Peasant Women*. Oxford University Press; Oxford & New York, 1992, – Rp. 206-35.

4-бөлім
АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

Раздел 4
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

Section 4
ARCHEOLOGY AND ETHNOLOGY

Төлеубаев Ә.Т.

**Қазақ жерлеу салтындағы аза
тұту күндері – үші, жетісі,
қырқы, (жүзі), жылы
(дүниетанымдық мәні,
шығу тегі)**

Мақалада қазақтың өлген адамның артын күтудегі «жетісін», «қырқын», «жылын» өткізудің ішкі мән-мағынасы, шығу тегі қарастырылады. Автордың пайымдауынша, қазақ дүниетанымындағы дүниеге келген балаға байланысты жасалатын ғұрыптар мен дүниеден өткен адамға байланысты жасалатын ғұрыптардың арасында, тіпті оларды өткізу мерзімдерінде де тығыз байланыс бар. Қазақтың өлген адамның жыл уағына дейінгі өткізетін ғұрыптары мәйітті «о дүниеге» аттандыру салт-жоралары болып есептеледі.

Түйін сөздер: жерлеу ғұрыптары, еске алу күндері, семантика, ислам, әдет-ғұрып, туу, қайтыс болу.

Toleubayev A. T.

**Memorial dates in Kazakh
funeral and memorial rites
(Ideological foundations
and origins)**

This article discusses the origin and nature of the memorial dates: seventh, fortieth days and a year from the date of death. The author concludes that the funeral and memorial dates have nothing common with Islamic customs, and have very ancient roots. This is a complex of religious rituals of sending-off the soul of the deceased to the «world of the dead». According to the researcher's opinion all of the customs and rites which are performed at the person's birth are repeated with particular accuracy after his death.

Key words: funeral customs, funeral memorial dates, semantic, Islam, tradition, birth, death.

Төлеубаев А.Т.

**Поминальные даты в казахской
похоронно-поминальной
обрядности
(мировоззренческие основы
и происхождение)**

В статье рассматриваются происхождение и сущность поминальных дат: седьмого, сорокового дней и года со дня смерти человека. Автор приходит к выводу, что поминки и поминальные даты не имеют ничего общего с исламскими обычаями, а имеют очень древние корни и являются комплексом религиозных ритуалов прохода души умершего в «мир мертвых». По мнению исследователя, обряды и обычаи, совершаемые при рождении человека, с определенной точностью повторяются при его смерти.

Ключевые слова: поминальная обрядность, поминальные даты, семантика, ислам, традиция, рождение, смерть.

**ҚАЗАҚ ЖЕРЛЕУ
САЛТЫНДАҒЫ
АЗА ТҰТУ КҮНДЕРІ –
ҮШІ, ЖЕТІСІ, ҚЫРҚЫ,
(ЖҮЗІ), ЖЫЛЫ
(дүниетанымдық мәні,
шығу тегі)**

Қазақта адам қайтыс болғаннан кейін жыл уағына дейін оның аруағына арнап құдайы тамақ беру дәстүрі өте әріден қалыптасқан. Өліктің артын күту осындай ғұрыптық іс-шаралар белгілі бір уақытқа белгіленген. Қазақтың барлық өңірлеріне ортақ осындай атаулы күндер «үші», «жетісі», «қырқы» және «жылы» деп аталады. Яғни, өлген адамның жамбасы жерге тиген күннен бастап үшінші, жетінші, қыркыншы күндер, сондай-ақ жыл уағы ерекше аталып өтеді. Сонымен қатар батыс өңірлерде өліктің «жүз күндігін» атау дәстүрі де кездеседі. Ал Орынбор жағы қазақтарында «елу екі күнін» де атап өтетін көрінеді.

Діни, этнографиялық әдебиеттерде оны анықтайтын жауап әзірге жоқ. Мәліметтердің аздығына қарамастан, қазақтар мен этникалық жақын халықтарда бұл мәселенің мәнін ашуға тырысамыз. Өлген адамды жыл уағына дейін әркез еске алу дәстүрі барлық Орта Азия, Сібір, Кавказдың барлық халықтарында, бұрынғы КСРО-ның Еуропалық аймақтарындағы кейбір этностарда кездеседі.

Осындай, жыл уағына дейін белгілі бір уақытта еске алу салты ежелгі наным-сенімдер мен астрологиялық дүниетанымдардан туындағаны айқын. Құранда еске алу уақыты туралы айтылмаған. Орта Азия халықтарының атақты зерттеушісі С.П. Толстов өткен ғасырдың 30-жылдарының өзінде бұл дәстүрдің шығу тегі мұсылмандық емес деп жазған болатын [1]. Өткен ғасырдың 70-жылдарының аяғында осы мақаланың авторы бұл дәстүрлердің мұсылмандыққа тікелей қатысы жоқ екендігін, бұл дәстүрлердің өлген адамды ана дүниеге аттандыру ғұрып-шаралары екендігін өзінше дәлелдеуге тырысқан [2].

XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында Л.А. Чвырь деген ғалым бұл жөнінде: «Орта Азия – Қазақстан аймағында аталмыш күндерді ғұрыптық түрде арнайы еске алу күндері етіп белгілеу исламға дейін пайда болды. Өзінің негізгі мақсаттары жағынан бұл ғұрыптар ата-баба аруағына мінажат етумен, өлген адамның о дүниедегі өмірін жеңілдетумен, оның жанын азықтандырумен байланысты және т.б.», – деп жазған еді [3].

Бірқатар дерек берушілер садақа беру марқұмның о дүниедегі өмірінің сәттілігіне ықпал етеді, ал марқұмның киімі о дүниеде жалаңаш жүрмеуі үшін таратылады деген пікір айта-

ды. К.Л. Воропаева деген ғалым славян халықтарының еске алу ғұрпының мерзімін христиандықпен байланыстырады [4].

Жалпы отандық және әлемдік әдебиетте өлген адамды арнайы еске алу мерзімдеріне (уақыт шектеріне) онша көңіл бөлінбеген. Еске алу салт-жоралғыларының халықтық дүниетаным мен дәстүрлерге байланысты екендігі жөнінде алғашқылардың бірі болып пікір айтқан қарақалпақ ғалымы Х. Есбергенов еді. Оның айтуынша, өлген адамның жаны бір жыл бойы өз денесінде «қайта туғандай» болады. Оның денеден бөлінуі дамудың барлық сатысынан өтеді. Есбергенов өлікті еске алу ғұрыптарын баланың

өсу кезеңдеріндегі өткізілетін түрлі ғұрпиді салттармен байланыстылығын байқаған. Туған бала өмірінде арнайы өтілетін негізгі атаулы ғұрыптар қайтыс болған адамды еске алу ғұрыптарының уақыттарымен сәйкес келеді. Сондықтан Х. Есбергенов еске алу ғұрыптарын дүниеге келген сәбидің өсуіне байланысты жасалатын дәстүрлермен байланыстырады. Бұл болжам шынымен де көңіл аударуға тұрады. Негізінде, Орта Азияның байырғы халықтарының көбінде бала өмірінде аталып өтілетін ғұрыптардың мерзімдік уақыты мен өлген адамды еске алу ғұрыптарының мерзімдеріне сәйкес келеді. Бұл кездейсоқтық емес.

Кесте – Еуразияның орталық аумағын мекендеген халықтарындағы өлікті еске алу күндері

Халық	Қайтыс болған күннен									
	3	7	9	20	30	40	49	100	Жар-ты жыл	Жыл
Қазақтар	не езде	х				х		Батыс Қа- зақстан		х
Қырғыздар	х	х				х				х
Қарақалпақтар		х				х				х
Өзбектер		х				х				х
Түркімендер	х	х	+	+		х				х
Тәжіктер		х		х		х				х
Алтайлықтар						х				х
Хақастар		х		х		х		х		х
Якуттар			х				х			х
Тувалықтар		х				х	х			
Телеңгіттер		х					х			
Челейліктер										
Шор тұқымдас сағайлықтар										Соңғы са- парға аттан- дыру
Телеуіттер		х				х				х
Абхаздар						х				х
Сыбандар						х				х
Осетиндер		х	х							
Адыгей- кабардалықтар		х				х				х
Мордвалар		х	+	+	х	х				х
Марийлер		х	+	+	х	х				х
Удмурттар		х	+	+	+	х				х
Орыстар			х			х				х

х – еске алу ғұрыптарын әрдайым жасайды, + – еске алу ғұрыптарын кейде ғана өткізеді.

Х. Есбергенов адам өлімінен кейін рух қайта жаңарып, ол дүниеге келген сәби тәрізді қайтадан даму кезеңдерінен өтеді (о дүниедегі бұл даму кезеңдері еске алу ғұрыптарымен байланысты), – дейді [5]. Х. Есбергеновтің еске алу ғұрыптарының шығу тарихын Орта Азия халықтарының көне түсініктері мен дәстүрінен және баланы жерлеу рәсімінен іздеу керек деген пікірімен келісе отырып, бұл мәселенің шешімін басқа қырынан қарастыру керек.

Палеолит дәуірінің зерттеу тарихы, әсіресе оның бастапқы кезеңдерінде тоқталатын болсақ бұл кезең Қазақстанның тарих ғылымындағы жас салаларының бірі. 1950 жылдардың басында сол кезеңнің ғалымдардың қолында бірнеше ғана соңғы палеолит кезеңінің тас құралдар коллекциялары жинтығы болатын. Осы тас құралдарға қарай отырып Қазақстан территориясында алғашқы адамдардың қоныстану уақыты мустье кезеңімен мерзімделіп шамамен б.д.д. 80-50 мың жыл деп көрсетілді [1]. Сондай-ақ, ең алғашқы палеолит дәуірімен кезеңделген тас құрал (нуклеус) 1928 ж. Түркістан-Сібір темір жолын салу барысында Алтын-Қолат шатқалында табылған болатын [2]. 1938 ж. А.П. Окладниковтың Орталық Азия территориясында археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстары барысында Тешик-Таш үңгірінде мустьер кезеңімен мерзімделетін адам сүйектері табылған болатын, осындай ғылыми жаңалықтан кейін орталық Азиямен Қазақстан территориясында палеолит кезеңіне көңіл бөлініп қарқынды түрде зерттеу жұмыстары жүргізілген болатын [3].

Сонымен қатар, 1945-1948 жж. аралығында А.Х. Марғұланың басшылығымен құрылған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстары барысында Жезді, Сарысу, Жиделі, Қараторғай т.б. өзендерінің аңғарларын зерттеу барысында тас ғасырының ескерткіштері анықталған болатын [4, 5]. Дегенмен, Қазақстан аумағында тас ғасырының көптеп шоғырланған ауданы Қаратау. Бұл аймақтағы алғашқы тарихи археологиялық ғылыми жаңалықтар Қ.И. Сатпаевтың кешенді геологиялық жұмыстар барысында алғаш мәлімдемелер жасалған болатын [6]. 1956 жылы Кіші Қаратау жотасының оңтүстік – шетінің солтүстік-шығыс бөлігінен Н.В. Седов пен Г.А. Ярмак геологиялық жұмыстар атқара жүріп 6 орынан түрлі палеолиттік құралдар теріп алады [7]. Осы ғылыми зерттеу жұмысында табылған тас құралдардың типологиясын және мерзімдеу жұмыстарын К.А. Акишев, С.П. Толстов, А.П. Окладников, М.П. Грязновтар сараптама жасап палеолит дәуірімен мерзімдейді. Жинақталған 30-дан астам тас құралдардың біраз бөлігін А.П. Окладников кейінгі ашель немесе ерте мустье уақытына жатқызған.

1957 жылы ҚазКСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты Кіші, Үлкен Қаратауда (Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары) археологиялық зерттеу мақсатында тас ғасыры ескерткіштерін зерттеу отрядын құрады. Оған Х.А. Алпысбаев басшылық жасады. Х.А. Алпысбаев Қаратау өлкесінен 200-ден астам тас дәуірі ескерткіштерінің орындарын ашып, ғылыми айналымға енгізді. Жоғарыда аталған отряд 1957 жылы барлау жұмыстарының нәтижесінде Тоқалы 1-2-3 тұрақтарынан кейінгі палеолиттік ашель-мустьеге тән тас құралдарын тапса, келесі жылғы жұмыстар барысында көптеген тас құралдар сақталған шелль-ашель орындарын анықтады [8].

Келесі маусымда әлемге әйгілі болған шелль-ашель кезеңінің тұрақтары Бөріқазған мен Тәңірқазған ашылған еді. Бұл ескерткіштер Жамбыл облысы Талас ауданындағы Кемер тауының оңтүстік баурайында орналасқан.

Х.А. Алпысбаев бұл ескерткіштен жиналған тас құралдарды төртке бөлген болатын [9]:

- 1) Екі немесе бір жақты шабатын қарулар;
- 2) Шапқылар;
- 3) Көне зіл мен тас жаңқалары;
- 4) Өзектастар.

Археологиялық зерттеу жұмыстары барысында Тоқалы 1-ден – 200 дана, Тоқалы 2-ден – 78 дана, Тоқалы 3-тен – 57 дана тас бұйымдар жинақталса, Бөріқазғаннан – 441 зат, Тәңірқазғаннан – 300-ден астам тас құралдар жиналған болатын.

Қаратау палеолит отряды осы жылы күзде Арыстанды-Борылдай (Оңтүстік Қазақстан) өзенінің бойнан Шақпақ, Үсіктас, Қарасу, Алғабас, Кеңестөбе, Борылдай елді мекендерінен оннан астам әртүрлі кезеңдермен мерзімделетін ескерткіштерді анықтаған болатын [10].

Алғашқыда Қарасу, кейінен Ш. Уәлиханов есімі берілген палеолит тұрағы алғашқы көп мәдени қабаттарды көрсетеді [11]. Оның материалдары, мәдени қалдықтары еліміздегі палеолит индустриясының техникалық-типологиялық мінездемесін анықтауға жәрдемдеті. Археологиялық зерттеу барысындағы табылған тас құралдардың саны бірнеше мың. Аталған ескерткіштің маңыздылығын Қ.А. Ақышев [12] кезінде жоғары бағалаған болатын.

Экспедициялық жұмыстар А.В. Вислогузова басқарған ҚазКСР ҒА Геология ғылымдары институтының отрядымен тығыз ғылыми қатынаста жүргізіледі. А.В. Вислогузова [13] мен Н.Н. Костенко [14] Х.А. Алпысбаев тапқан палеолит ескерткіштерінің геологиялық жасын және гео-

морфологиясын анықтауға көп жәрдем тигізген ғалымдар.

Өкінішке орай, Х.А. Алпысбаев өмірден ерте кетуіне байланысты аталмыш тұрақ материалдарын толық негіздей алмаған еді. Зерттеулерін 1983 жылы Ж.Қ. Таймағамбетов қайта жандандырады [15].

Онда Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ материалдарының негізінде Қаратау жотасындағы палеолит ескерткіштері барынша талданып, жүйеленеді. Қазіргі таңда тұрақтан алты мәдени қабат анықталып, алғашқы аңшылардың өмірі туралы жаңа мағлұматтар алынып отыр. Мәдени қабаттар 2,3 метрден 7,2 метр тереңдікте орналасқан. Автор тұрақты адамдар мустьедегі соңғы палеолитке дейінгі үздіксіз мекендеген деп санайды. Әзірше бұл – Қазақстандағы тас бұйымдары мен мәдени-тұрмыстық қалдықтары бастапқы күйінде жатқан бірден-бір тұрақ.

1958 жылы ашылып, ұзақ уақыт жарық көрмеген ескерткіштер де бар. Олар Дегерез, Дарбаза, Сүлейменсай, Дәуренбек. Барлығы Қаратау жотасының солтүстік-шығысында орналасқан.

Тәңірқазғанның шығысында 1961 жылы жүргізілген археологиялық барлау барысында төменгі палеолиттік Ақкөл, Кемер 1, 2, 3 ашылған. Олармен қатар кейінгі уақытқа жататын Қызылырысбек ескерткіші де белгілі болған. Х.А. Алпысбаевтың Шудың төменгі ағысынан Бетпақдаладан тапқан Қазанғап төменгі палеолиттік тұрағы назар аударарлық.

Өйткені Х.А. Алпысбаев Қаратау палеолиттік кешендерін Бетпақдала мен одан ары Сарыарқа тас ғасырымен байланыстыруға тырысқан еді.

Х.А. Алпысбаев 1957 жылы ашқан Тұрлан асуындағы палеолит орнына 1957 жылы Н.Н. Костенко мен А.К. Бойко геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді [16]. Жинақталған негізгі құралдар: ұсақ қырғыш, қашау тәріздес құралдар, сүйіртастар, призма секілді өзектастар.

1971 жылы ашылған үңгірлік тұрақ – Сарыүңгір. Ол Өгемнің өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан. Х.А. Алпысбаев [17] мустье уақытымен мерзімдейді. Зерттеулер барысында қызыл және қоңырқай бояумен салынған суреттер байқалған. Сондай-ақ, Темірлан, Шұбар, Коммунизм ауылдарының төңірегінен де ежелгі адамдардың тас құралдары табылған болатын.

1973-1974 жылдары Х.А. Алпысбаев көптеген ескерткіштерді ашып, зерттеді. Арасынан Жамбыл облысы Талас ауданында Қызылкіндік, Жанатас, байқадам ескерткіштерін атап көрсетуге болады [18].

Жалпы алғанда Х.А. Алпысбаев ғылыми ізденістерін қортындылай кетсек, ол Қазақстан жері ежелгі адамдар бұдан шамамен 800 мың жылдай бұрын мекендеген деп тұжырым айтқан. Ғалымның ізденістері барысындағы жиналған материалдары, ғылыми пікірлері Евразияның тас ғасыры мәдениеттерінің бел ортасынан орын алары анық.

Қазақстан палеолиттану ғылымының іргетасын Х.А. Алпысбаев қалады деуге толық негіз

бар. Оған 1998 жылы Түркістан қаласында өткен «Қазақстан және онымен шектес территориялар тас ғасыры» атты Х.А. Алпысбаевтың туылғанының 70 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдары дәлел. Осы сала бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп келе жатқан ғалымдардың ғылыми еңбектері нәтижесінде елімізде «Қазақстан палеолиті» мектебі қалыптасты.

Әдебиеттер

- 1 История Казахстана ССР. Т.1. – Алма-Ата, 1957. – С.11.
- 2 Бонч-Осмоловский Г.А. Шайтан-Коба. Крымская стоянка типа Абри-Оди №2. – М.-Л., 1930.
- 3 Окладников А.П. Исследование мустьерской стоянки и погребения неандертальца в гроте Тешик-Таш. // Тешик-Таш. Палеолитический человек. – М., 1949. – С. 7-81.
- 4 Маргулан А.Х. Некоторые итоги и перспективы археологического изучения Казахстана. // Известия АН КазССР. Серия археология, 1948, – Вып. 1. – С.8.
- 5 Маргулан А.Х. Отчет о работах ЦКАЭ 1947 г. // Известия АН КазССР. Серия археология, 1950, – Вып. 2, – С. 4-5.
- 6 Сатпаев Қ.И. К проблеме фосфоритов Каратау // Фосфориты Каратау. – М., 1948. – С.1-3.
- 7 Ярмак Г.А. Первые находки палеолитических орудий в Южном Казахстане // Вестник АН КазССР. – 1957. – С.104-108
- 8 Алпысбаев Х.А. Находки нижнего палеолита в Южном Казахстане // Труды ИИАЭ АН КазССР, – Вып. 7. – 1959. – С. 232-241.
- 9 Алпысбаев Х.А. нижнепалеолитические местонахождения в Малом Каратау // Вестник АН КазССР, 1959. – Вып. 2. – С. 64-70.
- 10 Алпысбаев Х.А. Открытие нижнего палеолита в Казахстане // Вестник АН КазССР. – 1960. – Вып. 5. – С. 59-61.
- 11 Алпысбаев Х.А. Первая многослойная палеолитическая стоянка в Казахстане // Вестник АН КазССР. – 1960. – Вып. 11. – С. 78-87.
- 12 Акишев К.А. Некоторые научные итоги полевых работ 1960 года // Известия АН КазССР, Серия истории, археологии и этнографии. – 1961. – Вып. 2. – Вып. 2 (16). – С. 78-87.
- 13 Вислогузова А.В. К вопросу о геологическом возрасте древнего палеолита хребта Каратау (Южный Казахстан) // Археологические исследования в Казахстане. – Алма-Ата, 1973. – С. 97-101.
- 14 Вислогузова А.В. Геологические условия и время захоронения палеолитической стоянки им. Ч.Ч. Валиханова (Карасу 1) // Вестник АН КазССР, 1984. – Вып.5. – С. 58-63.
- 15 Таймағамбетов Ж.К. Периодизация эпохи палеолита Южного Казахстана (по материалам стоянки им. Ч.Ч. Валиханова): автореф. дисс. канд.ист.наук. АН СССР. Сиб. Отд-ние Ин-т истории, Филологии и философии. – Новосибирск, 1984. – С. 26.
- 16 Костенко Н.Н., Алпысбаев Х.А. Палеолит в районе Турланского перевала хребта Каратау // Вестник АН КазССР, 1966. – Вып. 8. – С. 66-69.
- 17 Алпысбаев Х.А. Предварительные итоги изучения памятников каменного века Казахстана в 1969-1970 г. // Успехи среднеазиатской археологии. – Вып. 1. – Л.: Наука, 1972. – С. 29-30.
- 18 Алпысбаев Х.А. разведка памятников каменного века Казахстана в 1971 г. // Успехи среднеазиатской археологии. – Вып. 2. – Л.: Наука, 1972. – С. 30-31.

References

- 1 Istorija Kazahstana SSR. T.1. – Alma-Ata, 1957. – S.11.
- 2 Bonch-Osmolovskij G.A. Shajtan-Koba. Krymskaja stojanka tipa Abri-Odi №2. – M. – L., 1930.
- 3 Okladnikov A.P. Issledovanie must'erskoj stojanki i pogrebenija neandertal'ca v grote Teshik-Tash. // Teshik-Tash. Paleoliticheskij chelovek. – M., 1949, – S. 7-81.
- 4 Margulan A.H. Nekotorye itogi i perspektivy arheologicheskogo izuchenija Kazahstana. // Izvestija AN KazSSR. Serija arheologija, 1948, – Vyp. 1. – S. 8.
- 5 Margulan A.H. Otchet o rabotah SKAJe 1947 g. // Izvestija AN KazSSR. Serija arheologija, 1950, – Vyp. 2. – S. 4-5.
- 6 Satpaev Q.I. K probleme fosforitov Karatau // Fosfority Karatau. – M., 1948. – S.1-3.
- 7 Jarmak G.A. Pervye nahodki paleoliticheskikh orudij v Juzhnom Kazahstane // Vestnik AN KazSSR. – 1957. – S. 104-108.
- 8 Alpysbaev H.A. Nahodki nizhnego paleolita v Juzhnom Kazahstane // Trudy IIAJe AN KazSSR, – Vyp. 7. – 1959. – S. 232-241.

- 9 Alpysbaev H.A. nizhnepaleoliticheskie mestonahozhdenija v Malom Karatau // Vestnik AN KazSSR, 1959. – Vyp. 2. – S. 64-70.
- 10 Alpysbaev H.A. Otkrytie nizhnego paleolita v Kazahstane // Vestnik AN KazSSR. – 1960. – Vyp. 5. – S. 59-61.
- 11 Alpysbaev H.A. Pervaja mnogoslajnaja paleoliticheskaja stojanka v Kazahstane // Vestnik AN KazSSR. – 1960. – Vyp. 11. – S. 78-87.
- 12 Akishev K.A. Nekotyrye nauchnye itogi polevyh rabot 1960 goda // Izvestija An KazSSR, Serija istorii, arheologii i jetnografii. – 1961. – Vyp. 2. – Vyp. 2 (16). – S. 78-87.
- 13 Visloguzova A.V. K voprosu o geologicheskom vozraste drevnego paleolita hrebta Karatau (Juzhnyj Kazahstan) // Arheologicheskie issledovanija v Kazahstane. – Alma-Ata, 1973. – S.97-101.
- 14 Visloguzova A.V. Geologicheskie uslovija i vremja zahoroneniya paleoliticheskoy stojanki im. Ch.Ch. Valihanova (Karasu 1) // Vestnik An KazSSr, 1984. – Vyp.5. – S. 58-63.
- 15 Tajmagambetov Zh.K. Periodizacija jepohi paleolita Juzhnogo Kazahstana (po materialam stojanki im. Ch.Ch. Valihanova): avtoref. diss. kand.ist.nauk. AN SSSR. Sib. Otd-nie In-t istorii, Filologii i filosofii. –Novosibirsk, 1984. – S. 26.
- 16 Kostenko N.N., Alpysbaev H.A. Paleolit v rojone Turlanskogo perevala hrebta Karatau // Vestnik AN KazSSR, 1966. – Vyp. 8. – S.66-69.
- 17 Alpysbaev H.A. Predvaritel'nye itogi izuchenija pamjatnikov kamennogo veka Kazahstana v 1969-1970 g. // Uspehi sredneaziatskoj arheologii. –Vyp.1. – L.: Nauka, 1972. – S. 29-30.
- 18 Alpysbaev H.A. razvedka pamjatnikov kamennogo veka Kazahstana v 1971 g. // Uspehi sredneaziatskoj arheologii. – Vyp. 2. – L.: Nauka, 1972. – S. 30-31.

Жұмаділ А.Қ.
**Қазақстанның ежелгі
тайпалары мен қазақ
халқының әдет-ғұрып және
салт-дәстүрінің
өзара сабақтастығы**

Қазақ халқы Қазақстан жерінде және жалпы Орталық Азияда б.д.д. I мыңжылдықта мекендеген ежелгі сақ, ғұн, үйсін тайпаларының тікелей ұрпағы және мұрагері. Сондықтан да сол тайпалардан қалған салт-дәстүрлердің, дүниетанымның қазақ халқының бойында сақталуы, олардың арасындағы этникалық сабақтастықтың еш үзілмегенін көрсетеді.

«Тарихтың атасы» аталып кеткен Геродоттың «Тарих» атты тоғыз кітаптан тұратын еңбегінде сақтардың тарихы мен дәстүрлері, наным-сенімдері мен дүниетанымдық құндылықтары жайлы көптеген мәліметтер келтірілген. Сақтардың бұл дәстүрлері қазақ халқында бүгінгі күнге дейін сақталған.

Сақ заманынан қазақ халқына жеткен, халықты айрандай ұйытып отырған ғұрыптың бірі – бата беру, дұға оқу. Есік қорғанынан табылған 26 әріптен тұратын жазуы бар күміс тостаған соның дәлелі.

Түйін сөздер: дәстүр, ғұрып, наным-сенім, қару, сақ, қазақ.

Zhumadil A.K.
**Continuity of ceremonies and
tradition of the Kazakh people
with ancient tribes of Kazakhstan**

The Kazakh people are the direct descendant and the successor living in I BC in the territory of Kazakhstan and in Central Asia ancient tribes of saks, hunny and usuny. Remained at Kazakhs and traditions of these tribes tell outlook, ceremonies about continuity and integrity of ethnic continuity between them.

Herodotus who know as «The father of history», in the work «History» which consists of nine books, provides many data on history, traditions, belief and value of outlook of saks. All these traditions remained at the Kazakh people and to this day.

One of ceremonies reached us from saks – reading «бата», a spell. In the Issyk barrow found a silver bowl testifies with an inscription from 26 signs.

Key words: traditions, ceremonies, beliefs, weapon, saks, Kazakhs.

Жұмадил А.Қ.
**Преемственность обрядов
и традиций казахского народа
с древними племенами
Казахстана**

Казахский народ является непосредственным потомком и наследником живших в I тыс. до н.э. на территории Казахстана и в Средней Азии древних племен саков, хунну и усуней. Сохранившиеся у казахов миропонимание, обряды и традиции этих племен говорят о неразрывности и целостности этнической преемственности между ними.

Геродот, названный «Отцом истории», в своей работе «История», которая состоит из девяти книг, приводит много сведений об истории, традициях, верованиях и ценности миропонимания саков. Все эти традиции сохранились у казахского народа и по сей день.

Один из обрядов, дошедших до нас, от саков, – чтение «бата», заклинания. Об этом свидетельствует найденная в кургане Иссык серебряная чаша с надписью из 26 знаков.

Ключевые слова: традиции, обряды, верования, оружие, саки, казахи.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЕЖЕЛГІ ТАЙПАЛАРЫ
МЕН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ
ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЖӘНЕ
САЛТ-ДӘСТҮРІНІҢ
ӨЗАРА
САБАҚТАСТЫҒЫ**

Қазақ халқы Қазақстан жерін және жалпы Орталық Азияны мекендеген ежелгі сақ, ғұн, үйсін тайпаларының тікелей ұрпағы, мұрагері. Ал біркелкі шаруашылық мәдени типтің қалыптасуы қола ғасырынан басталса, онда соңғы бес мың жылдың ішінде қазақ халқының қалыптасу барысы сол ежелгі тайпалардан бастау алып, олармен этникалық сабақтастығы еш үзілмеген.

Керек десеңіз «қазақ» атауының шығу төркінін түсіндіруде қазақтың «қас батыр» дегені сияқты «қас-сақ», «нағыз сақ» дегеннен шыққан деген жорамалдар бар.

Егер бір этникалық топты басқа бір этникалық топ орнын басып, ауыстыратын болса онда алдыңғы халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы, тілі түгел өзгереді, тіпті жойылып кетеді. Ал археологиялық және жазба деректерге мұқият зер салатын болсақ б.з.д. I мыңжылдықта өмір сүрген сақтардың бүтіндей салт-дәстүрі, дүниетанымы қазақ халқының бойынан табылып отыр. Сонда сақтар мен қазақтардың ортақ қасиеті қандай? Жазба деректер мен этнологиялық мәліметтерді салыстыру барысында олардың ар мен намысты, ерлік пен өжеттілікті қатты қастерлейтіні бірден байқалады.

«Тарихтың атасы» аталып кеткен Геродоттың «Тарих» атты тоғыз кітаптан тұратын еңбегінде сақтардың тарихы мен дәстүрлері, наным-сенімдері мен дүниетанымдық құндылықтары жайлы көптеген мәліметтер келтірілген [1]. Сақтардың ішкі рухы, мінезі көрінетін мынадай мәлімет бар: «Сақтар екі нәрсемен мақтан етеді, – дейді Геродот, – бірі атпен шауып келе жатып садақ тартқандағы мергендігімен, екіншісі – әрқашанда тек шындықты айтатындығымен!» Байқайсыз ба, сақтар бұны өз арасында емес, басқа халықтардың алдында мақтан етеді. Өйткені, біреудің бет-жүзіне қарамай, тайсалмай шындықты тіке айта алатын адам өзін-өзі шынайы еркін сезінуі керек. Ол тек сайын далада еркін өмір сүрген адамының қолынан келетін қасиет. Сақтар басқа халықтардың ондай емес екенін, сол себепті өздерін басқалардан бір бас биік тұрғанын байқаған соң сол қасиетін мақтан еткен. Сондықтан да осындай қасиеті бар халықты немесе адамды «қас-сақ» деп саққа ұқсату немесе теңеу әбден заңды. Сақтардың бұл қасиеті қазақ халқының бойында да сақталған. «Айтпаса сөздің атасы өледі!», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ!» деген қазақ ішіндегі шерін, бар ойын

кімнің алдында болса да бүкпестен жайып салмаушы ма еді.

Талай жаугершілік заманда дана да батыр балаларымыз білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қазақтың кең-байтақ жерін жаудан сан рет қорғап, аман алып қалып, бізге аманат етіп қалдырды. Сақ, ғұн сияқты қазақ халқы да әскери іске үлкен мән беріп, әскери дәстүрлерді қатты ұстанған. Қазақтар сақ тайпалары сияқты қару-жарақты қастерлеп, оларды өздерінің салт-дәстүрлерінде көптеп қолданған. Қаруды қолдану функциясы тек ұрыстағы қажеттілікпен шектелмеген. Сақ заманында қару сыйыну объектісі [1]. Сонымен қатар, қару әлеуметтік жіктің символы да болған. Қаруды тек еркін адам, қауымның тең мүшесі ғана ұстайтын. Тіпті, бас көтеріп, өздеріне қарсы шыққан құлдарға сақтар қару емес қамшы жұмсаған [1, 188 б.]. Геродот келтірген сақтардың пайда болуы туралы үш аңызда үш әлеуметтік топтың символын: айбалтаны (жақ) – жауынгерлік сословиенің белгісі, тостағанды – абыздардың символы, соқа мен қамытты (белдік) қатардағы қауым мүшелері – малшылар мен егіншілер символын қолына ұстай алған адам ғана патша бола алады. Бұл жерде қару – әскери сословиенің белгісі ретінде қолданылып тұр. Осы белгілер сақ, көне түркі және қыпшақтардың балбал тас мүсіндерінде көрініс тапқан [2, 13 б.]. Қарудың символдық мәні түркі дәуірінде көп кездеседі. Көне оғыздарда жақ хандықтың белгісі болған [2, 46 б.]. Ал шорстарда рудағы адам саны садақтың санымен анықталса, кумандиндіктер қол қойғанда садақтың белгісін салатын. Түркі ұлыстары мен тайпаларының құрылымы «оқ» атауымен аталған. Көне түркі жазуларында «он оқ будун» – «он оқты ел», «он оқ елі» деген атаулар бірнеше рет кездеседі. Оғыздардың да екі үлкен тобының «боз оқ» пеп «үш оқ» деген атауының этимологиясы садақ оғымен байланысты. Сонымен қатар, жақ пен оқ түркі тайпаларында әлеуметтік құқықтық қатынастардың белгісі ретінде де қолданылған. Көне түркілерде жақ – сюзсрендікті, билікті білдірсе, оқ – вассалдықты, бағыныштылықты білдірген. Одан басқа «оқ» жорыққа, аңға немесе той-думанға шақырудың, сыйластық пен махаббаттың белгісі болған [3, 20-21 бб.]. Геродот «сақтар жақсы көрген әйелге көңілін жебе салынған қорамсағын қалдыру арқылы білдірген» [1, 21 б.] дейді. Қарап отырсаңыз, бүгінгі ғашықтықтың белгісіне айналғын жебемен жаралаған жүрек бейнесінің түп тамыры сақ дәстүрінен бастама алады. Ал керісінше, елшіден қару жіберу соғыс ашудың белгісін білдірген.

Жоғарыда айтып кеткендей, ежелгі тайпалар дәстүрінің қазақ халқының салт-дәстүрлерінде айнымай сақталуы олардың этникалық сабақтастығын көрсетеді. Қазақ халқы сақ, ғұн, түркі тайпаларының тікелей мұрагері ретінде олардың қару-жарақпен байланысты салт-дәстүрлерін де сақтап қалған.

Тәуке ханның «Жеті жарғысы» бойынша тек қару асынған адам ғана қоғамның толық құқылы мүшесі бола алады. А. Левшин жарғыдағы бұл бапты былай келтірген: «Бірде-бір қазақ халық жиналысына қарусыз келуші болмасын. Қарусыз келген адам дауыс беру құқығынан айрылған және ондайларға жастар орын бермейтін. Қару ұстауға жараған әрбір адам (сұлтандардан басқа) жыл сайын өз дүние-мүлкінің 20-дан бір бөлігін ханға және ел басшыларына алым ретінде төлейтін» [4, 370 б.]. Қазақ қоғамында да қару билік символы ретінде өз мәнін жойған жоқ. Қазақ хандары сайланғанда, оларды ақ киізге көтергеннен кейін ханның беліне алтын балдақты қылыш байланатын [2, 46 б.]. Жалпы, оқшантай, шақпақ, ілінетін кісе белдік ерте заманнан бері жауынгерліктің белгісі болған. Оның әшекейі, салпыншақтарының саны жауынгердің қоғамдағы дәрежесіне сай болған: атақ-даңқы артқан сайын әшекей-салпыншақтары көбейе түскен. Ал белді кісе-белдікпен буып тұруының семантикасы адамның қызмет етуге, белгілі бір әрекетке дайын тұруын білдірген [5, 96 б.]. Қазақ тіліндегі «Тәуекелге бел буу», «белін буып кірісті» сияқты тұрақты сөз тіркесі осыны дәлелдейді.

Сақтар сияқты қазақтар да қаруды қатты қастерлеген. Ол жайында халық ауыз әдебиетінен көптеген мәлімет табуға болады. Жырларда қару-жарақтар тек өзінің жеке атауымен ғана емес, қару элементтерінің атымен немесе қарудың түр-сипатына, түсіне, жасалу әдісі мен материалына байланысты аталады.

Мысалы, жырларда найзаға байланысты мынандай атаулар кездеседі: толғамалы ақ найза, емен сапты найза, алты құлаш ақ найза, егеулі найза, жалаулы найза, күмбезді найза, қарағай найза, жебелі найза, қималы найза, қоңыраулы найза, шашақты найза, сырлы найза т.б. Сондай-ақ семсер мен қылышқа байланысты атаулар: ақ семсер, алты құлашты ақ семсер, көк семсер, алмас қылыш, жалаң қылыш, болат қылыш, алтын балдақ ақ қылыш, алдаспан, наркескен т.б. Садаққа байланысты: бұлғары садақ, бұқаржай, көн садақ, қарағай садақ, т.б.; мылтыққа байланысты: алты қырлы ақ мылтық, ақ сырық мылтық, берен мылтық, білтелі мылтық, күмісті мылтық, орама мылтық, мысық құлақ мылтық, он екі құр-

сау жез айыр мылтық, сыр мылтық т.б. [6]. Қайран бабаларымыз болашақ ұрпақ соларды біліп жүрсін деп әдейі осылай істеп кеткендей.

Қазақ үшін қару тек ұрыс құралы ғана емес. Қару – батырдың жанды серігі іспеттес. Жырларда батырлардың өз қаруымен серт жасасатын жерлері бар:

Алты атқа алған адырна,
Ата алмасам маған серт!...
Шым жібектен ескен кірісі,
Үзіліп кетсе саған серт!

Қазақ ертегілерінде де батырдың жаны оның қаруында болады деп суреттелуінің өзі қарудың қаншалықты қастерлі болғанын көреміз. Сондықтан да қазақтар қаруды ешқашан да қадірсіз іске жұмсамаған. Бұл жауынгерлік кодекске қайшы болатын [2, 46 б.]. Мысалы түркмендерде дәстүрлі этикет бойынша жақсы қылышты қынан суырып, оны қолданбай қайта орнына салу қаруды қорлау боп саналатын және ердің дәрежесіне сай келмейтін [7].

Қазақтардың дала өмірі туралы біршама мағлұмат беретін Джон Кэстльдің салып кеткен суреттері бойынша қару-жарақ киіз үйдің Қағбаға қарайтын, ерлердің оң жағында керегеде ілулі тұруы керек [8, 63, 64 бб.]. Оған иесінің рұқсатын алмай туыстарынан бастап ешкімге де қол тигізуіге болмайды.

Қазақ халқында адамның шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, бақилық болғанға дейінгі барлық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерде қару қолданылған.

Мысалы, егер екі қабат әйел көпке дейін босана алмай, қатты қиналса оны босандырмай жатқан албасты немесе марту деп сенген. Сол мартуды қуу үшін қылышты қынабынан шығарып әйелдің бас жағында ойнатып, үкі әкелдірген... Үйге еркектер кіріп, екі қолымен етектерін қағып, үлкендері төрге шығып білетін аяттарын оқыса, жастары шығып қару-жарақтарын салдырлататын, бар болса мылтық ататын. Ата-бабалардан қалған сауыт-сайман, кісе, айбалта, найза, қылыш, қамшы тәрізді бұйымдарды үйдің ішіне іліп тастайтын [9, 89-90 бб.]. Бұл қазақтардың қару-жарақтың магиялық қасиетіне сенуінен ертеректе пайда болған дәстүр.

Қарудың орны үйдің ішінде болатындығы туралы жоғарыда айтылды. Ал найза мен сүңгіні үйдің белдеуіне қыстырып қоятын болған. Бұл батырдың үйде екендігінің белгісі және найзаларға әртүрлі дәреже белгілері (байрақ, шашақ, ту) тағылатындықтан бұл кімнің, қай батырдың

үйі екенін, оның дәрежесін, елде әлде жорықта екенін сырттан келген адам біліп отыратын [2, 92 б.]. Сондай-ақ найзаны өлім болған үйде «қара» тұрғызғанда қолданады. «Қара» дегені найза ұшына белгі байлауды айтады, мәйіт жас болса – қызыл, ересекке – ақ, орта жасар болса бір жағы қара, бір жағы қызыл матадан құрап тіккен. Бұл «қаралы үйдің белгісі». Ары-бері жүрген адамдар сол үйде өлім болғанын, марқұмның жас мөлшерін біліп, үйге кіріп көңіл айтқан. «Қара» көтергені ас береміз деген хабар. Сондықтан да әркім қаралы орынға келіп ас-су ішіп дұға етеді, шаршаған тыныс алуға, шөлдеген сусындауға, аштар тойынуға сонда барады, осыдан «қарны ашқан қаралы үйге барсын» деген мәтел қалған [10, 180 б.].

Қайтыс болған батырдың мұрагері жоқ болса бес қаруы өзімен бірге жерленген немесе өзінің өсиеті бойынша біреуге қалдырылатын.

XVIII ғасырдың аяғында өмір сүрген Саржала батыр сексеннен асып тоқсанға қарай жақындағанда момын, шаруа балаларына көңілі толмай: «Апырмай, тәңірім өзіме теңдес бір ұл бермеді-ау, ... мына сауыт-сайман іріп-шіріп далада қалар ма екен» – деп қалың ойға батып жүреді. Бір күні үзіңгілес жолдастарымен ат үстінде келе жатып, ойнап жүрген көп баланың үстінен шығады. Қару-жарақтарын асынып, суыт жүріп, сатырлап қыр астынан қапелімде шыға келген батырлар балалардың зәресін ұшырып, қатты қорқытады. Шошып қорыққан балалар тым-тырақай қаша жөнеледі. Тек бір бала ғана тұрған орнынан қозғалмай, бұқа болып өкіріп, топ алдындағы Саржала батырдың атының басына топырақ шаша бастайды... Саржала батыр сол баладан ерен бір қасиет көргендей болып, соның үйіне барып түседі. Бұл үй Тайман ақсақалдың шаңырағы болып шығады. Жаңағы батырлардың атын үркіткен Тайманның төрт баласының бірі – Исатай екен. Саржала Тайманға осы бала үшін келгенін айтады да, үстіндегі сауыт-сайманын шешіп, керегенің басына іліп тұрып: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген бар. Өз балаларым ренжи қоймас. Менің сауыт-сайманым өскенде осы бала – Исатайжан ие болар», – деп, қолын жайып, батасын беріпті. Ел аузындағы Исатай батырдың сауыт-сайманы Саржала батырдікі дейтін аңыз осыдан қалған көрінеді [11, 13 б.].

Қазақтарда зират басында ертоқым мен найзаны, садақ пен жебелерді т.б. әскери қару-жарақтарды қалдыру арқылы өлген адамның қаншалықты батыр болғанын білдіргісі келген.

Марқұмның құрметіне ас берілгенде де бәйгеден озып келгендерге сыйлық ретінде міндетті түрде сауыт-сайман аталатын болған [12, 16, 27 бб.].

Сонымен қатар, қазақтардың әдеттік құқық нормалары бойынша өлген адам үшін төленетін құнның ішіне қарудың кейбір түрлері мен сауыт кірген. Мысалы, кейбір мәліметтер бойынша өлген ердің құнына 100 жылқы және алты жақсы сұраған 1) күң (құл) 2) Қара нар 3) Ақ сауыт 4) Тұзу мылтық 5) Қара-шолақ ат 6) Қалы кілем [13, 127 б.]. Сол сияқты қарудың кейбір түрлері қалың мал төлегенде де берілетін [12, 29 б.].

Қазақ ең жақын адамын «тамыр» дейді. Көңілдері жарасқан адамдар дос, тамыр болу үшін тамырласу ғұрпын атқарған. Ол үшін жалаң қылышты кеуделеріне айқастырып, құшақтасып, мәңгі дос болып өтетіндігі туралы серт береді [13, 132 б.]. Бұл дәстүр Алпамыс батыр жырында да айтылған. Онда Қаражан Алпамысқа: басында қорыққанымнан дос болып едім..., енді расынан дос болдым, – деп, иман айтып, аспахани қылышты ортасына айқастырып екеуі құшақтасып дос болды деген [14].

Ертеден келе жатқан бұл ғұрыпты б.з.д. I мың жылдықта Геродот былай суреттейді: «Олар (скифтер) үлкен қыш ыдысқа келісушілердің қаны тамған шарап құяды да, оған семсер, жебе, айбалта және найзаны батырады. Бұл ғұрыптан кейін ұзақ дұға оқылып, келісім жасаушылар және сол келісімде қатысып отырған сыйлы адамдар ыдыстағы шараптан ауыз тиеді» [1, 204 б.] делінген. Мұнда шарапқа қан тамызу арқылы ант-су ішу, оған қару салу арқылы куә ретінде адамдармен бірге қарудың қосылуы қаруды жанды құрал ретінде қастерлуден туған дәстүр болып табылады. «Серт бұзылса қылыш қанға боялады» деген қазақ мәтелінің шығу тарихы сол заманға апармай ма?!

Қарудың қай-бір түрін жетік меңгерген батырларға сол қарудың атауы қосымша тіркелген. Мысалы Исатай бастаған көтерілісте Жұмыр Қылыш деген қол бастаған батырлардың бірі. Жұмырға қылыш атауы қосылуының өзіндік себебі бар. Жұмыр жауға шапқанда қылышты сілтеуі басқалардан мүлде өзгеше болады екен. Осыны білген жаудың Жұмырға қарсы келуге дәті шыдамаған деседі. Тағы бір қасиеті батырдың мойнынан қылыш түспеген, тіпті төсекке жатқанда да қылышын асынып жатады екен.

Осындай қасиеттері үшін Жұмырдың атына қосымша Қылыш атауы тіркелген [15, 42 б.].

Қазақтардың дәстүрлі өмірінде қару-жарақпен байланысты салт-дәстүрлермен қатар қаруға байланысты теңеулер мен мақал-мәтелдер, қанатты сөздер тілімізде көптеп кездеседі. Солардың тек кейбіреуін ғана келтіре кетейік. Мысалы, ер жігіттің күшіне толып, «орда бұзар» 40 жасын «қынабынан алынған қылышпен» теңейді [16, 219 б.]. «Қолың көтере алмайтын шокпарды беліңе байлама» деген мәтелмен аталарымыз өндіре алмайтын істі бастама десе, «Қос қылыш бір қынға сыймас» деп бір елде екі басшының, батырдың сыйыспағанын немесе екі билеушіге бірдей қызмет етуге болмайтындығын меңзеген.

«Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген мәтелді білмейтін қазақ жоқ. Осында «Жете» деп қылыштың сапқа кіретін бөлігін айтады. Жебенің масақ ішіне кіріп тұрған бөлігін де «жете» дейді. Қылыштың жетесі болмаса ол тіптен ұстауға да келмейді. Сондықтан да «жетесіз» деген сөз тәлім-тәрбие көрмеген, қолдаушысы, тірегі жоқ, қолға тұрмайтын дегенді білдірсе керек.

Сақ заманынан қазақ халқына жеткен, халықты айрандай ұйытатын ғұрыптың бірі – бата беру, дұға оқу. Есік қорғанынан табылған 26 әріптен тұратын жазуы бар күміс тостаған соның дәлелі. А. Аманжолов көп жылдан бергі зерттеулерден кейін оны былай оқуды ұсынды: «Аға, саған бұл ошақ! Бөтен тізеңді бүк! Ұрпақтың азығы көп болғай!» [17, 243 б.]. Ал тура бүгінгі қазақтың дұғасы немесе батасы дерсің. Енді мына көріністі көз алдыңызға елестетіңіз. Тостаған абыздардың атрибуты болғандықтан, бас абыз дұға жазылған тостағанға ғұрыптық сусынын құйып, жиналған халық алдында оны күнге қаратып тұрып осы дұғаны оқып ішеді. Сонда жиналған халық дұға қабыл болсын деп тостағаннан сусын ішкен болып ырымын жасайды. Біздің болжауымыз бойынша дұғадан кейін бет сипау салты осыдан шықса керек.

Сонымен, қазақ халқы ежелгі сақ, ғұн, үйсін, түркі тайпаларының тікелей мұрагері болып табылады. Оның бір дәлелі олардың салт-дәстүрінің, дүниетанымдық ұстанымдарының қазақ халқына өзгеріссіз жетіуі. Сақтардан бастау алатын дәстүр, мәдениет сабақтастығы бүгін де өзімізді ұлт ретінде сақталуымызға көп септігін тигізіп отыр.

Әдебиеттер

- 1 Геродот. История. – М., 1993.
- 2 Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. – Алматы, 1996.
- 3 Курьлев В.П. Оружие казахов // СМАЭ. 1978. – Т.34. – 20-21 бб.
- 4 Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996.
- 5 Курьлев В.П. Казахские кожаные мужские пояса в сборниках МАЭ // СМАЭ. – Т. XLIII.
- 6 Кайдаров А.Т. Доспехи и вооружение воина батыра в казахском эпосе и их этнолингвистическое объяснение // Изв. АН КазССР. Сер.общ. наук. – 1973. – № 6.
- 7 Ботьяков Ю.М., Янборисов В.Р. Холодное оружие Туркмен // Сборник МАЭ. Памятники традиционно-бытовой культуры народов Средней Азии, Казахстана и Кавказа. – Л., 1989.
- 8 Джон Кэстль. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы. – Алматы, 1996.
- 9 Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, 1973.
- 10 Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса. – Алматы, 1992. – 180 б.
- 11 Құдайбергенов У. Саржала батырдың сауыт-саймандары // Мәдениет және тұрмыс. – 1985. – №7.
- 12 Дневные записки путешествия Капитана Рычкова в киргис-кайсацкую степь в 1771 г. – Спб., 1772.
- 13 Ибрагимова И.И. Этнографические очерки киргизского народа // Русский Туркестан. – Вып. II. – 1872.
- 14 Батырлар жыры. – Т. II. – Алматы, 1986.
- 15 Төтенаев Е. Бұл жерде Жұмыр Қылыш аты аунаған // Білім және еңбек. – 1987. – № 12.
- 16 Нурланова К. Символика мира в традиционном искусстве казахов // Кочевники. Эстетика. – Алматы, – 1993.
- 17 Аманжолов А. К генезису тюркских рун // Орхонские надписи: Кюль-тегин, Бильге-каган, Тоньюкук. – Алматы, 2001. – 256 б.

References

- 1 Gerodot. Istoriya. – M., 1993.
- 2 Ahmetzhanov K.S. Zharagan temyr kygender. – Almaty, 1996.
- 3 Kurylev V.P. Ouzhie kazakhov // SMAE. 1978. – T.34. – 20-21 bb.
- 4 Levshin A. Opisanie kyrgyz-kazachikh ili Kyrgyz-kaisatskykh ord i stepei. – Almaty, 1996.
- 5 Kurylev V.P. Kazakhskie kozhnanye muzhskie poyasa v sbornikakh MAE // SMAE. T. XLIII.
- 6 Kaidarov A.T. Dospexhi i vooruzhennie voina i batyra v kazakhskom epose i ikh etnolingvisticheskoe obyasnienie // Izv. AN KazSSR. Ser.obsh. nauk. – 1973. – № 6.
- 7 Botyakov U.M., Yanborisov V.R. Khlodnoe oruzhie Turkmen // Sbornik MAE. Pamyatniki tradisionno-bytovoï kultury narodov Srednei Asii, Kazakhstana I Kavkaza. – L., 1989.
- 8 Dzhon Kestl. 1736 zhyly Kyshy zhyz khany Abylkhairga baryp kaitkan sapar turaly. – Almaty, 1996.
- 9 Argynbaev X.A. Kazakh khalkundagu semya men neke. – Almaty, 1973.
- 10 Kurbangaly Khalid. Tauarikh Khamsa. – Almaty, 1992. – 180 b.
- 11 Kudaibergenov U. Sarzhala batyrdyn sauýt-saimandary // Madeniet zhane turmys. – 1985. – № 7.
- 12 Dnevnye zapiski puteshestviya Kapitana Rychkova v Kyrgyz-kaisazkuy step v 1771 g. – Spb., 1772.
- 13 Ibragimova I.I. Etnograficheskie ocherki kyrgyzskogo naroda. Russkiy Turkestan. – Vyp. II. – 1872.
- 14 Bатырлар зhyry. – Т II. – Almaty. – 1986.
- 15 Totenaev E. Byl zherde Zhumyr Kylysh aty aunagan // Bylym zhane enbek. – 1987. – №12.
- 16 Nurlanova K. Symvolika mira v tradisionnom iskusstve kazakhov // Kochevniki. Estetika. – Almaty, 1993.
- 17 Amanzholov A. K genezisu turkskikh run // Orkhonskie nadpisi Kul-tegin, Bilge-kagan, Tonukuk. – Almaty, 2001. – 256 b.

Байгабатова Н.К., Искаков Қ.А.

**Этносаралық толеранттылық
пен қоғамдық келісімнің
қазақстандық үлгісі**

Авторлар бұл мақалада этникалық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделінің негіздерін қарастыруға талпыныс жасады. Қазақстан сияқты полиэтникалық мемлекет үшін ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді сақтау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Авторлар бейбітшілікті, ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді сақтау және мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру идеясына негізделген этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделін қалыптастыруда Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың ерекше орын алатындығына назар аударады. Сонымен қатар, авторлардың пікірінше қазіргі кезде этникалық толеранттылықтың теориялық мәселелерін зерттеу мен жарыққа шығару қажет. Авторлар полиэтникалық қоғамдағы этносаралық қатынастардың үйлестіруші факторы ретіндегі толеранттылықтың аксиологиялық негіздеріне талдау жасайды.

Түйін сөздер: Қазақстан, полиэтникалық қоғам, этносаралық қатынастар, этникалық толеранттылық, қоғамдық келісім.

Baigabatova N.K., Iskakov K.A.

**Kazakhstan's model of
interethnic tolerance and social
harmony**

The authors of this article have attempted to review the foundations of Kazakhstan's model of ethnic tolerance and social harmony. For such a multi-ethnic state as Kazakhstan the preservation of national unity and social harmony is one of the most pressing problems of our time. The authors believe that President of the Republic of Kazakhstan – Leader of the Nation N.A. Nazarbayev plays a special role in the formation of the Kazakh model of interethnic tolerance and social harmony based on the idea of the preservation of peace, national unity and social cohesion and the implementation of the state ethnic policy. In addition, according to the authors, at this stage it is necessary to study and cover the theoretical problems of ethnic tolerance. The authors analyzed the axiological foundations of tolerance as a factor of harmonization of interethnic relations in a multicultural society.

Key words: Kazakhstan, multiethnic society, ethnic relations, ethnic tolerance, social harmony.

Байгабатова Н.К., Искаков Қ.А.

**Казахстанская модель
межэтнической толерантности
и общественного согласия**

Авторы в данной статье предприняли попытку рассмотрения основ казахстанской модели этнической толерантности и общественного согласия. Для такого полиэтнического государства, каковым является Казахстан, сохранение национального единства и общественного согласия является одной из актуальных проблем современности. Авторы считают, что особая роль в формировании казахстанской модели межэтнической толерантности и общественного согласия, основанных на идее сохранения мира, национального единства и общественного согласия и реализации государственной этнополитики, несомненно, принадлежит Президенту Республики Казахстан – Лидеру Нации Н.А. Назарбаеву. Кроме того, по мнению авторов, на данном этапе необходимо изучение и освещение теоретических проблем этнической толерантности. Авторами проанализированы аксиологические основы толерантности как фактора гармонизации межэтнических отношений в поликультурном обществе.

Ключевые слова: Казахстан, полиэтническое общество, межэтнические отношения, этническая толерантность, общественное согласие.

**ЭТНОСАРАЛЫҚ
ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ПЕН
ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛІСІМНІҢ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ҮЛГІСІ**

Қазіргі көпэтносты Қазақстан – бұл өткен тарихтың мұрасы. Ежелгі заманнан-ақ Ұлы дала арқылы керуен жолдары өткен, мұнда әртүрлі халықтардың тағдырлары тоғысып, мәдениеттері мен діндері араласып жатты. Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруі мен қарқынды түрде отарлануы, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістерге әкеліп соқты. Бұл өзгерістер аймақтағы этномәдени жағдайды түбегейлі өзгертті және жергілікті халықтың полиэтникалық құрамының қалыптасуына әсерін тигізді. Кейінірек кеңестік кезеңдегі жер аудару, депортация, көші-қон, индустрияландыру мен тың және тыңайған жерлерді игеру республиканы полиэтникалық мемлекеттердің біріне айналдырды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанды мекен ететін әртүрлі этникалық топ өкілдері алдында этномәдени және ұлттық сәйкестендіру мәселесі пайда болды. Қазіргі таңда қазақстандық сәйкестіктің қалыптасу процесі ең алдымен республика дамуындағы этнодифференциалдық үрдістен гөрі консолидациялық үрдістің мәнін түсінуді қажет етеді. Сондықтан толеранттылық мәселесін этникалық тұрғыдан мемлекеттік, топаралық және жеке адамдар деңгейінде қарастыру Қазақстан жағдайында өзекті болып табылады.

Халқының 5%-ы өзге этносты құрайтын мемлекеттер полиэтникалық болып саналады. Қазақстан Республикасында басқа этностар халықтың 30%-н құрайды. Полиэтникалық мемлекеттердің даму тәжірибесінен біртұтас халықтың қалыптасуы қоғамның ары қарай дамуына әсер ететін ерекше фактор екендігін көреміз. Әртүрлі тарихи оқиғалар нәтижесінде Қазақстан – тек қазақтардың отаны ғана емес, өзіндік мәдениеті бар 100-ден аса этностардың ата-мекеніне айналуы еліміздегі жағдайдың бірегейлігін дәлелдейді. Осы тұрғыдан тарихи өткенді білу – егемен, тәуелсіз мемлекетіміздің ары қарай дамуының негізі және бүгін біз куә болып отырған Қазақстан халқының біртұтастығына біздің ортақ тарихымыз сүйеу болып тұр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бейбітшілік, ұлттық бірлік және қоғамдық келісім идеясы тәуелсіз Қазақстанның табысты дамуының іргетасы болып табылады. 2010 жылы сәуірде Елбасы Қазақстан Республикасының Конституциясы Ережелеріне, «Қазақстан халқының

Ассамблеясы туралы» Заңы және т.б. нормативтік-құқықтық актілерге, сонымен қатар халықаралық құқық нормаларына негізделген Қазақстанның Ұлттық бірлігі доктринасын бекітті. Доктринада жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген ұлттық бірліктің негізгі принциптері пысықталды. Бірінші принцип – «Бір ел – бір тағдыр» – тағдырдың ортақ екендігін сезіну – өткен мен болашаққа үнделді. Бірінші кезекте, «ортақ тағдыр» – бұл біз бірге бастан кешкеніміз, біз бірге құрғанымыз және де бұл біздің алда күтіп тұрған болашағымыз.

Қазақстанда мемлекет этносаралық қарым-қатынасты және өзінің ұлттық саясатындағы процестерді құқықтық база, оның ішінде ҚР Конституциясы және орталық, аймақтық және жергілікті билік деңгейінде қызмет ететін тиісті органдар мен институттар негізінде реттейді. Қазіргі этносаралық процестерді қарастырудағы методологиялық әдістер Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2030», «Ғасырлар тоғысында», «Тәуелсіздігіміздің бес жылы», «Тарих толқынында» және т.б. кітаптарында көрсетілген. Өз еңбектерінде Президент еліміздегі бүгінгі күнгі үндестік пен татулықтың маңызын баса көрсетуде.

Қазақстан сияқты полиэтникалық мемлекет үшін, ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді күшейту – жүзеге асырылып жатқан реформалардың жетістігі мен дамуы негізге алатын шарттарының бірі. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, «біздің басты бағытымыз келісімге келу жолдарын іздеу және біріктіретін бастамалар арқылы барлық ұлттық топтардың дамуына негізделеді» [1, 17 б.]. Бұл аксиома Қазақстанның ұлттық біртұтастығы Доктринасының құрамдас бөлігінің бірі болды. Аталған құжатта «Мемлекеттің қалыптасуы кезеңінде басты міндет этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісім арқылы қоғамды біріктіру болса, елдің дамуының жаңа кезеңінде стратегиялық басымдылық барлық халыққа ортақ құндылықтар мен принциптер жүйесін мойындауға негізделген ұлттық бірлікке жету. Бұл қажеттілік өмірдің өзінен туады, ортақ тағдыр мен тарихтың логикасынан ағып шығады» делінген [2, 3 б.].

Осыған орай, толеранттылық аксиологиясы мәселелері шығады. Бұл, аксиология қарым-қатынас құндылықтарының жекелеген жүйесіне сәйкес тұлғаның өмірлік ұмтылыстары мен жүріс-тұрысы дифференциациясына негізделген, адам өмірінің құндылықты-мағыналық концепциясы ретінде тұжырымдалатындығымен түсіндіріледі. Ал этникалық толеранттылық по-

литникалық өзара әрекеттестік мәдениетінің жоғары деңгейін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар, мемлекеттің саяси, экономикалық және т.б. салаларында қатынастың жаңа жүйесі қызметі және қалыптасуының нәтижесі бола алады. Жалпы адамзаттық құндылықтар басымдылығынан шыға отырып, этникалық толеранттылық өмірдің мәні рөлін атқара отырып, қазіргі қоғамның құндылығы болып табылады. Құндылықтар мәселелеріне тоқтала отырып, оған ғылыми түсініктеме табу қажет.

Әрбір қоғамға, әлеуметтік топ пен сол қоғамда әлеуметті мойындалған құндылықтар критерийлері көрсетілетін әлеуметтік реттелудің жоғары көрсеткіші ретінде жүретін белгілі бір құндылықтар жиынтығы тән екендігін атап өткен жөн. Тұлға құрылысы деңгейінде сондай критерийлерді меңгеру, тұлға қалыптасуына және қоғамда нормативтік тәртіпті ұстап тұруға қажетті негізді құрайды. Әлем туралы ойлай отырып, адам өзінің өмірінде не маңызды екендігін шешеді [3].

Этникалық толеранттылық – этникалық қоғамның не оның жеке өкілінің, басқа этностардың өмір салтының мінез-құлықтық және коммуникативтік модельдерін, мәдениетін, дәстүрін, құндылықтарын қабылдауға дайындығын сипаттайтын қасиет.

Этникалық толеранттылық әлемдегі этномәдени көптүрлілікті құндылықтарды мойындай отырып, әрбір ұлттың, оның өкілдерінің рухани-адамгершілік әлеуетін ашу негізінде пайда болады.

Этникалық толеранттылық негізінде позитивті этникалық сәйкестік жатыр. Ол өз кезегінде топтың этникалық сана сезімін күшейтуге және оның этномәдени организм ретінде оның біртұтастығын сақтауға әсер ететін, өзін сол этносқа қатысты жеке адамға жатқызу арқылы түсіндіріледі [4]. Этникалық сәйкестік, этникалық топтар, олардың дәстүрлері, мәдениетінің ерекшеліктері жайлы білімді талап ететіндігі оны этномәдени компетенттілік деңгейіне шығарады. Бұл, этникалық топтардың көптүрлілігін түсіну мен қабылдауға, этномәдени өзара әрекеттестіктің жақсы жақтарын көруге мүмкіндік береді.

Этникалық толеранттылықтың мазмұнды жақтарының дамуы білімнің бөлшектегі түсініктен оның маңызын аша отырып, жалпы, тұрақты түсініктерге жылжуын білдіреді. Терең білім, заттың танымдық қызметінің барлық қырынан яғни, оның объективті ішкі байланыстары және оның маңыздылығы тұрғысынан бағалаудың бейнеленуін қажет етеді. Білім сипаттамалық

түрде ғана болса, толық болып есептелмейді, танылатын мен танып білуші арасындағы байланысты ашуы тиіс.

Бұл фактілерден этникалық толеранттылық тұлғаның құндылықтарымен тікелей байланысты деп есептейміз. Белгілі бір дәрежеде құндылықты бағыт, сәйкесінше, этникалық толеранттылық құрылымында келесі компонент – аксиологиялық болып табылады.

Адам түйсігінде тұлғалық, оған маңызды болатын объективтік нормаларда, шындықты адекватты бағалауда, өзге этнос өкілдерімен байланысқа түсе алатындығы мен дайындығында, достықта және достық қарым-қатынасты ұстай білуде, көмекке келу дайындығында, бірін-біріне қол ұшын бере алуында көрінеді. Сонымен қатар, позицияларды өзара келісу, келісімге келу, полиэтникалық өзара қарым-қатынас процесінде тіршілік ету құқығымен басқа адамдардың ой-пікірлері мен бағаларын қабылдай білуі болып табылады.

Бұл компонент әртүрлі этнос өкілдерінің өзін-өзі бағалау, түсіну арқылы, олардың қайталанбайтындығының өзі құндылық екендігін түсіну арқылы қоғам өміріндегі олардың алатын рөлін, полиэтникалық өзара позитивті қарым-қатынасты қамтамасыз ететін мінез-құлық моделін таңдау, жүзеге асыру арқылы құндылықтар әлемінде тұлғалық тәжірибенің қалыптасуын да қамтамасыз етеді.

Этникалық топтардың өзара әрекеттестігінде толеранттылық тұлғаның жалпы деңгейіне, оның әртүрлі этникалық топтарға құндылықты қатынасына, адамзаттық нормалар мен адамгершілікті қабылдай алуына байланысты болады.

Осылайша, этникалық толеранттылықтың аксиологиялық аспекті бірнеше бағыт бойынша қарастырылады:

1. Этникалық толеранттылық әр тұлғаның шығу тегіне қатысы жоқ қолсұғылмаушылығын, адамдық абыройдың құндылығын бекітетін қазіргі қоғамның әлеуметтік құндылықтарының бірі ретінде жүреді.

2. Этникалық толеранттылық қоршаған шындық тұлғаның қарым-қатынасын реттейтін заманауи тұлғаның құндылықты қатынасы жүйесінің бір бөлшегі. Сондай-ақ, әртүрлі этникалық топтарға өмірдің маңызы бар әлеуметтік шындығы ретінде құндылықты қарым-қатынасты қалыптастыру ретінде қабылдайды.

3. Этникалық толеранттылық әртүрлі бір-бірінен тілі, түсінігі, дәстүрі мен әрбірімізді жеке тұлға ретінде қалыптастыратын ұқсас этномәдени, рухани құндылықты білу полиэтникалық

өзара әрекеттестікте барлық әлеуетін жүзеге асыруға, әртүрлі этникалық топтармен түсіну мен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін білімді қабылдайды.

4. Этникалық толеранттылық этномәдени әлемнің санқырлылығы, жалпыадамзаттық және адамгершілік құндылықтар, жүріс-тұрыс формалары жайлы түсінік талданатын негізгі тұлғалық қасиет болып табылады. Этникалық толеранттылық дінгеі позитивті полиэтникалық өзара әрекеттестікке, өзге адамды қайталанбайтын құндылық ретінде қабылдайтын құндылықты бағыт болып табылады.

5. Этникалық толеранттылық өзінің құрылымында аксиологиялық компоненттер де бар, күрделі, көпқырлы феномен ретінде болады. Бұл компонент құндылықтар әлемінде, позитивті полиэтникалық өзара әрекеттестікті қамтамасыз ететін әртүрлі этнос өкілдерінің өзін-өзі бағалауын түсінуінде, олардың қоғам өмірінде алатын орнын түсінуінде, жүріс-тұрыс моделін таңдауда, тұлғалық тәжірибе қалыптасуында көрініс табады [5].

Этникалық толеранттылықтың аксиологиялық негіздері көпшілікті мойындауға, тұлғаның құндылықты бағыттары, шындықты бағалау көмегімен қабылдау, бұл құбылыстар мен қарым-қатынастардың тұлғалық мағынасын бағалау арқылы әртүрлі этникалық топтардың теңқұқылығы. Бұл процестердің нәтижесі өзге этнос өкілін түсіну ғана емес, оның өзіне деген қатынасы әңгімеде тең партнер ретінде қараудан тұратын шынайы өзара түсіністікке жету болып табылады.

Жаһандану процесі өмірдің барлық қырларында тығыз мемлекетаралық байланыстар орнату, шекараның ашықтығы мемлекеттердің ғана емес, жеке тұлғаның да өмір салтын өзгертеді. Өмірдің міндетті шарты өзгелердің құқығын шектеп қалмай, этникалық топтардың өздерінің қайталанбас даралығын сақтап қалу құқығын мойындау, адамдардың өзара қарым-қатынасын реттейтін нормаларды сақтау болып отыр. Жаңа қоғамның дамуы заманауи адамның толеранттылық түйсігін қалыптастыруды талап етеді. Осы ретте қоғамдағы жүріп жатқан өзгерістер бұрыннан келе жатқан құндылықтарды қайта бағалау мен қайта қарау қажеттілігін талап ететіндігін, жаңа құндылықты бағыттардың пайда болуы, рухани идеялар және құндылықтармен біріктірілетін адамгершілікке негізделген қоғамның қалыптасуына бағытталған идеялар жариялануда екендігін атап өткен жөн.

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі— Қазақстанның

көпэтносты қоғамындағы этностар арасындағы қатынастардың дамуының теориялық тұрғыдан негізделген, тәжірибемен қорытындыланған Қазақстан Республикасы саясатында жүзеге асқан үлгісі (моделі).

Әлемдік тәжірибеде этносаясаттың бірнеше үлгісі бар. Ассимиляция – этностық топ мүшелері басқа этностық я ұлттық қоғамдастықтың мәдени және құрылымдық сипаттарын қабылдап алады. Соның салдарынан өздерінің ұлттық я этностық сәйкестігін ауыстырады. Әдет-әдеп, құндылық пен арман-тілектері басқа этносқа ұқсап шыға келеді, рәміздер мен әлеуметтік кедергілердің теңгерімі ортаға бағытталады. «Балқыту қазаны» «түрлі халықтар мен олардың ұлттық мәдениеттері тоғысады, осындай тоғысудың нәтижесінде тұтас америкалық ұлт қалыптасты. Бұл атау алуан түрлі парадигмалар сақталатын «қыдыс» мағынасында қолданылады. «Мәдени бостандық» тұжырымдамасы (жеңілдіктер мен санкциялардың арқасында иммигранттардың қабылдаған қоғамдастықпен бірігіп кетуі). Этностық иерархия, «басым этнотоп» – саяси я мәдени/онтологиялық жақтан басым этностық топ. Сондай-ақ, саяси я мәдени жақтардан ғана емес, экономикалық жақтан да басымдық болатын жайттар болады. Кең таралған әрі даулы үлгілердің бірі көпмәдениеттілік (мультикультурализм) тұжырымдамасы («тарихи эпизод», «қысқа мерзімді «кері толқынның» көрінісі») сияқты түрлерге жіктеледі).

Қазақстан Президенті алғашқылардың бірі болып этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің үлгісін жасаудың қажеттігіне алғашқылардың бірі болып назар аударды: қазіргі проблемаларды әділдікпен көрсете отырып, түрлі этностар мен конфессиялардың өзара ықпалдасуы жолындағы қазақстандық тәжірибені ашық әйгіледі. Қазақстан халқы Ассамблеясының (мұнан ары – ҚХА) 2003 жылдың желтоқсан айындағы X сессиясында Президент аталмыш модельдің құрамы мен мәнінің, оны түсінудің ыңғайларын белгілеп берді.

ҚХА Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 1 наурызындағы Жарлығымен құрылды, оны Мемлекет басшысы басқарады. ҚХА этносаралық қатынастар мен қоғамдық келісімді жарастыратын институт, мемлекеттің ұлттық саясатын жүзеге асырудың шешуші құралы болып табылады.

Бұл үлгіге Қазақстанды мекен ететін барлық этнос өкілдерінің өзара түсіністігі мен толеранттылығын, патриотизм мен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілігін қалыптастыратын бес

негізгі ұстаным тірек негіз болып отыр. Әлемдік тәжірибеде жұрттың 95%-нан кем емес бөлігі бір этностық дәстүрдің өкілінен құралатын мемлекет моноэтносты деп танылады. Ондай мемлекеттер бірнешеу ғана: Исландия, Норвегия, Португалия, Албания, Армения, Мальта, Ямайка, Йемен, Венгрия т.б.

Қазақстан үлгісін кейде Азия үлгісімен немесе Канада тәжірибесімен салыстырып жатады. Азиядағы басқа модельдер сияқты, Қытайға күшті мемлекетке сүйену, көрінеу идеология, ұстамды консерватизм мен азаматтық ұлтшылдықты сабақтастыру, титулсыз этностарға жалпыұлттық құндылықтарды телу тән. Ал Канадада Қазақстанмен ұқсас бірқатар географиялық және саяси сипаттар бар. Алайда Канада алуан түрлілікті біртұтастыққа салуға ұмтылса, Қазақстан көп түрлі бола отырып бірігу саясатын ұстанып отыр.

Сонымен қатар қазақстандық үлгінің қағидаттық маңызы бар бірқатар ерекшеліктері бар.

Біріншісі. Ел басшыларының саяси ерік-жігерінің нәтижесінде қандай этнос пен қандай дінге қатыстылығына қарамастан азаматтардың тең құқылығын жүзеге асырудың ықпалды тетіктері жасалып, жетілдірілуде. ҚХА Төрағасы – ел Президенті, ал Президент – Конституция кепілі, осының өзі-ақ ҚХА мәртебесінің жоғарылығын білдіреді.

Екіншісі. Қазақстандық үлгі азаматтардың бастамасымен, азаматтық қоғам мен мемлекет институттарының сындарлы үнқатысудың, елдің тұтастай қоғамдық-саяси жүйесі қатыстырылған үнқатысудың нәтижесінде «төменнен» қалыптасып шықты. Қоғам мен мемлекетті қатыстырған, бұл күнде осы екі институтты бірлестіруші алаңға айналған ҚХА болды.

Үшіншісі. Қазақстанның бірегей ерекшелігі сол, этностық топтар азаматтық-құқықтық және қоғамдық тұрғыдан бірдей, айрықша жоғары мәртебеге ие. Этнос өкілдері ұлттық азшылық өкілдері ретінде емес, Қазақстанның тұтас халқының азаматтары ретінде құқықтардың бәріне де толықтай ие бола алады. Ел Конституциясының он бір нормасы этносаралық қатынастар саласындағы стандарттарды белгілеген, ал «ұлттық азшылық» дейтін ұғым іс жүзінде қолданылмайды. Санының аз-көптігіне қарамастан Қазақстан халқының құрамындағы этностар тең құқықпен және мемлекеттің қорғауымен қамтамасыз етілген.

Төртіншісі. Қоғамдық келісім ең бір маңызды саяси-идеологиялық құндылық болып саналады. Негізгі Заңның бұл қағидаты Қазақстан

Республикасы Конституциясының сарқылмас мүмкіндігін ашады. Онда қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты, азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге толық араласу мүмкіндіктерінің бірегейлігін қамтамасыз етуде және шешімдер қабылдауда мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының атқаратын рөлі белгіленген.

Бесінші. ҚР Парламент Мәжілісінің ҚХА сайлаған 9 депутаты Парламентте барлық этностың кепілді өкілдігін қамтамасыз етеді. ҚР Парламент Мәжілісіндегі 107 депутаттың, ҚХА сайлаған 9 депутатты қосқанда, 31 депутаты түрлі этностық топтардың өкілдері. Жалпы алғанда, ҚР Парламентіндегі түрлі этностарға жататын депутаттар саны – 41, этностық топтардың саны – 14. Мәжілістегі ҚХА депутаттық тобының форматы қоғамдық-саяси тұрғыдан жаңаша толықтырылды. Қазір ол топқа Парламенттегі үш партияның және Азаматтық альянстың өкілдері кіреді, мұның өзі заң шығаратын қосымша мүмкіндік туғызып отыр. Мемлекет басшысының ҚХА XIX сессиясында берген тапсырмасы бойынша ҚХА-мен партиялар арасындағы әрекеттестіктер өңірлік деңгейде де қолданылады.

Алтыншы. Мәдениеттің көпалуандығын сақтау мен ұлғайтуға мемлекеттің этностық тілдер мен мәдениеттерді қолдайтын өзгермес саясаты сеп болып отыр. Кез келген этнос құрмет пен сенімге ие, кез келген этностың заңнамада бекітілген ретпен өзінің жасампаз әлеуетін арттыруға мүмкіндігі бар.

Жетінші. Қазақстандағы этносаралық қатынастар саясатсыздандырылған және бұл заңмен бекітілген: ҚР Конституциясының 39-бабының 2-тармағы бойынша, «Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады».

Сегізінші. Этносаралық қатынастар үлгісінде ҚХА шешуші орын алады. Ассамблеяға Қазақстанды мекендейтін барлық этностық топтардың 600-дей өкілі енеді. Оның жоғарғы органы – сессия, ҚХА Төрағасы ел Президентінің төрағалық етуімен өтеді. Сессия шешімдерін мемлекеттік органдар қарастыруға міндетті.

Тоғызыншы. Этносаралық толеранттылық пен конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету жолындағы Қазақстанның қарекеті еліміздің гуманитарлық өлшемдегі ең маңызды жетістіктерінің бірі ретінде әлемдік деңгейде мойындалып отыр [6].

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі шеңберінде этносаясат ғылыми тұрғыдан талданып, сараптамамен қосталуда, этносаясатты халықаралық және

отандық тәжірибе негізінде одан ары дамытудың стратегиялық ыңғайлары жасалуда.

Этносаралық ахуалдың индикаторлары қоғамдағы этносаралық қатынастардың даму үрдісі мен жай-күйін анықтайтын айнымалы шамалардың жүйесі болып табылады. Этносаралық саланы бағалау үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қолдануына ыңғайлы болу қажет типтік индикаторлар ретінде мыналар қарастырылғаны жөн: этносаралық келісімді қамтамасыз ету ісіне жұрттың беретін бағасы; ҚХА-ның этноұлттық саясатты жүзеге асыру жолындағы іс-шараларына тартылған орталық және жергілікті атқарушы органдардың үлесі; этноұлттық саясат саласындағы іс-шараларына орталық және өңірлік деңгейде этномәдени бірлестіктердің қамтылуы; этносаралық қатынастар саласында Конституция нормаларына сәйкестігі сараптамадан өткізілген заң жобаларының үлесі; Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін түсіндіру жөніндегі ақпараттық жұмыспен қамтылған жұрттың үлесі; этносаралық қатынастардың жайын оң бағалайтын жұрттың үлесі; қоғамның жалпы ұлттық құндылықтарды қолдау деңгейі; ұлттық-мемлекеттік бірегейлік белгілерімен өзін бірдейлестіретін жұрттың үлесі; мемлекеттік тілге оқытып-үйретудің барлық түрімен қамтылған этностардың және тілін, дәстүрі мен мәдениетін сақтау жолында жұмыс жүргізіп жатқан этностардың үлесі; этносаралық қатынас пен қоғамдық келісім мәселелері бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулердің деңгейі; Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында оқыған тыңдаушылардың даярлық сапалық құрамы мен деңгейі.

Этносаралық қатынастардың түрлі деңгейлерге тән, көп бағытты және көп компонентті сипаттары мол. Сондықтан бағалау межелеуіштерінің ішінде мыналар ескерілуі қажет: әлеуметтік-экономикалық ахуал; әлеуметтік-саяси ахуал; тілдік ахуал; азаматтардың өзін-өзі сәйкестендіруі мәселелері; этностық қоғамдастықтар мен топтардың қоғамдық үдеріске қосылғандығы.

«Нұрлы жол – болашаққа жол» атты Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Этносаралық татулық – бұл тірі ауа. Біз дем алған кезде оны сезбейміз, оны автоматты түрде жасаймыз – біз жай ғана өмір сүреміз. Біз өз бірлігіміз бен этносаралық татулығымызды өзіміз сақтауымыз қажет... Татулық пен тұрақтылық – бұл жалпыхалықтық игілік, оны күнделікті еңбекпен қорғау мен күшейту қажет» деді [7].

Сондықтан біздің жол – Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына ортақ болып табылатын, принциптер мен құндылықтар жүйесін

мойындауға негізделген ұлттық бірлікке жету, татулықты, тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі // Страна и мир. – 2010. – № 42. – 3-17 б.
- 2 Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа трендтер. – Астана: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011. – 204 б.
- 3 Кирьякова А.В. Теория ориентации личности в мире ценностей: монография. – Орынбор, 1996. – 187 б.
- 4 Лебедева Н.М., Лунева О.В., Стефаненко Т.Г. Тренинг этнической толерантности для школьников: учебное пособие для студентов психологических специальностей. – М.: МАКС Пресс, 2004. – 360 с.
- 5 Юдина О.И. Аксиологический аспект этнической толерантности // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 4. – С. 21-28.
- 6 Этносаяси сөздік. – Астана, 2014. – 400 б.
- 7 Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауы // http://www.akorda.kz/kz/page/page_218341_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-11-noyabrya-2014-g

References

- 1 KR Prezidenti N.A. Nazarbaevtyñ Kazakhstan halky assambleyasynyn XVI sessiasyndasoilegensozi // Strana i mir. – 2010. – № 42. – 3-17s.
- 2 Kazakhstannyn memlekettik etnosayasaty: zhana trendter. – Astana: Kazakhstan Respublikasy Prezidenti zhanyndagy Memlekettik baskaru akademiya, 2011. – 204 s.
- 3 Kiryakova A.V. Teoriya orientatsii lichnosti v mire cennostei: monografiya. – Orynbor, 1996. – 187 b.
- 4 Lebedeva N.M., Lunaeva O.V., Stefanenko T.G. Trening ethnicheskoi tolerantnosti dlya shkolnikov: uchebnoe posobie dlya studentov psihologicheskoi specialnostei. – M.: MAKS Press, 2004. – 360 s.
- 5 Yudina O.I. Akseologicheskii aspekt ethnicheskoi tolerantnosti // Sovremennye problem nauki i obrazovaniya. – 2014. – №4. – S. 21-28.
- 6 Ethnosayasi sozdik. – Astana, 2014. – 400 b.
- 7 Elbasynyn «Nurly zhol – bolashakkabastarzhol» Kazakhstan halkyna Zholdauy // http://www.akorda.kz/kz/page/page_218341_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-11-noyabrya-2014-g

Баудиярова К.Б., Исаева А.И.

Семейный досуг – один из факторов стабильности брака

Семья – это многофункциональная система, которая выполняет ряд взаимосвязанных между собой функций. Одной из таких функций является семейный досуг. Семейный досуг – это свободное времяпровождение, которое предполагает совместное участие всех членов семьи в различных видах активной и пассивной деятельности, способствует сплочению семьи, помогает сплотиться и лучше узнать друг друга, является одним из основных средств для восстановления физических и духовных сил ее членов, формирования их личностей. Таким образом, семейный досуг представляет важный компонент в жизни семьи, который обеспечивает совместную жизнеспособную деятельность всех ее членов, что способствует ее стабильности.

Ключевые слова: семья, брак, стабильность, семейный досуг, культура.

Baudiarova K.B., Isaeva A.I.

Family leisure – one of the marriage stability factor

Family is a multifunctional system that performs a number of inter-related functions. One of the functions of the family is a family leisure. Family leisure – it's free activities, which involves the joint participation of all family members in a variety of active and passive activities, which contributes to the unity of the family, helping to make friends and get to know each other is a powerful tool for the restoration of the physical and spiritual powers of man, the formation of his personality. During family entertainment it becomes a team, and in such a family no one feels lonely or deprived of attention. Family leisure time is an important component of family life, which provides joint activity of all its members, which contributes to the stability of the family.

Key words: family, marriage, stability, family leisure, culture.

Баудиярова Қ.Б., Исаева Ә.И.

Отбасылық демалыс неке тұрақтылығының бірден-бір факторы

Отбасы – қызметтері өзара байланысқан көпқызметті жүйе. Отбасының негізгі қызметтерінің бірі отбасылық демалыс болып табылады. Отбасылық демалыс – отбасы мүшелерінің барлығының белсенді немесе белсенсіз түрде қатысуымен еркін уақыт өткізу. Бұл отбасы мүшелерінің бірігуіне, өзара достасуына, бірін-бірі түсінісуіне, жеке тұлға болып қалыптасуына, адамның физикалық және рухани күштерінің қалпына келуіне әсер ететін бірден-бір фактор. Отбасылық демалыс отбасы мүшелерінің ортақ шығармашылығын қамтамасыз ететін, отбасылық өмірдегі негізгі компонентер, яғни отбасы тұрақтылығына әсер етеді.

Түйін сөздер: отбасы, неке, тұрақтылық, отбасылық демалыс, мәдениет.

СЕМЕЙНЫЙ ДОСУГ – ОДИН ИЗ ФАКТОРОВ СТАБИЛЬНОСТИ БРАКА

Известно, что семья как важнейшая ячейка общества отличается как сплоченностью, так и дестабилизациями. В современных условиях она испытывает ряд социальных проблем, связанных с переходными рыночными отношениями, снижением рождаемости и т.д. Изменения коснулись не только структуры семьи как малой социальной группы, что связано с уменьшением не только детности, но и ее состава, т.е. появлением семей, сформировавшихся после повторного брака. Поэтому в настоящее время ведется интенсивный поиск новых путей в исследовании данной проблемы, направленной на повышение системы ценностных ориентаций, включая семейного досуга. Семья выступает посредником между человеком, государством и другими социальными институтами. Семья, ее жизнедеятельность и ценности напрямую зависят не только от уровня культурного развития общества, но и от сложившихся социально-общественных отношений. Следовательно, чем выше указанные нами выше системно образующие факторы общества, тем выше стабильность семьи.

Безусловно, семейный досуг – это, прежде всего, совместное времяпровождение, общение, путь к гармонии и взаимопониманию в семье. Совместный отдых обогащает ее общими интересами, прививает необходимые жизненные ценности, играя тем самым важную роль. Свободное время, которым можно располагать, направлено, с одной стороны, на потребление жизненно важных элементов, с другой – на осуществление свободной деятельности, которая является естественной необходимостью для каждого индивида. Обычно выбор различных видов отдыха напрямую зависит от предпочтений, привычек, воспитания, финансово-материальных возможностей каждой отдельно взятой семьи. Специалисты считают, что те семьи, у которых есть общие увлечения, являются более дружными и крепкими, чем те, которые игнорируют или не имеют возможности для полноценного отдыха и пр. Поэтому они считают уместными следующие универсальные и полезные виды семейного досуга: 1) совместный поход в культурные учреждения (кинотеатры, театры, концерты и др.). Такое времяпровождение по силам абсолютно всем членам семьи (супругам, детям, внукам), главное правильно выбрать те или иные формы досуга; 2) развивающие

игры, которые предполагают посещение соответствующих культурно-просветительных или спортивных учреждений или клубов для детей с тем, чтобы выбрать игру в соответствии с их возрастом или полом. При этом предпочтение отдается ярким красочным играм с обучающей направленностью; 3) танцы. В настоящее время имеется огромное количество танцевальных кружков, в которых могут заниматься как взрослые, так и дети, которые представляют отличную возможность заниматься многообразными видами спорта и интересно провести отдых. Прежде всего следует выбрать стиль танцев, который будет привлекательным, поможет учащимся с самого детства привыкнуть к активному досугу; 4) мастер-классы, кружки. Здесь можно довериться выбору детей и отдать предпочтение тому виду деятельности, который понравится им. Прежде всего их будут привлекать рисование, пение, оригами, моделирование, поделки, курсы иностранных языков, которые впоследствии станут не только увлекательными, но и полезными; 5) выставки, музеи, галереи. Так, для младшего поколения есть масса интересных выставок с животными, рисунками и поделками в виде героев мультфильмов или комиксов; 6) пикник, игры на свежем воздухе. Обычно в теплое время года посещают парки малых, средних или больших городов или выезжают всей семьей за город на природу, что представляет отличную возможность не только подышать свежим воздухом, но и сделать интересные фотографии и насладиться общением в кругу семьи [1].

Умение организовать правильное проведение семейного досуга направлено не только на поддержание, сохранение семьи как целостной системы. Как правило, отдых восстанавливает психические и физические силы человека, помогает развитию личности. Сфера совместного досуга представляет наиболее широкие возможности для сознательного и целенаправленного формирования правильных супружеских взаимоотношений. Если указанная функция досуга осуществляется успешно, то это положительно влияет на нормальное и полноценное функционирование семьи. Отношения любви, дружбы, уважения, сочувствия, готовности к сопереживанию наиболее эффективно вырабатываются в процессе выявления и развития общих интересов, вкусов и культурно-бытовых потребностей семьи. Обычно благополучный семейный досуг оказывает прямое воздействие на нормальную психологическую атмосферу семьи. Правильная организация позволяет супругам снимать нап-

ряжение, которое накапливается у них во внесемейной деятельности и в ходе осуществления ими других функций (производственной, хозяйственно-бытовой, воспитательной и т.д.). Таким образом, он в посредствованной форме обеспечивает один из видов необходимой психологической разгрузки. Считаем, что для обеспечения нормального психологического самочувствия и удовлетворенности браком супругам необходим не только определенный накал эмоциональных переживаний, но и отсутствие повседневной рутины и однообразия. Для этого необходимо обеспечить повседневный отдых, развлечения, рациональное потребление культурных ценностей. Вступая в брак, каждый из супругов обладает определенными сформировавшимися представлениями, культурными ценностями, потребностями и нормами, которые они приобретают в базовой семье на примере родителей, близких родственников, окружающей среды, включая школы, средних и высших учебных заведений, средств массовой информации (телевидение, интернет, газеты и журналы). С самого начала совместной супружеской жизни происходит взаимодействие этих ценностных ориентаций и потребностей. На разных этапах жизненного цикла семьи этот процесс происходит с разной интенсивностью, зависящей от объективных условий жизнедеятельности семьи, приобретенных и накопленных знаний от представителей старшего поколения. В условиях дефицита времени, связанного с определенной спецификой той или иной трудовой деятельности, ухода за маленькими детьми, досуговое общение супругов может нередко замыкаться только в рамках семьи. При этом нельзя забывать того фактора, что успешное осуществление функций семейного досуга напрямую зависит как от объективных условий (типа поселения, формы и состава семьи, материально-жилищных условий, социально-демографических факторов и т.д.), так и от благоприятности психологического климата в семье.

Для выявления правильной организации внесемейного отдыха супругов в сфере досуга рассмотрим такой объективный показатель их проведения, как величина затрат времени на различные виды досуговой деятельности. По данным нашего исследования в Южно-Казахстанской области $\frac{1}{2}$ супругов из стабильных семей совместно посещают кинотеатры, театры, концерты, парки, музеи, выставки и т.д. [2]. Естественно, в сельской местности значителен удельный вес фактора домашнего хозяйства. Тем не менее часть опро-

шенных нами респондентов указали, что в свободное время встречаются с родственниками, друзьями и знакомыми. В меньшей мере супруги ориентированы на такие сложные по организации виды отдыха, как экскурсии, туристические поездки. Часть респондентов указали, что предпочитают активный отдых, в том числе прогулки на природе, пикники, занятие спортом, путешествия. Для этого в летнее время они выбирают поездку в дома отдыха, в гости к своим родственникам, друзьям и т.д. С теми или иными разновидностями он характерен и для других времен года.

Показательны в этом отношении наши материалы о характере проведения отпуска. В стабильных семьях около 70% супругов проводят время отпуска вместе, а в нестабильных семьях – только 45%. Естественно, что при совместном проведении отдыха структура досуговой деятельности имеет близость как по содержанию, так и по величине затрат времени. Особенно заметна разница во временных затратах супругов в нестабильных семьях на домашнее и внедомашнее потребление культуры. По нашим опросам только у 50% нестабильных семей наблюдаются равные затраты на эти виды деятельности, тогда как в стабильных семьях этот показатель достигает 93%, что свидетельствует либо об отсутствии у супругов общих интересов и увлечений, либо о неблагоприятных отношениях между ними.

Интересен тот факт, что при продолжительном браке развивается такой психологический феномен, как стремление к супружеской автономности в сфере досуга. Особенно это обстоятельство присуще семьям с высоким образовательным уровнем супругов, что является проявлением в этой сфере естественного роста индивидуальной избирательности каждого из них, обусловленной личностно-ориентированным отношением к процессу потребления культурных ценностей. В стабильных семьях к отмеченному ранее совместному проведению досуга соответствуют также установки на индивидуальные виды отдыха. Для стабильных семей характерна ориентация значительной части мужчин только на раздельное проведение досуга. У женщин удельный вес лиц, ориентированных на автономный досуг, значительно меньше, составляя 22%.

Анализ полученной нами этносоциологической информации о характере, содержании и функциях досуга семьи свидетельствует, что наиболее распространенными занятиями рес-

пондентов в свободное время являются просмотр телепередач, чтение книг, журналов и газет. Аналогичные тенденции просматриваются и в других странах СНГ. Так и по исследованиям Российских специалистов на вопрос «Что мешает им проводить свободное время вне дома?» были получены следующие ответы: недостаток времени – 59,5%; усталость после работы и домашних дел – 50,8%; невозможность оставить одних маленьких детей – 37,4%; удаленность культурных мест от мест проживания – 25,5%. Как показывают такие исследования, причины, препятствующие полноценному культурному досугу жителей, делятся на две группы: а) внутрисемейные и б) внесемейные. Так, респонденты старших возрастных групп 36-40, 41-45 лет, имеющие детей школьного возраста, ссылаются в основном на недостаток времени, общую усталость. Подобные проблемы возникают у супружеских пар молодого или среднего поколений, проживающих отдельно от родителей и не имеющих родственников, соглашающихся присматривать за детьми в выходные дни. Не имеющие возможности активно отдыхать супружеские пары проводят свой досуг исключительно дома, в квартире или поблизости от них [3].

Другим показателем, характеризующим связь стабильности семьи с проведением досуга, являются отношения респондента с друзьями или подругами супругов. Хорошие отношения с друзьями мужа или жены в определенной мере свидетельствуют о благополучных отношениях между самими супругами. Большинство удовлетворенных браком мужчин и женщин предпочитают общаться со своими друзьями в обществе супруга. В нестабильных же семьях значительная часть супругов вообще затруднились выразить свое отношение. Так, 30% неудовлетворенных браком женщин подчеркнули, что друзья мужа им не нравятся. Аналогичный ответ у мужчин составил 20%. По мнению Л.А. Гордона, совместное общение с друзьями «облегчает сложную работу формирования духовной общности супругов», тем самым усиливает, углубляет общность интересов супругов [4, с. 38]. Также выявилось, что если взаимоотношения супругов оставляют желать лучшего, то каждый из них, как правило, стремится создать отдельный круг друзей, общение с которыми рассматривается в качестве определенной компенсации недостатка эмоционального общения в семье. Это, в свою очередь, может способствовать впоследствии возникновению некоторой отчужденности, конфликтной ситуации, нередко при-

водящих к распаду семьи. При этом мы не должны забывать того фактора, что в настоящее время в Казахстане распадается каждая третья брачная пара, хотя по данному показателю население Южно-Казахстанской области отличается более стабильными семейно-брачными отношениями. Данную ситуацию отечественные исследователи объясняют тем, что в казахско-узбекской этнической среде и, в особенности в сельской местности, ценности семьи достаточно высоки, тем более, если они имеют детей. Во-вторых, там еще достаточно высоко влияние общественности, представителей старшего поколения, которые в значительной степени заинтересованы в стабильности семейно-брачных отношений. В-третьих, в условиях слабой подвижности и большей компактности населения, недостаточной по сравнению с городом развитости культурно-развлекательных учреждений и других факторов создается меньше объективных условий для различных соблазнов в данной проблеме [5, с. 28].

Таким образом, характер поведения супругов в сфере досуга может быть одновременно как следствием определенных стабильных отношений супругов, так и фактором, оказывающим отрицательное влияние на эти отношения. Здесь важно подчеркнуть то, что семейный досуг является той сферой, где можно успешно приложить усилия для поддержания и сохранения стабильности семьи путем поддержания благополучной психологической обстановки, учитывающих специфику повседневных культурных потребностей каждого из супругов. Естественно, здесь мы не должны забывать воздействие фактора переходных рыночных отношений, а также стремительно надвигающегося экономического кризиса и, как следствие, падение доходов населения, что повлекло за собой сокращение количества свободных денег у населения на проведение той или иной активной формы досуговой деятельности, приводящей к преобладанию ее пассивной, домашней формы.

Литература

- 1 Кудренко Т.В. Специфика ценностных приоритетов семьи в сфере досуга // Проблемы и перспективы развития образования. – Пермь: Меркурий, 2013. – С. 149-150.
- 2 Материалы этносоциологического исследования населения г. Туркестана и Туркестанского района Южно-Казахстанской области в 1998 году.
- 3 Шилова Л.С. Характер проведения семейного досуга и удовлетворенность браком // Стабильность семьи как социальная проблема. – М., 1978. – С. 136-138.
- 4 Гордон Л.А. Человек после работы: социальные проблемы быта и вне рабочего времени. – М.: Наука, 1972. – 184 с.
- 5 Калыш А.Б. Внутрисемейные конфликты и разводы в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 160 с.

References

- 1 Kudrenko T.V. Specifica cennostnyh prioritetov sem'i v sfere dosuga // Problemy i perspektivy razvitija obrazovaniya. – Perm': Merkurij, 2013. – S. 149-150.
- 2 Materialy jetnosociologicheskogo issledovaniya naselenija g. Turkestana i Turkestanskogo rajona Juzhno-Kazahstanskoj oblasti v 1998 godu.
- 3 Shilova L.S. Harakter provedeniya semejnogo dosuga i udovletvorennost' brakom // Stabil'nost' sem'i kak social'naja problema. – M., 1978. – S. 136-138.
- 4 Gordon L.A. Chelovek posle raboty: social'nye problemy byta i vnerabocheho vremeni. – M.: Nauka, 1972. – 184 s.
- 5 Kalys A.B. Vnutrisemejnye konflikty i razvody v sovremennom Kazahstane. – Almaty: Arys, 2013. – 160 s.

Кемелова Қ.Ш.

**Халқымыздың қолөнерге
байланысты әдет-ғұрыптары
мен салт-дәстүрлері**

Мақалада қазақ халқының ежелден қалыптасқан қолөнер шеберлігіне қатысты жасалатын салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына талдау жасалып қана қоймай, басқа да түркі тілдес халықтарының дәстүрімен салыстырмалы түрде негізгі ерекшеліктері берілген. Қай халықтың болмасын қаймағы бұзылмаған мол мәдениеті мен құнды дәстүрі мәңгілік рухани байлығы болып саналады. Ұлттық құндылықтың санаға сіңуінің негізінде жүзеге асып жатқан салт-дәстүрдің қолөнерге байланысты тұрмыс-салт және әлеуметтік-мәдени салт-дәстүр түрлері мақалада тереңінен қамтылған.

Сонымен қатар, мақала ұсталық, зергерлік өнердің пайда болуы мен осы өнерге қатысты бүгінгі күнге дейін жеткен аңыз-әңгімелер, түсінік-ұғымдармен толықтырылған. Ұлы өркениеттің даму жолында мәдениетіміз бен дәстүріміздің негізгі ерекшеліктері өзгеріске ұшырап қолданыстан қалып қалмауы өзектендірілген.

Түйін сөздер: қазақ халқы, қолөнер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, рухани байлық.

Kemelova K.Sh.

**Traditions and customs touching
needlework of Kazakh people**

This article is devoted to an ancient Kazakh craft industry belonging to our tradition and custom. Done comparable analysis of tradition with another Turkic people. From remote times every nation's tradition and culture is invariable and has eternally spiritual value.

Also it is observed the questions about the origin of jewel art, legends and concepts of exquisite workmanship coming up to the present days. Actualization of the question about the protection of culture and tradition during the dynamic progress of civilization in present days.

Key words: Kazakh nation, craft, tradition, custom, spiritual value, specifics, types.

Кемелова К.Ш.

**Обычаи и традиции касательно
рукоделия казахского народа**

Статья посвящена традициям и культурам, относящимся к древнему казахскому ремесленному искусству, сделан сопоставительный анализ с традициями других тюркских народов. У каждого народа неизменная на протяжении веков культура и традиции являются вечными духовными ценностями.

Также рассматриваются вопросы возникновения ювелирного искусства, легенды и понятийный ряд касательно ювелирного дела, дошедших до наших дней. Актуализация вопроса о сохранении культуры и традиций при динамичном развитии цивилизации в настоящее время.

Ключевые слова: казахский народ, ремесло, традиции, обычай, духовные ценности, специфика, виды.

**ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ
ҚОЛӨНЕРГЕ
БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-
ҒҰРЫПТАРЫ МЕН
САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ**

Әрбір азаматтың ата-тегін, өзінің тарихын, ана-тілін білуі, ұлтын сүюі қасиетті парызы, ал ұлтының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін, өнерін өмір бойы сақтап, ұстануы, дамытуы ата-баба рухы алдындағы мәңгілік борышы мен міндеті. Әр ұлттың өзіне тән ерекшелігін, оның музыка мәдениетінен, би өнерінен, қолөнерінен, тұрмысынан, яғни ән-күйлерді тындап, билерін, ою-өрнектерін, зергерлік әшекей заттарын көре отырып, оның қай ұлтқа тән екенін байқаймыз. Мысалы, қазақтың көкпар тарту ойыны кейбір өзгешелігімен көрші өзбек, түркімен, қырғыз елдерінде бар екендігі көптеген әдебиеттерде кездеседі. Киіз үй тігу көшпелі халықтардың бәріне ортақ. Алайда оның құрылысында, ою-өрнек әшекейінде әр ұлтқа тән өзіндік ерекшеліктері байқалады. Осылайша қазақ ұлтын да оңай ажыратуға болады. Қазақ халқының бұрыннан пайда болған салт-дәстүрлері басқа көршілес жатқан ұлттардың салт-дәстүрлеріне ұқсас болып келетін жағы тағы бар. «Қырғыз, қазақ бір туған» деген мақал қазақ халқы мен қырғыз халықтарының бір-біріне өте ұқсас екенін, сондай-ақ, түркі тілдес халықтар да қазақ халқымен бір қандас болып келеді. Қандай халықтың болмасын салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады. Сонымен ұлттардың қолөнерге байланысты салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары сол халықтың тұрмысына, тәрбиесі мен мінезіне, сеніміне, ырымына қарай қалыптасады. Қазақта «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген мақал бар. Халқымыздың әлеуметтік-мәдени өмірінде қонақжайлылық, қайырымдылық іс-әрекеттерін білдіретін салт-дәстүрлердің бірі әдептілік дәстүрі болып есептеледі. Ал халықтың ізгі мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, иманжүзділік – барлық мәдени үлгі-өнегелі іс-әрекеттердің көрінісі – әдеп деп аталады. Қазақ халқының осы игі дәстүрлерінің орындалуын, оның рухани тазалығы жағынан алып қарағанымызда халқымызды қайырымды, мейірімді халық деп атауға әбден болады. Бұл ұлт мәдениетінің ең озық көріністері, яғни, халықтық әдеп – ұрпақ тәрбиесінің өзекті арқауы.

Игі әдеттердің өмір қолданысына айналуы – әдет-ғұрып, оның біржола өмір заңдылығына айналуы – салт-дәстүр деп аталады. Яғни, дәстүр қолданылмалы іс-әрекет. Ол қалыптасқан

іс-әрекет ешкімнің «нұсқауынсыз» еркін орындалады. Өмірдің өркениетті дамуы салт-дәстүрлердің бірте-бірте қолданыстан қалуымен қатар, өзгеріп не жаңарып отыруына байланысты. Мысалы, қыз ұзату, үйлену тойлары ішінара өзгеріп, жаңарды да, ал «әменгерлік», «атастыру» салты бірте-бірте өмірден қолданыстан қалуда. Ал жаңадан еніп жатқан салт-дәстүрге бүгінгі күндерде ерлі-зайыпты қариялардың алтын, күміс тойларын өткізудің тәрбиелік мәні зор.

Салт-дәстүрдің ұлттық санаға сіңіп, біржола заңдандырылуы – салт-сана деп аталынады. Ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер, сол ұлттың ой-санасының дәрежесін көрсетеді. Ұлттық сананың қозғаушы күші – ұлттық намыс, ұлттық абырой. Ол жеке тұлғалардың перзенттік борышты өтеу дәрежесіне сай өмірден өз көріністерін байқатады. Әрбір әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрдің салт-санаға әсер ететін тәрбиелік мәні зор. Тұрмыс-салт дәстүрлеріне қазақтың киіз үйі, киіз үйдің немесе тұрғын үй жиһаздары, ұлттық киімдер мен тағамдар; мал бағу, егіншілік, аңшылық, балықшылық, бағбаншылыққа қатысты кәсіптерге үйретудің тәлімгерлік түрлері енеді. Ал әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерге: қазақ ауылы, ауыл-адамдарының туыстық қатынасы, шешендік сөз өнері, қазақтың ұлттық әуен аспаптары, үйлену – үй болуға байланысты, қонақ күту, ұлттық мерекелерді өткізу сияқты түрлері кіреді. Олай болса, тұрмыс-салт және әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлері халқымыздың қолөнеріне байланысты болып табылады. Салт-дәстүр халықтардың тіршілік кәсібіне, наным сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты десек, ұрпақтан-ұрпаққа берілгенде ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Оның жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып, қазіргі уақыттың өмір ағымына байланысты кейбіреулері түрленіп қана қоймай, жаңадан еніп те жатыр. Мысалы, қазақтар жаугершілік заманда қой сойып, қанына найзасын малып, бір-бірімен анттасып достасқан. Достықты бұзғанды ант атсын деп серттескен. Қазіргі уақытта жаңа қоғамның дамуына байланысты анттасу салты мүлде жойылғандығы бәрімізге белгілі.

Негізінен, халықтың санасында ұсталардың өнері жаратылыстан тыс тылсым құпия күштермен байланысты деген ұғым қалыптасқан. Халық арасындағы тұтыныстағы заттар – күміс, алтын, мыс және асыл тастар айрықша мәнге ие болды. Дәстүрлі қазақ тұрмысында күміс қосылмаған бұйымдар кездеспейтін. Оны ағаш, сүйек, мата, былғары бұйымдарын сәндеп жарқырата түсу үшін пайдаланған. Оның себебі, Қазақ-

тардың тіршілігінде күмістің белең алуын оның эстетикалық қасиеттерімен қатар, өміршеңдік сипатымен де түсіндіруге болады. Күміс – таза-ртқыш, қорғаушы және оңды құбылыстарға ұйтқы күшке ие металл деп бағаланады [1].

Көптеген үйлердің төргі орындарында «атаның көзі», «апаның көзі» деп белбеулер, жүгендер, әртүрлі әшекей бұйымдар ілініп, олар қорғаушы күшке ие делінеді. Әсіресе, белгілі адамдардың, батырлар мен ұзақ жасаушылардың заттары айрықша күшке ие деп саналады. Олардың қолданылып келген заттарын өзге біреуге сыйлауға тыйым салынуына байланысты бірнеше жоралғылар бар. Мысалы: жын-шайтанның қорғайтын қамшы мен пышақты, үй ішінің тіршілік арқауы саналатын қазанды, бесікті (балалардың ауырып қалмауы үшін), жастықты (ұйқының бұзылмауы үшін), төсек пен оның шымылдығын (жұбайлардың бақытты тұрмысына сызат түспеуі үшін), бас киімді (бас ауыруынан сақтану үшін), тұмарды (өмірді сақтандыру үшін), ер-тоқым, үзеңгіні (аттан ауып қалмас үшін), басқа адамдарға беруге болмайтын. Ал бас киімдер мен ер-тоқымды ағайындық белгі үшін ғана алмастыруға болады.

Қазақтар мен Орта Азия халықтарының аңыздарына қарағанда тұңғыш ұста әрі зергер, сондай-ақ 40 шебердің дем берушісі мұсылмандық аңыздардың мәдени қаһарманы Дәуіт Пайғамбар (Інжілдік пайғамбар Давид) болған. Осы есімге металл, оның ішінде алтын мен күміс өндірудің басталуы, сондай-ақ, металл өңдеу ғана емес, кәсіпшіліктің басқа да барлық түрлерін (ағаш, сүйек, тері, былғары, жүн, т.б.) өңдеудің пайда болуы тікелей байланысты қаралады. Оны қолы отқа күймеген, балға мен қысқышты пайдаланбай-ақ темірді қамырша илейтін болған [2, 96 б.].

Оның рухы кейде өзі аттас жасыл шегіртке – дәуіттен де көрініс береді. Осы шымыр жәндік халықтың сенімінше жыланды бағындыратын тәкаппар күшке ие. Қазақтардың арасында тараған аңыздардың бірінде қарлығаштың балапандарының ұясына тақап қалған жыланды байқаған да дәуітті іліп әкелгені, ал оның жылан көзін қалай ойып түсіргені жөнінде айтылған. Содан бері қазақтар дәуіт деп атайтын жасыл жәндікті қарлығаштың пірі деп танитын болған [3, 129 б.]. Әрине, зергерлікке бейімділіктің жоғарыдағы таңдау арқылы шебер атанған жағдайларға қарағанда, көбінесе ұрпақ қуалаушылық сипаты үстем болған. Зергерлердің, сондай-ақ олардың туыстары мен сол өнерге жақын жүрген адамдардың қолөнер кәсіпшілігінің өзіне

тән ортақ ерекшеліктері де бар. Мысалы, кейбір жағдайларда таңдау түскен адамның беймәлім сырқатқа шалдыққаны, сонан соң көп ұзамай ол түсінде бабасын немесе бұл өмірден қайтқан қасшеберді көріп, аян алғанын айтып жатады. Түсінде олар оған қайла мен балға немесе басқа бір аспап ұсынып металл өндеумен айналысуды өтінеді, кейде тіпті осыған мәжбүрлейді. Бұдан кейін осы адам аталған істі қолға алғанға дейін шалдыққан дерттен айыға алмаған. Міне, осындай әңгімелер ел арасында осы күнге дейін айтылады. Ал шындығында бұл әңгімеге сенбеуге, я шүбә келтіруге ешбір негіз жоқ. Негізінен, қазақ салт-дәстүрлерінің бұл түрі – мұрагерлік болып есептеледі. Әрбір әдепті ұрпақ ата дәстүрін, ата кәсібін, ата мұрасын жоғары бағалайды. Ата дәстүрі имандылық, мейірімділік болса, ата кәсіп – атадан балаға ауысып келе жатқан тіршілік мұрасы, мұрагерлік ата-баба жолын жалғастыратын дарынды әрекет – салт-дәстүр, әдет ғұрып.

Қазақтардың арасында ұсталар мен зергерлердің әсіре күш қуатқа ие екені жайлы түсініктер мен сыбыстардың аз жайылмағаны мәлім [4, 114 б.]. Ұстаның сиқырлы күші туралы ұғымдар якуттар мен тувалықтардың салт-дәстүрлерінде де орын алған [5-6, 87 б, 81-82 бб.]. Мысалы, тувалық ұста жұмыс үстінде шеберханаға кірген қайсыбір шекпенділерден де қаймықпай жұмысын жалғастыра берген. Ал басқа пенделер мұндай адамдардың алдында құрдай жорғалайтын болған. Қазақ салт-дәстүрінің бір түрі сәлем беру мен сәлемдесу болып табылады. Қазақ халқын да сәлем беру мен сәлем қылуға ерекше мән береді. Өйткені, сәлем беру мен сәлем қылу ерекше ізеттілікті, имандылықты, инабаттылық пен мәдениеттілікті көрсетеді. Ертеде ауыл сыртында отырған қарияға атүсті келе жатқан адам аттан түсіп сәлем беретін болған. Егер жасы үлкен кісі кездесе, оны таныса да, танымаса да, оған сәлем беру – жас адамның адамгершілік міндеті.

Қазақтардың санасында шеберхана аса қасиетті орын деп саналады. Мұнда келушілердің өсек-аян айтуына, дауыс көтеруіне тыйым салынатын. Өйтпеген жағдайда аузы қисайып қалады деп ескертеді. Жерде жатқан төс, тері-терсек және түрлі аспаптардан аттап өткен жағдайда аяқ қақсайды делінеді. Тегінде шеберханаға жуынып-шайынып келу ұсынылады.

Қазақтардың темір-терсекке кейде үрейлене, кейде сүйсіне қарай келіп, оның шипалы және

қорғаушы қасиеттеріне деген сенімдері қалыптасқан. Айталық, жын шайтаннан қорғану үшін бесіктің астына балға, қайла тастайтын болған. Бұл жерде аспаптардың сиқырмен қатар, темірдің қорғаушы күші мен үрей тудратын сипаттары бар екені айтылған. Қазақтардың салт-дәстүрінде күні бүгінге дейін үрей себеп болған қант ауруын қыздырылған темірмен қайнатылған суды ішкізіп емдеу тәсілі сақталып келген. Ұсталар мен зергерлер кәсіпшілік ережелерін сақтамай дертке шалдыққан кезде де өздерін осылай емдеген.

Сондай-ақ, қазақтарда төстің сиқырлы күші туралы ұғым ықылым заманнан бері белгілі [7, 114 б.]. Өйткені барлық жұмыс төсте атқарылатындықтан, оның қуаты да шарықтап отырған. Шеберхана мен ондағы аспаптардың ғажайып сыры мен дертке дауа қасиеті жайлы түсінік-ұғымдар қарақалпақтар мен тувалықтар арасында да сақталған [8-9, 149 б, 81-82 бб.]. Бірақ қазақтарда да, қарақалпақтарда да бедеу әйелдер мен жүйке ауыруына шалдыққандардың ғана тек шеберханада емделе алатыны назар аударатады. Қазақ бақсылары да негізінен ақыл есінен адасқандарды осы жолмен емдеген [10, 72 б.]. Халқымыздың ежелден бері қалыптасып, ғасырлар бойы сақталудағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері заманның ағымына қарай өзгеріске ұшырап, айтарлықтай ерекшеліктерге ие болғанымен, желісін үзбей жалғасын тауып келеді.

Қорыта келгенде, қазақтар арасында көркем қолөнер кәсіпшілігінің әртүрлі туындылары төңірегінде, оларды әзірлеуге байланысты бұдан басқа да салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың кездесіп қалатынын атап өткен жөн. Мұның өзі бәрінен бұрын халқымыздың дәстүрлі салттық-саналық тыныс тіршілігінде сәндік қолданбалы өнердің зор маңызға ие болғанын, сонымен қатар, оның жалпы ұжымдық шығармашылық ретіндегі айрықша синкреттік сипатын паш етеді. Әр ұлттың салт-дәстүрі, ерекшелігі, тілі, діні болатыны белгілі. Біздің мақсатымыз халқымыздың әдет-ғұрпын, дәстүрін, тарихын біліп, оны қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру.

«Әр халыққа өнер тән, өнерлінің ісі сән». Халқымыздың салт-дәстүрі мен өнері таусылмас асыл қазынамыз, сол қазынаны сақтап, бүгінгі өміріңізге керегін алып, көнергенін тарихымыз ретінде зерттеп, тәрбиемізге үлгі тұтсақ, өнер үйренсек ата-бабамыздың лайықты ұрпағы боларымыз анық.

Әдебиеттер

- 1 Тоқтабаева Ш.Ж. Символика камней и металла в традиционном представлении казахов // Изв. МН-АН РК. Сер. обществ. Наук. – 1997. – №2.
- 2 Байбосынов К., Мустафина Р. Новое сведения о казахских шаманах // Новое в этнографии. – М., – 1989. – Вып.1. – С. 96.
- 3 Әжіғали С.Е. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары 1-том. – Алматы, 2005. – 129 б.
- 4-7 Валиханов Ч.Ч. Тенгри (бог) // Сбор. Соч. в пяти томах. – Алма-ата, 1984. Т.1. – С. 114.
- 5 Савинов А.И. Традиционные металлические украшения якутов: XIX – начало XX века. – Новосибирск, 2001. – С. 87.
- 6-9 Вайнштейн С.И. История народного искусства Тувы. – М., 1974. –С. 81-82.
- 8 Этнография каракалпаков. XIX – начало XX века. (Материалы и исследования). – Ташкент, 1980, – С. 149.
- 10 Байбосынов К., Мустафина Р. Новое сведения о казахских шаманах // Новое в этнографии. – М. – 1989. – Вып.1. – С. 72.

References

- 1 Tohtabaeva Sh.J. Simbolika kamnei i metalla v tradicionnom predstavleni kazahov // Izv. MN-AN RK. Ser.ovshestv. Nauk. 1997. №2.
- 2 Baibosinov K. Mustafina R. Novoe svedenie o kazahskih shamanah // Novoe v etnografi. – M. 1989. Vip.1. – S. 96.
- 3 Azhigali S.E. Kazah halqinin dasturleri men adet-guriptari. I-tom. – Almati, 2005. – 129 b.
- 4-7 Valihanov Sh. Tengri (bog) // Sbor. Soch.peti tomah. – Alma-ata, 1984. T.1. – S. 114.
- 5 Savinov A.I. Tradicionnoe metalicheskoe ukrashenia yakutov: XIX- nachalo XX veka. – Novosivirsk, 2001. – S. 87.
- 6-9 Vainshtein S.I. Istoria narodnogo iskusstva Tuvi. – M., 1974., – S. 81-82.
- 8 Etnografia karakalpakov. XIX-nachalo XX veka. (Materiali i issledovania) – Tashkent. 1980. –S. 149.
- 10 Baibosinov K., Mustafina R. Novoe svedenie o kazahskih shamanah // Novoe v etnografi. – M., 1989. Vip.1., – S. 72.

Абдулина А.Т.
**К историографии
вопроса этносоциологических
исследований в Казахстане**

- 7 Юсуф Баласагунский. Благодатное знание / перевод С. Иванова. – М.: Наука, 1983. – 560 с.
- 8 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Изд-во «Тов-во Клышников и Комаров», 1993. – 526 с.
- 9 Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази, хана хивинского. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1958. – 140 с.
- 10 Кшибеков Д.К. Ментальная природа казаха. – Алматы: Ғылым, 2005 – С. 172.

References

- 1 Davletshin G.M. Domongol'skii period X – nachaka XIII vv. – Kazan': Tatknigoizdat. – 190 s.
- 2 Orynbekov M.E. Predfilosofiya protokazakhov. – Almaty: Gylym, 1994. – 340 s.
- 3 Sherbak A.M. Oguz-name. Muhabbat-name. – M.: Nauka, 1959, – 204 s.
- 4 Simokatta Feofilakt. Istoriya.Perevpd S. P. Kondrat'eva. – M.: Molodaya gvardiya, 1957. – 224 s.
- 5 Tatar Miflary. Galimzhan Gyilmanov khikayalavenda (2 kitapta). Kazan': Tatkitnashr, 2 kitap. – 1999. – 432 s.
- 6 Vostochnyi Turkestan v drevnosti i rannem srednevekov'e: Etnos, yazyki,religiya. – M.: Nauka. Glavnaya redakciya vostochnoi literatury, 1992. – 354 s.
- 7 Yusuf Balasagunskii. Blagodatnoe znanie, perevod S. Ivanova. – M.: Nauka, 1983. – 560 s.
- 8 Gumilev L.N. Drevnie Tyurki. – M.: Izd-vo «Tov-vo Klyshnikov i Komarov», 1993. – 526 s.
- 9 Kononov A.N. Rodoslovnaya Turkmen. Sochinenie Abu-l-gazi, khana khivinskogo. – M.: L. Izd. AN SSSR, 1958. – 140 s.
- 10 Kshibekov D. K. Mental'naya priroda kazakhov. – Almaty: Galym, 2005. – 172 s.

Көкебаева Г.К.

Ұлттар Лигасы және түркі халықтарының тәуелсіздік жолындағы күресі

Мақалада түркі халықтарының азаттық күресінің тарихы халықтардың өзін-өзі билеу құқықтары аясында қарастырылады. Париж бітім конференциясы кезінде халықтардың өзін өзі билеу қағидасы көпұлтты империялардың құрамындағы көптеген халықтар үшін шешуші маңызы бар мәселе болды. Конференцияны ұйымдастырушылардың бірі – АҚШ президенті В. Вильсон халықтардың өзін өзі билеу қағидасын өзінің танымал «14 тармағына» енгізді. Алайда бұл қағида Осман, Австро-Венгрия және Ресей империяларының құрамында болған кейбір еуропалық халықтарға қатысты ғана іске асырылды. Әрине, ішкі дамуындағы алғышарттарға сәйкес шығыстық халықтар да, соның ішінде түркілер де, Ресейден бөлінуге ұмтылды. Түркі эмигранттары Батыс елдерінің назарын Түркістан халықтарының тәуелсіздік алу мәселесіне аударуға тырысты. Париж конференциясында Антанта елдері халықтардың өзін өзі билеу құқықтарын жариялай отырып, Еуропа елдерінің отарлары болып отырған Шығыс елдері халықтарына тәуелсіздік беру мәселесін мүлде талқылаған жоқ. Большевиктер Ресейдің ұлттық шеткері аймақтарының халықтарына бөлініп шығып дербес мемлекет құруды қамтитын өзін-өзі билеу құқығын береміз деп уәде берді. Алайда Кеңес Одағының бүкіл тарихы бұл уәденің тек қана насихаттық сипатта болғанын көрсетті.

Түйін сөздер: Ұлттар Лигасы, Вудро Вильсон, азаттық күрес тарихы, түркі халықтарының азаттық күресі, түркі эмигранттарының қызметі.

Kokebayeva G.K.

The League of Nations and Turkic people's struggle for the independence

The article considers the history of liberation movement of Turkic people in the context of the self-determination rights of nation. During the Paris Peace Conference, the key for many people who composed of the multinational empires was the principle of national self-determination was. The President of the United States W. Wilson, who was one of the organizers of conference, included in his famous «14» points – the principle of national self-determination. However, this principle was implemented only in respect of some European nations, enters a state of the Ottoman, Austro-Hungarian and Russian empires. But because of internal preconditions, the oriental people, including Turkic, sought also to secede from Russia. Turkic immigrants tried to draw of Western countries' attention to the problem of independent acquisition by Turkestan nations. At the Paris conference, proclaiming the right of people to self-determination, the Entente countries did not even discuss the issue of granting independence to the people of Eastern countries – colonies of the European powers.

Key words: The League of Nations, Woodrow Wilson, history of the liberation struggle, liberation struggle of Turkic peoples, activity of Turkish immigrants.

Кокебаева Г.К.

Лига Наций и борьба тюркских народов за независимость

В статье рассматривается история освободительного движения тюркских народов в контексте реализации прав самоопределения народов. В период Парижской мирной конференции принцип самоопределения народов стал ключевым для многих народов, находившихся в составе многонациональных империй. Президент США В. Вильсон, один из организаторов конференции, принцип национального самоопределения включил в свои известные «14 пунктов». Однако этот принцип был претворен в жизнь лишь в отношении некоторых европейских народов, входивших в состав Османской, Австро-Венгерской и Российской империй. Но в силу назревших внутренних предпосылок восточные народы, в том числе и тюркские, также стремились отделиться от России. Тюркские эмигранты старались обратить внимание западных стран на проблему приобретения независимости народами Туркестана. На Парижской конференции, провозглашая право народов на самоопределение, страны Антанты даже и не обсуждали вопрос о предоставлении независимости народам восточных стран – колоний европейских держав.

Ключевые слова: Лига Наций, Вудро Вильсон, история освободительной борьбы, освободительная борьба тюркских народов, деятельность тюркских эмигрантов.

**ҰЛТТАР ЛИГАСЫ
ЖӘНЕ ТҮРКІ
ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
ТӘУЕЛСІЗДІК
ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ**

Ұлттар Лигасының халықтардың өзін-өзі билеу құқығы идеясына қатысты тұғырнамасының қалыптасу тарихы кеңестік тарих ғылымында әбден бұрмаланған мәселелердің бірі болды. Кеңестік тарихнамада халықтардың өзін-өзі билеу құқығы туралы мәселе большевиктердің жетекшісі В.И. Лениннің еңбектерімен, кеңес өкіметінің қызметімен байланыстырылды. Ал шындығында халықтардың өзін-өзі билеу құқығы идеясы отарлық жүйенің қалыптасуымен қатар шыққан, ал бірінші дүниежүзілік соғыстың соңғы жылдарында халықаралық деңгейде көтерілген мәселе болатын [1, 95-121 бб.]. Еуропалық тарихнамада халықтардың өзін-өзі билеу құқығы туралы мәселенің саяси, экономикалық, әлеуметтік және құқықтанушылық аспектілері кеңінен зерттелген [2, 3 б.].

Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңғы жылында АҚШ президенті Вудро Вильсон халықаралық қатынастардың жаңа қағидаларын негіздеген бағдарлама ұсынды. 1918 жылы 8 қаңтарда конгреске тапсырылған бұл құжат Вильсонның «14 тармағы» деп аталады. Бұл құжатта құпия халықаралық келісімдердің болмауы, дипломатиялық қатынастардың ашық жүргізілуі, теңізде жүзу еркіндігі, халықаралық саудада барлық ұлттарға тең мүмкіншілік берілуі, қарулануды шектеу, егеменділікке қатысты мәселелерді шешуде халықтың мүдделерін ескеру, Германия басып алған елдердің жерінен неміс әскерлерінің сөзсіз шығарылуы, Германияның Эльзас пен Лотарингияны Францияға қайтаруы, Австро-Венгрия және Осман империяларының құрамындағы халықтарға автономиялық құқық беру, тәуелсіз Польша мемлекетінің құрылуы, болашақта бейбітшілікті қорғауға қызмет ететін халықаралық ұйым құру талаптары қойылды. Ресейге қатысты алғанда «14 пункт» саяси даму жолын Ресей халқының өзі таңдауы және сол таңдап алған басқару жүйесін сақтай отыра, болашақта құрылатын халықаралық ұйымға кіруі идеясын көтерді. В. Вильсонның ойлары әділетті бітім жасау, болашақта соғысты болдырмау және бейбітшілікті сақтау мақсатын көздейтіндерге неғұрлым ыңғайлы еді.

Конференцияны өткізу тәртібін белгілеу барысында Вильсон бірінші кезекте халықаралық ұйым – Ұлттар Лигасын құру мәселесін талқылауды ұсынды. Алайда Ұлыбритания, Франция және Жапония өкілдері бұған қарсы болды. Олар Ұлттар

Лигасының жарғысы бекітілген соң, Германия мен Осман империясының иеліктерін бөлісіп алу және репарациялар төлету мәселесін талқылауда қиындықтар туады деп қауіптенді. Алайда Ұлттар Лигасын құруды барлық елдер жақтағандықтан осы ұйымның жарғысын дайындайтын Вильсон бастаған арнаулы комиссия құрылды.

Вильсон басқарған комиссия Ұлттар Лигасының негізгі құжаттарын дайындап болған соң, конференция осы мәселені талқылауға кірісті. Ұлттар лигасының жарғысы негізіне америка-ағылшын жобасы алынды. Жарғы ұзақ талқыланды. Францияның Ұлттар Лигасының дербес қарулы күштерін құру туралы ұсынысына Ұлыбритания мен АҚШ қарсы болды. 14-ақпанда Ұлттар Лигасының жарғысы қабылданды. 26 баптан тұратын жарғыда ұйымның құрылымы, міндеттері, басқару мекемелері және мүшелерінің өзара қатынастарының негіздері мен міндеттері белгіленді. Лигаға барлық тәуелсіз елдер, доминиондар және отар елдер мүше бола алады. Лиганың жұмысын Жиналыс (Ассамблея) пен Кеңес жүргізеді. Жиналысқа Лигаға мүше барлық елдердің өкілдері енгізіледі. Кеңеске басты одақтас мемлекеттердің өкілдері тұрақты мүше ретінде кіреді, ал қалған 4 мүшесін Жиналыс басқа елдердің өкілдерінен белгілі бір мерзімге тағайындап отырады. Лига мүшелері осы ұйымға кірген барлық елдердің территориясының біртұтастығын және қалыптасқан саяси тәуелсіздігін құрметтеуге, сонымен қатар сыртқы шабуылдардан қорғауға міндеттенеді. Ұлттар Лигасы туралы ковенция 1920 жылы 10-қаңтарда күшіне енді. Ұлттар Лигасы Гаагадағы Халықаралық трибуналды және Халықаралық Еңбек Ұйымын өз құрамына алды. Ұлттар Лигасы өзінің жарғысында бекітілген өкілеттілігі шегінде елеулі қызмет атқарды.

Антанта елдерінің Германия мен Осман империясының отарларын бөлісіп алу ниетіне орай Ұлттар Лигасының жарғысына мандаттық жүйені бекіткен бап енгізілді. Мандаттық жүйе «Вильсонның 14 тармағында» ұсынылған халықтардың өзін-өзі билеу идеясын Антанта елдерінің жаңа отарлар алу ниетіне бейімдеуінің көрінісі болды. Антанта елдері жеңілген Үштік одақ елдерінің отарларын толық иемдене алмайды, оларды билеуге белгілі бір мерзімге Ұлттар Лигасынан мандат беріледі. Мандат бойынша бағындырылған ел дамудың белгілі бір дәрежесіне жеткен кезде, мандаттың күші жойылып, оған тәуелсіздік беріледі. Алайда екінші дүниежүзілік соғысқа дейін мандаттың күші жойылып, тәуелсіздік алған ел болған жоқ.

Ұлттар Лигасы Жарғысының негізіне алынған ағылшын-американ жобасына «Вильсонның 14 тармағы» енгізілген болатын. Ресейдің қоластындағы халықтардың, соның ішінде Түркістанның зиялы өкілдері «Вильсонның 14 тармағының» езілген ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы туралы идеясына айрықша мән берді. Бұл құжатта Австро-Венгрия империясының қоластындағы халықтар автономиялық дамудың барынша кең мүмкіндіктерін алуы қажет деген ұсыныс жасалды. Сондай-ақ, поляк халқының тәуелсіз мемлекетін қалпына келтіруіне айрықша назар аударылып, «тәуелсіз Польша мемлекеті құрылуға тиісті, оған күмансыз поляк халқы тұратын территориялардың барлығы кіруге тиісті, оған теңізге еркін және сенімді шығу жолы қамтамасыз етілуге тиісті, ал оның саяси және экономикалық тәуелсіздігіне, сондай-ақ, территориялық тұтастығына халықаралық келісіммен кепілдік берілуге тиісті», – деп көрсетілді [4, 108-110 бб.].

Ресейдің бұрынғы отарлары Польшаның, Финляндияның, Балтық жағалауындағы елдердің мемлекеттік тәуелсіздігін алу фактісінің халықаралық құжатта – Париж бітім конференциясының шешімдерінде бекітілуін түркі саяси эмигранттары ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы туралы идеяның іске асуы деп қабылдады. Сондықтан бірқатар саяси қайраткерлер өз ұлттарының тәуелсіздігін алуына көмектесуін сұрап В. Вильсонға хат жазған. Солардың ішінде Сәлім Мұса мен Мырзахмет Рахымның да хаты бар. Олар хатты АҚШ президентіне жіберу үшін Германияның Сыртқы істер министрлігінен көмек сұраған. «Президент мырза! – деп жазады Сәлім Мұса, – Киргизия халқы Ресейдің ауыр езгісінің астында жаншылуда, орыстардың жүргізіп жатқан саясаты біздерді қатты қиналтады. Олар біздің жерімізді тартып алып, орыс отаршыларына бөліп беруде, осылайша біздің халқымыз қайыршылыққа ұшыратылып отыр. Тығырыққа тірелген кезде біз сіздің Сенатқа жолдаған хатыңызды естідік. Еділдің жағасынан Қытай шекарасына дейінгі жерді мекендеген халықтың үміті қайта оянды. Сіздің хатыңыз біздің бойымызда ұлы америка халқы қырғыз халқының да құқықтарын қорғайды деген сенім тудырды, біз енді Америка осы бағытта әрекет жасай бастайды деп зор алғыспен күтудеміз» [5]. Мырзахмет Рахымның хаты да осындай мазмұнда: «Президент мырза! Сіз америка сенатына адамзаттың болашағы туралы өзіңіздің ойларыңызды мәлімдеген кезде бүкіл езілген халықтардың бойында жаңа үміт-тілектер туды. Сіздің Польшаға тәуелсіздік беру туралы ұсынысыңызды біз Ресейдегі көпте-

ген халықтарды басып-жаншып отырған қанды-қол тиранияны жоюдың негізі деп бағалаймыз. Ежелден келе жатқан мәдениеті және еңбекқор халқы бар, тәуелсіздікке жанқиярлықпен ұмтылып отырған Түркістан елі Сізден Польшаға көрсеткен көмегіңіздей жақсылық әрекет күтеді» [5].

Бірінші дүниежүзілік соғысты қорытындылаған және Ұлттар Лигасын құрған Париж бітім конференциясында ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы жарияланды. Австро-Венгрия империясы құрамынан бөлініп кеткен жас мемлекеттер және Ресей империясынан бөлінген Финляндия, Латвия, Литва, Эстония, Польша Париж бітім конференциясының шешімдерімен ұлттық егеменділігінің заңды түрдегі кепілдігін алды. Бұл Еуропадағы түркістандық эмигранттардың ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі туралы үмітін күшейте түсті. Еуропадағы кеңестік шығыс эмигранттарының басын қосқан ұйым «Прометей лигасы» болды. Аталған ұйым 1928 жылы құрылып, екі жылдан кейін Парижге көшкен, оны үнемі Польша үкіметі қаржыландырып отырған. Ресми жетекшісі бұрынғы Грузия үкіметінің басшысы Н. Жордания болған бұл одақ саяси клуб тәрізді болды, оған грузин социалистерінің, әзірбайжан муссаватистерінің ұйымдары, түркістандықтардың «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымы, Қырым татарларының Ұлттық партиясы, татарлар мен Солтүстік Кавказ эмигранттарының ұлттық ұйымдары кірді. «Прометей лигасының» басшы органына әрбір ұйымнан екі өкіл, соның ішінде түркістандықтар атынан Мұстафа Шоқай мен Осман Қожа кірді. Одақтың Парижде шығарылған «Прометей» деп аталған орталық басылымынан басқа Румынияда, Польшада, Германияда шығатын жеке ұлттық басылымдары болды «Прометей» ұйымы Түркістандағы, Украинадағы, Кавказдағы жергілікті халықтардың азаттық алуына көмектесуді өтініп, Ұлттар Лигасына бірнеше рет хаттар жіберген [6]. Алайда Батыс елдері Түркістанға, жалпы ресейлік Шығысқа ұлт-азаттық күресінде көмек беруге асыға қойған жоқ. Өйткені жеңілген Төрттік Одақтың Шығыстағы отарлары мандаттық жүйе бойынша жеңімпаз елдерге бөлініп берілді, ал Антанта елдерінің Шығыстағы отарларының тәуелсіздігі туралы мәселе күн тәртібіне мүлде қойылған жоқ. Демек, Түркістан мен Кавказ евроцентristік әлемде Польша, Финляндия, Прибалтика және оңтүстік славян халықтарының қатарына қойылмай, отарлық Шығыс ретінде бағаланды. Австро-Венгрия мен Осман империясы құрамынан бөлініп кеткен жас мемлекеттер Париж бі-

тім конференциясының шешімдерімен ұлттық егеменділігінің заңды түрдегі кепілдігін алды. Париж конференциясын ұйымдастырушы Антанта елдері Ресейдің отарлары Түркістан мен Кавказдағы халықтардың тәуелсіздігін алуына халықаралық кепілдіктер берген жоқ. Халықтардың өзін-өзі билеу құқығы туралы мәселе Ұлттар Лигасының құжаттарында халықаралық-құқықтық сипатқа ие болған жоқ.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін көпұлтты империялардың ыдырау үдерісі басталды [7]. Д.А. Сэнборнның еңбегінде бірінші дүниежүзілік соғыс және азамат соғысы Ресей отарлық империясының ыдырау үдерісінің бірінші кезеңі ретінде сипатталады [8]. Алайда отандық тарих ғылымында бұл оқиғалар азамат соғысының жеке көріністері ретінде қаралады. Ал Австро-Венгрия империясының құрамында болған чех, словак, т.б. славян халықтарының Габсбургтердің билігіне қарсы күресі ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағаланады. Демек, мағынасы ұқсас тарихи оқиғаларға екі түрлі баға беріледі. Ресейден Польшаның, Финляндияның, Латвияның, Литваның, Эстонияның бөлініп кетуін және Украина, Белоруссия, Кавказ, Қазақстан, Орта Азия, Волга бойында құрылған мемлекеттер мен үкіметтердің тарихын да біз отарлық империялардың ыдырау үдерісі аясында зерттеуіміз қажет.

Демек, көпұлтты Австро-Венгрия, Осман империяларының ыдырауы кезінде тап осындай сипаттағы Ресей империясының да ыдырауы басталған еді. Польша, Украина, Финляндия және Прибалтика мемлекеттері тәуелсіздігін жариялады. Белоруссия жерінде Белорусь халықтық республикасы құрылды. Кавказда, Қазақстан мен Орта Азияда тәуелсіз ұлттық үкіметтер құрылды. Большевиктер қарудың күшімен бес жыл ішінде ұлттық күштерді талқандап, Ресей империясының ыдырауын тоқтатты. Бұл оқиғалар отандық және шетелдік зерттеулерде Ресейдегі азамат соғысы ретінде сипатталады. Ал шындығында Ресей империясын ыдыраудан сақтау үшін жүргізілген күрес – азамат соғысына жатпайтын, бөлекше құбылыс. Азамат соғысы екі бағытта жүргізілді. Бірінші бағыт ақтар мен қызылдар арасында Орталық өкімет билігін алу үшін жүргізілген қарулы күрес түрінде көрінді. Бұл бағыттағы ақтар мен қызылдарға ортақ сипат – екі топ та Ресей империясын сақтап қалуды көздеді. Екінші бағыт – империяны сақтауды ниет еткен күштердің Түркістанда, Кавказда, Еділ-Жайық бойында, Украина мен Белоруссияда, т.б. аудандарда құрылған тәуелсіз

ұлттық республикаларға қарсы күресі. Бұл күресте ұлтының тәуелсіздігі үшін күрескен күштер қызылдардың да, ақтардың да қарсылығына ұшырады.

Азамат соғысында ақтарды жеңіп, өз билігін сақтап қалған большевиктер ұлттық мәселеде екіжүзді саясат жүргізді. Бір жағынан, олар Ресей империясынан бөлініп кеткен және халықаралық аренада тәуелсіздігі мойындалған жас мемлекеттерден басқа жерлердің барлығын қайта біріктірді де, Кеңес Одағын құрды. Екінші жағынан, барлық ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын жарялады. Бұл идеяны большевиктер әуелі Уақытша үкіметке, одан кейін «ақтарға» қарсы күресте жергілікті халықтарды өз жағына тарту үшін пайдаланды. Большевиктер өкімет билігін алған бойда жарияланған «Ресей халықтары құқықтарының декларациясында» ұлттардың өзін-өзі билеу құқығының өрісі олардың бөлініп шығып дербес мемлекет құру мүмкіншілігін де қамтитындығы айтылды [9, 282 б.]. Украина Халық Республикасының парламенті Орталық Радамен қақтығыстар кезінде кеңес өкіметі Украина республикасын және оның Ресейден мүлде бөлініп кету құқығын мойындайтынын және Украинаны Ресеймен арасындағы қатынастарды реттеу жөнінде келіссөздер жүргізуге шақыратынын мәлімдеді [9, 310, 318 бб.]. Дегенмен, алғашқы кеңес-

тік конституцияға халықтардың өзін-өзі билеу құқығы туралы жеке бап енгізілген жоқ, тек қана «РСФСР құрамына Кеңестік Республиканың жаңа мүшелерін қабылдау және Ресей Федерациясынан оның жекелеген бөліктерінің шығуын мойындау» Кеңестердің Бүкілресейлік Съезінің өкілеттілігіне берілетіні айтылды [9, 430 б.]. Бұл халықтардың өзін-өзі билеу құқығын заңдандыру емес еді.

1922 жылы КСРО құру туралы Одақтық келісімде әрбір одақтас республиканың Одақтан еркін түрде шығу құқығы сақталады» деп көрсетілді [10, 10 б.]. Осы сөйлем ешқандай өзгеріссіз 1924 жылғы КСРО конституциясының 2-тарауының 4-бабында, 1936 жылғы конституцияның 17-бабында берілді. Алайда Кеңес Одағының 1922 жылдан 1991 жылға дейінгі тарихында Одақтан бір де бір республика шыққан жоқ. Өйткені Кеңес Одағы іс жүзінде бұрынғы Ресей империясының тікелей мұрагері болды, ұлттық автономиялар түгілі, одақтас республикалардың өзі айтарлықтай құқықтарға ие болған жоқ, ал бөліну туралы мәселе көтерудің өзі мүлде мүмкін емес еді. Большевиктердің халықтардың өзін-өзі билеуі туралы идеялары кеңес өкіметі толық жеңгеннен кейін тек қана шетелдік Шығыстың отар елдерін социалистік жолға тарту үшін пайдаланылған үгіт-насихаттық құрал болды.

Әдебиеттер

- 1 Raič D. Statehood and the Law of Self-Determination. – Hague: Martinus Nijhoff Publishers, 2002. – 495 p.
- 2 Brühl-Moser D. Die Entwicklung des Selbstbestimmungsrechts der Völker unter besonderer Berücksichtigung seines innerstaatlich-demokratischen Aspekts und seiner Bedeutung für den Minderheitenschutz. – Basel: Helbing und Lichtenhahn, 1994. – 325 s.
- 3 Manela E. The Wilsonian Moment: Self-Determination and the International Origins of Anticolonial Nationalism. – New York: OUP, 2007. – 352 p.
- 4 Международная политика новейшего времени в договорах, нотах и декларациях. – Ч. 2. – М.: Литиздат. НКВД, 1926. – 247 с.
- 5 Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), Abteilung A, R 11071, Bd. 7.
- 6 Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 126/v, 1588.
- 7 Eichenberg J., Newman J.P. Aftershocks: Violence in Dissolving Empires After the First World War // Contemporary European History. – 2010. – №197. – P. 183-194.
- 8 Sanborn J.A. Imperial Apocalypse: The Great War and the Destruction of the Russian Empire. – Oxford: Oxford University Press, 2014. – 304 p.
- 9 Первая советская конституция (Конституция РСФСР 1918 года). – М.: Юриздат. НКЮ СССР, 1938. – 493 с.
- 10 I съезд Советов СССР. Стенографический отчет. – М.: Изд.ЦИК СССР, 1923. – 123 с.

References

- 1 Raič D. Statehood and the Law of Self-Determination. – Hague: Martinus Nijhoff Publishers, 2002. – 495 p.
- 2 Brühl-Moser D. Die Entwicklung des Selbstbestimmungsrechts der Völker unter besonderer Berücksichtigung seines innerstaatlich-demokratischen Aspekts und seiner Bedeutung für den Minderheitenschutz. – Basel: Helbing und Lichtenhahn, 1994. – 325 S.
- 3 Manela E. The Wilsonian Moment: Self-Determination and the International Origins of Anticolonial Nationalism. – New York: OUP, 2007. – 352 p.

- 4 Mezhdunarodnaia politika noveishegovremeni v dogovorakh, notakh i deklaratsiakh. Ch.2. – M.: Litizdat. NKID,1926. – 247 s.
- 5 Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), Abteilung A, R 11071, Bd. 7.
- 6 Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 126/v, 1588.
- 7 Eichenberg J., Newman J.P. Aftershocks: Violence in Dissolving Empires After the First World War // Contemporary European History. – 2010. – №197. – P. 183-194.
- 8 Sanborn J.A. Imperial Apocalypse: The Great War and the Destruction of the Russian Empire. – Oxford: Oxford University Press, 2014.– 304 p.
- 9 Pervaia sovetskaia konstitutsia (Kostitutsia RSFSR 1918 goda). – M.: Iurizdat. NKIU SSSR, 1938.– 493 s..
- 10 I sezd Sovetov SSSR. Stenograficheskii otchet. – M.: Izd.TSIK SSSR, 1923. – 123 s..

Молдадосова А.К.,
Зулпыхарова Э.Ө.

**Кеңес-фин соғысы кезіндегі
КСРО мен Түркия
Республикасы қатынастары**

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы өзекті мәселелердің бірі Түркия Республикасы мен КСРО қатынастары болып табылады. Бұл кезеңді кеңес-түрік қатынастарының сынға түскен кезі деуге болады. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен нашарлай бастаған кеңес-түрік қатынастары, кеңес-фин соғысының басталуымен одан әрі шиеленісе түсті. Мақалада кеңес-фин соғысы кезіндегі Түркияның сыртқы саяси ұстанымы, кеңес-түрік қатынастарына ықпал еткен факторлар, Түркияның одақтастары болып табылатын Англия мен Францияның Түркияны Кеңес Одағына қарсы бағытталған іс-әрекеттерге тартуға әрекет жасауы сияқты мәселелер қарастырылған. Сонымен бірге мақалада Түркияның, КСРО-ның Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы мерзімді бұқаралық ақпарат құралдарының, жарияланған мұрағат құжаттарының ақпараттарын, осы саладағы соңғы зерттеулерді пайдалана отырып, кеңес-фин соғысы кезіндегі кеңес-түрік қатынастарын талдауға әрекет жасалған. Сондай-ақ Англия мен Францияның Түркияны КСРО-на қарсы соғысқа тартуға қанша әрекет жасағанымен, Түркия КСРО-на қарсы ешқандай іс-қимылға бармайтынын білдірді.

Түйін сөздер: Түркия, КСРО, Екінші дүниежүзілік соғыс, сыртқы саясат, кеңес-фин соғысы.

Moldadossova A.K.,
Zulpykharova E.U.

**Relations between the USSR and
the Republic of Turkey at the
time Russo-Finnish War**

During the Second World War, one of the main problems is the relationship between the Republic of Turkey and the Soviet Union. Their relationship during this period were tested severely. With the onset of World War II, weakening the Soviet-Turkish relations have become even more intense during the Soviet-Finnish war. The article deals with the position of Turkey's foreign policy during the Soviet-Finnish War, the factors of influence on the Soviet-Turkish relations, action against the USSR allies Turkey France and England. And also in the article draws the media in Turkey and the Soviet Union during the Second World War, published archival documents, the latest scientific research in this area the author has made an attempt to analyze the Soviet-Turkish relations during the war, the Soviet Union and Finland. Despite attempts by France and Britain set up military action against the Soviet Union to Turkey, the Turkish side has remained inactive.

Key words: Turkey, USSR, World War II, foreign policy, the Soviet-Finnish war.

Молдадосова А.К.,
Зулпыхарова Э.

**Отношения СССР и Турецкой
Республики во время
советско-финский войны**

В годы Второй мировой войны одной из основных проблем являлись отношения между Турецкой Республикой и СССР. Их отношения в этот период сильно подвергались испытаниям. С началом Второй мировой войны ослабевающие советско-турецкие отношения стали ещё напряженнее во время советско-финской войны. В статье рассмотрены позиция внешней политики Турции во время советско-финской войны, факторы влияния на советско-турецкие отношения, действия против СССР союзников Турции Франции и Англии. А также в статье, используя материалы средств массовой информации Турции и СССР во время Второй мировой войны, опубликованные архивные документы, последних научно-исследовательских работ в этой сфере, автор сделал попытку анализировать советско-турецкие отношения во время войны Советского союза с Финляндией. Несмотря на попытки Франции и Англии настроить военными действиями Турцию против СССР, турецкая сторона оставалась бездейственной.

Ключевые слова: Турция, СССР, Вторая мировая война, внешняя политика, советско-финская война.

**КЕҢЕС-ФИН СОҒЫСЫ
КЕЗІНДЕГІ КСРО
МЕН ТҮРКИЯ
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАТЫНАСТАРЫ**

Кеңес Одағы Финляндияға қарсы соғыс бастады. Бұл дүниежүзілік қауымдастықтың наразылығын туғызып, КСРО-ны 1939 жылы 14-желтоқсанда Ұлттар Лигасынан шығаруға әкеліп соқты. Финляндияға ұйымдастырылған кеңес агрессиясы Түркияның саяси топтарының ғана емес, түрік баспасөзінде де қатты қарсылық тудырды. Осыдан аз ғана бұрын КСРО-мен қатынаста достықты үгіттеуші газеттер оны «агрессор», «жаулап алушы» деп атай бастады. Дж. Ялчын «Иени Сабах» газетінде «бүгінгі Кеңес Одағы империалистік патшалы Ресейдің мұрагеріне айналып барады» және «егер ол агрессия саясатын жалғастыра беретін болса, онда жер шарының әр түкпіріндегі өз жақтастарының көңілін қалдырады» деп жазды. Кеңес арнайы органдары мұндай мақалаларды сыбыстарға қарағанда Дж. Ялчын ағылшындарға 4 мың фунт стерлингке сатылыпты деген қауесетпен түсіндірді [1].

Түрік баспасөзінің антикеңестік сипаты туралы естіген соң В.М. Молотов КСРО-ғы Түркия елшісі А.Х. Актайды 1939 жылы 28-желтоқсанда осы мәселе бойынша әңгімелесуге шақырды. А. Актай кейбір шектеулерге қарамастан Түркиядағы баспасөз айтарлықтай еркіндік бар екенін және «түрік баспасөзіндегі антикеңестік мақалалардың пайда болуы түрік баспасөзі мен редакторларына кеңес баспасөзі тарабынан шабуылдан кейін басталды». Сонда да болса Актай Молотовқа «түрік билеуші топтарының арасында антикеңестің көзқарастағы пікір жоқ деп үзілді-кесілді және ресми түрде мәлімдеме жасады» [2]. В. Молотов елшіден «Ұлттар Лигасының Ассамблеясында Түркия өкілі КСРО-на қарсы дауыс бердіме қалай ойлайсыз?» деп сауал қойды. Елші бұл сұраққа «қызына кірісіп, Түркияның КСРО-ны Лигадан шығаруға дауыс бермегеніне Молотовты сендіруге тырысты». Оның сөзі бойынша Балқан Антантасының барлық мүшелері мен Саадабад пактінің қатысушылары дауыс беруден тыс қалатыны алдын ала келісілгендіктен, Түркия дауыс берген жоқ [3].

Кеңес-фин соғысы уақытында түрік басшылығында антикеңестік ұстанымдағы тұлғалардың болғанымен, КСРО-ға қатынасында түрік билеуші топтары өте абай болуға әрекет жасады. «Қысқы соғыс» басталғаннан Ұлттар Лигасында КСРО-ын Лигадан шығару мәселесі көтерілді. Ұлттар Лигасындағы Түркия

өкілі, «Акшам» газетінің редакторы Нажметтин Садак бұл мәселені талқылауға қатысты, алайда КСРО-ын шығаруға дауыс бермеді. Ол бұл туралы Женевадан қайтқан соң 1939 жылы 25-желтоқсанда «Тан» газетіне берген сұхбатында мәлімдеді [4].

Екі ел арасындағы қатынастардың нашарлауы негізсіз емес еді. Кеңес-фин соғысының басталуымен Франция КСРО-на қарсы соғыс жоспарын құра бастады. 1939 жылы 29-желтоқсанда түріктердің «Жумхерият» газетінде ағылшын-француз одақтастардың Таяу Шығыста үлкен әскер жасақтап жатқаны туралы және оның мақсаты КСРО мен Германияны мұнай өнімдерінен қол үздіру үшін Баку мұнайлы аймағына соққы беру екені жайлы мәлімет жарияланды. Ағылшын және француз қолбасшылығы Кавказ бен Қара теңіз аймағындағы әскери операцияларды жоспарлауға кірісіп кетті. Мәселен, Таяу және Орта Шығыстағы ағылшын әскерлерінің қолбасшысы генерал А. Уэйвелл Лондондағы штаб бастықтарының кеңесінде (1940 ж. қаңтар) КСРО-на қарсы соғысты Түркия мен Иранның аумағын пайдалана отырып жүргізудің жоспарымен таныстырды [5]. 1940 жылдың 9-қаңтарында түріктің «Ени Сабах» газетінде герман баспасөзі ағылшындардың Түркияны Кавказ мұнайлы аймағына шабуылдауға қатысуға тартып жатқандығы туралы мақала жариялады. 18-қаңтар күні «Иқдам» газетасында ағылшын және француз кемелерінің Қара теңізге кіру жоспары туралы мәліметтер келтірілді [6]. 1940 жылдың 21-қаңтарында Түркияның Ұлы ұлттық жиналысы ұлттық қорғаныс туралы заңды қабылдады.

Англия мен Францияның бұл жаспарларын жүзеге асыруда Түркияның рөлі күшті еді. Лондон мен Парижде Түркия өз территориясын беріп қан қоймай, әскери күшін де береді деген үмітте болды. 1940 жылы 13-ақпанда Анкарадағы ағылшын елшісі Сараджоглуға одақтастардың әскери флоты үшін Бұғаздарды ашуды талап еткен нотаны ұсынды. Алайда 26-ақпандағы түрік үкіметінің жауабында ағылшын талаптарын қабылдау «қазіргі жағдайда соғысқа енумен бірдей» деп жазылды [7].

Ақпанның ортасынан түрік баспасөзінде ағылшын және француз баспасөзіндегі ағылшын-француз блогының кавказ жоспары туралы материалдарды қайта басып шығару көбейіп кетті. Герман газеттерінің мәліметтерін қайта жариялау кезінде немістер бұл ақпараттарды жариялай отырып, Англия мен Францияны КСРО-мен қарулы қақтығысқа түсіруге тырысты деп атап өтті. Сонымен бірге түрік баспасөзінде

ағылшындар мен француздардың Түркияны КСРО-мен соғысқа итермелеуге қысымы туралы да айтылып жатты [8].

Осы уақытта кейбір елдердің баспасөзінде кеңес әскерлерінің Кавказ шекарасына шоғырландырылып жатқаны жайлы жазыла бастады. 1940 жылы 20-ақпанда ТАСС итальяндық «Стефани» агенттігінің «кеңес отрядтарының бірі Кавказда түрік шекарасын өтті» және «түрік басшылары бұл өтудің себебін анықтау үшін отряд жіберді» алайда «шайқас болған жоқ» деген хабарламасын жоққа шығарды. ТАСС «Стефани» агенттігінің бұл мәліметтерінің барлығы «автордың ауыру қиялынан туындаған» деген мәлімдеме жасады [9]. Түрік жағы бұл мәлімдемені растады [10]. 1940 жылы 29-ақпанда Түркияның премьер-министрі Р. Сейдам радио арқылы хабарлама жасап, онда Түркияның соғысқа кіретіні жайлы қауесетті жоққа шығарды, түрік үкіметінің КСРО-на қарсы бағытталған қандай да бір іс-қимылға бармайтынын және Кеңес Одағының бұлай ойлау үшін ешқандай дәлелдің жоқ екенін мәлімдеді [11].

Бірін-бірі әртүрлі қауесеттің таралуына мүмкіндік бергеніне жазғыру үшін КСРО-да да, Түркияда да өздерінше негіз бар еді. Екі ел баспасөзінде әртүрлі қауесеттің таралуына түсінік беруді көздегендей В. Молотов 1940 жылдың 2-наурызында КСРО-ғы Түркия елшісі А. Актаймен кездесіп екі ел арасындағы қатынастарды талқылады. В. Молотов А. Актайға Таяу Шығыстағы француз әскерінің генералы Вейганның Түркияға қайта-қайта келгіштеуі, түрік үкіметі өкілдерінің кеңес шекарасына барып, стратегиялық аймақтарды қарап қайтуы сияқты қауесеттер бекерден бекер айтылмайтынын ескертті. Актай ресми түрде Вейганның сапарлары ешқандай мәнге ие емес екенін, «түрік үкіметі сыртқы саясатта Сараджоглуның Мәскеуге сапары кезінде анықталған өз бағыты бар екенін және содан бері ешқандай өзгеріске түспегенін» айтты. Түрік елшісі өз кезегінде Түркия басшылығына да Кеңес Одағының саясаты жайлы әртүрлі қауесеттердің жетіп жатқаны жайлы, мысалы Германия мен КСРО арасындағы әскери одақ жайында, бірақ «түріктер бұндай қауесеттердің негізсіз екенін, сондықтан оған сенбейтінін» жеткізді. Одан басқа А. Актай НКВД-дің назарын екі кеңес ұшағының түрік шекарасына ұшып, іс жүзінде шекараны бұзғанына аударды [12].

1940 жылы 12-наурызда кеңес-фин бейбіт келісімінің жасалуы Терентьевтың пікірі бойынша Түркияда екі жақты реакция туындатты. Тереть-

ев түрік баспасөзінің кеңес-фин бейбіт келісімін бағалаудағы антикеңестік бағыты бұдан былайғы КСРО жоспарлары туралы сәуегейлікпен жалғасқанын жазды. Журналистердің бір тобы КСРО Финляндиямен соғысы аяқтағаннан кейін, өзін қызықтыратын басқа стратегиялық мәселелерін, атап айтқанда Балқан мен Таяу Шығыстағы мәселелерін шешуге кіріседі деген пікірде болды. Журналистердің келесі тобы КСРО фин соғысынан кейін демалысты қажет еткендіктен, біршама уақыт еуропалық соғыстан тысқары қалу шараларын қарастырады деген ойда болды. Ал шын мәнінде Кеңес Одағы осы екі бағытты да үлкен еуропалық соғыстан тыс қала отырып, өзінің Еуропаның Оңтүстік-Шығысындағы Бессарабия мәселесінде мақсатына жетуді жалғастыруды көздеді.

Бұл уақытта Англия мен Франция кеңестік мұнай орындарына шабуыл жасаудың жоспарын жасауды жалғастырып жатты. 1940 жылы 16-наурызда Кавказдағы іс-қимылдарды туралы мәселені талқылап жатқан ағылшын әскери бөлімінің мәжілісінде ортақ мәмілеге келді: Түркиядан ағылшын флотын Қара теңізге өткізуге рұхсат алу төтенше маңызды болды, себебі бұл кеме қатынастарын бақылауды күйшейтуге және қазіргі уақытта біз үшін жабық болып отырған әлемнің осы бөлігінде ықпал етуге мүмкіндік беретін еді.

Көптеген мәліметтерді қарастыра отырып, Түркияның ұстанымы оның одақтастары Англия мен Франция үшін өте маңызды болғанын көруге болады. Лондон мен Парижде жоспарланған Кеңес Одағына шабуылдау жоспарының жүзеге асуы көп жағдайда түріктердің шешіміне байланысты болды. Алайда Түркия Республикасы басшылығы одақтастар үмітін ақтай алмады. 1940 жылы наурыз-сәуір айларында ағылшын және француз ұшақтары Кавказдың мұнайлы аудандарына барлау және суретке түсіру мақсатында жіберілді. Батыс одақтастардың офицерлері азаматтық киімде Түркия мен Иранда болып, олардың аэродромдарымен танысты [13]. Алайда ағылшын-француз-түрік штабтық келіссөздерін жүргізіп жатқанда түріктердің тікелей соғысқа қатыспайтыны белгілі болды. Анкарадағы ағылшын эмиссары Морганнің куәландыруы бойынша (1940 ж. наурыз), «қазіргі сәтте Түркияны Бакуге жоспарланып отырған шабуылға қосылуға немесе осы шабуылға техникалық көмек көрсетуге мәжбүрлеуге болмайды, себебі осындай ынтымақтастық немесе көмек Түркияны Кеңес Одағына қарсы шабуыл соғысына киліктірері

сөзсіз. Түркия мұндай соғысты қаламайды және оған дайын да емес» [14]. Осыған байланысты түрік жазушысы әрі дипломаты Якуб Кадри Қараосманоглуның айтқандары қызығушылық туғызады. «Француздар мен ағылшындар біздерді Ресейге шабуыл жасауымызға мәжбүрлеу үшін көп күш жұмсаған жоқ па? Олар «екінші Қырым жорығына» қатысуымыздың қажеттігіне біздердің көзімізді жеткізуге қаншама рет тырысып бақты емес пе? Мен Гаагадағы француз елшісімен көріскен сайын, ол маған «Сіздердегі армияның саны 25-30 дивизия... Таяу Шығыстағы біздің қарулы күштердің саны жарты миллионды құрайды. Бұған одақтастар флотының екпінді күшін тағы да қосыңыз. Бізге 5-10 күннің ішінде Ресейдің мұнайлы ауданын күйретіп, Қызыл Армияның моторланған бөлімдерін толықтай қозғалыссыз жағдайға келтіру түкке де тұрмайды» деп үнемі қайталаумен болды» деп жазды ол [15].

Мюнхенде шыққан (1977 ж.) «Екінші дүние жүзілік соғыстағы Түркияның сыртқы саясаты» атты монографияда 1939 ж. соңында – 1940 ж. басында, Англия мен Франция, Түркияның ұлттық мүдделерін мүлдем ескерместен, түрік жерін КСРО-на қарсы әскери қимылдар жүргізу плацдармына айналдыру мақсатындағы кез-келген мүмкіндікті пайдаланып қалуға тырысқандықтары жөніндегі мойындау бар [16].

Бірақ, әрине Түркияда, жиі түрде Батыста етек алған антикеңестік науқанға өз елдерінің қатысы бар екендігін жоққа шығаратын мәлімдемелер жасалып жатты. Стамбулдық «Тан» газеті осыған орай, егерде Түркия Ресейге қарсы әскери операцияларға қатысса орны толмас қасіретке душар болатындығын жазды [17].

Англия мен Францияның Кавказға жорығының даярлығы Кеңес Одағында да елеусіз қалмады. 1940 жылы 29-наурыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің VI-сессиясында сөз сөйлеген В.М. Молотов: «Сирияда және жалпы Таяу Шығыста ағылшын-француздардың ұйымдастыруымен, атап айтқанда генерал Вейган басшылығындағы отаршыл армиясын жасақтау бойынша үлкен дайындықтың машақаты жүріп жатыр. Біз бұл әскерлерді КСРО-на қарсы жау пиғылда пайдалану талпынысына байланысты өте сақ болуымыз керек. Бұндай кез келген ұмтылыстар біздің жағымыздан агрессорға қарсы жауап шараларына алып келеді, сонымен бірге отпен ойнаудың қауіпті екені Кеңес Одағына жау пиғылдағы державалар үшін де, бізге қарсы басқыншылық саясаттың құралына айналатын

көршілеріміз үшін де белгілі болуы тиіс» – деп айтты. В. Молотов бұнымен бір қатарда Түркиямен, Иранмен достық қатынастарды сақтауға мүдделі екенін атап өтіп, бұл елдермен шабуыл жасаспау туралы келісімдердің бар екенін және «келісімдегі өзара міндеттемелердің орындалатынына» үміт артты [18].

Одақтастардың Таяу Шығыс аймағындағы белсенді іс-әрекеті Германияның да қызығушылығын туғызбай қоймады. Германия өзінің әскери баралаушыларына 1940 жылы сәуірде Таяу Шығыстағы ағылшындардың барлық іс-әрекеттері жайында хабардар етіп тұру жайында нұсқау берілді [19]. «Оңтүстік-Шығыс» жоспары Гитлер тарапынан 1940 жылдың 24-сәуірінде бекітіліп, «фюрер авиация көмегімен Басфор мен Дарданеллге блокада жасау идеясын ұсынды» деп жазды Ф. Гальдер [20].

Сонымен Түркия Республикасы өзінің КСРО-на деген адалдығын ағылшын-француз-түрік одақтық келісімінің №2 қосымша хаттамасындағы ескертпені пайдалана отырып тағы да дәлелдеді. Түркияның одақтастар даярлаған Кеңес Одағының мұнайлы аймақтарын талқандау жоспарларын талқылауға қатысуы түріктердің бұл жобадан бас тартуына әкеліп соқтырды. Түркия басшылығының ұстанымы ең алдымен КСРО-мен қарулы қақтығысты болдырмауға негізделді. Түрік билеуші топтарының Түркияны Кеңес Одағына қарсы іс-қимылдарға араластыруға қарсы болуы, одақтастардың Кавказ мұнайлы ауданын бомбалауға кедергі келтірген факторлардың бірі болды, алайда бұл жоспардың күйреуінің басты себебі 1940 жыл 10-мамырда Германияның Голландия мен Бельгияға жасаған шабуылы болды дейді.

Әдебиеттер

- 1 Дж. Гасанлы. СССР-Турция: от нейтралитета к холодной войне (1939-1953). – М., 2008. – 68 б.
- 2 Документы внешней политики. 1939. Т.22, кн.2. – М., 1992. – 453 б.
- 3 Документы внешней политики. 1939. Т.22, кн.2. – М., 1992. – 454 б.
- 4 Дж. Гасанлы. СССР-Турция: от нейтралитета к холодной войне (1939-1953). – М., 2008. – 68 б.
- 5 История второй мировой войны 1939-1945, т. 3. Начало войны. Подготовка агрессии против СССР, – С. 44-45.
- 6 Сиполс В.Я. Тайные документы «странной войны» // Новая и новейшая история. – 1993. – №3. – 125 б.
- 7 Галиакбарова Н. Советско-турецкие отношения 1939-1941 гг. Дисс.канд.ист.наук. – Екатеринбург, 2005. – 128 б.
- 8 Сиполс В.Я. Тайные документы «странной войны» // Новая и новейшая история. – 1993. – №3. – 125 б.
- 9 Документы внешней политики. 1940-22 июнь 1941. Т.23, кн.1. – М., 1995. – 98 б.
- 10 Документы внешней политики. 1940-22 июнь 1941. Т.23, кн.1. – М., 1995. – 116 б.
- 11 Известия газеті 1940 жыл. 3-март
- 12 Документы внешней политики. 1940-22 июнь 1941. Т.23, кн.1. – М., 1995. – 117 б.
- 13 Галиакбарова Н. Советско-турецкие отношения 1939-1941 гг. Дисс. канд.ист.наук. – Екатеринбург, 2005. – 135 б.
- 14 Черников И.Ф. В интересах мира и добрососедства. – 70 б.
- 15 Караосманоглу Якуб Кадри. Дипломат поневоле. Воспоминания и наблюдения. Перев. с турец., – М., 1966, – 138-139 бб.
- 16 Черников И.Ф. Советско-турецкие отношения в 1934-1972 годах. Дисс.докт.ист.наук. – Киев, 1983. – 190 б.
- 17 Черников И.Ф. Советско-турецкие отношения в 1934-1972 годах. Дисс.докт.ист.наук. – Киев, 1983. – 190 б.
- 18 Молотов В.М. Внешняя политика правительства. Доклад на заседании VI сессии Верховного Совета ССР 29 марта 1940 г. – М., 1940. – 17 б.
- 19 https://нэб.рф/catalog/000202_000006_RuPRLIB00053402/
- 20 Гальдер Ф. Военный дневник. Т. 1. – 349 б.
- 21 Гальдер Ф. Военный дневник. Т. 1. – 349 б.

References

- 1 Dzh.Gasanly. SSSR-Turciya: ot neutraliteta k holodnoi voine (1939-1953). – M., 2008. – 68 b.
- 2 Dokumenty vneshnej politiki. 1939. T.22, kn.2. – M., 1992. – 453 b.
- 3 Dokumenty vneshnej politiki. 1939. T.22, kn.2. – M.,1992. – 454 b.
- 4 Dzh. Gasanly. SSSR-Turciya: ot neutraliteta k xolodnoi voine (1939-1953). – M., 2008. – 68 b.
- 5 Istoriya vtoroj mirovoj vojny 1939-1945, t. Z. Nachalo vojny. Podgotovka agresii protiv SSSR, – s. 44-45.
- 6 Sipols V.Ya. Tajnye dokumenty «strannoj vojny» // Novaya i novejšhaya istoriya. – 1993. – №3. – 125 b.
- 7 Galiakbarova N. Sovetsko-tureckie otnosheniya 1939-1941 gg. Diss.kand.istor.nauk. – Ekaterinburg, 2005. – 128 b.
- 8 Sipols V.Ya. Tajnye dokumenty «strannoj vojny» // Novaya i novejšhaya istoriya. – 1993. – №3. – 125 b.
- 9 Dokumenty vneshnej politiki. 1940-22 iyun' 1941. T.23, kn.1. – M., 1995. – 98 b.
- 10 Dokumenty vneshnej politiki. 1940-22 iyun' 1941. T.23, kn.1. – M., 1995. – 116 b.
- 11 Izvestiya gazetі 1940 zhyl. 3-mart

- 12 Dokumenty vneshnej politiki. 1940-22 iyun' 1941. – T.23, kn.1. – M., 1995. – 117 b.
- 13 Galiakbarova N. Sovetsko-tureckie otnosheniya 1939-1941 gg. Diss. kand.istor.nauk. – Ekaterinburg, 2005. –135 bb.
- 14 Chernikov I.F. V interesax mira i dobrososedstva. – 70 b.
- 15 Karaosmanoglu Yakub Kadri. Diplomat ponevole. Vospominaniya i nablyudeniya. Perv. s turec., – M., 1966, – 138-139 b.
- 16 Chernikov I.F. Sovetsko-tureckie otnosheniya v 1934-1972 godax. Diss. dokt.istor.nauk. – Kiev, 1983. – 190 b.
- 17 Chernikov I.F. Sovetsko-tureckie otnosheniya v 1934-1972 godax. diss.dokt.istor.nauk. – Kiev, 1983. – 190 b.
- 18 Molotov V.M. Vneshnyaya politika pravitel'stva. Doklad na zasedanii Y sessii Verxovnogo Soveta SSR 29 marta 1940 g. – M., 1940. – 17 b.
- 19 https://ne'b.rf/catalog/000202_000006_RuPRLIB00053402/
- 20 Gal'der F. Voennyj dnevnik. T. 1. – 349 b.
- 21 Gal'der F. Voennyj dnevnik. T. 1. – 349 b.

Мырзабекова Р.С.,
Байболатова Ә.Ж.

**XX ғасырдың екінші
жартысындағы Германиядағы
түрік диаспорасы және
миграциялық үрдіс**

Мақалада XX ғасырдың екінші жартысындағы Германиядағы түрік диаспорасының миграциялық үрдісі баяндалады. Зерттеудің негізгі нысаны – неміс қоғамындағы түріктер, миграциялық үрдіс, сондай-ақ, Германияның саяси экономикалық жағдайы. Мақалада 1961 жылдың 30 қазанындағы Германия Федеративті Республикасы мен Түркия арасындағы «жұмысшы мигранттар» жөніндегі келісім-шарттың қабылдануы, Түркиядан уақытша жұмысшыларды тартудың негізгі мақсаты, себебі, оқиға барысы және түрік азаматтарының неміс қоғамына әлеуметтік, мәдени, саяси-экономикалық тұрғыдан сіңісуі көрсетіледі. Сонымен қатар, осы тақырыпты зерттеген ғалымдардың пікірі баяндалады.

Түйін сөздер: Германия Федеративті Республикасы, миграциялық үрдіс, гастарбайтерлер, диаспора, маргиналдык, демография.

Myrzabekova R.,
Baybolatova A.

**Turkish diaspora in Germany and
migration in the second half of
the XX century**

This article discusses the migration process of Turkish Diaspora in the second half of the twentieth century. The object of research is the Turks in German society, the process of migration and the political and economic state of Germany. The article said the agreement « attraction of Turkish labor» for German labor market between Turkey and the Federal Republic of Germany in 1961, 30 October and aim to attract labor from Turkey, causes, the developments, impact of the Turkish diaspora to the social, cultural, economic and political system of German society. In addition, it explained briefly opinions of researchers on this subject.

Key words: German Federal Republic, the process of migration, migrant workers, diaspora, marginalization, demography.

Мырзабекова Р.С.,
Байболатова А.Ж.

**Турецкая диаспора в Германии
и процесс миграции во второй
половине XX века**

В данной статье рассматривается миграционный процесс турецкой диаспоры во второй половине XX века. Объект исследования – турки в немецком обществе, процесс миграции и политическо-экономическое состояние Германии. В статье говорится о соглашении «привлечение турецкой рабочей силы» для немецкого рынка труда между Турцией и Федеративной Республикой Германии 30 октября 1961 года раскрывается цель привлечения рабочей силы из Турции, причины, развитие событий, влияние турецкой диаспоры на социальное-культурное и политико-экономическое состояние немецкого общества. Рассматриваются мнения исследователей на эту проблему.

Ключевые слова: Германская Федеративная Республика, миграционный процесс, гастарбайтеры, диаспора, маргинальность, демография.

**XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ
ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ГЕРМАНИЯДАҒЫ ТҮРІК
ДИАСПОРАСЫ ЖӘНЕ
МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІС**

Миграциялық үрдіс – қоғамның күрделі түрде бірнеше бағыт бойынша өзгеруіне себеп болатын үлкен төңкеріс. Ол – ұлттаралық байланыс, мәдениеттердің тоғысуы, демографиялық өзгерістер, саяси қақтығыстар және өркениеттің жаңа бағытта дамуы немесе құлдырауына алып келеді. Сондықтан да кез келген тарихи маңызы бар оқиға ретінде, көші-қон тақырыбы тарихшылар үшін зерттеуге өзекті. Тақырыпты зерттеу барысында көптеген маңызды мәселенің беті ашылады. Бір ұлттың өзге ұлт мекеніне қоныс тебуі, жаңа ортаға дағдылануы қоғамның бөлінбес бөлшегіне айналуы күрделі үрдіс. Миграциялық үрдістің алғышарттары, себебі, салдары мен оқиғаның даму желісінде қоғамда қандай өзгерістер орын алды және сол өзгерістер әлемдік экономика мен саясатқа ықпалын тигізе ме деген мәселелердің зерттеліп талдануы маңызды. Миграциялық үрдіс қоғамға өмірлік әсерінің маңыздылығымен қатар теориялық ғылыми негізі демограф, экономист, әлеуметтанушы, саясаттанушы және тарихшы мамандар үшін күрделі.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында миграция, интеграция, диаспора мәселесін қарастырған неміс тарихнамасына қысқаша шолу жасасақ. 1970-1980 жылдары Германияда неміс зерттеушілерін көші-қон мәселесімен қатар түріктерге қатысты зерттеулер қызықтырды. Мәселен, М. Маттес «ГФР гастарбайтерлері» [1] еңбегінде 1950 жылдан 1970 жылға дейінгі гастарбайтерліктің басталуы мен қалыптасу тарихын қарастырады. Сонымен қатар неміс тарихнамасында түрік жұмысшыларын зерттеу барысында жалпы мәселеге қатысты мәлімет беретін еңбектер пайда болды. Р. Калаклер «ГФР-дегі түрік әйелдері» [2] атты зерттеу еңбегінде Германияда өмір сүріп жатқан түрік әйелдерінің батыс қоғамына сіңісу үрдісі қалай жүрді және қандай қиындықтарды бастан кешірді деген мәселелерді тікелей сұхбат жүргізу арқылы анықтады. Яғни, бұл автордың еңбегінің шынайылығына оң баға беруге болады. Сонымен қатар Ц. Эрциуес, Ц. Сеносак, И. Сельк, К. никодемус, Р. Гайб, Д. Гектюрктерді [8] Германиядағы түрік диаспорасының мәдени құндылықтарын зерттеу қызықтырды. Бұл құндылықтарға көркем әдебиет, музыка, кино және театр жатады. Түрік диаспорасы мәселесін жеке аспектілермен У. Виламовиц-Мелендорф, А. Голдберг, Д. Халм, Т. Бадавия, И. Тучи [8]

атты зертеушілер де қарастырған. Жалпы соңғы жылдары неміс зерттеушілері ГФР-дегі миграциялық үрдіс, интеграция, диаспора мәселелерін зерттеу арқылы қоғамның саяси-экономикалық жағдайының кейбір тұстарын айқындайды.

Германиядағы түріктердің экономикалық аспекті тұрғысынан зерттеуші түрік ғалымдары Фарук Чен, Оз Гюр «ГФР және басқа мемлекеттердегі жұмысшы түріктер – экономикалық күш ретінде» [3] атты зерттеулерінде түрік диаспорасының неміс экономикасына қосқан үлесі, түрік экономикалық элитасының қалануы мен гастарбайтерлердің жалпы жағдайын баяндайды. Олардың пікірінше, түріктер Германияда экономикалық күш ретінде басты рөл ойнайды. Жем Шентюрк пен Юнус Улус «ЕС және Германия: түрік кәсіпкерлерінің экономикалық күйі» [4] атты зерттеу еңбегінде еуропалық экономикаға түрік бизнесмендерінің тигізген ықпалын қарастырады. Жалпы түрік зертеуші ғалымдардың мәліметтерінің басым көпшілігі отанына оралған мигранттар мен Германияда тұрып жатқан түріктермен сұхбат нәтижесінде алынған.

Ендігі кезекте тарихнамалық тұрғыда тақырыпқа қатысты кеңестік зерттеушілер С.Н. Власова, Т.С. Гущина, Ю.Д. Квашнина, И.А. Мельникова, А.Г. Осипова, Н.С. Папенко [8] мәліметтерін талдасақ. Аталған зерттеушілер жұмыс күшінің пайдалану себебінің жалпы тенденцияларын, орташа дамыған мемлекеттен жоғары дамыған мемлекетке жұмысшылар жіберудің маңыздылығын көрсетуге тырысады. Авторлар миграциялық үрдістің себебін, жұмысшы жіберуші және қабылдаушы мемлекеттерге қатысты оң және теріс тұстарын зерттеді. Неміс үкіметінің Түркия жұмысшыларын қабылдаудағы негізгі көздегені арзан еңбек күші арқылы материалдық пайданы ұлғайту. Шетелдік жұмысшылар тұрғылықты неміс халқы қаламаған қара, ауыр жұмыстарды атқарды.

Байрығы неміс тұрғындарына түріктердің сіңісіп кетуі оңай болмады. Тіпті, өздерінің ұлттық ұстанымын берік сақтаған түріктер жаңа батыстық мәдениетті қабылдаудан бас тартты. Түріктердің «Уақытша жұмысшы» психологиясы неміс қоғамының принципіне сай сіңісуіне кедергі келтірді. Өйткені, олардың санасында мерзімді жұмыс уақытын өтеген соң отанына оралу тұрды.

Ресейлік тарихшы Н.Г. Киреев [5] түрік диаспорасының тарихын зерттей отырып, алғашқы гастарбайтерлік кезеңнен бастап үлкен диаспора дәрежесіне жеткенге дейінгі эволюциялық даму кезеңін көрсетеді. Зерттеуші С.В. Погорельский

[6] жариялаған мақалаларында Германиядағы түрік диаспорасының жағдайы мен неміс қоғамына тигізген ықпалына талдау жасайды. Ол Еуропа мен Түркияның талаптарын қанағаттандыратын неміс әлеуметі мен түрік үкіметі тарапынан құрылған қоғамдық ұйымның арасындағы саяси аспектіге аса назар аударады. Түрік диаспорасының маргиналды жағдайын зерттеуші ғалымдар И.Н. Костина, И.В. Акулова, Р.Н. Али-Заде, О.П. Бибилова [7]. Түріктердің өз мәдениеті мен туған тілінен алыстап, бірақ соғұрлым неміс қоғамына да сіңісе алмауы немістер үшін де, мигранттар үшін де қиындықтар тудырған. Бұл жағдай қоғамдағы ұлт-аралық қайшылықтар тудырғандығы сөзсіз. Жалпы бұл тақырып батыстық зерттеушілердің еңбектерінде де кездеседі. У. Манко, А. Эрүлмаз, Г. Пирик, М. Байсер [8] еңбектерінде. Батыс зерттеушілері ішінде бұл мәселеге негізінде ағылшындар қызығушылық білдермеген. Олардың зерттеулерінде нақты түрік диаспорасына қатысты мәлімет берілмеген. Олар жалпы шығыстан батысқа бағытталған иммиграция мәселесін қарастырады.

Тариханамалық мәселені қарастыру барысында біз мына жағдайларды анықтаймыз. Зерттеушілердің басым көпшілігі жалпылама мәлімет бере тұра, жеке аспектілерді де қарастырады. Мысалы, экономикалық, мәдени байланыстар. Кейбір батыстық зерттеушілер түрік диаспорасы тақырыбын ГФР үшін қауіп тудыратын мәселе ретінде қарастырады. Мәселен, діни тұрғадан ислам діні мен христиан дінінің араласуы мен батыстықтардың исламдану үрдісі. Неміс авторлары түрік мигранттарының жеке мүдделеріне, олардың батыс қоғамына сіңісу үрдісінде қандай қиындықтарға тап болды деген мәселелерге аз мән берген. Ал түрік авторлары гастарбайтерлердің қоғамға қиындықпен бейімделуін неміс қоғамынан көреді. Жалпы, аталған зерттеушілер Германиядағы түрік диаспорасы, шығыс пен батыс өркениетінің байланысы, интеграциялық үрдіс пен мәдениеттің ықпалы жайлы құнды мәлімет береді.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жер шарының көптеген мемлекеттерінде әлемдік деңгейдегі миграциялық үрдістер орын алды. Үрдіс қоғамның әлеуметтік, діни, мәдени, экономикалық және саяси тұрғыдан өзгеріске ұшырауына ықпал етті. Әсіресе, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Еуропа елдерінің, соның ішінде Германияның ішкі жағдайы мигранттарды тарту орталығына айналды. Мемлекетті қайта орнына келтіру мақсатында кәсіпорындар ашылды, жұмыс орындарының көбейіп, жұмыс

күшінің жетіспеушілігі басқа мемлекеттерден еңбек ететін адамдарды талап етті. Неміс қоғамы шетелдік жұмысшыларды Италия, Грекия, Испания, кейін Түркия мемлекетінен тартты. Қоныс аударылғандардың алдыңғы орнында түрік азаматтары болды. Нәтижесінде, түріктер неміс қоғамының бөлінбес бөлшегіне айналды. Дәл сол уақытта Түркияда жұмыссыздықтың деңгейі жоғары болды. Түркия үкіметі Батыс Германияға түрік гастарбайтерлерін жұмысшы ретінде жалдауға ұсыныс білдірді. Алайда, неміс қоғамдық қызметі мен еңбек жөніндегі министрі Теодор Бланк өз тарапынан қарсылығын ашық жариялады. Ол екі мемлекет арасында мәдени ұқсастықтың мүлдем жоқтығын және кедей елді-мекендердегі жұмыссыздықты алдыға тартты.

Бірақ, сыртқы саяси жағдайындағы біршама қиындықтар министрдің қарсылығын орындай алмады. Мысалы, НАТО құрамындағы мемлекеттер мен Варшава келісімінің мүшелерімен саяси қарсылықтар орын алған. Дәл осы жылы Берлин қабырғасы тұрғызылды. Әлеуметтік нарықтық шаруашылықтың нобайы жасалынды. Нәтижесінде Германия мемлекеті Түркиямен жұмысшылар жөнінде келіссөздер жүргізді. 1961 жылы 30 қазанда Германия Федеративті Республикасы мен Түркия мемлекеті арасында «жұмысшы мигранттарды жұмысқа тарту» жөніндегі келісімге қол қойды, келісім түрік азаматтарының уақытша жұмысқа орналасуына мүмкіндік берді. 1963 жылы мамыр айының 15-і түріктер үшін Германияда «Anadolu» газетінің алғашқы тиражы шықты. Түріктер Германияға гастарбайтерлер ретінде келіп, көпшілігі қалған өмірін сонда сүруге қалып қойды. Келісім аясында, Стамбул қаласында неміс қызмет жөніндегі өкілділігі ашылды. Өкілділік жалдамалы жұмысшыларды іздеп, тіркеумен айналысты. Түркияға жұмысшы эмигранттарды Германияға жіберудің екі тиімді себебі болды. Біріншіден, түрік ер азаматтары шетелде жұмыс істеп, жақсы табыс тауып, отанындағы отбасын асырай алатын болды. Екіншіден, түрік жұмысшылары кәсіптік деңгейін жоғарылатып, еліне жаңа техникалық білім, тәжірибемен оралып, отанында да іс жүзінде жүзеге асырады. Германияда жұмыссыздар саны 94 856 адам тіркелді. Сонымен қатар, жалпы бос жұмыс орындар саны 572 758.

Германиядағы түрік жұмысшыларының көші-қон тарихын екі кезеңге бөлуге болады: Алғашқы кезең – 1961 жылдан бастап 1973 жыл аралығы, кейінгі 1975 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін. Халық санағы мәліметтері бойынша 1961 жылы түрік азаматтарының саны шама-

мен 7117 болды [9]. Осы жағдай Германияның әлеуметтік-демографиялық жағдайын өзгеріске ұшыратты. Енді үкімет тарапынан Германияға түрік жұмысшыларының келуін уақыт жағынан тежеу жоспарланды. Сол себепті, түріктерді италялықтар, гректер мен испандықтар секілді «гастарбайтерлер» – «уақытша жұмысшылар» деп атады. Жұмысшылар екі жылдық жұмыс мерзімін орындап, отанына оралады деп болжалды. Осылайша, неміс үкіметі Германияда түрік азаматтарының тұрғылықты халқы болып кетпеуін қадағалады. Бірақ үш жыл өткеннен соң, неміс жұмыс берушілерінің сұранысымен, Германия мен Түркия арасындағы жұмысшылар жөніндегі келісім жаңарды. Жұмысшылардың еңбек жөніндегі келісім шарты ұзартылды. Оған себеп болған екі жағдайды көрсетуге болады:

Біріншіден, жұмысшыларды елге тасымалдау көп қаржыны талап етті. Екіншіден, жұмысқа келген жаңа шетелдіктерді кәсіпке оқыту қымбат болды. Салыстырмалы түрде бұрынғы еңбек етушілер әлдеқайда тәжірибелі болды. Кейінірек, түрік жұмысшыларына отбасыларымен бірігуге рұқсат етілді. Германияда 1961-1973 жылдар аралығында 2,7 миллион түрік азаматтары жұмысқа өтініш білдірді. Бірақ олардың 750 мыңдайы ғана мемлекетке орналасуға рұқсат алды [9].

1973 жылы халықаралық мұнай дағдарысына байланысты шетелден жұмысшы қабылдау үрдісі уақытша тоқтатылды. Бірақ 1975 жылы түрік гастарбайтерлеріне отбасыларымен қайта қауышуға рұқсат берілді. Бұл өз кезегінде түрік жұмысшыларының екінші толқынының қоныс аударуына алып келді. Зерттеушілердің пайымдауынша, жұмыс істеуге келген түрік азаматтарының жартысына жуығы елде тұрғылықты қалып, екінші жартысы отанына оралған.

Түркия үкіметі Германиядағы отандастарына білім мен мәдениет саласында көп қолдау жасады. Мәселен, мешіт құрылысын, түрік тілінде сабақ беретін мектептер салу жағынан қаржыландырды. Сонымен қатар, шетелдегі түрік азаматтарына қатысты қос азаматтық заңына түзетулер енгізді. Түркия үкіметін шетелдегі отандастарының жаңа қоғамға бейімделуі мен оларды толғандыратын мәселелері алаңдатты және олардың ұлттық тілі, мәдениетін ұмытпай ұрпақтарына дәріптеуін қадағалады.

1980 жылдары миграциялық заңнаманың либералдануынан кейін, Таяу Шығыс, Шығыс Еуропа, Орта Азиядағы саяси өзгерістер орын алды. Бұл уақытта Германияда түріктердің қоғамы қалыптаса бастады. Бұл неміс қоғамына

қауіпті әлеуметтік көрініс ретінде қабылдана бастады. 1983 жылы «Отанына оралатындар үшін көмек» атты заң аясында Түркияға кері қайтатындар үшін жеңілдік ретінде ересек адамға 10 мың марка, ал балалар үшін 1,5 мың марка төленеді [10]. Алайда, бұл заң Германия үшін өз мақсатына жетпеді. Отанына кеткен жұмысшылар Түркияда тұра алмай, әртүрлі сылтаумен қайта Германияға оралған.

1990 жылдары түрік мигранттарының Германияға бейімделуі діни, мәдени және тұрмыстық сипатта болды. Келушілердің саны жыл сайын арта түсті. Мемлекет олардың уақытша статусын сақтай алмады. Мигранттар уақыт өте саяси құқыққа ие болып, жеке ұйымдар құра бастады. Олар социал-демократтардың жергілікті еңбек жөніндегі жиналыстарына қатысып, әкімшілік жұмыстарына араласа бастады. Түріктердің діни қағидалары немістер тарапынан оң қабылданбады. Мигранттар үшін алғашқыда әлеуметтік тұрғыдан қиындықтар туғызған – білім алу, жұмыссыздық, неміс тілін игерудегі қиындықтар, жергілікті мәдениетке үйрену және медициналық қызмет көрсетілу болды. 1993 жылы Германия үкіметі мигранттарды үй-жаймен қамтамасыз ету туралы заңды алып тастады. Бұл түріктердің келуіне кедергі ретінде қолданылған әрекет болды. ГФР-да заңсыз миграциялық үрдіс күшейді. Қоныс аударушылар көбейіп, жылдан жылға саны арта түсті. Қоныс аударылғандар үшін азаматтық алу қиындау болды. Алайда, 1991-1999 жылдардағы азаматтық туралы заң Германияда туылған балаларға азаматтық алуға рұқсат етілді. 2000 жылы 1990 жылдан кейін туылғандарға азаматтық беру туралы заң қабылданды. Неміс үкіметі түріктерге қос азаматтыққа рұқсат бермеді. Бірақ, 18 жастан 23 жас аралығындағы азаматтарға азаматтық таңдауға рұқсат етілді [11].

Түріктерді өздерің ата-дәстүрімен байланыстырушы құралы – дін болды. 2009 жылы 63,2% мұсылман елдімекендері тіркелді. Мигрант түріктер діни қағидаларына берік болды,

мешіттердің саны көбейді. Кейінгі түрік ұрпақтары үшін неміс қоғамына бейімделу алқашқы толқынға қарағанда жеңіл болды. Бірақ тіл жағы қиындық туғызды. Германиядағы мектептер, жоғары оқу орындарында түріктерге неміс тіліндегі оқу бағдарламаларын игеру жергілікті ұлтқа қарағанда қиын еді. Күнделікті тіршілікте түрік тілді қолданғанда неміс тілінің кейбір сөздері мен тіркестерін қоса пайдалану немесе неміс тілінде сөйлеу барысында түрікше тіркестерді қосып жіберу секілді тілге қатысты қиындықтар болды. Бірақ бұл қиындықтарға қарамастан түріктер сапалы жоғары білім алып, мамандықтары бойынша немістермен қатар еңбек етуде.

Сонымен, өзінің 55 жылдық тарихы бар түрік диаспорасының өкілдері Германияда неміс азаматтығын алуымен қатар жоғары білім алып, мәдени, саяси тұрғыдан Еуропа, соның ішінде Германияға зор ықпалын тигізуде. Олар жеке меншік иеленумен қатар ГФР экономикасына үлкен үлес қосты. Қазіргі таңда Германияда 80 мыңға жуық түрік бизнесмендеріне тиесілі компаниялар бар, 57 мыңнан аса түріктер жеке бизнесерін жүргізуде. Сонымен қатар саяси өмірде «жасылдар» партиясының өкілі Джем Özdemir, «социал-демократ» партиясының өкілі Вурал Огерді айтып кетуге болады. Мәдени өмірде жазушы және актриса Эмине Севги Оздамар, журналист әрі жазушы Эртургул Озкок, режиссер, сценарий жазушы, актер Фатих Акын [12]. Жалпы, түріктер Германияға қарапайым жұмысшы ретінде келіп, жергілікті неміс ұлтымен тең дәрежедегі ұлт статусына көтеріліп үлгерді. Қоғамның бөлінбес бөлшегіне айнала тұра, ары қарайғы дамудың шыңына жетуге нық бейімделуде. Бұл үрдіс нені көрсетеді? Яғни, әлемдік миграциялық үрдіс бұл адамзаттық, мемлекет аралық, ұлт аралық байланысты ығыстыратын да, біріктіретін де және шиеленістіріп қоғамның жаңа даму сатысын көрсететін күрделі үрдіс. Бұл құбылыс түрік диаспорасының гастарбайтер болып келіп, неміс қоғамында түрік элитасына айналу процесін анық көрсетті.

Әдебиеттер

- 1 Mattes M. Gastarbeiterinnen in der Bundesrepublik. Anwerbepolitik, Migration und Geschlecht in den 50er bis 70er Jahren. FaM, 1999.
- 2 Kalaclar R. «Meine Welt sprang ausdemGleis». Türkische Frauen in der BRD. Bonn, 1993.
- 3 Şen Faruk. Euro-Türkler (Avrupa'daTürkVarlığıveGeleceği. Istanbul, 2007; FarukŞen. Almanya'dakiTürkiye. Istanbul, 2000; ŞenFaruk. Türkiye AB İlişkilerinde Die Etkenler. Ankara. 2005; Şen, Faruk. The Historical Situation of Turkish Migrants in Germany. Immigrants & Minorities, Volume 22 – № 2-3. July 2003. – P. 208-227.
- 4 Şen Faruk, GürayÖz, YunusUlusoy. AvrupaTürkleri Federal Almanya veDiğer AB Ülkelerinde Calisan Türklerin Ekonomik Güğü. – Istanbul, 1999.

- 5 Киреев Н.Г. Турецкая диаспора на Западе // Мусульмане на Западе. – М., 2002.
- 6 Али-Заде Р.Н. Турецкая диаспора в странах Западной Европы в 60 – 90-е гг. XX в.: проблемы интеграции: дис. канд. ист. наук. – Владимир, 2008.
- 7 Погорельская С.В. Турецкая община в ФРГ: Между интеграцией и исламом // Актуальные проблемы Европы. Диаспоры в Европе: новая роль в обществе. ИНИОН РАН. – М., 2009. – № 4.
- 8 Слободенюк В.В. Турецкая диаспора в Германии: социально-экономическое, политическое и культурное положение во второй половине XX – начале XXI вв.: автореф. Насоиск. уч. ст. к.и.н. – Краснодар. 2011.
- 9 Şen, Faruk (2002), «Forty years Later: Turkish Immigrants in Germany», <http://www.tusiad.us>: Retrieved on June 5th 2009
- 10 <http://multimedia.zdf.de/2010/sport/infografik/tuerkei/tuerken.swf>
Иммиграционная политика Германии: успешный и неуспешный опыт. Л. Карачурина. Мировая экономика и международные отношения, 2008, №7
- 11 Gogolin, Ingrid (2002), «Linguistic Diversity and New Minorities in Europe», Retrieved on July 29th 2009.
- 12 Владимир Аватков, Екатерина Чулковская: «Мягкая сила» Турции в Германии и евразийская концепция Путина. – Москва.2012.

References

- 1 Mattes M. Gastarbeiterinnen in der Bundesrepublik. Anwerben Politik, Migration und Geschlecht in den 50er bis 70er Jahren. FaM, 1999.
- 2 Kalaclar R. «Meine Welt sprang aus dem Gleis». Türkische Frauen in der BRD. Bonn, 1993.
- 3 Şen Faruk. Euro-Türkler (Avrupa'da Türk Varlığı ve Geleceği. Istanbul, 2007; Faruk Şen. Almanya'daki Türkiye. Istanbul, 2000; Şen Faruk. Türkiye AB İlişkilerinde Die Etkenler. Ankara. 2005; Şen, Faruk. The Historical Situation of Turkish Migrants in Germany. Immigrants & Minorities, Volume 22 -№ 2-3. July 2003. P. 208-227.
- 4 Şen Faruk, Güray Öz, Yunus Ulusoy. Avrupa Türkleri Federal Almanya ve Diğer AB Ülkelerinde Calisan Türklerin Ekonomik Gücü. – Istanbul, 1999
- 5 Kireev NG Turkish diaspora in the West // Muslims in the West. – Moscow, 2002
- 6 Ali-Zadeh RN Turkish diaspora in Western Europe in the 60 – 90th. Twentieth century.: integration problems: Dis. cand. East. Sciences. – Vladimir, 2008.
- 7 Pogorelskaya SV The Turkish community in Germany: Between Integration and Islam // Actual problems of Europe. Diaspora in Europe: a new role in society / INION. – М., 2009. – № 4.
- 8 Slobodenyuk V.V. Turkish diaspora in Germany: the socio-economic, political and cultural situation in the second half of the XX – XXI centuries. // Author. On soisk. Ouch. Art. Ph.D. – Krasnodar, 2011.
- 9 Şen, Faruk (2002), «Forty years Later: Turkish Immigrants in Germany», <http://www.tusiad.us>: Retrieved on June 5th 2009
- 10 <http://multimedia.zdf.de/2010/sport/infografik/tuerkei/tuerken.swf>
Germany's immigration policy: successful and unsuccessful experiences. L. Karachurina. World Economy and International Relations, 2008, №7
- 11 Gogolin, Ingrid (2002), «Linguistic Diversity and New Minorities in Europe», Retrieved on July 29th 2009.
- 12 Vladimir Avatkov Catherine Chulkovskaya «soft power» of Turkey in Germany and Eurasian concept of Putin. – Moskva, 2012.

Садықова Р.О., Касымова А.А.
**«Қырғи-қабақ соғыстан» кейінгі
АҚШ және Иран
қарым-қатынастары
(1990-2000 жж.)**

«Қырғи-қабақ соғысынан» кейінгі халықаралық қатынастар жүйесінде әлі де шешілмеген басты мәселе қалды. Ол – ядролық қару мәселесі еді. Ядролық қаруға ие мемлекеттер немесе оны дайындаушы мемлекеттер ғаламдық көшбасшылыққа ұмтылушы АҚШ-тың негізгі қарсыластары ретінде қарастырылды. Осындай «зұлымдық белдеуі» мемлекеті қатарында американдық басшылық Иранды да қарастырды. Осы тұрғыда ұсынылған мақала тақырыбы өзекті болып табылады. Мақалада авторлар «Қырғи-қабақ соғыстан» кейінгі АҚШ-тың сыртқы саяси стратегиясындағы Иран Ислам Республикасының рөлін қарастырады. Зерттеудің негізгі өзегі – АҚШ пен Иран Ислам Республикасының 1990-2000 жж. аралығындағы саяси-экономикалық қарым-қатынасы, сондай-ақ Б. Клинтон әкімшілігі кезеңінде АҚШ-тың Таяу Шығысқа жүргізген гегемониялық саясаты. Мақалада «Қырғи-қабақ соғыстан» кейінгі АҚШ-тың Иран Ислам Республикасына қатысты қабылдаған заң жобалары және жарияланған санкцияларының түп негізгі мақсаты көрсетілген. Сонымен қатар екі мемлекеттің саяси қарым-қатынасын тұрақтандыруда Иран президенті М. Хатамидің рөлі мен Б. Клинтон әкімшілігінің екінші кезеңінде жүргізген оңшыл саясаты қарастырылған.

Түйін сөздер: АҚШ және Иран Ислам Республикасының қарым-қатынастары, санкция, эмбарго, баллистикалық зымыран, ядролық бағдарлама, «өркениеттер диалогы», терроризм.

Sadykova R.O., Kasymova A.A.
**The American-Iranian relations
after the «Cold War» (1990-2000)**

After the «Cold War» period there were still some issues which were not settled. Among them was the main important problem as the nuclear weapons. The countries which had such weapons and prepared necessary equipment considered by the USA administration as the main enemies. Among them was Iran, which too recognized as the «country of evil». In this connection the topic of this study is relevant. The authors considered the role article the Islamic Republic of Iran in USA foreign policy after the «Cold War» in this article. The study is characterized by political and economic relations USA and Iran in 1990-2000, as well hegemonic policy of the USA toward the Middle East during the administration of the USA president Bill Clinton. In the process of studying authors tried to show the purpose of the USA legislative acts and sanctions against Iran. The article discusses the role of the Iranian president M. Khatami in containing the policies of the two parties, and a positive policy of Bill Clinton in the second stage of the his administration in the USA.

Key words: American-Iranian relations, the sanction, embargo, ballistic missile, nuclear program, «Dialogue of Civilizations», terrorism.

Садықова Р.О., Касымова А.А.
**Американо-Иранские
отношения после
«Холодной войны»
(1990-2000 гг.)**

После «Холодной войны» в системе международных отношений оставались еще нерешенные проблемы. Одна из таких важных проблем – это ядерное оружие. Государства, которые обладали или готовили необходимые части для этого оружия, начали рассматриваться администрацией США как главные противники. В качестве «стран-изгоев» США включила и Иран. В этой связи рассматриваемая тема статьи является актуальной. В статье авторами рассматриваются роль Иранской Исламской Республики во внешней политике США после «Холодной войны». В основе исследования характеризуются политико-экономическая отношения США и Ирана в 1990-2000 гг., так же гегемонская политика США в отношении Ближнего Востока в период правления президента Б. Клинтона. В процессе исследования показана цель законодательных актов и санкции США против Ирана. В статье так же рассматриваются роль Иранского президента М.Хатами в сдерживании политики двух сторон, так же положительная политика Б.Клинтона во втором этапе правления США.

Ключевые слова: Американо-Иранские отношения, санкция, эмбарго, баллистическая ракета, ядерная программа, «диалог цивилизации», терроризм.

**«ҚЫРҒИ-ҚАБАҚ
СОҒЫСТАН» КЕЙІНГІ
АҚШ ЖӘНЕ ИРАН ҚА-
РЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ
(1990-2000 ЖЖ.)**

XX ғасырдың аяғы әлемдік жүйенің өзгеріп, «Қырғи-қабак соғыстың» аяқталып, КСРО мемлекеттерінің ыдырап, дүние жүзілік саяси-экономикалық қатынастардың қайта құрылу кезеңімен сипатталды. XX ғасырдың аяғында Америка Құрама Штаттарының алдында әлемдік аренада саяси тұрақтылығын жоғалтпай, XXI ғасырға көшбасшы мемлекет ретінде аяқ басу міндеті тұрды. «Қырғи-қабак соғыстан» кейін АҚШ-та билік басына демократиялық партия өкілі Билл Клинтон келген еді.

Б. Клинтон әкімшілігін хронологиялық жағынан екі кезеңге бөліп қарастыруымызға болады. Бірінші кезең 1993-1997 жж. – Б.Клинтон АҚШ-тың ішкі саясатына бірқатар өзгерістер енгізді. Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына аса мән бере отырып, халықты жікке, нәсілге бөлмей, әлеуметтік жағдайына сәйкес, әділ салық салу жүйесін енгізді, мемлекеттік денсаулық сақтау органдарын қайта құру, әлемдегі ең мықты білім беру жүйесін қалыптастыру, мемлекет тарапынан қамқорлық, сақтандыру, жәрдемақы тағайындау, жұмыссыздық мәселелерін оңтайлы шешті. Сыртқы саяси жүйеде Б. Клинтон АҚШ-тың Ұлттық Қауіпсіздік Стратегиясының ресми құжатын дайындау, сонымен қатар макроэкономиканы дамытуда үлкен үлес қосты, (НАФТА) Солтүстік Америка мемлекеттерінің еркін сауда аймағын құруда үлес қосып, НАТО ұйымын Шығысқа кеңейтті. Екінші кезең 1997-2001 жж. – Б. Клинтон АҚШ-тың сыртқы саяси бағыттарын нақты анықтап, гегемониялық саясат жүргізу науқанына көшті. Аталмыш кезеңдерде АҚШ назарын Таяу Шығыс мәселесі қызықтырды.

АҚШ саясатында Таяу Шығыс мемлекеттері әлем үшін үш түрлі жағдаятта қатерлі саналды. Біріншіден, Таяу Шығыс мемлекеттері террорлық әрекеттер мен діни ағымдардың жетекшісі; екіншіден – ядролық қару өндіруші және таратушы; үшіншіден – Халықаралық Ұйымдар жарғысының заңнамаларына қарсы әрекеттер ұйымдастырушы ретінде саналды.

Б. Клинтон әкімшілігі кезеңінде Таяу Шығыс елдері арасында Иран мәселесі басты назарда болды. Себебі, 1990 жылдан бастап Иран ядролық бағдарламасын жаңа формада жаңғыртуға бет алды. Негізінен АҚШ және Иран дипломатиялық

қарым-қатынасы ежелден белілі болғанымен, ХХ ғасырдың аяғында АҚШ және Иран қарым-қатынасы ушыға түсті. Бұл, Тегеранның халықаралық террорлық ұйымдармен байланыста болуы, Иранның ядролық қару және континент аралық баллистикалық зымыран өндіруі сияқты факторлармен түсіндірілді.

1992 жылы тамыз айында Ресей мен Иран арасында «Атом энергиясын бейбіт мақсатта: медицина, шаруашылық, өндірістік және ядролық физиканы фундаментальды зерттеу саласында пайдалану» атты екіжақты келісімге қол қойылды [1, 62 б.].

Жоғарыда аталған келісімге орай, 1992 жылы Иран мен Ресейден қауіптенген АҚШ конгресі «Иран және Ирак мемлекеттерінің ядролық қаруды таратпау туралы» актісіне қол қойды. Бұл акті бойынша Иран және Ирак мемлекеттеріне санкция жарияланды, яғни әскери мақсаттағы тауарларды шет мемлекеттерге экспорттауға тыйым салынды. Актіге сәйкес егер басқа мемлекеттер тарапынан Иран немесе Ирак мемлекеттерінің конвенционалдық қарулар көлемін және түрін тұрақтандыруға тауардай және технологиялық тұрғыда күш салынса, Иран, Ирак мемлекеттерінің қайта күшеюіне ықпал туғызуға әрекеттенгені үшін сол мемлекетке санкция жарияланады деп көрсетілді [2].

1995 жылы Иран мен Ресей қатынасының тереңдей түсуіне орай, АҚШ Иранмен дипломатиялық қарым-қатынасқа түбегейлі өзгеріс енгізді. Себебі, 1995 жылы Иран мен Ресей, 1975 жылы 800 млн. доллар көлемінде қаржыландырылған «Бушер» АЭС құрылысын аяқтау жөнінде келісімшартқа қол қояды [3]. Карнеги Фондының директоры Джозефа Сирион Американдық Халықаралық қатынастар жүйесінің аналитикалық-сараптау орталығының зерттеуіне сүйене отырып, «Бушер» АЭС реакторы Иран ядролық бағдарламасы үшін өте маңызды екенін атап өткен. «Бушер» реакторының құрылысы әскери мақсатта атом бомбасының жаңа қуатты түріне арналып отырғандығын мәлімдеді [4]. Нәтижесінде, 1995 жылы АҚШ президенті Б. Клинтон тарапынан «Иран мұнай ресурстарына қатысты келісімшарттарға тыйым салу» жөнінде №12957 қаулысы қабылданды. Бұл қаулы бойынша, Американдық компаниялар мен жеке кәсіпкерлерге Иран мұнай саудасына қатысты жобалармен айналысуға немесе инвестиция құюға, Иран компанияларының филиалдарына лицензия беруге тыйым салынды [5].

1995 жылдың мамыр айында АҚШ президенті Б. Клинтон Иран мемлекетіне экономика-

лық қатынастарға байланысты №12959 қаулысын қабылдады. Бұл қаулы бойынша АҚШ Иран мемлекетімен сауда, тауар айналымы саласында «эмбарго» жариялады [6].

1996 жылы АҚШ конгресі 1995 жылғы сенат ұсынысы бойынша «Иранмен барлық тауар айналымын тоқтатуға, АҚШ компанияларының Иран мұнай ресурстарын сатып алуына, сондай-ақ үшінші жақ арқылы сауда жүргізу мәселесіне тыйым салды. Иран мұнай, табиғи газ кендерін байытуға үлес қосушы мемлекеттер компаниясына санкция жариялайтындығы туралы» заң жобасын қабылдады. Мұны АҚШ президенті Б. Клинтон мақұлдап, заңға қайшы келе тұра заң жобасына қол қойды [7, 192 б.].

Б. Клинтон әкімшілігінің бірінші кезеңінде АҚШ-тың Иранға қатысты ұстанған сыртқы саяси тұжырымдамасы әділетсіз заң жобаларының қабылдануымен, жалған айып тағу, сондай-ақ шамадан тыс жарияланған санкциялар мөлшері есебінен Ресей, Франция, Ливия сияқты мемлекеттермен, шетелдік мұнай компанияларымен қайшылықтарға келуге әкеліп соқтырды. Б. Клинтон әкімшілігінің бірінші кезеңінде АҚШ дүние жүзіне толықтай гегемониялық саясатын ашық түрде жүргізді.

1997 жылдан бастап қана АҚШ пен Иран Ислам Республикасының қарым-қатынасы бір жақты жолға қойылды. Бұл кезеңде АҚШ-та Б. Клинтон әкімшілігінің екінші кезеңі басталып, АҚШ үкімет басқару әкімшілігі өзгеріске ұшырады. Б. Клинтон әкімшілігінің екінші кезеңі 1997-2001 жж. аралығын қамтиды, бұл кезеңде АҚШ президенті алдыңғы басқару жүйесін ескере отырып, сыртқы саяси стратегиясында бейбіт мақсатта қимылдауға көшті. Себебі, 1997 жылы «Тотал» Француз компаниясы АҚШ жариялаған санкцияларға қарамастан, Тегеран үкіметімен Иранның оңтүстік аймағында табиғи газ байыту туралы келісімшартқа отырды. Бұл Американдық компаниялардың Таяу Шығыс және Европа елдеріндегі бәсекелестік деңгейін төмендетті. Осыған орай Б. Клинтонды экономика және ұлттық қауіпсіздік мәселелері алаңдатты. Қауіпсіздік саласында Б. Клинтон 1997, 1998, 1999 және 2000 жылдары бірқатар заңнамалық құжаттар даярлап, «ХХІ ғасырға арналған АҚШ-тың Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы» атты жинақ шығарды. Бұл құжат негізгі үш мақсатты көздеді: АҚШ қауіпсіздігін нығайту, экономикалық мәселелерді оңтайлы шешіп, көшбасшылық пен гегемониялық саясатты жалғастыру және шет мемлекеттерде демократиялық басқару жүйесінің жайылуына ықпал ету.

АҚШ экономикасын гүлдендіру барысында Б. Клинтон әкімшілігі Иранда М. Хатамидің билікке келуіне орай дипломатиялық қарым-қатынасты дұрыс жолға қоюды көздеді. 1997 жылы М. Хатами Иран Ислам Республикасының бесінші президенті болып сайланды. Бұл уақытта Иран Ислам Республикасы «Иран-Ирак соғысы» салдарынан және АҚШ-тың шектен тыс санкциялар есебінен экономикасы құлдырап, мұнай және газ бағасы төмендеп, шет елдер тарапынан инвестиция, тауар, шикізат, мұнай-газ өндірісіне қатысты технологиялар тасымалына тоқтам салынған мемлекет еді. М. Хатами Шығыс және Батыс елдерімен дипломатиялық қарым-қатынасты ретке келтіруге, саяси-экономикалық қақтығыстарды шешуге кірісті. Бұл жолда М. Хатамидің «қақтығыстар өркениетінен – өркениеттер диалогына» атты идеяны желеу етуі, бейбіт келісімшарттар негізінде қарым-қатынас орнату сияқты саясаты АҚШ пен Иранды ортақ көзқарасқа түйістірді. Сөйтіп, 1998 жылы АҚШ-тың мемлекет хатшысы М. Олбрайт Азиялық қоғамдастық ұйымында Иранға қатысты сөз сөйледі. М. Олбрайт АҚШ-тың Иранға қатысты ұстанған сыртқы саяси бағдарында жауласушылық ниеттен ада екендіктерін, сондай-ақ АҚШ Иранды екі ел арасындағы «қарым-қатынасты қалыпқа келтіру жолына» шақырды [8]. М. Олбрайт Тегеранның халықаралық терроризмге қолдау көрсетуі, континент аралық баллистикалық зымырандар шығаруы, Иран ядролық бағдарламасының даму жүйесі жайлы сөз қозғамады. Сондай-ақ Мадлен Олбрайт CNN 14 телеканалына берген сұхбатында АҚШ мемлекетінің жариялаған санкциялар тізбегін сынға алды. М. Олбрайттың айтуынша кез-келген мемлекеттің заң жобасы АҚШ саясатына қарсылық танытқаны үшін сол мемлекетке санкциялар жариялана беретін болса АҚШ-тың саяси әрекет ету аймағы мүлдем тарылады, әрі АҚШ келісім орнатпаған жағдайда өзге ел пайдасын көреді деп ашыға өз пікірін білдірген болатын. Осы кезеңнен бастап АҚШ және Иран қарым-қатынасы өзгере бастады. Бірнеше күннен соң АҚШ президенті Б. Клинтон Иранның ядролық бағдарламасына қатысты АҚШ тарапынан қабылданған заң жобасына veto құқығын жариялады.

Иран Ислам Республикасы Парсы шығанағындағы шешуші күш, араб әлеміне өз саясатын жүргізе алатын ықпалды мемлекет ретінде саналатындықтан, саяси жағдайды ушықтырмау барысында АҚШ конгресі 1998 жылы Иран мен американдық компаниялар арасындағы мұнай және химия өндірісіне қатысты бақылаудың

күшін жойды. Американдық ірі компаниялардың басшылары Иран Ислам Республикасының сыртқы істер министрімен өзара келісімдер орната бастады. Осы жылдың ақпан айында американдық ірі компания «Халлибертон» Тегеранда өзінің сауда өкілдігін ашты.

1999 жылы сәуір айында Б. Клинтон әкімшілігі шаруашылық саласында Иран мен АҚШ арасындағы санкцияны жойды, екі ел арасында медициналық, ауыл шаруашылығы, тамақ өндірісі, техникалық жабдықтар саласында тауар айналымына рұқсат берді. Б. Клинтон жоғарыда аталған шешімнің АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігіне қатер туғызбайтындығын ашып айтты [8].

Алайда, АҚШ Иран Ислам Республикасы мен Ресей арасындағы «Бушер» АЭС қатысты дипломатиялық келіссөздер мәселесіне араласуын тоқтатпады. 1998 жылы Иран мен Ресей арасында «Бушер» АЭС құрылысы жөніндегі келісімшартты толықтыру мақсатында келіссөз болып өтті. Осыған орай 1998-1999 жж. АҚШ әкімшілігі Ресейдің оннан аса компанияларына санкция жариялады. Сондай-ақ, АҚШ, Ресейді Иран жеріне әскери мақсаттағы қару-жарақ тасымалдаушы мемлекет деп айыптады. Аталмыш оқиғадан кейін 2000 жылдың көктемінде АҚШ президенті Б. Клинтон Иран мемлекетіне қатысты санкция жариялады [9]. Бұл заң жобасында шетелдер тарапынан Иранға әскери мақсатта қару-жарақ тасымалдауға тыйым салынды, сондай-ақ заң жобасында егер Ресей Иранның ядролық технологияларына қарсы тұрса, АҚШ Ресейдің халықаралық авиа-ғарыш агенттігін салуға қаржылай қолдау көрсете алатындығы айтылған. АҚШ тарапынан Иран мен қару-жарақ, әскери технология саласы бойынша қатынас орнатқан мемлекеттер қатаң қадағалауда болатындығы ескертілген. Бүгінгі күнге дейін АҚШ әкімшілігі Иран мен Ресей қарым-қатынасын терең бақылауда ұстауды жалғастыруда.

2000 жылы БҰҰ кезекті сессиясының отырысында АҚШ президенті Б. Клинтон мен мемлекет хатшысы М. Олбрайт Иран мемлекетіне оң көзқарас танытып, жарияланған санкцияның Иран мен АҚШ арасындағы экономикалық байланыстарға кері әсерінің жоқтығын айтып өтті [10]. Осылайша АҚШ және Иран қарым-қатынасы Б. Клинтон әкімшілігінің екінші кезеңінде бір жолға түсті.

АҚШ-тың сыртқы саяси стратегиясында Иран Ислам Республикасы маңызды рөл ойнайды. Себебі, Иран АҚШ мемлекетіне әскери салада тең түсе алатын бірден-бір мемлекет. АҚШ сыртқы саяси тұжырымдамасында Ресей және

Иранмен екіжақты саясат жүргізуді мақсат етті, екі мемлекеттің басы бірігіп, қуатты достық қарым-қатынас орнатқан жағдайда, өзінің әлемді билеуде гегемониялық саясатынан айырылып қалу қаупі туды. Сол себепті, АҚШ 1990-2000 жж. Иран мемлекетіне қатысты шектен тыс санкциялар жариялаумен болды. Нәтижесінде халықаралық саяси-экономикалық жағдай ушықты. Біріншіден, АҚШ және Иран қаржылық және материалдық шығынға батты; екіншіден АҚШ пен Иранда мұнай-газ саласында қызмет атқарған көптеген ірі және ұсақ компанияларда дағдарыс болып, салдарынан көптеген адамдар жұмыссыздыққа ұшырады; үшіншіден екі ел арасындағы қайшылық салдарынан АҚШ және Иран елдерінде адам шығыны орын алды. Үздіксіз жарияланған санкциялар есебінен Иран Ислам Республикасының ішкі экономикасы құлдырап кетті. Санкция нәтижесінде Тегеран үкіметі мұнайды экспорттауда шет елдер тарапынан қарсылыққа ұшырады, Иран мұнай компаниялары шикізат қорын экспорттай алмады. Елде инфляция, жұмыссыздық орын алды, халықтың әлеуметтік жағдайы тым ауыр болы. Батыс елдері Иранға несие беруге немесе экономикалық келісім орнатуға батпады. Иран мұнайы экспортқа шықпағандықтан әлемдік нарықта да бірқатар өзгерістер орын алды. Мұнай саласында өндірілетін шикізаттар бағасы өсті, Батыс елдері тара-

пынан – Англия, Франция, Германия мемлекеттерінің АҚШ-қа наразылығы туындай бастады.

Б. Клинтон әкімшілігі кезеңінде Иран Ислам Республикасына қатысты жүргізген саясаты АҚШ үшін еш нәтиже бермеді. Үздіксіз санкциялар есебінен АҚШ және Иран экономикалық жағдайы мәз болмады, себебі, Б. Клинтон біржақты саясат ұстанды. Тек Б. Клинтон әкімшілігінің екінші кезеңі, АҚШ және Иран қарым-қатынасының біршама тұрақтануымен сипатталады. Бұл кезеңде Иран Ислам Республикасының президенті М. Хатами екі елдің қарым-қатынасын орнықтыруда рефарматорлық қасиет танытушы «өркениеттер диалогы» теориясын жүзеге асырушы ретінде танылды. М. Хатами билік басына келген кезеңнен бастап Иран мен батыс елдері арасында дипломатиялық байланыстар орнай бастағаны белгілі, сондай-ақ бұл АҚШ пен Иран арасындағы қарама-қайшылықтардың бетін алды. Б. Клинтон әкімшілігінің екінші кезеңінде Иран Ислам Республикасына қатысты жүргізген саясаты Батыс елдері, АҚШ және Иран үшін тиімді болды. Әлемдік дағдарыс пен саяси тұрақсыздықтың бетін алды, сондай-ақ экономикалық байланыстарды біршама қалпына келтірді. Б. Клинтон әкімшілігі кезеңі саяси тарихта әлемдік тұрақтылықтың кепілі – мемлекет аралық бейбіт қарым-қатынас екендігін тағы бір дәлелдеп берді.

Әдебиеттер

- 1 Современные российско-иранские отношения: вызовы и возможности: рабочая тетр. / Белобров Ю.Я. и др. Российский совет по междунар. делам. – М.: Спецкнига, 2014. – 72 с.
- 2 Iran-Iraq Arms Non-Proliferation Act of 1992, H.R. 5006 / Public Law 102-484, October 23, 1992 // <http://www.iranwatch.org/government/US/Congress/Legislation/us-congress-iraniraqnonprolif-pl102484-102392.htm>
- 3 Executive Order № 13059 «Prohibiting Certain Transactions With Respect to Iran», August 19, 1997 // Federal Register. 1997. Vol. 62. № 162. – P. 44531-44533.
- 4 Синовец П.А. Иранская ядерная программа – международный аспект проблемы//http://www.iimes.ru/rus/frame_stat.html
- 5 Executive Order № 12957 «Prohibiting Certain Transactions With Respect to the Development of Iranian Petroleum Resources», March 15, 1995 // Federal Register. 1995. Vol. 60. № 52. – P. 14615-14616.
- 6 Executive Order № 12959 «Prohibiting Certain Transactions With Respect to Iran», May 6, 1995 // Federal Register. 1995. Vol. 60. № 89. P. 24757-24759.
- 7 Юрченко В.Н. Политика санкций Соединенных Штатов Америки в отношении Исламской Республики Иран//Вестник Тюменского государственного университета. – 2009. – №7.
- 8 Кортюев Р.Ю. Америко-иранские отношения в период правления президента США Б. Клинтона (1993-2001) // Вестник Адыгейского государственного университета. – 2011. – № 2.
- 9 Iran Nonproliferation Act of 2000, H.R. 1883 / Public Law 106-178, March 14, 2000 // http://frwebgate.access.gpo.gov/cgi-bin/getdoc.cgi?dbname=106_cong_public_laws&docid=f:publ178.pdf
- 10 Katzman K. Iran: U.S. concerns and policy responses (prepared for members and committees of congress). – W.: Congressional research service, 2010. – 65 p.

References

- 1 Modern Russian-Iranian relations: Challenges and Opportunities: Working Temp. / [U. Y. Belobrov and etc. ; Ch. Ed. I.S. Ivanov]; [Russian Council on Intern. cases]. – М.: Spetskniga, 2014. – 72 p.
- 2 Iran-Iraq Arms Non-Proliferation Act of 1992, H.R. 5006 / Public Law 102-484, October 23, 1992 // <http://www.iranwatch.org/government/US/Congress/Legislation/us-congress-iraniraqnonprolif-pl102484-102392.htm>
- 3 Executive Order № 13059 «Prohibiting Certain Transactions With Respect to Iran», August 19, 1997 // Federal Register. 1997. Vol. 62. № 162. – P. 44531-44533.
- 4 Sinovets P.A. The Iranian nuclear program – the international dimension of the problem // http://www.iimes.ru/rus/frame_stat.html
- 5 Executive Order № 12957 «Prohibiting Certain Transactions With Respect to the Development of Iranian Petroleum Resources», March 15, 1995 // Federal Register. 1995. Vol. 60. № 52. – P. 14615-14616.
- 6 Executive Order № 12959 «Prohibiting Certain Transactions With Respect to Iran», May 6, 1995 // Federal Register. 1995. Vol. 60. № 89. – P. 24757-24759.
- 7 Yurchenko V.N. The policy of the United States sanctions against the Islamic Republic of Iran // Bulletin of the Tyumen State University. – 2009. – №7
- 8 Kortoev R.Y. US-Iranian relations during the reign of the US President Bill Clinton (1993-2001) // Bulletin of Adygeya State University. – 2011. – № 2
- 9 Iran Nonproliferation Act of 2000, H.R. 1883 / Public Law 106-178, March 14, 2000 // http://frwebgate.access.gpo.gov/cgi-bin/getdoc.cgi?dbname=106_cong_public_laws&docid=f:publ178.pdf
- 10 Katzman K. Iran: U.S. concerns and policy responses (prepared for members and committees of congress). W.: Congressional research service, 2010. – 65 p.

6-бөлім
МУЗЕЙ ІСІ

Раздел 6
МУЗЕЙНОЕ ДЕЛО

Section 6
MUSEOLOGY

Әлімбай Нұрсан
**Ресей этнографиялық музей
қорындағы
(Санкт-Петербург қ.) қазақтың
тарихи этнографиясына
байланысты құндылықтар
хақында**

Alimbay Nursan
**Collection on historical
ethnography of Kazakh
people in the funds of Russian
ethnographical museum (Saint
Petersburg)**

Алиббай Нурсан
**Коллекция по исторической
этнографии казахов в фондах
российского этнографического
музея (г. Санкт-Петербург)**

Мақалада әйгілі Ресей этнографиялық музей қорындағы қазақтың дәстүрлі мәдениеті, шаруашылығы һәм тұрмысына қатысты сан алуан артефактілер коллекциясының құрамы талданады. Ұсынылып отырған жұмыстың түпкілікті мән-мақсаты қазақтың тарихы мен мәдениетіне байланысты кез келген ғылыми-зерттеу іс-тәжірибесінде этнографиялық артефакт атаулыны, соның ішінде, әлбетте, аталмыш коллекцияны тарихи деректердің ерекше категориясы ретінде толықмәнді пайдалануды контекстуалдық тұрғыдан негіздеуге саяды.

Мақалада тағы бір ерекше көңіл бөлінген аспект – аталмыш музейдегі қазақтың этнографиялық коллекциясының қалыптасу тарихы. Алайда мақаланың көлемінің шектеулігіне байланысты, бұл мәселені оқырмандарды аталмыш коллекцияның құрамымен таныстыру мақсатының ыңғайы мен ауқымында ғана қарастыруға тура келді.

Түйін сөздер: музей, музей қоры, коллекция, артефакт.

In the article content of museum collection of the well-known Russian Ethnography museum (Saint-Petersburg) on traditional culture, economy and life of Kazakh people were analyzed. The main idea of the article is based on necessity of active usage in research practice of ethnographic artifacts (including, mentioned collection) as main category of historical sources. As known, they traditionally characterized by visibility, that impact to category of historical sources exceptional representativeness.

The main aspect of article is study of formation of the Kazakh collection. Hence by limited volume of article, this issuer considers implementation of its main aim – first of all, to acquaint wide range of readers with the Kazakh collection. Outlining exclusive historical and ethnographic artifacts as well.

Key words: museum, museum fund, collection, artifact.

В статье анализируется состав музейного собрания знаменитого российского этнографического музея (г. Санкт-Петербург) по традиционной культуре, хозяйственной деятельности и быту казахов. Ее главный лейтмотив заключается в обосновании необходимости активного использования в научно-исследовательской практике этнографических артефактов (в том числе, упомянутой коллекции) в качестве особой категории исторических источников. Как известно, они традиционно характеризуются наибольшей наглядностью, что сообщает данной категории исторических источников исключительную репрезентативность.

Один из смыслообразующих аспектов статьи – изучение истории формирования казахской коллекции. Однако в силу ограниченного объема статьи, данный вопрос рассматривается лишь в той мере, в какой это необходимо для реализации ее основной цели – в первую очередь, ознакомить широкого круга читателей с составом казахской коллекции, выделяя при этом наиболее эксклюзивные историко-этнографические артефакты.

Ключевые слова: музей, музейный фонд, коллекция, артефакт.

**РЕСЕЙ
ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ
(Санкт-Петербург қ.)
ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХИ
ЭТНОГРАФИЯСЫНА
БАЙЛАНЫСТЫ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР
ХАҚЫНДА**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі (әрі қарай – ҚР МОМ) Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңына сәйкес 2005 жылдан Ғылыми-зерттеу мекемесі статусын ресми иемденгеннен бастап отандық этнология, тарих, археология, деректану мәселелері бойынша ондаған ғылыми-қолданбалы жобаларды жүзеге асырып келеді.

Ағымдағы атқарылып жатқан жобалардың ішіндегі ең маңыздысы ретінде «Ресей Ғылым академиясы Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорындағы қазақ этнографиясына байланысты коллекция» және «Ресей этнографиялық музейі» (РЭМ) қорындағы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты құндылықтар» атты екі тақырыпты ерекше екшеп айтуға болады. Өйткені, осы әйгілі екі музейдегі аталмыш құндылықтар қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен тарихының бірегей ескерткіштері ретінде де, әрі отандық этнология (және тарих, мәдениеттану, музейтану, ескерткіштану, деректану) үшін де ғылыми-танымдық маңызы өлшеусіз артефактілердің қатарына жатады. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – бұлардың біреуі зерттеушілердің «көз қырына» ілікен бір-бірінен сарандары ғана қарастырылып жүр [18, 45-62 бб.; 24, 86-93 бб.; 26, 56-61 бб.; 27, 85-97 бб.; 32, 5-17 бб.; 33, 69-76 бб.; 36 және т.б.]. Оның үстіне зерттеушілер тек Кунсткамерадағы артефактілерге ғана назар аударылғандығы аңғарылады. Яғни, РЭМ қорындағы қазақ коллекциясы шолу деңгейінде ғана аталғаны болмаса, соңғы уақытқа дейін мүлдем зерттелмеді десе де болады [19, 24 б.]. Демек, жоғарыда аталған ғылыми-қолданбалы жобаны атқаруға кіріскен Орталық музей қызметкерлерін РЭМ қорындағы қазақтың тарихи этнографиясының сан алуан артефактілерінің түңғыш зерттеушілері десек артық айтқандық емес. Тіпті, қазірдің өзінде Орталық музей зерттеушілерінің ғылыми ізденістері өзінің қомақты нәтижесін беріп отыр. Соның ішінде, мысал ретінде Б. Қақабаевтың аталмыш музей қорындағы қырғауылдың қауырсыны толық сақталған кеуде тұсы терілерінен тегіс астарланған жетісулық қазақ әйелінің (қазіргі Алматы облысы, Райымбек (бұрынғы Кеген) ауданы) жібек шапаны жөніндегі мазмұнды мақаласын атауға болады [45].

Алайда, РЭМ-не қарағанда, Кунсткамерадағы қазақ этнографиясына қатысты музейлік бұйымдар біршама зерттелді [12;

15; 18; 26; 27; 30; 32; 33; 34; 36; 37; 39]. Бұл жайтты соңғы кезеңге дейін аталмыш музейдің Ресей Ғылым академиясының іргелі ғылыми-зерттеу институты ретінде функция атқарғандығымен түсіндірген ләзім (бұл тұста соңғы кезеңге дейін деуіміздің себебі, 2014 жылдан бастап Кунсткамера Ресей Мәдениет министрлігінің құзырына өтті. Бұл гәп осынау әйгілі музейдің ғылыми әлеуетін әжептәуір әлсіретіп жіберген сыңайлы).

Енді қазақтың тарихи этнографиясына, дәстүрлі мәдениетіне һәм ішінара тарихына қатысты құндылықтардың үлкен шоғыры сақталынып отырған РЭМ жөнінде бірер сөз. Санкт-Петербург қаласындағы атақты Орыс музейінің («Русский музей») құрамындағы 1902 жылы құрылған этнография бөлімі РЭМ-нің ұйымдық негізі болып табылады. Ресейдің музейлерінің тарихына байланысты зерттеулерде аталмыш музейдің негізі 1902 жылдан бастау алады делінетіндігі сондықтан [43]. Дегенмен, музей жеке мекеме ретінде тек 1934 жылдан бастап «Мемлекеттік этнографиялық музей» деген атаумен жұмыс істей бастады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1948 жылы бұл музейдің қорына Мәскеудегі СССР халықтарының музейінің қоры қосылғаннан кейін оған енді осы мәскеулік музейдің атауы берілді.

1986 жылы музейдің I категориялы ғылыми-зерттеу мекемесі мәртебесін ресми алуы оның ғылыми әлеуетін күшейте түсуге үлкен серпін берді. 1991 жылы РЭМ Ресей халықтарының мұрасының ерекше құнды объектілерінің Мемлекеттік жинағына енді. Ал, қазіргі атауын 1992 жылы алды [43].

Аса ірі мәдени және білім мекемесі, әрі әлеуетті ғылыми-зерттеу институты ретінде әлемдегі ең көрнекті музейлердің қатарындағы РЭМ-нің ұйымдық құрамында басқа құрылымдармен қатар, Орта Азия және Қазақстан деп аталатын бөлім жұмыс істейді.

Қазақ коллекцияларының жинақталу географиясы. Аталмыш бөлімнің байырғы қызметкері Л.Ф. Попованың мәліметі мен қазақ коллекцияларының құрамындағы киім, киіз үй, сан алуан шаруашылық, тұрмыстық, ғұрыптық бұйымдардың аймақтық-типологиялық ерекшеліктері олардың жинақталу ареалы қазақ жерінің барлық өңірлерін қамтитынын көрсетеді [48]. Дегенмен, Л.Ф. Попованың дәйекті пікіріне сүйенсек, коллекциялар құрамындағы бұйымдардың паспортталу деңгейі әлі де болса төмен. Бұл кемшін жайт аталмыш коллекциялардың географиясын да, биографиясын да (яғни, қайдан, кімнен және қай уақытта музейге түскені

туралы мәлімет) музейтану саласындағы соны методологиялық талғамға сәйкес анық-қанығына жеткізе айқындауға һәм айғақтауға мүмкіндік бермейді.

Дегенмен, РЭМ қорында Ресеймен шекаралас Солтүстік және Шығыс Қазақстан аймақтары қазақтарына байланысты этнографиялық көрнекі материалдар салыстырмалы түрде толық жинақталды деп айтуға болады, – дейді Л.Ф. Попова. Бұл құндылықтар музей қорындағы 878, 1037, 1062, 1560 нөмірлермен белгіленген коллекцияларды құрайды [48].

Сондай-ақ, өзінің этнографиялық ауқымдылығымен ерекшеленетін Батыс Қазақстан өңірі қазақтарының этникалық мәдениетіне қатысты сан алуан бұйымдардан тұратын 5525 нөмірлі коллекция оны (және басқа коллекциялары да) жасақтауға айырықша еңбек сіңірген А.П. Булгаковтың атымен аталады [48].

Қазақтың дәстүрлі мәдениетін өзіндік аймақтық ерекшеліктерімен бейнелейтін РЭМ-дегі коллекциялардың бірегейі, сөз жоқ, Орталық Азия халықтарының, соның ішінде, қазақтардың – этнографиясын зерттеп-зерделеген әйгілі ғалым әрі фотосуретші С.М. Дудиннің Оңтүстік Қазақстан өңірінен 1901-1902 жылдары жинақтаған материалдар кешені болып табылады. Сондай-ақ, музей қорында аталмыш өңір қазақтарының дәстүрлі тіршілігін әр қырынан көрсететін К.П. Кауфманның (1902) және 1934-ші мен 1938 жылдары аталмыш музей қызметкері Е.Т. Воеводская жинақтаған коллекциялар бар. Осы ретте ескерер жайт – РЭМ-нің көркеюіне айырықша үлес қосқан музейтанушы-ғалымдар М.В. Сазонова, А.С. Морозова және С.М. Лейкинаның мәліметіне қарағанда, К.П. Кауфманның ұйымдастыруымен жинақталған өзбектер мен қазақтардың этнографиясына қатысты бұл артефактілер әуелі 1860-шы және 1870-ші жылдары, сәл кейінірек – 1872 жылы Мәскеу қаласында ұйымдастырылған этнографиялық көрмелерге қойылуға арналған екен. Өкінішке орай, осы ғалымдардың айтуынша К.П. Кауфманның РЭМ-ге түскен осы коллекциясының құрамындағы бұйымдар дер кезінде құжатталынбаған. Бұл олқылықтың орны күні бүгінге дейін толмаған сыңайлы [24, 87 б.]. Яғни, жоғарыда айтылғандай, басқа қазақ коллекциялары сияқты бұл құндылықтардың тобы да осы уақытқа дейін жөндемді дейтіндей зерттеліп-зерделенген емес.

Қазақ коллекциясының құрамы. Жоғарыда аталған бөлімнің қорында барлығы 2725 заттан тұратын 1700 сақтам бірлігі бар. Осы бөлімнің байырғы ғылыми қызметкері Л.Ф. Попованың

мәліметіне қарағанда, қазақ құндылықтарының басым көпшілігі – РЭМ қызметкерлердің өздері әуел бастан жинаған бұйымдар болып табылады. (барлығы 1193 нөмірден тұратын 1840 зат). Қалғаны – 614 нөмірге бөлінген 885 зат СССР халықтары музейінен қосылған құндылықтар [48].

Коллекция қоры ондағы бұйымдардың қолданыс аясы мен функциясына байланысты ұйымдастырылған. Әлемдегі барлық музей қорларының құрылымына тән бұл тәсіл құндылықтарды тақырыптық принцип бойынша топтауға мүмкіндік береді. Төменде РЭМ қорындағы қазақ коллекциясының құрылымы беріліп отыр. Оны аталмыш музей қызметкерлері коллекциялардың нысандық-тақырыптық көрсеткіші деп те атайды. Барлығы сегіз бөлімнен, әр бөлімі құндылықтардың қолданыс ерекшеліктері мен санына байланысты тиісті бөлімшелерден тұрады [48]:

- 1-БӨЛІМ. Негізгі және қосымша шаруашылық пен кәсіп.
 - I-бөлімше. Жер шаруашылығы
 - II-бөлімше. Малшылық
 - III-бөлімше. Аңшылық
- 2- БӨЛІМ. Үй шаруасы, қолөнер және кәсіпшілік.
 - IV-бөлімше. Жүн өңдеу
 - V-бөлімше. Ағаш ісі
 - VI-бөлімше. Металл өңдеу
 - VII-бөлімше. Тері өңдеу және былғары дайындау
 - VIII-бөлімше. Мүйіз өңдеу
- 3- БӨЛІМ. Тұрғын үй.
 - IX-бөлімше. Киіз үй
- 4- БӨЛІМ. Ас-тағам және ыдыс-аяқ. Темекі шегу.
 - X-бөлімше. Ас-тағам
 - XI- бөлімше. Ыдыс-аяқ
 - XII-бөлімше. Темекі шегу
- 5- БӨЛІМ. Киім және әшекей бұйымдар.
 - XIII-бөлімше. Киім
 - XIV-бөлімше. Әшекей (зергерлік) бұйымдар
- 6- БӨЛІМ. Көлік және жүк тасымалдау құралдары.
 - XV-бөлімше. Көлік құралдары
 - XVI-бөлімше. Тасымалдау құралдары
- 7- БӨЛІМ. Қару-жарақ.
 - XVII-бөлімше. Соғыс қару-жарағы
 - XVIII-бөлімше. Қорғаныс қару-жарағы
- 8- БӨЛІМ. Рухани мәдениет.
 - XIX-бөлімше. Қоғамдық тұрмыс
 - XX-бөлімше. Наным-сенім, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр.
 - XXI-бөлімше. Халықтық білім
 - XXII-бөлімше. Халықтық педагогика
 - XXIII-бөлімше. Ойыншықтар мен ойындар
 - XXIV-бөлімше. Халықтық музыка аспаптары
 - XXV-бөлімше. Қазіргі кезеңдегі халық өнері.

Сонымен бірге, мұндағы әрбір бөлімшенің құрамындағы бұйымдардың атаулары көрсетіліп, әрқайсысы арасы сызықшамен бөлінген

арнайы сандармен белгіленген. Мұндағы сызықшамен бөлінген сандардың біріншісі әрбір құндылықтың жалпы музей қорындағы, екіншісі салалық коллекциядағы тиісті сандық реттерін көрсетеді. Зерттеушілер үшін тағы бір ерекше ден қояр жайт – музейлік құндылықтардың қорға түсу тарихынан толықмәнді мәлімет алуға мүмкіндік беретін арнайы таблицалар да жасақталған. Қажетті артефактілерді әбжіл, әрі тиімді зерттеп-зерделеуге мейлінше қолайлы бұл әдіс-тәсілді құжаттан кез келген зерттеуші іздеген құндылықтардың коллекциялық нөмірлері, оларды тапсырған адамның (адамдардың) аты-жөні және табылған немесе алынған жердің толық атауы, әлгі бұйымның (бұйымдардың) табылған немесе музейге тапсырылған уақыты мен саны, сондай-ақ, құндылықтардың қолданыс аясы һәм функциясына негізделген тақырыптық принцип бойынша жасақталған коллекцияның әрбір тобы жөнінде аса құнды ақпарат ала алады.

Аталмыш бөлімнің жоғарыда аты аталған тәжірибелі қызметкерлерінің бірі – Л.Ф. Попованың соңғы инвентарлық мәліметіне сүйенсек, қазақ коллекциясының құрамындағы саны жағынан ең көп жинақталғаны – киімдер мен киіз үйдің архитектурасының элементтері және әртүрлі жиһаздар (соңғы құндылықтардың коллекциясы музей қорындағы 1062 реттік нөмірмен белгіленген). Бұл жайтты киім мен үй-жайдың, сондай-ақ үй жиһазының көшпелілердің дәстүрлі тіршілікке жүйесінде айырықша шешуші функция атқарғандығымен түсіндіруге болады.

Мақала көлемінің шектеулі екендігін, әрі қарастырылып отырған РЭМ-нің қазақ коллекцияларының ішінен, жоғарыда айтылғандай, киімдер мен киіз үйдің архитектуралық элементтерінің, һәм жиһаздарының ең мол жинақталып, сақталғандығын, ең бастысы, олардың көшпелілердің әлеуметтік кеңістігіндегі айырықша ролін ескеріп, осы құндылықтардың құрамына қысқаша тоқтала кеткенді жөн көрдік. Алайда, осы ретте айта кетер бір гәп – киімдердің және олардың қосалқы түр-элементтерінің (мысалы, әртүрлі белбеулер, белдіктер, һәм кіселер мен зергерлік әшекей бұйымдар деген сияқты) сандық құрамына байланысты төрт түрлі мәліметтер кездеседі. Яғни, олар бір-біріне сәйкес емес. Егер 1961 жылы аталмыш музейдің Орта Азия мен Қазақстан халықтары этнографиясы бөлімінің жетекші қызметкерлері М.В. Сазонова, А.С. Морозова және С.М. Лейкина жариялаған арнайы үлкен мақалада музейдегі қазақ киімдері 383 сақтам бірлігінен тұратындығы айтылса [24, 87 б.], Л.Ф. Попованың Орталық музейге

берген ресми жазба ақпаратында екі түрлі мәлімет келтірілген: біріншісі бойынша, РЭМ қорындағы қазақ киімі 370 [48], екіншісіне сәйкес, 400-ге жуық сақтам бірлігін құрайды (аталмыш қызметкердің жоғарыда аталған ақпаратында «қазақ киімі коллекциясы 400-ге жуық экспонаттан тұрады», – деген жолдар бар. Алайда, экспонат деп, әдетте, музейдің экспозициясына арнайы өңдеу мен жөндеуден өткен құндылықтарды ғана атау қалыптасқандығы белгілі. Ал, музей қорындағы бүкіл құндылықтарды, бұл ретте күллі қазақ киімдері мен олардың қосалқы элементтерінің экспозицияға тегіс қойылуы РЭМ тарихында мүлдем орын алмаған және әсте мүмкін емес жайт. Демек, Л.Ф. Попова осы ретте терминологиялық қателік жіберіп отыр. Яғни, автор қордағы қазақ киімдерінің түрлерінде (анығында, бұлар музейлік мәнді бұйымдар деп аталады), олардың экспозицияға немесе уақытша көрмеге қойылғандарын да экспонат деп атай салғанға ұқсайды). Л.Ф. Попованың тағы бір соңғы мәліметінде көрсетілген РЭМ қорындағы қазақ киімдерінің саны жоғарғы көрсеткіштерден әлдеқайда аз – небәрі 300 ғана [51, 1 б.].

Бұл мәліметтердің қайсысының шындыққа сай келетіндігін дөп басып айту әзірге мүмкін емес. Олай болса, РЭМ қорындағы қазақ киімін инвентаризациялау, атрибуциялау, паспорттау және ғылыми каталогтау жұмысы әлі де болса тиянақтау, пысықтау һәм дәйектеуді қажет етеді.

Жоғарыда айтылғандай, РЭМ қорындағы қазақ коллекцияларының ішіндегі сан жағынан ең молы – үй-жайдың, әсіресе киіз үй мен оның жасауының сан түрлі элементтері. Л.Ф. Попованың материалына қарағанда, дәл қазіргі уақытқа дейін ресми камералық өңдеу мен атрибуциялау, һәм паспорттаудан өткен артефактілердің ұзын саны 516 сақтам бірлігін құрайды екен [48]. Сөз жоқ, этнографиялық артефактілердің осы категориясы қазақтың ежелгі тұрмысын, әсіресе, тіршілікқамы мәдениетін, осы арқылы көшпелі ортадағы әлеуметтік-экономикалық кеңістікті ұйымдастырудың дәстүрлі технологиясы мен стратегиясын зерделеуге үлкен мүмкіндік береді. Бірақ осы коллекцияның сандық және материалдық құрамына зер салған зерттеушіге ондағы артефактілердің дені киіз үйдің «көмекші» функция атқаратын элементтеріне жататындығын аңғару қиын емес (мысалы, көптеген үзіктер, желбаулар, термебаулар, шетбаулар, желбаулар, иықбаулар, шалмабаулар, басарқандар, беларқандар (немесе белдеу арқандар) деген сияқты).

Дегенмен, басым көпшілігі Қазақстанның Батыс, Орталық, Солтүстік және Шығыс өңірлерінен

РЭМ қорына келіп түскен киіз үйлер Қазақстан музейлеріндегі осы құралыптас киіз үйлерден әлдеқайда көне – олардың дені XIX ғасырдың аяқ шенінде жасалған (ал отандық музейлердегі киіз үйлер ары кеткенде небәрі өткен XX ғасырдың 50-60-шы жылдары ғана жасалыпты). РЭМ қорындағы сөз болып отырған киіз үйлер мен оның жиһаздарының музейлік тұрғыдан да, ғылыми-танымдық жағынан да құндылығы осында.

Сонымен, қазақтың тарихи этнографиясының ең көне, әрі сән-салтанаты келіскен және сақталуы Қазақстандық музейлердегі артефактілерден әлдеқайда жоғары (өйткені, Ресей музейлерінде құндылықтарды сақтауға барлық жағдай жасалған), сондай-ақ, сапа мен түрі жағынан да мол құндылықтар аталмыш музей қорында ғана кездесетіндігін айту керек. Тіпті, жоғарыда айтылғандай, Орталық музей қызметкерлері дендеп зерттеген әйгілі Кунсткамера қорындағы қазақ коллекциялары да өзінің аталмыш параметрлері жағынан РЭМ қорындағы қарастырылып отырған коллекциялармен еш теңдесе алмайды. Қазақтың төл мәдениеті мен ғылымы үшін танымдық тағылымы, сөз жоқ, өлшеусіз осы құндылықтардың ішінде әлемдегі еш музейлерде кездеспейтін бірегейлері баршылық. Осы ретте, қазақ киімдері коллекцияларының, соның ішінде, ер адамдар мен әйелдердің салтанатты киімдерін ерекше екшеп атауға болады. Солардың ішінде өңірі мен етегі жібек жіппен кестеленген ер адамның күдері шапаны, сән-салтанаты, һәм эстетикасы мен сақталу күйі әбден келіскен сәукелелер (барлығы 8 дана және 16 бөлік) [50, 13 б.; 51, 136-140 бб.], сондай-ақ қазақ сұлтан-дары тұтынған бас киімнің ғажайып нұсқалары (мысалы, мұрақтың ішінде киілетін алтын жіппен оқаланған шошақ бөріктердің) жеке коллекциясы қазақтың төл өркениетінің ең үздік үлгілерінің қатарына жатады десек, асырып айтпаймыз. Әсіресе, қырғауылдың қауырсыны түспеген кеуде тұсы терілерімен тегіс астарланған қазақ әйелінің жібек шапанының сән-салтанаты ғажайып эстетикасы өз алдына, оның дәл осындай материалды пайдаланып, асқан шеберлікпен тігілуі кімді де болса, қайран қалдырары хақ (№ 3146 коллекция) [48]. Бірақ, қазақ киімінің осынау ғажайып бірегей үлгісінің дәстүрлі көшпелі ортада қандай функция орындағанын оған дендеп зерттеу жүргізбейінше әзірше дөп басып, айту қиын (әлде, иесінің жоғарғы әлеуметтік-институционалдық мәртебесін, әлде, генеалогиялық қадір-қасиетін айғақтайтын символ болды ма, әлде, бізге беймәлім ғұрыптық функция атқарды ма? – деген сияқты).

Қазақ коллекцияларының қалыптасу тарихынан. Л.Ф. Попованың материалдарына қарағанда, жоғарыда айтылған барлығы 2725 бұйымнан тұратын 1700 сақтам бірлігінің 1193 нөмірлерімен белгіленген 1840 бұйымы РЭМнің өзіндік қазақ коллекцияларын құрайды. Ал 614 нөмірге бөлінген қалған 885 бұйым Мәскеудегі бұрынғы СССР халықтарының музейінен 1948 жылы келіп түсті [48].

Орыс зерттеушілері РЭМ қорындағы қазақ коллекцияларының қалыптасу тарихын төмендегідей үш кезеңге бөледі:

I-кезең – 1860–1870 жж.

II-кезең – 1900–1920 жж.

III-кезең – 1920–1980 жж.

Осы ретте ескерер гәп – көрсетілген бірінші кезең мен екінші кезеңнің, яғни 1870 ж. мен 1900 ж. арасындағы «өлара» уақытты есепке алмаудың өзіндік себеп-салдарын зерттеушілер түсіндіре бермейді. Бірақ, қазақ коллекцияларының музей қорына түсу үдерісінің хронологиясына зер салсақ, аталмыш гәптің мән-жайын бажайлауға болады: осы «өлара» жылдары бізге әзірге беймәлім әлдеқандай себептерге байланысты музей қорына қазақы ортадан түскен артефактілердің мөлшері тым мардымсыз болды.

РЭМ тарихын, соның ішінде қазақ коллекцияларының қалыптасу үдерісін шолу деңгейінде болса да, қарастырған ғалымдар XIX-ғасырдың екінші жартысы XX-ғасырдың басында қазақ жерінің әр өңірінен тарихи және этнографиялық артефактілерді жинастыру ісінде Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман, Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский, Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзек сынды Ресей билігінің жоғары лауазымды шенеуніктерінің айырықша рөлін атап өтеді. Бұл рас та. Олар (және аталмыш қазақ өлкесін толық отарлау кезеңінде қаптаған басқа да орыс шенеуніктері мен миссионерлері, һәм зерттеушілері де) «бұртана қазақ жұртын орыстың өктем саясатының ығында ұстау үшін, оның мәдениетін, тарихын һәм психологиясын жақсы білмек керек» деген тактиканы үнемі ұстанса да, отандық тарихнаманың (осы сөздің кең мағынасында) деректік, һәм алғашқы ұйымдық негізін қалыптастыруға қомақты үлес қосты. Осы айтылғанды қарастырып отырған тақырыптық қисынмен байланыстырар болсақ, РЭМ қорындағы коллекциялар құрамы жоғарыда аталған Л.Ф. Баллюзек пен Н.А. Крыжановскийдің қазақ этнографиясын әр қырынан танытар сан алуан артефактілер жинақтау ісінде үлкен ұйымдастырушылық жұмыс жүргізгендігін айғақтайды.

Л.Ф. Попованың дәйекті пікірінше, аталмыш генерал-губернаторлардың арнайы тапсырмаларымен, көбінесе, батыс өңірлері қазақтарының арасынан жиналған 36 нөмірмен белгіленген 43 бұйымның, соның ішінде әсіресе, Л.Ф. Баллюзектің тікелей ұйымдастырумен Орынбор губерниясы қазақтарынан алынған киім-кешектің бес данадан тұратын толық «ансамбльдері» қазақтың дәстүрлі киім мәдениетінің шын мәніндегі теңдесі жоқ озық үлгілерінің қатарына жатады.

Қазақ коллекцияларының қорын жасақтауға Шоқан Уәлихановтың әкесі, Л.Ф. Попова әділ атап өткендей, алғашқы қазақ этнографы, һәм орыс армиясының полковнигі сұлтан Шыңғыс Уәлиханов пен сұлтан Арынғазы Ханқожин өзіндік үлкен үлестерін қосты [48]. 25 нөмірлерге жіктелген 28 бұйымнан тұратын бұл коллекцияның Шыңғыс Уәлихановтың атымен аталуы қазақтың осынау озық ойлы біртуар оғланына және оның қазақуар азаматтығы мен біліктілігіне деген орыс зиялыларының ерекше құрметінің айғағы ретінде бағамдауға болады [48].

РЭМ қорындағы қазақ коллекцияларының толығы және олардың қатарының ұлғаюы, әлбетте, Орталық Азия халықтарының, соның ішінде, қазақ мәдениетінің білгірі һәм зерттеушісі С.М. Дудиннің есімімен тығыз байланысты (барлығы 96 бұйымға 95 нөмір берілген коллекция). Л.Ф. Попованың мәліметі бойынша, бұл коллекцияда киіз үйдің элементтері, киім-кешек, әр түрлі әшекей бұйымдардың ғылыми паспортын С.М. Дудин өзі асқан жітілікпен тәпшітеп жасақтаған [48]. Бұл аталмыш бұйымдардың танымдық маңызын зерттеп-зерделеуге үлкен мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, С.М. Дудин өз заманының өте шебер әрі білікті фотосуретшісі ретінде қазақтың дәстүрлі тіршілігін әр қырынан сипаттайтын фотосуреттердің мол коллекциясын қалдырды. РЭМ қорынан басқа, бұл фотосуреттердің үлкен шоғыры Кунсткамера қорында жеке коллекция ретінде сақтаулы.

Сондай-ақ, қазақ коллекцияларының қорлану үрдісіне совет дәуірінде Ф.А. Фиельструп, А.Н. Глухов, А.П. Булгаков, Е.Т. Воеводская, О.А. Корбе, А.С. Морозова, С.М. Лейкина және т.б., ал XX ғ. 70 жылдары А.В. Коновалов сынды Оңтүстік Алтай (Қосағаш) қазақтарының этнографиясын дендеп зерттеген ғалымдар өлшеусіз үлес қосты. Осы ретте, жоғарыда аталған, Орта Азия және Қазақстан халықтары этнографиясы бөлімінің байырғы аса тәжірибелі қызметкері Л.Ф. Попованың музей қорындағы қазақ кол-

лекцияларын сақтауға, әрі дәріптеуге, әрі олардың қатарын ұлғайта түсуге үлкен еңбек сіңіріп отырғандығын да ерекше екішеп айту ләзім [50, 51, 136-140 бб.].

Қысқаша түйін. Аталмыш музей қорындағы қазақ коллекцияларының Орталық музей қолға алған ғылыми каталогын жасақтаудың, әлбетте, ғылыми-практикалық жағынан да, ғылыми-танымдық тұрғыдан да маңызы ерекше екендігі сөзсіз. Өйткені, музейлік құндылықтардың ғылыми каталогы бір жағынан, осы құндылықтарды жан-жақты дәріптеудің, әрі зерттеу жұмысының айырықша көрнекілігімен һәм дәйектілігімен ерекшеленетін формасы болып табылады. Ғылыми каталог, сонымен бірге, жоғары және арнайы білім беретін оқу орындары студенттері, магистранттары, ғылыми қызметкерлері, оқушылары үшін де танымдық тағылымы мол көрнекі оқу құралы функциясын атқарады.

Сондай-ақ, халықаралық музей ісі тәжірибесі айғақтап отырғандай, музейдегі ғылыми жұмыстың осы жанры музей ресурсын басқарудың да аса тиімді формасы да (тәсілі).

Дегенмен, музейлік құндылық атаулыны (соның ішінде, қарастырылып отырған РЭМ қорындағы қазақ коллекцияларын да) зерттеп-зерделеуді тек дәстүрлі этнографиялық сипаттаумен ғана әсте шектеуге болмайды. Өнегелі озық елдердегі (Европа, АҚШ, Канада және Жапония) әлеуметтік және мәдени антропологияның бай ғылыми-танымдық тәжірибесі, әсіресе, дәстүрлі этномәдени ортадағы қазір музейлік құндылықтарға айналған шаруашылық-мәдени тіршіліктің кез келген мәнді элементтерін әлеуметтік қатынастың инструменталды компоненттері ретінде қарастырудың ғылыми болашағының өлшеусіз екендігін айғақтап отыр. Өйткені, расында да, кез келген әлеуметтік-экономикалық және институционалдық мәнді артефактілер қоғамдық харекеттің объектілері, құралдары әрі «арналары» ретінде сан алуан функция атқарады. Осы қисынға орай «қоғамдық харекет» категориясының «қоғамдық (немесе әлеуметтік) қатынастың функционалдық күйін, ал «қоғамдық қатынас» категориясы өз кезегінде қоғамдық харекеттің құрылымын білдіретіндігін айта кетуді жөн көрдік.

Әдебиеттер

- 1 Радлов В.В. Инструкции для собирания этнографических предметов, относящихся до быта киргизов Степного генерал-губернаторства. СПб., 1898.
- 2 Дудин С.М. Резьба по дереву у киргиз. // Зодчий. 1901. – С. 8-23.
- 3 Дудин С.М. Ковровые изделия Средней Азии // Сборник музея антропологии и этнографии. – Т.VII. 1928. – С.71-166.
- 4 Курылев В.П., Люшевич Ф.Д., Сазонова М.В. Этнографические собрания МАЭ по народам Средней Азии и Казахстана // Сборник музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера). 1980. – Т. XXXV. – С.37-44.
- 5 Фелькерзам А. Старинные ковры Средней Азии // Старые годы. 1914. – С. 79-84.
- 6 Куфтин Б.А. Киргиз-казаки. Культура и быт. Применительно к обстановочному залу «уголок кочевого аула в Казахстане» в Центральном музее народоведения. – М.: Центральный музей народоведения, 1926. – 49 с.
- 7 Бежкович А.С. Этнографические рисунки В.Л. Плотникова по быту казахов (1859-1862 гг.) // Советская этнография. 1953. – №4. – С.113-119 с илл.
- 8 Маслова О.В. Обзор русских путешествий и экспедиций в Среднюю Азию. – Ч. 1. 1715-1856. – Ташкент, 1955.
- 9 Маслова О.В. Обзор русских путешествий и экспедиций в Среднюю Азию. – Ч.2. 1856-1869. – Ташкент, 1956.
- 10 Маслова О.В. Обзор русских путешествий и экспедиций в Среднюю Азию. – Ч.3. 1869-1880. – Ташкент, 1958.
- 11 Маслова О.В. Обзор русских путешествий и экспедиций в Среднюю Азию. – Ч.4. 1881-1886. – Ташкент, 1971.
- 12 Сазонова М.В., Морозова А.С., Лейкина С.М. Одежда народов Средней Азии и Казахстана в коллекциях Государственного музея этнографии народов СССР // Труды института этнографии. 1961. – Т.48. – С. 86-93.
- 13 Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда. XIX – нач. XX в. Алма-Ата: Наука, 1964. – 178 с.
- 14 Курылев В.П. Оружие казахов // Сборник музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера). 1978. – Т. XXXIV. – С.56-61.
- 15 Курылев В.П. Казахские кожаные мужские пояса в собраниях МАЭ // Сборник музея антропологии и этнографии им. Петра Великого. 1980. Т.LIII. – С.85-97.
- 16 Коновалов А.В. Казахи южного Алтая. – Алма-Ата: Наука, 1986.
- 17 Кармышева Б.Х. Этнографическое изучение киргизов Средней Азии и Казахстана в 1920-е годы (полевые исследования Ф.А. Фиелструпа) // Очерки истории русской этнографии, фольклористики и антропологии. – Вып. X. – М.: Наука, 1988. – С. 38-62.
- 18 Вишневецкая (Прищепова) В.А. Из истории собирания Среднеазиатско-казахстанских коллекций МАЭ (дооктябрьский период) // Сборник музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера). 1989. – Т.XLIII. – С.5-17.
- 19 Прищепова В.А., Черманова М.Б. Из коллекций по этнографии казахов // Известия Национальной Академии Наук Республики Казахстан. 1993. Серия общ.наук. – №5 (191). – С. 69-76.

- 20 Прищепова В.А. Страницы истории Государственного музейного фонда // Кунсткамера. Этнографические тетради. 1995. – Вып. 7. – С.217-329.
- 21 Прищепова В.А. О пребывании цесаревича николая Александровича в степном генерал-губернаторстве // Труды Государственного музея истории Санкт-Петербурга. – Вып. III. – СПб., 1998. – С.109-114.
- 22 Прищепова В.А. Коллекции заговорили. История формирования коллекций МАЭ по Средней Азии и Казахстану (1870-1940). – СПб; 2000. – 271 с.
- 23 Бронникова О.М., Вишневецкая (Прищепова) В.А. Каталог коллекций отдела Средней Азии и Казахстана МАЭ // Сборник музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера). 1989. – Т. XLIII. – С.180-222.
- 24 Одежда народов СССР: из коллекций Государственного музея этнографии народов СССР. – М., 1990 (на русс. и англ. языках).
- 25 Казахи. Историко-этнографическое исследование. – Алматы: Казахстан, 1995. – 352 с.
- 26 Российский этнографический музей. 1902 – 2002. – СПб., 2001. – 279 с.
- 27 Какабаев Б.С. К семантике использования птичьих шкур в отделке казахского костюма // Труды Центрального музея. Вып. II. Научный редактор Нұрсан Әлімбай. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. – С. 457-463.
- 28 Л.Ф. Попованың жеке мұрағаты.
- 29 Попова Л.Ф., Стасевич И.В. Казахский костюм в собраниях Российского этнографического музея и Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) Российской академии наук (рукопись). 18 с.
- 30 Попова Л.Ф. Казахские женские свадебные головные уборы саукеле: опыт локальной классификации (по материалам РЭМ) // Музей. Традиции. Этничность XX-XXI в. – СПб. – Кишинев, Nestor-Historia, 2002. – С. 136-140.
- 31 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің ғылыми-қолданбалы жобалары бойынша 2013-2014 жылдары атқарған жұмысының есебі.
- 32 Nomads of Eurasia. Natural History museums of Los Angeles county. Academy of Sciences of the U.S.S.R. – Los Angeles: Perpetua Press, 1989. 192 p.
- 33 Teppiche aus Mittelalten und Kasachstan / Ein Leitung und Zusammenstellung von E.G. Tsareva. – Leningrad, 1984.
- 34 Jewellery. Museum of the Ethnography of the USSR / Intr.: E. Torchinskaya. Comp.: G. Komleva. – Leningrad, 1988.
- 35 Nomads in Central Asia: Animal Husbandry and Culture in Transition (19 th – 20 th Century) / Accompanies the exhibition «Nomaden in Centraal-Azie» on show in the Tropenmuseum in Amsterdam from 1 Dec. 1994 to 1 Aug. 1995; Auth.: F.C. van Leeuwen, T.G. Emeljanenko, L.F. Popova. – Amsterdam, 1994.

References

- 1 Radlov V.V. Instrukcii dlja sobiranija etnographicheskikh predmetov, odnosjashihsjja do byta kirgizov Stepnogo general-gubernatorstva. SPb., 1898.
- 2 Dudin S.M. Rez'ba po derevu u kirgiz. // Zodchij. 1901. – S. 8-23.
- 3 Dudin S.M. Kovrovye izdelija Sredney Azii // Sbornik muzeja antropologii i etnographii. T.VII. 1928. – S.71-166.
- 4 Kurylev V.P., Ljushevich Ph.D., Sazonova M.V. Etnographicheskie sobranija MAE po narodam Sredney Azii i Kazakhstana // Sbornik muzeja antropologii i etnographii im. Petra Velikogo (Kunstkamera). 1980. T. XXXV. – S.37-44.
- 5 Phel'kerzam A. Starinnye kovry Sredney Azii // Starje gody. 1914. – S. 79-84.
- 6 Kuphtin B.A. Kirgiz-kazaki. Kul'tura i byt. Primenitel'no k obstanovochnomu zalu «ugolok kochevogo aula v Kazakhstane» v Central'nom muzee narodovedenija. M.: Central'nyi muzey narodovedenija, 1926. – 49 s.
- 7 Bezhkovich A.S. Etnographicheskie risunki V.L. Plotnikova po bytu kazakhov (1859-1862 gg.) // Sovetskaja etnographija. 1953. №4. – S.113-119 s ill.
- 8 Maslova O.V. Obzor russkikh puteshestvii i ekspedicii v Srednjuju Aziju. CH.1.1715-1856. Tashkent, 1955.
- 9 Maslova O.V. Obzor russkikh puteshestvii i ekspedicii v Srednjuju Aziju. CH.2.1856-1869. Tashkent, 1956.
- 10 Maslova O.V. Obzor russkikh puteshestvii i ekspedichij v Srednjuju Aziju. CH.3.1869-1880. Tashkent, 1958.
- 11 Maslova O.V. Obzor russkikh puteshestvii i ekspedichij v Srednjuju Aziju. CH.4.1881-1886. Tashkent, 1971.
- 12 Sazonova M.V., Morozova A.S., Leykina S.M. Odezhdа narodov Sredney Azii i Kazakhstana v kollekcijah Gosudarstvennogo muzeja etnographii narodov SSSR // Trudy instituta etnographii. 1961. T.48. – S.86-93.
- 13 Zaharova I.V., Hodzhaeva R.D. Kazakhskaja nacional'naja odezhdа. XIX – nach. HH v. Alma-Ata: Nauka, 1964. – 178 s.
- 14 Kurylev V.P. Oruzhie kazakhov // Sbornik muzeja antropologii i etnographii im. Petra Velikogo (Kunstkamera). 1978. T.XXXIV. – S.56-61.
- 15 Kurylev V.P. Kazahskie kozhanye muzhskie pojasa v sobranijah MAE // Sbornik muzeja antropologii i etnographii im. Petra Velikogo. 1980. T.LIII. – S.85-97.
- 16 Konovalov A.V. Kazakhi juzhnogo Altaja. Alma-Ata: Nauka, 1986.
- 17 Karmysheva B.H. Etnographicheskoe izuchenie kirgizov Sredney Azii i Kazakhstana v 1920-e gody (polevye issledovanija Ph.A. Phielstrupa) // Oчерki istorii russkoy etnographii, phol'kloristiki i antropologii. Vyp. X. M.: Nauka, 1988. – S. 38-62.
- 18 Vishnevechka (Prishepova) V.A. Iz istorii sobiranija Sredneaziatsko-kazakhstanskikh kollekcij MAE (dooktjabr'skiy period) // Sbornik muzeja antropologii i etnographii im. Petra Velikogo (Kunstkamera). 1989. T.XLIII. – S.5-17.
- 19 Prishepova V.A., Chermanova M.B. Iz kollekcij po etnographii kazakhov // Izvestija Nacional'noy Akademii Nauk Respubliki Kazakhstan. 1993. Serija obsh.nauk. №5 (191). S.69-76.
- 20 Prishepova V.A. Stranicy istorii Gosudarstvennogo muzejnogo phonda // Kunstkamera. Etnographicheskie tetradi. 1995. Vyp.7.– S.217-329.

- 21 Prishepova V.A. O prebyvanii cesarevicha Nikolaja Aleksandrovicha v stepnom general-gubernatorstve // Trudy Gosudarstvennogo muzeja istorii Sankt-Peterburga. Vyp.III. SPb., 1998. – S.109-114.
- 22 Prishepova V.A. Kollekcii zagovorili. Istorya formirovaniya kollekcij MAE po Srednei Azii i Kazakhstanu (1870-1940). SPb., 2000. – 271 s.
- 23 Bronnikova O.M., Vishneveckaja (Prishepova) V.A. Katalog kollekcij otdela Sredney Azii i Kazakhstana MAE // Sbornik muzeja antropologii i etnographii im. Petra Velikogo (Kunstkamera). 1989. T. XLIII. – S.180-222.
- 24 Odezhd narodov SSSR: iz kollekcij Gosudarstvennogo muzeja etnografii narodov SSSR. M., 1990 (na russ. i angl. jazykah).
- 25 Kazakhi. Istoriko-etnographicheskoe issledovanie. Almaty: Kazakhstan, 1995. – 352 s.
- 26 Rossiyskiy etnographicheskiy muzei. 1902- 2002. SPb., 2001. – 279 s.
- 27 Kakabaev B.S. K semantike ispol'zovanija ptich'ih shkurok v oddelke kazakhskogo kostjuma // Trudy Central'nogo muzeja. Vyp. II. Nauchnyy redaktor Nursan Alimbay. Almaty: Balalar adabiet, 2009. S. 457-463.
- 28 L.Ph. Popovanyn zheke muragaty.
- 29 Popova L.Ph., Stasevich I.V. Kazakhskiy kostjum v sobraniyah Rossiyskogo etnographicheskogo museja i Museja antropologii i etnographii im. Petra Velikogo (Kunstkamera) Rossiyskoi akademii nauk (rukopis'). 18 s№
- 30 Popova L.Ph. Kazakhskie zhenskie svadebnye golovnye ubory saukele: opyt lokal'noi klassifikacii (po materialam REM) // Muzei. Tradicii. Etnichnost' XX-XXI v. – SPb. – Kishinev, Nestor-Historia, 2002. – S. 136-140.
- 31 Khazakhstan Respublikasy Memlekettik ortalykh muzeyinin gylymi-kholdanbaly zhubalary boiynsha 2013-2014 zhyldary atkhargan zhmysynyn esebi.
- 32 Nomads of Eurasia. Natural History museums of Los Angeles county. Academy of Sciences of the U.S.S.R. Los Angeles: Perpetua Press, 1989. 192 p.
- 33 Teppiche aus Mittelaissen und Kasachstan / Ein Leitung und Zusammenstellung von E.G. Tsareva. Leningrad, 1984.
- 34 Jewellery. Museum of the Ethnography of the USSR / Intr.: E. Torchinskaya. Comp.: G. Komleva. Leningrad, 1988.
- 35 Nomads in Central Asia: Animal Husbandry and Culture in Transition (19 th-20 th Century) / Accompanies the exhibition «Nomaden in Centraal-Azie» on show in the Tropenmuseum in Amsterdam from 1 Dec. 1994 to 1 Aug. 1995; Auth.: F.C. van Leeuwen, T.G. Emeljanenko, L.F. Popova. Amsterdam, 1994.

Айтқұл Х.А., Мьякишева О.А.

**История формирования
коллекции эпохи бронзы
Центрального и Восточного
Казахстана археологического
фонда ЦГМ РК**

В статье изложена история формирования коллекции эпохи бронзы Центрального и Восточного Казахстана, хранящейся в фондах ЦГМ РК, с использованием архивных и учетных документов Центрального государственного музея РК и Северо-Казахстанского областного музейного объединения. В процессе изучения были использованы труды ученых археологов, которые занимались вопросами эпохи бронзы евразийского пояса степей. Также в статье показано участие Центрального государственного музея в Центрально-Казахстанской и Восточно-Казахстанской археологических экспедициях, руководимых в разные годы такими известными казахстанскими археологами, как А.Х. Маргулан, М.К. Кадырбаев, Ж.К. Курманкулов, А.М. Оразбаев.

Ключевые слова: коллекция, эпоха бронзы, артефакты, Центрально-Казахстанская археологическая экспедиция, поселение, могильник.

Aytkul H.A., Myakisheva O.A.

**History of the Central and
Eastern Kazakhstan Bronze Age
collection of the Central State
Museum of Kazakhstan**

This article describes the history of the formation of the Bronze Age collection of the Central and Eastern Kazakhstan of archaeological fund of the CSM RK, using archival documents and inventory records from the archives of the Inventory Department of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan and North Kazakhstan regional museum association. Proceedings of scientists-archaeologists dealing with the Bronze Age of the Eurasian steppe zone are also used. This paper for the first time summarizes and represents proper data on gathering collection of the Bronze Age artifacts from Central and Eastern Kazakhstan and illuminates the major role of museum's participation in Central Kazakhstan and Eastern Kazakhstan archaeological expeditions at different times, headed by prominent Kazakhstani archaeologists A.Marghulan, M.Kadyrbaev, Zh.Kurmankulov, A.Orazbaev.

Key words: collection, epoch of bronze, artefacts, Centrally-Kazakhstan archaeological expedition, settlement, burial mound.

Айтқұл Х.А., Мьякишева О.А.

**Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік орталық музейдің
археология қорындағы
Орталық және Шығыс
Қазақстанның қола дәуірі
коллекцияларының қалыптасу
тарихы**

Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейдің археология қорындағы Орталық және Шығыс Қазақстанның қола дәуірі коллекциясының қалыптасу тарихы баяндалады. Осы мақаланы дайындау барысында Солтүстік Қазақстан музей бірлестігі мен ҚР МОМ-ның есепке алу бөлімі мұрағатының есепке алу және мұрағат құжаттары пайдаланылды. Сонымен қатар еуразиялық даланың қола дәуірі мәселелерімен айналысатын археолог ғалымдардың да еңбектері қарастырылды. Мақалада Орталық және Шығыс Қазақстанның археологиялық экспедицияларын әр жылдары басқарған атақты ғалым-зерттеушілер А.Х. Марғұлан, Ә.М. Оразбаев, М.Қ. Қадырбаев, Ж.Қ. Құрманқұловтар жүргізген қазба жұмыстарында ҚР МОМ-ның қатысқанымен қатар аталған өңірлердің ескерткіштерін зерттеуде өз үлесін қосқаны жөнінде де деректер берілген.

Түйін сөздер: коллекция, қола дәуірі, артефактілер, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы, қоныс, қорым.

**ИСТОРИЯ
ФОРМИРОВАНИЯ
КОЛЛЕКЦИИ ЭПОХИ
БРОНЗЫ
ЦЕНТРАЛЬНОГО
И ВОСТОЧНОГО
КАЗАХСТАНА
АРХЕОЛОГИЧЕСКОГО
ФОНДА ЦГМ РК**

В фондах Центрального государственного музея Республики Казахстан (далее ЦГМ РК) собрана богатейшая археологическая коллекция эпохи бронзы. В данную коллекцию вошли артефакты из разных регионов Казахстана.

В 1946 г. Институтом истории, археологии и этнографии Академии наук Казахской ССР была организована Центрально-Казахстанская археологическая экспедиция (далее ЦКАЭ) под руководством А.Х. Маргулана, положившая начало систематическому и всестороннему изучению памятников Центрального Казахстана. Центрально-Казахстанской археологической экспедицией в разные годы руководили такие светила казахстанской археологии, как А.Х. Маргулан, М.К. Кадырбаев, Ж.К. Курманкулов. Широкомасштабные разведки и раскопки открыли в Центральном Казахстане десятки памятников, среди которых поселения, могильники и жертвенники раннего (нуринского) этапа: Акшатау, Бутулы I, Байбала I, Комагал, Канаттас; Атасуского: Айшрак, Сангуру II, Былкылдык I, II, III, Шерубай-Нура, Карабие; дандыбай-бегазинского: Аксу-Аюлы II, Ортау II, Бегазы, поселения Атасу, Мыржик, Бугулы II и Улугау.

Центрально-Казахстанская археологическая экспедиция состояла из трех отрядов, руководимых А.Х. Маргуланом, А.М. Оразбаевым и М.К. Кадырбаевым. Отряд, возглавляемый А.Х. Маргуланом, занимался исследованием памятников эпохи поздней бронзы и переходного этапа от бронзы к ранним кочевникам, А.М. Оразбаев занимался раскопками андроновских оград и отряд М.К. Кадырбаева изучал культуру ранних кочевников. Также кроме них в работах экспедиции в разные годы принимали участие такие видные ученые, как Л.Р. Кызласов (1948), К.А. Акишев (1951-1952), Г.И. Пацевич, А.Г. Максимова, Т.Н. Сенигова, Г.В. Кушаев, Х.А. Алпысбаев и др.

В 1955 году под руководством А.Х. Маргулана проведены первые раскопки поселения Атасу I, где была найдена мастерская (жилище Л1). Материалы раскопок опубликованы в статье «Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века», в которой А.Х. Маргулан дает описание всех известных разработок на цветные и черные металлы. Также в данной статье впервые в широком масштабе привлекаются геологичес-

кие и археологические исследования о металлургии Центрального Казахстана [1, с. 3-30].

Спустя 20 лет после первых раскопок в 1975 году Центрально-Казахстанская археологическая экспедиция под руководством М.К. Кадырбаева возобновила работу на поселении Атасу I и II. К значимым памятникам атасуского микро-района можно отнести три поселения: Атасу I, Атасу II (Ак-Мустафа) и Мыржык, а также серию некрополей (Сангру I- III, Атасу I-III, Ак-Мустафа, Мыржык и горные выработки (Сарыбулак, Дарат, Босога, Огызтау, Кенказган) [2].

Первыми из материалов Центрально-Казахстанской археологической экспедиции, поступившими в фонды ЦГМ РК, были артефакты из поселений Атасу I, Атасу II, Бугулы I, II, раскопанные в 1946-49 годах и переданные А.Х. Маргуланом в 1957 году. Для установления хронологии памятников Центрального Казахстана в 1947 году был исследован малый плиточный мавзолей 4 Бегазы [3], в 1948 году при участии Л.Р. Кызласова вскрыты плиточные мавзолеи 2 и 3 [4], в 1949 году исследованы ранние (нуринского этапа) группы памятников эпохи бронзы в горах Акшатау и в долине реки Сокур притока реки Шерубайнура. Собранный материал представлен фрагментами керамических сосудов и каменными орудиями труда (КП 6112, КП 6237, КП 6002, КП 6006, КП 6104, КП 6204, КП 5985, КП 5987). В коллекцию вошли материалы раскопок 1951-52 годов группы Бугулы I могильника и поселения, Былкылдак I и II, памятники расположены в 67 км к западу от долины реки Шерубайнуры и в 40 км к северо-востоку от станции Жарык у подножья горы Бугулы, представленные керамическими сосудами (КП 16009, КП 16010, КП 16012, КП 16016 Акт №152 от 23.11.1979 г.) [5, с. 75-77]. Комплекс Былкылдак I находится на левом берегу реки Былкылдак в верховьях реки Талдынуры в 35 км на северо-восток от поселения Аксуаюлы Карагандинской области. Коллекция могильника Былкылдак состоит из украшений: амулеты в виде клыков хищника, бронзовые бусы из ограда 14, а из могильника Былкылдак II ограда 3 керамический сосуд с изображением свастики на донце (КП 20253/5 Акт №390 от 18.10.1985 г.) [6, с. 5-7]. Аналог данного изображения можно встретить на фрагменте керамического сосуда (выпуклой части тулова) из фонда СКОМ (Северо-Казахстанское областное музейное объединение), найденного в культовом месте у села Петровка Северо-Казахстанской области (СКОМ оф 1841/51-59) [7, с. 10-12].

С 1973 по 1976 года большой объем работ был выполнен археологической экспедицией Карагандинского государственного университета под руководством Г.Б. Здановича, а с 1977 года экспедицию возглавил В.В. Евдокимов. Коллектив карагандинских археологов (В.В. Варфоломеев, В.В. Евдокимов, С.У. Жауымбаев, К.М. Карабаспакова, И.А. Кукушкин, В.Г. Ломан, В.А. Новоженев, И.В. Рудковский, А.А. Ткачев, Э.Р. Усманова, А.Ю. Чиндин, М.В. Бедельбаева, И.Н. Швец) сосредоточил усилия в основном на решении проблем насельников эпохи бронзы. Также в ходе археологических работ были открыты: погребение ранней бронзы в могильнике Карагаш и погребение с колесницей в могильнике Сатан. Исследованы андроновские могильники Копа, Нуркен, Акимбек, Ташик, Бозинген, Алпымса, Нуртай, Майтан, Лисаковский и др. Проведены раскопки на поселениях Копа I, Акимбек, Домалактас, Лисаковское, Ташик, Майоровка, Энтузиаст. Отрядом по изучению эпохи поздней бронзы были проведены раскопки могильников Енбек-Суйгуш, Донгал, Дермен, Самара, Шоиндыколь, Карагаш, Тасырбай [8].

В 1985 году в связи с переездом Центрального государственного музея в новое здание, для построения экспозиции на основании приказа № 142 Министерства Культуры КазССР от 04.05.1985 года сотрудником музея археологии и этнологии Карагандинского Университета Э.Р. Усмановой были переданы материалы поселений Атасу, Домалактас, Тагибайбулак и могильников Нуркен, Копа и Бозенген. В данную коллекцию вошли керамические сосуды, украшения, бронзовые наконечники, наконечники стрел и орудия труда (КП 20238/1,2 Акт №384 от 18.10.1985 г.) [9, с. 21-22], (КП 20245/1-2, КП 20246, КП 20247, КП 20249 Акт №386-391 от 18.10.1985 г.) [10, с. 8-17]. Например, из орудий труда: тупик-трепало из лопаточной кости крупного рогатого скота Г-образной формы, рабочая часть имеет отверстие КП 20249/2; каменная рудодробилка овальной формы, ударная часть плоская КП 20249/9; каменная мотыга удлиненно-конусовидной формы, рабочая часть заострена КП 20249/11; украшения в виде нитки пастовых бус, бочонкообразной формы голубого и белого цвета КП 20239; бронзовые наконечники листовидной формы, с рельефными краями КП 20248/1-3.

В 1996 году А.М. Оразбаевым были переданы артефакты могильника Шортандыбулак, расположенного в долине левого берега реки Талдынура, возле старой зимовки Айнаколь, в 10 км

к югу от аула Жанажурт и 14 км к юго-западу от поселения Байбала. Поселение находится на второй надпойменной террасе. В этом районе локализуется большое количество памятников эпохи бронзы, расположенных обширными группами прежде всего вокруг гор Кызыл-тау, в долинах реки Талдынура и ее притоков. Материалы могильника представлены редкими образцами резных костянных изделий, это фрагмент накладки прямоугольной формы, выгнутой формы, орнаментированной тонкой резьбой в виде рядов миниатюрных треугольников с высокими вершинами, солярный круг в центре покрыт резьбой тех же мотивов (КП 26072/1, Акт №42 от 28.05.1999 г.) [11, с. 143-145]; фрагмент костяной рукоятки – одна сторона плоская, другая выпуклая (КП 26072/3); костяной циркуль с заостренными раздвоенными концами, из которых один длинный другой короткий, с круглым основанием и овальным отверстием для продевания ремня, орнаментирован тонкой резьбой из двух рядов миниатюрных треугольников (КП 26072/2). По мнению А.Х. Маргулана, этот циркуль служил в качестве штампа для нанесения резного орнамента и измерения объектов [12, с. 276]. Также в 2010 году дочерью археолога А.Х. Маргулана Д.А. Маргулан были переданы в дар музею материалы из поселений Шортандыбулак и Бугылы 1. Это бронзовые артефакты: накладка в виде круглой выпуклой шляпки со шпеньком; наконечник стрелы двухлопастной втульчатый; круглое массивное кольцо с двумя гранями; проколка четырехгранная с уплощенным концом и ворворка (КП 27287\1-5 Акт № 57 от 05.10.2009 г.) [13, с. 42].

В 1997 году руководителем ЦКАЭ Ж.К. Курманкуловым переданы материалы Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1975, 1976, 1978, 1979, 1980, 1981, 1983 годов из поселений и могильников эпохи бронзы Мыржык, Акмустафа, Атасу, Бугулы 1, Нурмамбет, Аксуат, Копя, Куйган 2 и т.д. Эта огромная коллекция включает керамические сосуды, украшения, пряслица, предметы конской сбруи, орудия труда, отщепы и т.д. (КП 26218/1-103 Акт №7 от 21.03.2000 г. [14, с. 106-127], КП 26221/1-33 Акт №10 от 29.03.2000 г. [15, с. 88-96], КП 27044/1-77 Акт №46 от 17.07.2007 г. [16, с. 119-138], КП 27254/1-94 Акт №33 от 20.04.2009 г. [17, с. 18-28], КП 27326/1-36 Акт №11 от 08.04.2010 г. [18, с. 145-151]).

Коллекция эпохи бронзы археологического фонда ЦГМ РК Восточного Казахстана формировалась с 1940-х годов из материалов Восточ-

но-Казахстанской археологической экспедиции 1947-1949, 1955 годов (под руководством С.С. Черникова), 1985 года (под руководством А.М. Оразбаева) и случайных находок. Также в комплектовании коллекции Восточного Казахстана принимала участие и археологическая экспедиция Центрального музея Казахстана в составе Восточно-Казахстанской археологической экспедиции Института истории, археологии и этнографии АН КазССР и при участии Института истории материальной культуры СССР. Основной задачей экспедиции стало выявление и исследование памятников, расположенных в зоне затопления в связи со строительством Усть-Каменогорской и Бухтарминской ГЭС. Здесь были зафиксированы многочисленные памятники от эпохи неолита до средневековья, получен материал, характеризующий историческое прошлое Восточного Казахстана.

В 1947 году экспедицией проводилось обследование долины Иртыша от Камышинки до Бухтармы. Производились раскопки на поселении Мечеть, где собрано большое количество керамики, найдены бронзовый наконечник стрелы, бронзовая пронизка, медная руда, обрывки золотой фольги. Судя по составу находок, это поселение существовало от раннеандроновского времени до VIII-VI вв. до н.э. Велись раскопки в том же году на поселении в Семипалатинских дюнах. Собран подъемный материал: два бронзовых шила, две бронзовые пластинки, обломки зернотерок, куски медной руды, обломки тиглей, обломки керамики и т.д. В Абаевском районе в 12 км от озера Сарыколь научным сотрудником Центрального музея Казахстана Л.К. нифонтовой было раскопано три кургана эпохи бронзы. Найдены обломки двух сосудов с орнаментом. Всего в этом могильнике раскопано пять курганов: три – Черниковым С.С. и два – экспедицией Центрального музея Казахстана [19, с. 143-147].

В данной статье рассмотрены исследования Чокана Валиханова на территории Жетысу. Ученый составлял карту каждого исследованного региона а также схему путей своего передвижения, показаны его взгляды на картографию как на науку. В ходе исследования Ч.Валихановым было дано описание Жетысу и других близлежащих регионов. Как ученый он описывал особенности не только природы, палеоклимата, палеоэкологии, но и уделял особое внимание геологическому строению гор Алатау и Тянь-Шань. Опираясь на записи исследователя, сделанные им в 1855-1856 гг. в ходе путешествий по Иссyk-Кулю, Жетысу и Кульдже, можно сделать вывод, что названия местностей и рек потерпели значительные изменения. Во время своих путешествий по выше указанным регионам и западному Китаю ученым были зафиксированы многие исторические памятники, которые нашли отражение в таблице, составленной Ч.Валихановым.

Ключевые слова: Семиречье, Иссyk-Куль, Кульджа, Чокан Валиханов.

Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ТАЛДЫҚОРҒАН ӨҢІРІН ЗЕРТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шоқан Уәлиханов зерттеген аймақтарының картасын құру ісіне де зор үлес қосты. Ол өзі жүріп өткен жолдарының сызба нұсқасын құрған кезде географиялық координатын жергілікті топографиялық элементтердің әртүрлі жағдайда бағдарлау мүмкіндіктерін анықтауға тырысты.

Айтар ойымызды ғалымның өз қолымен жасаған Қарқара өзенінің аңғарының, солтүстік Тянь-Шань асуларының Алты-немелден Құлжаға дейінгі жүріп өткен жолының және Тянь-Шаньның сырттарының карта-сызбалары дәлелдейді. Оны картография тарихы қызықтырғанның Жапонияның, Ішкі Азияның карталарына, Азияның атласымен К. Ритердің жалпы жертануына жасаған сын-ескертпелерінен көруге болады.

1985 жылы Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакциясы басып шығарған 5 томдық таңдамалы шығармалар жинағының 2 томының 218 бетінде Захаровтың, Цимлерманнның деректеріне талдау жасай отырып жасаған Орталық Азияның шартты картасында Ташкент, Верный, Құлжа қалаларының географиялық ендіктері қазіргі кездегі картадағы деректерге жақын болуы кадет корпусында жоғары дәрежеде геодезиялық білім алғанын көрсетеді.

Шоқан Уәлиханов XIX ғасырда Ресейдің жоғарғы оқу орындарында жан-жақты білім алып, географиялық зерттеулер жүргізуге арнайы дайындалған қазақтың алғашқы ғалымдарының бірі. Оның еңбектерінде қазіргі кезеңдегі физикалық қана емес, экономикалық және әлеуметтік географияға аса қажетті құнды материалдар бар [1].

Шоқан Уәлихановтың Ыстықкөлге, Қашқарияға, Жетісу мен Құлжаға саяхатының нәтижесінде жүргізілген зерттеулері орыс ғалымдарының Қазақстан мен Орта Азияның табиғатын жан-жақты оқып үйренуіне жол ашуға мүмкіндік беруімен маңызды. Ғалымның сол кезеңде батыс Европа мен патшалық Ресей үшін беймәлім болған жерлерді зерттеуге деген қабілеті Омбы кадет корпусында оқып жүрген кезінде байқалды. Оған 1850 жылдары жас Шоқанның Торғай, Есіл далаларында өз бетімен жүргізген геодезиялық кескіндеу жұмыстары дәлел болады.

Шоқан географ ғалым ретінде Жетісу өңірінің табиғаты мен тарихын зерттеуге зор үлес қосқан. Оның Жетісу өңірінің таби-

ғатын зерттеуі 1854 жылы полковник Гутковскийдің экспедициясына қатысып Қапал бекінісіне келіп қайтуынан басталды [2].

1855 жылы Батыс Сібір мен Солтүстік-Шығыс Қазақстанның генерал-губернаторының адъютанты ретінде Гасфортпен бірге Жетісуға, Тарбағатай мен Орталық Қазақстанға саяхат жасады. Оның бағыты Омбыдан басталып, Семей, Аягөз, Қапал арқылы Іле Алатауының баурайында аяқталды.

Қайтар жолында Жетісу Алатауының солтүстік бөлігінің етегін бойлай Алакөл, Жоңғар қақпасы, Барлық-Майлы, Тарбағатай тауларында болып Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау арқылы Омбыға оралды. Шоқан еңбектеріне зер салсақ саяхат барысында өзі болған өңірлердің табиғат жағдайларының ерекшеліктеріне, өзен торларына, органикалық дүниесіне, тарихына жан-жақты сипаттама берген.

Шоқан өз еңбектерінде Лепсі Көксу өзендеріндегі өткелдерден тек арнайы жабдықталған салдармен ғана өтуге болатын мол сулы екенін атап көрсеткен. Ғалымның бұл деректері ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Жетісу өңірінің климаты бүгінгідей аридті емес, біршама гумидті, Қазақстанның оңтүсік-шығысындағы биік тау белдеулеріндегі қар сызығы қазіргі деңгейінен әлдеқайда төмен, мұздықтардың ауданы ірі болғанын көрсетеді. Ол өзінің жол жазбаларында Балқаш пен Алакөл бағзы заманда бір алапқа жатқаны жөнінде ой қорытындыларын шығарады.

Саяхат барысында Қазақстанның аумағы табиғатының қазіргі ерекшелігін ғана емес, палеоклиматтық, палеоэкологиялық жағдайын, өзен аңғарларының морфологиясын, Жетісу Алатауы мен Тянь-Шань тауларының геологиялық құрылысын зерттеуге зор мән бергенін көрсетеді.

1985 жылы Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакциясы басын шығарған Ш.Ш. Уәлихановтың 5 томдық таңдамалы шығармалар жинағының 4 томының 362-365 беттерінде берілген 1855 жылғы саяхатының жолжазбаларында Жетісу Алатауының солтүстік-шығыс бөлігінен бастау алатын Алакөл алабына жататын Тентек, Жаманты, Ырғайты өзендерінің аңғарларында жергілікті қазақтар мен сырттан келген қытайлар шашыранды алтын өндіретінін және де жазылған деректер сол кездің өзінде 25 жасар жас ғалымның тау жүйесінің пайдалы қазбаларын игеру мәселелеріне зор мән бергенін көрсетеді.

Ғалымның 1855-1858 жылдар аралығындағы саяхаттары нәтижелерін қорытындылау барысында жазылған «Жоңғар очерктері», «Іле

сырты өлкесінің географиялық очерктері», «Ыстықкөл саяхатының күнделіктері», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы» атты еңбектерінде Жетісу өңірі мен Тянь-Шань тауларының табиғатын кешенді оқып үйреніп, табиғат компоненттерінің арасындағы өзара байланысын ашуға баса назар аударып, жүріп өткен жолының табиғат кешендеріне салыстырмалы сипаттама береді.

«Жоңғар очерктері» атты еңбегінде Жетісу тау жүйелеріндегі биіктік белдеуліктің алмасу заңдылықтарына алғашқылардың бірі болып мән беріп, таулы, жартылай таулы және жазық белдеу деп үш топқа бөлді. Сонымен қатар Шоқан Уәлиханов Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Орта Азиядағы биік тау жүйелеріндегі өсімдіктері мен жануарлар дүниесінің арасындағы ұқсастықтардың бар екенін анықтады.

Қазіргі кезеңде жүргізілген палеогеографиялық талдаулардың нәтижесінде биік таулардағы қатан әрі суық климат жағдайлары сібір элементтерінің оңтүстікке терең еніп, тауаралық ойыстардағы құмды, сазды шөлдердің аридті флорасының Шығыс Сібірдің қазаншұңқырларына дейін жылжуына мүмкіндік бергенін анықтауы ғалымның ғылыми болжамын уақыт өте келе дәлелдегенін көрсетеді [3].

Ыстықкөл сапарына барар жол қазіргі Алтынемел ұлттық бағы арқылы өткені белгілі. Ғалым Іле өзенін бойлай созылып жатқан үлкен және кіші Қалқан тауларының баурайынан Мырзашөл мен Бетпақдаладан жұт жылдары ауып келіп, қалып қойған құландардың табыны мен қаракұйрықтарды көріп Жетісудің солтүстік-шығыс бөлігі Орта Азия фаунасын Гобиден бөлетін табиғи шекара болып табылады деген ой қорытындысын шығарды.

Шамамен 130-140 жыл өткен соң 1996 жылы Алтынемел табиғи-ұлттық бағы ашылып, сол аумаққа 1980 жылдары құландар, 2000 жылы Пржевальский жылқысы жерсіндіріліп, қаракұйрық басқа да шөл жануарлары мен құстары қорғауға алынған.

1855-1856 жылдар аралығындағы Жетісуға, Құлжа мен Ыстықкөлге жасаған саяхаттарының жолжазбаларындағы деректерге талдау жасай отырып, қазіргі атаулармен салыстырсақ Жетісу өңірінің жергілікті жер-су аттарының көп өзгерістерге ұшырағанын аңғаруға болады. Ғалым өз еңбектерінде Аягөз, Лепсі, Тентек, Ырғайты, Басқан, Ақсу, Қаратал, Көксу, Бұрқан, Өсек, Боухудзир, Қорғас, Іле, Шелек, Кеген, Шарын өзендері аңғарының ерекшеліктері мен гидрологиялық режиміне толық сипаттама берген.

Сонымен қатар Үйгентас, Лабасы, Мұқыры, Алтынемел, Жоңғар Алатауына этимологиялық талдау жасап мән-мағынасы мен шығу тегін дұрыс анықтап, орналасқан орнын, басқа нысандарға қатысты жағдайын нақты көрсете білген.

Мысалы, Жетісу Алатауының оңтүстік-батыс бөлігіндегі Өсек ағыны қатты өзендерінің аралығындағы «Үйгентас» атауы сақ-ғұн, түркі замандарының тас қорғандарына байланысты қойылғанын атап өтіп, Алтынемел мен Еренқабырға тауларының аралығындағы тауаралық иінде орналасқан географиялық орнын, жер бедерінің сипатын нақты көрсетеді. Географ ретінде Алтынемел Кескентерек асуларын Тянь-Шаньдағы Сынтас асуымен салыстырып, екі нысанның бір-бірінен айырмашылығын ашып көрсетеді [4].

Ғалымның еңбектеріне зер салып қарасақ, өзінен кейін зерттеулер жүргізетін саяхатшылардың демалып тынығуына қолайлы орындарды анықтап, жол бойындағы жергілікті нысандарды әртүрлі жағдайда бағдар ретінде пайдалану мүмкіндіктеріне баса назар аударғанын байқауға болады. Ол Жетісу өңірінің табиғатының ерек-

шелігін анықтаумен қатар, қола, сақ-ғұн, түркі замандарынан бізге жеткен тарихи ескерткіштердің географиялық орнын, құрылысын, сақталу жағдайларын анықтап, оларға баратын жолдарға толық сипаттама берген.

Жетісу өңіріндегі баса назар аударатын жағдайларының бірі Ұлттық Ғылым академиясының Ө. Марғұлан атындағы археологиялық институты зерттеп жатқан Жетісу өңіріндегі барлық маңызды тарихи ескерткіштері Шоқан еңбектерінде толық көрсетілген. Ғалымның сол кездердегі жол жазбаларындағы маңызды ақпараттарға сүйене отырып кеңес дәуірінде Жетісу өңіріндегі қола, сақ-ғұн замандарының «Бес шатыр», «Есік» Көксу өзенінің жоғарғы ағысындағы Ешкіөлмес тауларындағы сақ қорғандарында, Ұлы Жібек жолының бойындағы Талғар, Қойлық (Қялық) қалаларының орнында археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, халқымыздың өткен тарихын айғақтайтын құнды деректер табылды.

Айтар ойымызды Есік қорғанынан табиғаттың, зооморфты бейнелердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарының бірі – елтаңбаға арқау болуы айғақтайды.

1-кесте – Ш.Ш.Уәлихановтың 1855-1858 жылдар аралығындағы Жетісуға, Ыстықкөл мен батыс Қытайға жасаған саяхаты барысында анықтаған Жетісу өңірінің тарихи ескерткіштері.

Орналасқан орны	Тарихи-археологиялық мәні бар ескерткіштердің аты
1. Іле өзенінің орта ағысындағы таңбалы жартас	Таңбалар мен будданың суреті
2. Қапал бекінісінің маңындағы Суықсай аңғары	Тас үнгірдегі ламакистік құдай бейнесі
3. Іле Алатауының бөктеріндегі Талғар өзенінің маңы	Ерте орта ғасырлық қаланың орны
4. Есік өзенінің аңғары	Ежелгі сақ қорғандары
5. Шелек өзенінің аңғары	Қытай немесе қалмақтардың тоналған қалашығының орны (будда храмы)
6. Ешкіөлмес, Лабасы, Баянжүрек, Қызылауыз тауларының баурайы	Ежелгі қола, сақ замандарының қорғандары мен петрогифтері
7. Лепсі-Сарқан өзендерінің орта ағысындағы тау алды жазықтары мен Өсек өзенінің аңғары	Ежелгі сақ қорғандары, ерте орта ғасырлық ірі қалатекті қоныстар, «Үйгентас» қорғаны
8. Іле Алатауының баурайындағы Есенбай өзені	Ерте орта ғасырлық Алматы (Өлімата) қаласы
9. Іле аңғарындағы Шеңгелді өзенінің маңы	Ерте орта ғасырлық ескі қалашықтың орны
10. Шолақ тау	Қола сақ, түркі заманының петрогифтері.
11. Ешкіөлмес, Сарыноқай, Алмалы таулары	Қыпшақ үлгісіндегі құлыптастар
12. Аягөз өзенінің аңғары	Қозы Көрпеш – Баян Сұлу кесенесі

Шоқан еңбектеріндегі физикалық географиялық және тарихи деректер қазіргі кезеңде 2005 жылғы Елбасының халыққа жолдауында баса назар аударған туризмді дамытуға мүмкіндік бе-

реді, 2004 жыл Алматы облыстық туризм бөлімі Ө. Марғұлан атындағы археология институтының ғалымдарымен, бірлесе отырып, мәдени мұра бағдарламасының аясында Ш.Ш. Уәлиханов-

тың 170 жылдығына орай Омбыдан Ыстықкөлге дейін созылатын ұзақ мерзімді бірнеше кезеңнен тұратын «Шоқан жүріп өткен жолмен» атты ғылыми-танымдық саяхатқа Республикамыздың зиялы қауымы тартылды [5].

Болашақта ғалымның еңбектерінде көрсетілген Жетісу өңіріндегі табиғи және тарихи ескерткіштерді қамтитын арнайы бағыт құрылса болашақта ғалым жүріп өткен жол бойындағы қазір археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан Қойлық қаласындағы, Баянжүрек, Ешкюлмес таулары мен Басшатыр, Есік қорғандары қайта қалпына келтіріліп, Ордабасы сияқты тарихи-этнографиялық қорық бақтар ашылып, интернет арқылы жарнамалар тарату, туристік-рекреациялық инфрақұрылымды қалыптастыру ісі қолға алынған жағдайда ғылыми-танымдық, мінәжаттық және экологиялық туризмді дамытуға жол ашылар еді.

Мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе жұмсалған қаржы он-он бес жылда ақталып, халықты еңбекпен қамту, мәселелерін шешуге мүмкіндік туады.

Қорыта айтқанда Шоқан Уәлихановтың еңбектері Қазақстан мен Орталық Азияның табиғатының ерекшелігі мен тарихын зерттеуде ерекше орын алады. Ол ғалым ретінде неоген-төрттік дәуірлеріндегі неотектоникалық қозғалыстардың нәтижесінде қайта жаңғырғанымен ежелгі бедерін сақтап қалған төбесі текшелі, тұғырлы үстірттер, сырттарға дұрыс анықтама беріп, жер бедерінің тегістігіне сай батыс Қытай мен Орта Азияны байланыстыратын негізгі керуен жолдары өтетіні жөнінде ой қорытындыларын шығарады.

Қазір сырт кеңінен қолданылатын физикалық-географиялық атауға айналды. 1855 жылғы

Жетісуға саяхатының нәтижесінде қорыта келе саяхат барысында Іле Алатауының баурайынан Жоңғар қақпасына дейін созылатын Ұлы Жібек жолының бойындағы Алмалық, Екіоғыз, Қойлық (Қялық) Көктұма сияқты ірі қалалық елді мекендер мен олардың аралықтарында шағын қоныстар төрткүлдерге, сақ қорғандарының таралу ерекшеліктеріне негізделіп Орталық Азияның көшпелі тайпаларының басым бөлігі Қазақстан мен Еуропаға Жоңғар қақпасы арқылы өтті деген болжам айтты [6].

Ондай қорытынды шығаруына Жоңғар қақпасымен малшылар мен жүк тасыған керуендердің өтуіне қолайлылығы Балқаш-Алакөл ойыстарының жер бедерінің тегістігі әсер етті. Шоқан ғалымдардың баруына тыйым салынған ежелгі Орталық Азияда ХІХ ғасырдың ортасында болған алғашқы саяхатшылардың бірі болып табылады. Жұмыстарының барысында табылған археологиялық құндылықтарды экспонат ретінде қойса тартымдылығы мен тарихи маңызын арттырар еді.

1855-1858 жылдар аралығында Ш.Ш. Уәлиханов Жетісу мен Қашқарияға саяхатының барысында алғаш рет Балқаш пен Алакөл ертеректе бір көл болған деген болжам айтты. Ол өз ойын көктемде еріген қар, жаңбыр суымен толығып, аумағы артқанда екі көл бір-бірімен қосылатынын дәлелдей келе, олардың араларын жазда кеуіп қалатын сорлар бөліп жатқаны арқылы дәлелдейді. Шыңғысұлы Шоқан Уәлиханов Алакөл ойысы мен Жетісу Алатауының флорасы мен фаунасына сипаттама бере отырып тау беткейлеріндегі биіктік белдеулерінің байқалатыны жөнінде өз пікірін айтып, сол кезеңдегі ғалымның жетістіктеріне сай үш белдеуге бөлді. Олар: таулы, жартылай таулы және жазық белдеу.

Әдебиеттер

- 1 Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. Западный край Китайской империи и город Кульджа (Дневник поездки в Кульджу 1856). – М., 1986. – С.41.
- 2 Бейсенова А.С. Чокан Валиханов – путешественник и географ // Чокан Валиханов и современность. – Алматы, 1988. – С.221.
- 3 Бейсенова А.С. Исторические основы географических исследований Казахстана. – Алматы: КазгосИНТИ, 2001. – 280 с.
- 4 Шоқан еңбектеріндегі дерек көздерінің туризмді дамытудағы маңызы. / Ш. Уәлиханов атындағы КМУ «Уәлиханов оқулары-12» атты жинағында. – Көкшетау, 2007. – 122-125 б.
- 5 Токпанов Е.А. Жетісу Алатауында туризмді дамытудың географиялық негіздері. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің баспа орталығы. 2010. – 197 б.
- 6 Токпанов Е.А. Алакөл ойысы мен Жетісу Алатауының географиялық және геологиялық тұрғыдан зерттелуі / Абай атындағы ҰПУ «Тұрақты дамудағы география ғылымының өзекті және басты бағыттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында. – Алматы, 2011. – 147-159 бб.

References

- 1 Valikhanov Ch.Ch. Izbrannye proizvedeniya. Zapadnyy kray Kitayskoy imperii i gorod Kuldzha (Dnevnik poezdki v Kuldzhu 1856). – M., 1986. – S. 41.
- 2 Beysenova A.S. Chokan Valikhanov – puteshestvennik i geograf // Chokan Valikhanov i sovremennost. – Almaty, 1988. – S. 221.
- 3 Beysenova A.S. Istoricheskie osnovy geograficheskikh issledovaniy Kazakhstana. –Almaty:KazgosINTI, 2001. – 280 s.
- 4 Шоқан еңбектеріндегі дерек көздерінің туризмді дамытудағы маңызы / Ш.Уәлікханов атындағы КМУ «Уәлікханов оқулары-12» атты жинағында. – Көкшетау, 2007. – 122-125 б б.
- 5 Тоқпанов Е.А. Zhetisu Alatauында туризмді дамытудун географиялық негіздері.- Талдықорған: I.Zhansygirov атындағы Zhetisu мемлекеттік университетінің баспа орталығы. 2010. – 197 б.
- 6 Тоқпанов Е.А. Alakөл оуысы мен Zhetisu Alatauының географиялық және геологиялық тұрғыдан зерттелуі. / Abay атындағы ҰПУ «Тұрақты дамудағы география ғылымның өзекті және басты бағыттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жинағында. – Almaty, 2011. – 147-159 бб.

Ысқақов А.
**Қазақ хандығы – Ақ Орданың
заңды мұрагері**

Автор бұл мақалада Ақ Орданың соңғы билеушісі Барақ ханнан кейін Әбілхайыр ханның билікке келуі нәтижесінде Дешті Қыпшақта орын алған жағдайға тоқталады. Әбілхайыр ханның 1446 жылы Сыр бойы қалаларын басып алуы, сол жерлерге билікке өз адамдарын қоюы, Орда Ежен әулеті ұрпақтарына қысым көрсетуі Әбілхайыр ханға қарсы наразылықты тудырды. 1457 жылы қалмақ басшысы Үз-Темірдің Әбілхайыр ханға жорық жасағанда Әбілхайырды Дешті Қыпшақ сұлтандарының қолдамауы наразылықтың нәтижесінде орын алды.

Түйін сөздер: Ақ Орда, Орда Ежен әулеті, Шибан әулеті, Әбілхайыр хан, Сыр бойы қалалары.

Yskakov A.
**The Kazakh khanate is a legal
heir of White Horde**

The author of this article examines an event on Deshti Kipshak in a rule of Abulkhair khan, after death of last ruler of White Horde of Barak khan. Conquest of Abulkhair khan in 1446 year Syrdarya cities, give management to his people, pressure of Abulkhair khan to the heirs of dynasties Orda Ejen resulted in dissatisfaction of local ruler to Abulkhair khan. It was reflected in events 1457 years in the hike of kalmak ruler of Yz-Temir to Abulkhair khan, to not maintenance of Deshti Kipshak sultans of Abulkhair khan.

Key words: White horde, dynasty of Orda Ejen, Shiban dynasty, Abulkhair khan, Syrdarya cities.

Ысқақов А.
**Казахское ханство –
законный наследник Ак Орды**

Автор в данной статье рассматривает событие в Дешт-и Кипчаке в правление Абулхайр хана, после смерти последнего правителя Ак Орды Барақ хана. Завоевание Абулхайр хана в 1446 году Присырдаринских городов, установление к власти своих людей, давление Абулхайр хана к наследникам династии Орда Ежен привело к недовольству последних к Абулхайр хану. Это отразилось на событии 1457 года в походе калмыцкого правителя Үз-Темира к Абулхайр хану.

Ключевые слова: Ак Орда, династия Орда Ежен, династия Шибанидов, Абулхайр хан, Присырдаринские города.

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ –
АҚ ОРДАНЫҢ ЗАҢДЫ
МҰРАҒЕРІ**

Орда Ежен әулетіне қарасты Ақ Орда жерінде Шибан әулеті өкілі Әбілхайыр ханның билікке келуі Қазақстан жеріндегі саяси, әлеуметтік, экономикалық және этникалық мәселелердің шиеленісіне әкеп соқтырды. Бұл үрдіс Барақ хан қайтыс болғаннан кейінгі, Ақ Орданың бір орталықсызданған, бөлшектенген кезде орын алса да, жат басшының билікке келуі халық болып қалыптасуға жақын тайпалардың Орда Ежен мұрагерлері Керей мен Жәнібектің төңірегінде этникалық бірігуге деген құлшынысын арттырды. Ақ Орда және Қазақ хандығына қатысты көптеген мәселелер зерттелсе де, Ақ Орданың соңғы билеушісі Барақ ханнан кейінгі қазақ хандығының құрылуына дейінгі кейбір мәселелер тарихшылар назарынан тыс қалып жатады, сол мәселелерді зерттеу ұлы дала империяларының мұрагері болған бүгінгі Қазақ мемлекеті үшін өзекті болып табылады.

Бұл қарастырып отырған мәселе ХІХ ғасырдың 60 жылдарында В.В. Вельяминов-Зерновтың «Исследование о Касимовских царях и царевичах» атты зерттеуі жарыққа шыққаннан бері тарихшылардың назарында келе жатыр. Одан кейінгі кезде бұл мәселелерді М. Тынышбаев [7], К.А. Пищулина [1], Т.И. Султанов және тағы басқа ғалымдар үлес қосты. Қазіргі кезде Зардыхан Қиянатұлының «Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті» еңбегі ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған ғылымға тың пікірлер ұсынып жүрген еңбек деп айтуға болады [4]. Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында жарық көрген Б. Кәрібаевтың «Қазақ хандығының құрылу тарихы» еңбегі Қазақ хандығының құрылуына себеп болған ішкі және сыртқы саяси жағдайларды ашып көрсетеді [2].

Қазақ хандығының құрылуына Керей мен Жәнібектің Әбілхайырдан қашып баруы себеп болды ма, Керей мен Жәнібектің Әбілхайырдың 1457 жылы қалмақтармен соғысына қатыспауына не себеп болды, Әбілхайырдың жеңілісінің қазақ хандығы құрылуы үшін тарихи маңызы қандай деген сұрақтар одан әрі зерттеуді қажет етеді, сол себепті осы мәселелерді анықтап көрсек.

Пищулина «Қазақ мемлекетінің құрылуын тек Жәнібек-Керейдің көшуімен ғана байланыстыруға болмайды, ол ортағасырлық Қазақстан жұртының шаруашылық, әлеуметтік саяси және қазақтардың тарихи дамуының нәтижесі» деген ой түйеді

[1; 250 б.]. Қазақ хандығының құрылуы – жәй ғана қатардағы көп көшулердің немесе бөлінулердің салдары емес, терең мәні бар, тарихи дамудың заңды нәтижесі екендігін білуге, түсінуге мүмкіндік бере алады.

1428 жылы Ақ Орда ханы Барақ қайтыс болғаннан кейін, Шибан әулеті өкілдері мен жергілікті ру-тайпа басшылары 17 жасар шибанилық Әбілхайырды хан көтерген болатын. Ол 1428 жылы өз ұлысының ханы болып сайланғанымен, 1446 жылдары Орда Ежен әулетіне қарасты Сығанақ қаласын басып алады [9; 159 б.]. Мұхаммед Хайдар Дулати осы кездегі тарихи оқиғаны былай суреттейді: «Бұл кезде Дешті Қыпшақтағы билік Әбілхайыр ханның қолында еді. Ол жошылық сұлтандарға көп ауыртпалық келтірді. Жәнібек пен Керей одан Моғолстанға қашты дейді» [8; 195 б.]. Жоғарыда айтылғандай, Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақты 1446 жылы басып алған, соған сай Дешті Қыпшақты жаулап алу мен Керей мен Жәнібектің Әбілхайырдан бөлініп кетуінің арасы кең ауқымда алсақ 15 жылдай уақыт қана. Әбілхайырдың жошылық сұлтандарға қандай ауыртпалық тигенін анықтау үшін мына дерекке жүгінсек: «Әбілхайыр хан Сырдың орта ағысы бойындағы Сығанақ, Аққорған, Аркөк, Созақ, Өзкент қалаларын иеленіп, әр қаланы өзінің әмірлері мен қолбасшыларына басқаруға береді. Ханның өзі осы өңірде қыстап шығады. 1446 жылдан бастап Сығанақ Әбілхайыр хандығының астанасына айналады... Әбілхайыр хан Созақты сұлтандардың сұлтаны Бахтияр сұлтанға, Сығанақтың билігін Мане сұлтанға, Үзкентті маңғыт биі Уаққасқа береді [9; 159 б.]. Осы себептерге байланысты бұрын осы қалалардың билігі Орда Ежен ұрпақтарының қолында болса, енді Шибан әулетіне көшті, осы арқылы Әбілхайыр хан өзіне жергілікті сұлтандарды қарсы қойып алды және ғасырлар бойы қалыптасқан Орда Ежен ұрпақтарын биліктен тайдыруға тырысты. Әбілхайыр хан неге Дешті Қыпшақты жаулап алған соң өз адамдарын билікке тағайындап, өзінің ұлысында басқара бермеді деген сұрақ туындайды. Оған себеп Сығанақ Ақ Орданың елдігінің белгісі еді. Сығанақты астана ету бүкіл Ақ Орданы билеу, яғни Дешті Қыпшақтың қожайыны болу деген сөз. Оны мынадан түсінуге болады: Ақ Орданың соңғы билеушісі Барақ қайтыс болардан бұрын Ұлықбекке: «Сығанақ жайылымы әдеттегі заң ережесі бойынша маған тиесілі, өйткені менің атам Орыс хан Сығанақта Орда тұрғызған» – деп уәж айтқан [4; 637 б.]. Біздің ойымызша, Керей мен Жәнібек сұлтандарды қолдағандар – Әбілхайыр ханға қарсы жергілік-

ті этникалық күштердің басшылары: бектер мен билер, батырлар мен әмірлер болған. 13 ғасырдың басынан бері Дешті Қыпшақ Орда Ежен әулетінің билігінде болып келді. Мұндағы мемлекет – Ақ Ордада Барақ ханға дейін ордаежендік хандар билік құрды. 1428-1469 жж. ғана 40 жылдан астам уақыт ішінде билік шибанилар әулетіне көшеді. Ордаежендік әулет өкілдері Керей мен Жәнібек сұлтандардың билік үшін күреске түсуі өздігінен түсінікті заңды құбылыс. Олар бұл саяси күресте бұхараның Әбілхайырға қарсы бөлігін өз мүдделеріне сай пайдалана алды немесе жергілікті этникалық күштер ресми ханға қарсы күресте Жошы ұрпақтарының Керей мен Жәнібек секілді өкілдерін саяси күрестің жетекшілері етеді [5; 42 б.].

XV ғ. 50 ж. дала көсемдері бұрынғы Орда Ежен әулетінен шыққан сұлтандарды қолдай бастайды. Бір себебі, Әбілхайыр хан мемлекетінің шығысындағы аймақтарға жете көңіл бөле алмауында және шығыстан жорықтар жасап тұрған ойрат (қалмақ) тайпаларына лайықты қарсылық көрсете алмауы деп түсінудің қисыны мол – деген Амантай Исиннің пікірі құптауға лайық. [10; 66 б.] Жазба деректердің мәліметтерінде Әбілхайырдың хандық билікке келуіне, оның күшеюіне жәрдем берген 70-тен астам әмір, батыр, билердің есімдері аталса, қалмақтарға қарсы күресте оны бар болғаны 17 ру-тайпа басшысы қолдап, оның жарлығына сай әскерлер жібереді [9; 168 б.]. Ал қалған ру-тайпа басшыларының әскер жібермеуінің себебін Әбілхайыр ханға жасаған наразылығының көрінісі деп білеміз. Бұл наразылық – хандық билік пен жергілікті этникалық күштер арасындағы қайшылықтардың әбден пісіп-жетілгендігін көрсетеді.

Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлінуінің себептерін Әбілхайыр ханның 1446 жылғы Сыр бойындағы қалалар мен өңірлерді бағындыруынан кейін қалыптасқан тарихи жағдайлардан іздестіруіміз қажет. Оңтүстіктегі аймақтарды бағындыру нәтижесінде Әбілхайыр хан Шибан әулетінің алғашқы өкілі ретінде бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа билігін орнатады. Бұл кезде ордаежендік әулеттің өкілдері Әбілхайыр ханға қарсы шығуға күштері аз болғандықтан, қалыптасқан жағдаймен амалсыз келіседі, бірақ түпкі ойлары өз әулетінің билігін қалпына келтіру болады [2; 399 б.]. Осыдан Әбілхайырдың Шығыс Дешті Қыпшаққа Шибан әулеті өкілі болғандықтан жат тұлға болғанын, ордаежендік топ өкілдерінің бас кезінде ашық қарсылық көрсетпесе де Әбілхайыр билігіне қарсы болғанын байқауға болады. Тұрсын Сұл-

тановтың атап көрсеткеніндей Мустафа ханды жеңуі де, сырдарияның қала-бекіністерін жаулап алуы да Әбілхайырдың қалмақтардан оңбай жеңілуінен құтқара алмады дегені Әбілхайырдың өз территориясынан алыстап кеткендіктен, онымен бірге қазақтардың қалмақтарға қарсы соғысқа шықпауына себеп болады. Өйткені бұл соғыста қалмақтар қазақтарға емес, Әбілхайырдың өзіне тікелей соғыс ашты, екіншіден Әбілхайырдың өзі басқыншы болып саналғандықтан, екі басқыншының бір-бірімен соғысуы Орда Ежен ұрпақтары үшін тиімді болды, ал жауымның жауы менің досым деген қағидаға сәйкес қазақтар Әбілхайыр соғысында қалмақтарға қарсы шығудың ешбір мәні жоқ болатын. Оған дәлел ретінде Кухистанидың сөзін келтірсек: «Үз-Темір Әбілхайыр үлкен байлық жинап алды дегенді естігенде, оның жүрегінде қызғаныш сезімі оянды» – дейді [9; 168 б.]. Үз-Темір соғыс арқылы саяси мақсат емес, экономикалық мүддесі үшін шабуыл жасаған, ал Әбілхайырдың әлсіреуі Керей мен Жәнібектің саяси мүддесі үшін тиімді болған.

Сығанақ шайқасының нәтижесінде Әбілхайыр хан көптеген ауыртпалықтарға тап болған. Олардың бірқатарын атап өтсек: Ол Созақтың билеушісі, Әбілхайыр әскерінің қолбасшылары етіп сайлаған Бахтияр сұлтан мен Ахмет сұлтан қаза табады. Сонымен қоса Сығанақ халқын, Түркістан мен Ташкент қаласы маңын және сол уәлаяттың халқын тонайды. Кухистани дерегінде осыдан кейін Үз-Темір Әбілхайырмен келісімшарт жасасып қайтып кетті дейді, бірақ қандай келісімге келгенін айтпайды. Біздің ойымызша келісімшарт негізінде Әбілхайыр ауыр алым-салықтар төлеуге тиіс болса керек. Өйткені деректе: «Әбілхайыр хан Үз-Темір кеткен соң Сығанақты тастап, өз халқы мен бағыныштыларының ісімен айналысты, әскерін тәртіпке келтіруге тырысты дейді. Бұл деректен бірнеше мәселенің басы ашылады. Әскерді тәртіпке келтіру деген сөзіне қарағанда бұл соғыста әскерінің көбінен айырылған тәрізді, сол үшін ол Сығанақты тастап жаңа әскер жинаған, әскер жинау үшін және өзінің тоналған ұлысын қалпына келтіру үшін оған қаражат қажет болған. Ол осы себепті халықтан алым-салық мөлшерін арттыруға тиіс болған. Ол өздері тоналуға ұшыраған жергілікті халық үшін жаңа салықтар ханға деген наразылыққа себеп болған [9; 168-170 бб.]. Бұл жағдайды Тұрсын Сұлтанов: «Керей мен Жәнібектің көшу уақыты Әбілхайыр ханның қалмақтардың талан-таражынан кейінгі елді тәртіпке келтіруімен сәйкес келді. Оның қатал

шаралармен енгізілген тәртібі ... қалың бұхараны аяусыз тонай бастады. Мұның бәрі халықтың наразылығын күшейтіп, нәтижесінде мемлекет тұрғындарының көрші, отырықшы жерлерге көшуі салдарынан азаюына әкеліп соқтырады», – дей келе, ханға қарсы Жошы ұрпақтарының бірі бұхараның ресми ханға наразылығын жеке өз мүддесіне пайдаланып кетіп отырды, деп түйіндеді [3; 233-234 бб.].

Қалмақтардан жеңілістен кейін Әбілхайырдың көшпелі халқының бір бөлігі Керей мен Жәнібекпен бірге Моғолстанға, Шу мен Қозыбасы өзені арасына көшіп кетті. Зардыхан Қиянатұлының айтуынша бұл көшті қашып кету емес, стратегия деген жөн тәрізді. Оның ойынша: «Бұл көштің алдында екі мақсат тұрды: 1) Жетісуға келіп қазақтың көлемді бөлігі Ұлы жүзбен табысу; 2) ондағы жұртына арқа сүйей отырып Әбілхайыр басып алған ел жұртын азат ету болатын. Бұл қазақ халқының ел-жұртының тәуелсіздігіне ұмтылған талпынысына ұйытқы болған, саяси маңызы зор елеулі оқиға [4; 649 б.]. Осы кездегі моғолстандағы негізгі этникалық тайпа – дулат тайпасы болған. Шағатайлық Есен Бұғаның дулат тайпасы қолындағы «қуыршақ» хан болуы, Жәнібек пен Керей бастаған қазақ руларының Моғолстан жеріне көшіп кетулеріне басты негіз болды [6; 63 б.].

Керей мен Жәнібек бастаған сұлтандар үшін Әбілхайыр ханның қалмақтардан жеңілуі өте тиімді болды. Өйткені Әбілхайыр ханның әскерінің негізгі қолбасшыларын құраған Бахтияр сұлтан мен Ахмет сұлтан қаза тапты, әскерлерінің көбі қырылып қалды, жаңа әскер жасақтау көп уақытты қажет етті, ең бастысы оның ұлысының экономикалық жағдайы өте төмендеп кетті. Сол себепті Әбілхайыр хан өзінен бөлініп кеткен Керей мен Жәнібектің артынан қуғыншы әскер жібере алмаған. Бахр әл-асрардағы мәліметтер бұған дәлел бола алады. Бұл дерек бойынша: «Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақ пен Хорезм аумағын бүлікшілер мен көтерілісшілерден тазалағаннан кейін, Моғолстанға дейінгі жерлерді бағындырған соң, кейбір туыстарын және қарсы адамдарды жазалаған соң, кейбірлерін басқа өңірлерге қашып кетуге мәжбүр еткен соң және кейбір сұлтандармен туыстық қарым-қатынас орнатқаннан кейін моғол сұлтандарының билігіндегі Моғолстан жерлерін жаулап алуға ниетті болды дейді [11; 358 б.]. Көріп отырғанымыздай Керей мен Жәнібек Әбілхайырдан 1457 жылы бөлініп кетсе де, Әбілхайырдың 1468 жылдарға дейін өз мемлекетіндегі шаруалардан қолы босамаған, ал бұл мүмкіндік туған кезде Моғолстан-

ға жорыққа шыққан оған ажал жету себепті жоспарлаған ісін аяқтай алмады. Әбілқайыр ханның қазасынан кейін (1468 ж.) Қазақ хандығы мәртебесін дала көсемдерінің басым көпшілігі мойындайды. Нәтижесінде Әбілқайыр хан әулеті дала үстемдігінен біртіндеп айырылады, Дешті Қыпшақтағы билік Ақ Орданың заңды мұрагері Қазақ хандығының қолына көшеді.

Қорыта келе айтарымыз, Қазақ хандығы құрылуы Ақ Орда билігінің жалғасы болғандықтан, ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан этникалық туыстас тайпалардың бірлікке деген

құлшынысынан туындаған. Әбілқайыр мемлекеті Шибан әулеті аумағын кеңейткен сайын, жергілікті халықтардың Әбілқайырға деген наразылығы күшейе түскен және өзіне тәуелді Шибан әулеті тайпаларынан алыстай түскен. Соған байланысты Әбілқайыр хан қалмақтарға қарсы тұруға қауқарсыз болған. Әбілқайыр хан билігі идеологиясының жоқтығы Әбілқайыр хан өлген соң бірден білінді. Заңды билікке құқығы бар Орда Ежен ұрпақтары Керей мен Жәнібек Ақ Орда мемлекетін Қазақ хандығы атауымен қайта қалпына келтірді.

Әдебиеттер

- 1 Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине 14-начале 16 веков (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977, – 288 с.
- 2 Қазақ хандығының құрылу тарихы: Монография. Б.Б. Кәрібаев. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
- 3 Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992.
- 4 Қиянатұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 728 б.
- 5 Керей мен Жәнібектің көшу себептері туралы. Б.Б. Кәрібаев. // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – №4 (23). – 2001, – 40-45 бб.
- 6 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
- 7 История казахского народа. – Алматы: «Қазақ университеті», 1993. – 224 с.
- 8 Тарихи Рашиди // МИКХ. – Алма-Ата, 1969. – С. 185-231.
- 9 Тарихи Абулхайрхани // МИКХ. – Алма-Ата, 1969. – С. 135-171.
- 10 Аяған Б.Ғ. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Алматы: Сөздік-Словарь, 2011. – 320 б.
- 11 Бахр ал-асрар фи манакиб ал ахйар // МИКХ. – Алма-Ата, 1969. – С.320-368.

References

- 1 Pishchulina K.A. YugoVostochnyy Kazakhstan v seredine XIV – nachale XVI vekov (Voprosy politicheskoyi sotsialno-ekonomicheskoy istoriy). – Alma-Ata, 1977. – 288 s.
- 2 Kazakh khandygynyn kurulu tarihy: monografiya. B.B. Karibaev. – Almaty: Sardar, 2014. – 520 b.
- 3 Letopis trekh tysyachiletiiy. – Almaty: Rauan, 1992.
- 4 Kiyanyatuly Z. Shyngys khan zhane kazah memleketi. – Almaty: Tarikh tagylymy, 2010. – 728 b.
- 5 Kerey men Janibektin koshy sebeptery tyralu. B. B. Karibaev // KazYU xabarshishi. Tarih seriyasu. – №4 (23). – 2001, – 40-45 bb.
- 6 Omarbekov T., Omarbekov Sh. Kazakhstan tarihyyna jane tarihnamasyna ulttuk kozkaras. – Almaty: Kazakh yuniversiteti, 2004. – 388 b.
- 7 Istoriya kazakhskogo naroda. – Alma-Ata: Kazah universiteti, 1993. – 224 s.
- 8 Tarikhi Rashidi // MIKH. – Alma-Ata, 1969. – s. 185-231.
- 9 Tarikhi Abulkhayrkhani // MIKH. Alma-Ata, 1969. – s. 135-171.
- 10 Ayagan B, Kazah khandygy tarikhy. Kyrylyuy, orleui, kuldyrauy. – Almaty: 11 Sozdik-Slovar, 2011. – 320 b.
- 12 Bakhr alasarar fi manakib al akhyar // MIKH. – Alma-Ata, 1969. – s. 320-368.

Бакытжанқызы А.
**Лейборизм – британский
вариант концепции
демократического социализма**

Данная статья посвящена анализу программы Лейбористской партии Великобритании. Приход к власти первого лейбористского правительства явился важной вехой в политической истории Великобритании, внося значительный вклад в изменение расстановки партийных сил в парламенте. Поочередная смена у власти двух сильнейших политических партий уже долгое время является залогом прочности демократических институтов страны. Формирование ее современной модели восходит к первому десятилетию после окончания Первой мировой войны, когда на смену некогда могущественной партии либералов пришла новая, молодая лейбористская партия. Лейбористская партия Великобритании представляет собой яркий пример идейной и социально-политической интеграции новых социальных сил в сложившуюся структуру общества, процесса, ставшего основой цивилизованного гражданского общества и обеспечившего возможности поступательного развития как для Великобритании, так и для мира в целом.

Ключевые слова: Лейбористская партия, демократические институты, демократический социализм, двухпартийная система, лейборизм.

Bakytzhankyzy A.
**Labourism – the British version
of the concept of Democratic
Socialism**

This article is devoted to an analysis of the program of British Labour Party. Accession the first Labour government to a power was a key milestone in political history of Great Britain which made a relevant contribution to modification of placing the party powers in the Parliament. The alternate change of two strongest political parties being in the power was a pledge of strength of democratic institutes of the country for a long time. The formation of its modern model takes place from the first decade after First World War completion, when once-great powerful Liberal party was replaced by a new one – young Labour Party. British Labour Party is a bright example of ideological and politico-social integration of new social powers in the established structure of public, process, which became the basis of civilized civic society and provided with a possibility for an upward tendency both for Great Britain and the world in whole.

Key words: Labour Party, democratic institutes, democratic socialism, two-party system, Labourism.

Бақытжанқызы А.
**Лейборизм – демократиялық
социализм тұжырымдамасы-
ның британдық нұсқасы**

Ұсынылып отырған мақала Ұлыбритания Лейбористік партиясының бағдарламасына талдау жасауға арналған. Бірінші лейбористік үкіметтің билік басына келуі Ұлыбританияның саяси өміріндегі маңызды кезең болды, ол парламенттегі партиялық күштердің арасалмағының өзгеруіне айтарлықтай үлес қосты. Ұзақ уақыт бойына екі қуатты партияның билік басына кезектесіп келіп отыруы елдің демократиялық институттарының беріктігінің кепілі болып келеді. Оның заманауи моделінің қалыптасуы бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта бір кезде аса қуатты болған либералдық партияның орнына жас лейбористік партияның келуінен басталды. Ұлыбритания Лейбористік партиясы жаңа әлеуметтік күштердің қоғамның қалыптасқан құрылымына идеялық және саяси-әлеуметтік жағынан кірігуінің жарқын көрінісі болды, бұл үдерістің өзі өркениетті азаматтық қоғамның негізіне айналып, Ұлыбританияның және тұтас алғанда бүкіл әлемнің үдемелі дамуының мүмкіндіктерін қамтамасыз етті.

Түйін сөздер: Лейбористік партия, демократиялық институттар, демократиялық социализм, екіпартиялы жүйе, лейборизм.

**ЛЕЙБОРИЗМ –
БРИТАНСКИЙ
ВАРИАНТ КОНЦЕПЦИИ
ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО
СОЦИАЛИЗМА**

История Лейбористской партии Великобритании насчитывает чуть более ста лет. Созданная в 1900 г. как Комитет рабочего представительства для проведения в парламент рабочих депутатов, которые отстаивали бы интересы своего класса, лейбористская партия за короткий срок превратилась в крупнейшую политическую силу страны. Лейборизм представляет собой наглядный пример возникновения и развития политической партии, востребованной глубокими социальными сдвигами, опирающейся на широкие социальные слои. Появившись на рубеже XIX–XX веков, ЛПВ явилась партией новейшего времени, выражающей интересы рабочего класса, опирающейся на организационную и финансовую поддержку профсоюзного движения, нацеленную не только на завоевание политической власти, но и на социальную трансформацию общества.

Обстоятельства создания партии обусловили богатую гамму представленных в ней политических сил. Лейбористская партия опиралась на социалистические и рабочие традиции, получившие развитие во второй половине XIX века. Массовой опорой лейбористов стали профсоюзы и кооперативные общества. Интеллектуальной основой ЛПВ были Фабианское общество во главе с Сидней и Беатрис Вебб, марксистская Социал-демократическая федерация, преобразованная в 1920 г. в Коммунистическую партию Великобритании, и Независимая лейбористская партия, лидеры которой были умеренными социалистами [1]. Тред-юнионизм, фабианизм, марксизм, христианский социализм, левый либерализм вписались в новое политическое движение, ставшее британским вариантом европейской социал-демократии. Их исторические корни уходят в эпоху английской революции, движения диггеров, левеллеров, чартистов [2]. Первая мировая война, раскол Либеральной партии, революционные события во многих странах вывели лейбористов на сцену большой политики как самостоятельную силу.

Между лейбористами и другими партиями на время войны было заключено политическое перемирие. Ряд видных деятелей ЛПВ вошли в состав коалиционных правительств в 1915 и 1916 гг. [3]. Несмотря на это, период Первой мировой войны объективно способствовал усилению позиций лейбористов. Увеличивался спрос на рабочую силу, поднимался уровень

заработной платы, быстро пополнялись ряды профсоюзов. Резкое усиление государственного вмешательства в социально-экономическую сферу в военные годы способствовало росту популярности социалистических идей.

Рубежным в истории лейборизма стал 1918 г., когда впервые были приняты устав и программа Лейбористской партии Великобритании «Лейбористы и новый социальный порядок» [4]. В знаменитой статье 4 Устава ставилась задача «обеспечить работникам физического и умственного труда полный продукт их труда и его наиболее справедливое распределение на основе общественной собственности на средства производства» [5]. Также вводилось коллективное членство в ЛППВ, что привело к резкому расширению рядов партии за счет профсоюзов. В программе говорилось о том, что в случае прихода к власти лейбористы национализуют электростанции, угольную промышленность, железные дороги, порты. Предложенная «социальная реконструкция» рассматривалась как способ избежать революционных потрясений.

В 1924 г. ещё не имевшая административного опыта лейбористская партия впервые получила возможность сформировать собственное правительство. За короткий период пребывания у власти в 1924 г. лейбористы смогли рассеять то недоверие, которое существовало в значительных слоях британского общества к партии преимущественно рабочего класса. Они сумели доказать, что следование национальным интересам не было монополией какого-то одного класса и что лейбористы способны управлять государством по крайней мере не хуже других уже зарекомендовавших себя на административном поприще политических партий [6]. Сформировав правительство менее чем через четверть века после своего образования, лейбористская партия продемонстрировала свой огромный потенциал в британской политике. Они сумели доказать избирателям и оппонентам состоятельность и серьезность намерений. Кроме того, члены первого лейбористского правительства, лишь единицы из которых занимали правительственные посты до 1924 года, получили колоссальный административный опыт. Впоследствии благодаря этому партия смогла сформировать более продуманную и дальновидную политическую стратегию. Преобразования, осуществленные первым лейбористским правительством, носили крайне ограниченный характер в связи с положением меньшинства в парламенте. По этой же причине в состав правительства вошли пред-

ставители других партий, что было воспринято с негодованием со стороны рядовых лейбористов, выступающих против любых компромиссов. Это было необходимо для обеспечения лояльности постоянных чиновников соответствующих департаментов. При осуществлении политики и рассмотрении законопроектов в палате общин руководству лейбористской партии приходилось лавировать между удовлетворением требований своего левого крыла и сохранением поддержки оппозиции.

Выдающуюся роль в этом процессе сыграл один из основателей лейбористского движения и первый лейбористский премьер-министр Джеймс Рамсей Макдональд [7]. Фактически он явился тем локомотивом, который вывез не имевшую кредита доверия партию к вершинам власти. Проявив себя в качестве прекрасного партийного организатора, искусного парламентского тактика и ведущего партийного теоретика, он способствовал становлению Лейбористской партии как партии парламентского типа. Макдональд не позволил завести лейбористское движение в тупик классовой войны, сконцентрировав усилия своего правительства на достижении конкретных реальных целей и направив рабочее движение Англии по пути постепенных реформ. Тщательно очертив политику партии в том, что касалось представления интересов рабочих и интересов общества в целом, Макдональд прочно утвердил её как общенациональную прогрессивную партию, ещё больше усилив её избирательные позиции.

В результате руководимая Макдональдом Лейбористская партия смогла занять прочное место в английской политической системе, потеснив либералов в качестве основной «антиконсервативной» партии Великобритании [8]. Именно его идеалы, политические убеждения и принимаемые в соответствии с ними решения во многом определяли направление и приоритеты деятельности первых лейбористских кабинетов, оказывая влияние на политическое развитие всей страны.

Для того чтобы стать основным оппонентом Консервативной партии Великобритании, лейбористам была необходима поддержка не только классово-сознательных членов профсоюзов и убежденных социалистов, но и массы избирателей, которые в прошлом традиционно считали себя либералами. Она должна была убедить таких людей, что, хотя она и была рабочей партией, однако не была партией исключительно рабочего класса; что хотя она надеялась

на общее преобразование общества, она могла управлять обществом так же компетентно, как и другие партии без разрушения традиционных устоев и революционных катаклизмов. Она должна была превратиться в «большую прогрессивную партию» [9], включающую в себя как можно больше радикальных сторонников старой Либеральной партии, а также профсоюзов и социалистических обществ. Лейбористскую партию часто называют «большим приходом», имея в виду коалиционный характер ее устройства. Разнообразие взглядов внутри ЛПВ объясняется как обстоятельствами ее создания, так и мажоритарной избирательной системой, не допускающей малые партии к власти. В истории ЛПВ разногласия между левыми и правыми часто приводили к внутрипартийным распрям, но и к более серьезным последствиям.

В руководящих органах ЛПВ и лейбористской фракции в парламенте в большинстве находились те деятели британского лейборизма, прозванные «социал-демократами» [10], которые стремились к косвенному контролю рыночных отношений, реформированию капиталистического строя, сглаживанию его негативных черт, но не к коренной трансформации, а тем более ликвидации. Для них на первом месте стояли не идеологические, а прагматические соображения по завоеванию и удержанию власти, а следовательно, обеспечению широкой опоры в электорате.

Меньшинство в руководстве ЛПВ, опиравшееся на массы лейбористских активистов, значительная часть профсоюзных лидеров, прозванных «левыми», стремились к реализации положения статьи 4 Устава партии 1918 г. о введении в стране общественной собственности

на средства производства. Эта редакция Устава партии на многие годы стала водоразделом между левыми и правыми в ЛПВ, несмотря на то, что и те и другие характеризовали свои воззрения как социалистические [11].

Левые рассматривали ЛПВ как партию рабочего класса. Правые, разделяя идеи фабианизма и этического социализма, считали, что ЛПВ должна выражать общенациональные интересы [12]. Отсюда проистекала различная трактовка понятий «социализм», «социальная справедливость», «равенство». Для одних они означали национализацию большей части британской экономики, прогрессивное налогообложение и крупномасштабное перераспределение доходов. Намерения других ограничивались огосударствлением некоторых отраслей социальной и экономической инфраструктуры и равенством возможностей.

Важно отметить, что наряду с сохранением социалистических идеалов, хотя и отмеченных заметной временной отстраненностью, для лейбористской партии второй половины 1920-х гг. была характерна дальнейшая эволюция в сторону все большего прагматизма своей политики. Оставаясь социалистами, но в то же время стремясь прочно занять место альтернативной правящей партии в двухпартийном политическом механизме, и принимая уже сложившиеся условия игры, лейбористы в 1920-е гг. неизбежно вынуждены были быть прагматиками [13]. Если даже они и желали, пусть в отстраненном будущем, создать лучшее общество, пронизанное высокими ценностями, для этого в любом случае им необходимо было демократическим путем получить власть из рук того реального общества, которое их окружало.

Литература

- 1 Капитонова Н.К. Великобритания в конце XX – начале XXI века: от консерваторов к лейбористам. – М., 2003. – С. 117.
- 2 Виноградов В.Н. У истоков лейбористской партии (1889-1900). – М., 1965. – С. 215.
- 3 Перегудов С.П. Лейбористская партия в социально-политической системе Великобритании. – М., 1974. – С. 188.
- 4 Милибенд Р. Парламентский социализм. Исследование политики Лейбористской партии. – М., 1964. – С. 408.
- 5 Степанова Н.М. Культура тендерных отношений в политических партиях и в парламенте Великобритании // Тендерная реконструкция политических систем – СПб., 2004. – С. 225.
- 6 Сулопарова Е.А. Джеймс Рамсей Макдональд (1866-1937). К политическому портрету лейбористского лидера // Новая и новейшая история. – 2003. – №4. – С. 141.
- 7 Сур А. I. Liberal politics in Britain. – L., 1988. – P. 118.
- 8 Davis M. Comrade or Brother? A History of the British Labour Movement. – 2nd edition. – L., 2009. – P. 56.
- 9 Douglas R. The History of the Liberal Party, 1895-1970. – L., 1971. – P. 217.
- 10 Абрамкин П.А. Джеймс Рамсей Макдональд и адаптация британских лейбористов к власти. – М., 2002. – С. 222.
- 11 Алпатов Г.М. Рабочий класс и эволюция двухпартийной системы в Великобритании в 20-е гг. XX в. – М., 1974. – С. 133.

- 12 Шумпетер Й.А. Капитализм, Социализм и Демократия. – М., 1995. – С. 211.
- 13 Мочульский Н.Ф. Кризис лейбористской партии в 1931 году. – М., 1956. – С. 126.

References

- 1 Kapitonova N.K. Velikobritanija v konce XX – nachale XXI veka: ot konservatorov k lejboristam. – М., 2003. – С. 117.
- 2 Vinogradov V.N. U istokov lejboristskoj partii (1889-1900). – М., 1965. – С. 215.
- 3 Peregudov S.P. Lejboristskaja partija v social'no-politicheskoj sisteme Velikobritanii. – М., 1974. – С. 188.
- 4 Milibend R. Parlamentskij socializm. Issledovanie politiki Lejboristskoj partii. – М., 1964. – С. 408.
- 5 Stepanova N.M. Kul'tura tendernyh otnoshenij v politicheskikh partijah i v parlamente Velikobritanii // Tendernaja rekonstrukcija politicheskikh sistem – SPb., 2004. – С. 225.
- 6 Susloparova E.A. Dzhеjms Ramzej Makdonal'd (1866-1937). K politicheskomu portretu lejboristskogo lidera // Novaja i novejšhaja istorija. – 2003. – №4. – С. 141.
- 7 Cyr A. I. Liberal politics in Britain. – L., 1988. – R. 118.
- 8 Davis M. Comrade or Brother? A History of the British Labour Movement. – 2nd edition. – L., 2009. – P. 56.
- 9 Douglas R. The History of the Liberal Party, 1895-1970. – L., 1971. – P. 217.
- 10 Abramkin P.A. Dzhеjms Ramsej Makdonal'd i adaptacija britanskih lejboristov k vlasti. – М., 2002. – С. 222.
- 11 Alpatova G.M. Rabochij klass i jevoljucija dvuhpartijnoj sistemy v Velikobritanii v 20-e gg. XX v. – М., 1974. – С. 133.
- 12 Shumpeter J.A. Kapitalizm, Socializm i Demokratija. – М., 1995. – С. 211.
- 13 Mochul'skij N.F. Krizis lejboristskoj partii v 1931 godu. – М., 1956. – С. 126.

Дүйсен Ө.
**Қимақтар тегіне қатысты
кейбір мәселелер**

Мақалада қимақ қағандығын құрған тайпалардың шығу тегіне қатысты түрлі көзқарастар тобына назар аударылып, шешуші маңызы бар деректер атап өтілген. Қимақ тайпаларының шығу тегіне байланысты қалыптасқан түрлі көзқарастарға талдау жасалған. Қимақтар мемлекеті жөнінде едәуір мол мағлұмат қалдырған орта ғасырлық араб-парсы деректері қарастырылады, соның ішінде Гардизидің «Заин-әл-ахбар» атты еңбегіндегі қимақтардың шығу тегі жөніндегі аңыз айтылған. Аңыздағы қимақтардың «татарлар» елінен келгендері жайындағы мәліметтерді негізге ала отырып, автор қимақтардың арғы тегін татар тайпалық одағы деп қарастырады. Татарлардың ежелгі тарихы, қонысы, нәсілдік шығу тегі жайында түрлі мағлұматтарды, ғылыми әдебиеттерді талдай, өз пікірін негіздеуге тырысады. Қимақтардың шығу тегіне байланысты отандық тарих ғылымында қалыптасқан ғылыми көзқарастар қамтылған.

Түйін сөздер: қимақтар, Қазақстан тарихы, қағанат, тарихи жазба дерек, имек, қытай деректері, се-ианто, тайпа, шығу тегі, татар, аңыз-әнгіме.

Duysen O.
**Some problems about the genesis
of the kimaks**

The role of important concepts is noted and different groups of sources on genesis of the tribes, which formed the kimak khaganate, are considered in this article. The different points of view are analyzed on origin stories the kimak tribes. The Arab-Persian sources of a middle century, which include important facts about the kimak state are considered. Among them the «Zain-ə l-akhbar» written by Gardizi provides a mythological story about genesis of the kimak. According to this story the kimaks came from the country of the «tatar», the author is supporting this idea, he make a conclusion that kimak originate from the union of the Tatar tribes. The author tried to prove the conclusion with analyzing different sources and scientific works on the Tatars' ancient history, their settlement, their racial origin. The scientific points of view about genesis of the kimak, which created by domestic historical science are also analyzed

Key words: Kimaks, Middle Ages, history of Kazakhstan, Khanate, written source Imek, Chinese sources, CE ianto, tribe, origin, Tatars, legend.

Дүйсен О.
**Некоторые вопросы
о генезисе кимаков**

В статье отмечена роль особо важных концепций и рассмотрены разные группы источников по генезису племен, образовавших кимакский каганат. Анализированы разные точки зрения по истории происхождения кимакских племен. Рассмотрены арабо-персидские источники среднего века, охватывающие немаловажные факты о кимакском государстве, среди них работа Гардизи «Заин-әл-ахбар», в котором приводится мифологический рассказ о генезисе кимаков. Согласно этому рассказу, кимаки пришли из страны «татаров», автор, поддерживая данную идею, приходит в выводу, что кимаки берут свое начало от союза татарских племен. Автор попытался обосновать свое заключение, анализируя разные источники и научные работы по древней истории, поселению, рассовому происхождению татар, научные точки зрения о генезисе кимаков, сформировавшихся в отечественной исторической науке.

Ключевые слова: кимаки, средние века, история Казахстана, каганат, письменный источник, имек, китайские источники, се-ианто, племя, происхождение, татар, легенда.

**ҚИМАҚТАР ТЕГІНЕ
ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР
МӘСЕЛелЕР**

Қимақ қағандығы тарихи кезеңі орта ғасырлық Қазақстан тарихынан маңызды орын алады. Қимақ тайпаларының шығу тегіне қатысты бірнеше деректер тобы бар. Бірінші араб-парсы деректері, екінші түркі деректері, үшінші қытай деректері. Соның ішінде ең маңыздысы парсы деректері болып табылады. Парсы саяхатшысы Гардизидың «Заин-әл-ахбар» атты еңбегінде қимақтар шығу тегіне байланысты едәуір құнды мағлұматтар сақталған. Осы мәселеге байланысты өзге араб-парсы деректері мен түркі және қытай деректерін жанама дерек ретінде пайдалануға тура келеді.

Қимақ мемлекеті иемек, ими тайпаларының ұйытқы болуымен жеті тайпаның басын біріктірген мемлекеттік құрылым болғандығын тарихи жазба деректер дәйектейді. Билеуші тайпасы иемек деп аталған. Иемек сөзі жөнінде Махмұт Қашқари өзінің «Түркі тілдерінің сөздігі» еңбегінде айтып өткен. «Артыш (Ертіс) – Иемек даласындағы өзен. Ол сондағы бір көлге құяды» [1, 14 б.], – деген анықтама берген. Бұдан иемек тайпасының аты әйгілі екенін, иемек сөзі орта ғасырда этникалық атау болумен қатар географиялық атау сипатына ие болғанын аңғарамыз. Иемектердің шығу тегі жөнінде тарихшы ғалымдар нақты бір ғылыми байламға келе алмаған, сондықтан да қазіргі отандық тарих ғылымында бұл мәселе жөнінде ортақ пікір орын алмай келеді. Мәселен, Қазақстан тарихының 1-томында Иемектер тарихының ертедегі кезеңі Қытай деректері бойынша баяндалған: «Қимақтар тарихының ертедегі кезеңі Қытай деректемелерінде VII ғасырдағы Батыс Түрік қағандығы ортасында болған оқиғаларға қатысты атап өтілген янмо тайпасымен байланысты айтылған. Синологтар Батыс түріктері құрамына кіретін янмоны йемек (имек) тайпасына балайды, ол зерттеушілердің көпшілігі шамалайтындай, кимек атауының фонетикалық бір түрі болып табылады» [2, 322 б.].

Дегенмен, янмоларды иемектер емес ежелгі Қарахан мемлекетінің ұйытқысы болған яғма тайпсы деп қарайтын зерттеушілер бар. «Яғма – Қытай деректерінде Ян миян, Ян мо, Яң мо, Яң мы түрінде оқылады және әртүрлі таңбамен кездеседі. М. Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігінде» яғма болып жазылған. Түрік тілінде сөйлейді, тұрмыс-салты да түріктермен бірдей. 1993 жылы шыққан «Шин Жиян тарихи сөздігінде» (48, 68 б.)

Әубаста Жоңғар ойпатының батыс солтүстігінде, Еміл өзені маңындағы халықтардың бәрі солай аталған. Кейіннен Балқаш көлінің батыс оңтүстігіне Памир мен Тәңіртаудың түстігіне дейін бытырай қоныстанды. Моңғол үстіртіне дейін кеткендер де бар. Гаушаң (ыдиқұт) ұйғұрларына сіңіп кеткендері де баршылық», – деген түсінік берілген [3, 23 б.]. Бұған қарағанда Қытай деректерінде кездесетін янмо терминін иемектерге баламалау орынды бола қоймайды.

Екінші бір көзқарастағы ғалымдар қимақтарды се-иэнтто этнонимімен байланыстырады. Шығыс түрік қағандығы құлағаннан кейін се-иэнттолар Өтукен қойнауында қағандық құрды. 647 жылы Таң империясы мен ұйғұр одағы Се-иэнтто қағандығын құйретіп, се-иэнттолардың тоз-тозын шығарды. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, се және иэнтто сынды туыстас екі тайпаның бірігуінен құралған се-иэнтто этносы Се-иэнтто қағандығы құлаған кезде ыдыраған. Иэнтто тайпасы се тайпасынан бөлініп батыстағы Ертіс бойына келіп, орныққан. Содан кейін қытай деректеріне иэнттолар янмо деген жана атаумен көрсетіле бастаған. Ал се тайпасы Моңғол үстіртінде қалып, қайтадан ес жиып Шығыс түрік қағандығын құрды. Орхон ескерткіштерінде түрік-сір атауымен берілген тайпа атауы осы се тайпасының түрікше дұрыс аталуы деген пікір. Бұл тұжырымның пайда болуына белгілі ғалым С.Г. Кляшторныйдың Қытай деректерінде баяндалатын се-иэнтто этнонимінің тарихы мен қалыптасу құрылымына деген түсінік, пайымдары негіз болған.

«С.Г. Кляшторный, се-иэнтто тайпасын түріктердің билеуші тайпасы деп тұжырым жасап ғылымға бұдан бұрын әрқайсысы жеке этноним ретінде танылған этнонимдерді негісіз өз қалауынша бөлшектеп, әуелі се-иэнттоның се-сін түрік-сір этнонимінің сыр-мен шендестіру арқылы се мен сір екеуін бір халықтың қытайша және түрікше айтылған атауы деп алып, содан кейін оларды, яғни се мен сірды түрік-қыпшақ этнонимінің екінші компоненті қыпшаққа теліп, мұны сол баяғы бір халықтың ұйғырша аталуы еді деуі қисынсыз, мұнда тарихи заңдылықтың орын алғандығын түсіну қиын» [4, 94 б.] .

Осылай деп жаза келе зерттеуші Қойшығара Салғараұлы: «Тарихта билеуші тайпа деп белгілі мемлекетті құруда жетекші рөл атқарған, сол мемлекеттің билеушілері шыққан тайпаны айтады. Осы тұрғыдан келгенде бірінші Шығыс түрік қағандығының негізін қалаушылар Пиңлианнан ауып келген хулар (Қытай тарихында оларды «ашина тайпасы» дейді), ал екінші

Шығыс түрік қағанатының шаңырағын көтерушілердің Шили-иуэнлин (Ханьли-Юньнин) тайпасы екендігі белгілі. Түріктің дана билеушісі Білге қаған мен әйгілі батыры Күлтегіннің әкесі Шығыс түрік қағандығының негізін қалаушы ел төресі аталған Құтлық қаған осы шили-иуэнлин тайпасының билеушісі болатын» – деп, өз тұжырымын білдіреді [4, 93 б.].

Дегенмен, қытайша деректе «Шили-иуэнлин» деп жазылған, Шығыс Түрік қағандығын құрған тайпа атауы одан кейінгі Ұйғұр қағандары қалдырған Селенгі тасында «түрік-қыпшақтар» түрінде жазылған. Белгілі тарихшы ғалым Сарткожа Қаржаубай өзінің «Орхон мұралары» атты еңбегінде Орхон ескерткіштеріндегі бұрын «түрік-сір халқы», «түрік-сір жері» деп оқылып келген тіркестерді «түрік есір (так) халқы,» «түрік есір (так) жер» [5, 225 б.], – деп аударған. Бұған қарағанда сір тайпасы деген болмаған. Ол есір (так) деген көне түрік сөзін оқу, мағынасын түсіну барысында кеткен олқылықтан қалыптасқаны байқалады.

Осынау деректер мен фактілерден, 647-жылы Таң империясы және ұйғұр одағы соққысынан Се-иэнтто қағандығы құлағанда, се-иэнтто этнонимі се және иэнтто топтарына бөлініп кеткендігі байқалады. Иэнтто тайпасы се тайпасынан бөлініп, Ертіс өзені алабына қоныс аударды. Содан олар қытай деректерінде янмо деп көрсетіле бастаған. Иэнттолар Қимақ мемлекетінің негізін қалады. Ал се тайпасы моңғол үстіртінде қалып кейінгі Шығыс түрік қағандығын құрған, бұл тайпаның көне түрікше аталуы сір деген тұжырымның да негізі жоқ екені аңғарылады. Олай болса қимақтар шығу тегі жағынан ертедегі қандай тайпалық одақтарға жақын? Нәсілдік тегі кімдер? деген сұраққа жауапты қимақтардың өздерінің тегі жайындағы аңыздарынан іздеген абзал. Соларды зерделеу арқылы шынайылыққа қол жеткізіледі.

Сондай-ақ, Қимақтар мемлекеті жөнінде орта ғасырлық араб-парсы деректерінде едеуір мол мағлұматтар бар. Олардың ең маңыздысы Гардизидың «Заин-эл-ахбар» атты еңбегінде қимақтардың шығу тегі жөніндегі аңызды жазып қалдырған. Ол аңыз бойынша қимақтардың пайда болуы былайша суреттелген: «Татарлар елінің билеушісі қайтыс болып екі ұл қалған: үлкен ұлы патшалықты билеген. Бұл әрекетті кіші ұлы көре алмаған. Кішісінің есімі Шат еді. Шат ағасына қастандық жасап, онысы сәтсіз аяқталып, содан өз өміріне қауіп төнгендіктен, өзімен бірге көңілдес бір күң әйелді ертіп, үлкен өзеннің жағасына, ағашы мен жабайы аң-құсы мол жерге

барып, шатыр тігіп, орналасыпты. Екеуі күнде аңға бірге шығып, етті қорек етіп, бұлғын, тиын мен ақ тышқан терісінен өздеріне киім тігіпті. Біршама уақыт өткеннен кейін оларға туыстарының ішінен 7 адам келіп қосылыпты. Біріншісі – ими, екіншісі – имақ, үшіншісі – татар, төртіншісі – байандур, бесіншісі – қыпшақ, алтыншысы – ланиказ, жетіншісі – Аджалад. Бұлар өз билеушілерінің жылқысын баққан жылқышылар екен. Жылқыларының көптігінен табындары өткен жерде жайылым қалмай, содан Шаттың жайлаған жеріне келіпті. Таныс адамдарды көрген күң «ертүс» деп айқай салған екен. Мағынасы тоқтаңдар, аттан түс деген сөз. Осындай себептерге байланысты өзен аты Ертіс аталған екен. Күңді танып барлығы тоқтап, жайғасып шатырларын тіккен. Аңға кеткен Шат олжалы оралып, келген жолаушыларды дәмге шақырады. Жердің жайлылығы ұнап келген адамдары қысқа дейін қалды. Қар түскеннен кейін елге қайтып оралу мүмкін болмады да, бір жағынан жайлымның кеңдігі мен молдығына қызығып сол жерде қысты өткіземіз деп қыстап қалады. Қар еріп жер қарая бастаған уақытта, олар өз жұртына – татарлар еліне бір адамды жіберген еді. Мақсаты сол тайпа жайлы хабардар болу. Жіберілген адам бұрынғы жұртқа келгеннен кейін тұрғылықты жердің қаңырап бос қалғандығын, халықтың жоқтығын көреді. Елді жау шауып, байлығын тонап, бүкіл халықты қырып-жойып кеткеніне көзі жетеді. Қырғыннан аман қалғандары жаңағы адамды көріп, таудан түсіпті. Содан сол адам Шаттың жағдайы жайлы өз қауымдастарына әңгіме айтып қызықтырып ертіп әкетіпті. Шат еліне келгеннен кейін барлығы оны өздерінің басшысы ретінде қошеметтеп, құрмет көрсетті. Басқалары да, бұл хабарды естігеннен кейін бас аяғы 700 адамдай болып сол маңға жиналды. Ұзақ уақыт Шаттың қол астында болғаннан соң, олар саны жағынан ұлғайып, айналаға тарап, аталған жеті адамның есіміне байланысты жеті тайпа құраған

Бір күндері Шат халқымен өзен жағасында тұрған екен. «Шат сен менің суда жүргенімді көрдің бе?» деген таныс дауыс естіледі. Шат су бетінде қалқып жүрген шаштан басқа ешнәрсе көре алмаған еді. Мінген атын тұсап, суға түсіп шашты қолына алады. Сөйтсе ол өз жұбайы қатын болып шықты. Шат «сен қалайша суға түсіп кеткенсің?», – деп сұраған еді. Қатын: «Мені өзен жағасында жүргенде крокодил бас салды», – деп жауап береді. Қимақтар өзенге бас иіп табынады. «Өзенді – қимақтар құдайы деп құрмет көрсетеді...», – деп жазған [6, 9 б.]

Гардизи келтірген аңыздан кимақтардың негізін «татарлар елінен» қоныс аударған тайпалар құрағандығын, билеуші әулет те сол жақта билік жүргізген көне әулеттің жалғасы екендігі, олар ежелгі мекенінен ішкі алауыздық пен сыртқы жаугершіліктен қоныс аударғанын байқауға болады. Олардың Шат деген көсемінің болуы және Шаттың ағасының елді билеуі, осы ел билеушілерінің Түрік қағандығы билік жүйесіндегі дәрежесін де көрсетеді. Яғни, татар елі билеушілерінің атағы Шаттан жоғары болған деп жорамалдауға болады. Сонымен қатар Қимақ қағандығының құрамына жергілікті халықтың қосылғанын олардың Ертіс өзеніне және оның иесі өзен айдаһарына табыну салтынан аңғаруға болады. Осы аңызды тарихи деректермен байланыстырғанда ерекше назар аударуға тұрарлық бір жайт бар, яғни мұндағы «татарлар елі», «жеті татар», «татарстан» деген ұғымдарға баса назар аударған жөн. Аңызда кимақтар «татарлар» елінен келгендер деп баяндалады. Мәселенің байыбы мен мәні сауал тудырады. Оған жауап ретінде кимақтар мемлекетін құрған жеті тайпаның бірі татар тайпасы болғандығын айтқан жөн. Бұл татарлар тарихының ерте кезеңін тереңірек зерттеуді қажет ететінін аңғартып тұр.

Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінде тоғыз татар, отыз татар деген этнонимдер кездеседі. Бұмын қағанды жерлеу салтына елші жіберген түрік вассалдары мен көрші елдердің қатарында отыз татарлар аталады. Екінші Шығыс түрік қағандығы құрылуы барысында Түрік қағанатының қайта жаңғыруына қарсы жаулар ретінде отыз татарлар аталады. Бірақ отыз татарларға қарсы соғыс жорықтары жайында мардымды мағлұмат айтылмайды, тек оғыздардың кезекті бір көтерілісінде олардың тоғыз татарлармен бірігіп шабуылға шыққаны баяндалады. Білге қаған өз өсиетін айтқан жолдарында оң жағымдағы тегін, шат, т.б туған туыстарына сол жағымдағы тархан, тоғыз оғыз, отыз татар бектері тыңдаңдар деген жолдар берілген. Бұған қарағанда отыз татарлар Білге қағанға бағынса керек.

Білге қаған, Күлтегін мәтінінде отыз татарларға қарсы соғыс қимылдары туралы көп сөз қозғалмағанына қарағанда олармен билеуші әулет бір мәмілеге келген сияқты. Тек тоғыз татар деген топтары қаған билігіне қарсы аттанған. Яғни Осы мәтінде Білге қаған оғыздарды соңынан қумай ашық майдан алаңына шақыру үшін олардың барықын (барық – көне түрік тілінде ескерткіш, храм мағынасында қолданылған) бұзғанда ызаланған оғыздарға, тоғыз татарлар қосылып қаған әскерімен шайқасуға шыққандығы

туралы дерек берілген. Бұдан тоғыз оғыздармен тоғыз татарлардың арасында тығыз қарым-қатынас орнағандығы байқалады.

Сондай-ақ, Білге қаған ескерткіштеріндегі арнау сөздерде тоғыз оғыздарды, отыз татарларды, түркештерді өз халқым еді деп атап көрсету арқылы өзіне жақын тартатынын байқау қиын емес. Мұның өзі олардың генеологиялық жақындығынан хабар береді. Осынау Түркі ескерткіштерінен татарлардың түркі текті ру тайпалардан ұйымдасқан тайпалық одақ, тіпті мемлекеттік құрылым болғанын байқалады. Орхон ескерткіштерінен көрінетіндей, Бұмын қаған жерлеуі кезінде олардың жылап-сықтаушы елдер қатарынан орын алуына қарағанда Бұмын қаған кезінде отыз татарлар түріктердің вассалы болып өз билеушілерін сақтап қалған. Ал шығыс түрік қағанаты құрылу кезеңінде қағандықтың қайта түлеуіне қарсы күштерге қосылғаны үшін Шығыс түрік қағандары оларды тікелей қарамағына алып билік жүргізгені яғни, оларды бектер арқылы басқарған. Орхон ескерткіштерінде отыз татар бектері деген жолдар кездеседі.

Тарих ғылымында қимақтардың ежелгі қонысы жөнінде түрліше пікір бар. С.М. Ақынжанов Гардизи әңгімесін негізге ала отырып, Ертіс территориясындағы қимақтарды сырттан келген халық деп пайымдады. Зерттеуші Гардизи әңгімелері сол уақытта болған нақты оқиғаларды суреттейді дей келе қимақтардың алғашқы отаны Солтүстік-шығыс Моңғолияның жері деп көрсетті [6, 9 б.]. Зерттеуші мұнда тоғыз татарларының қонысын меңзесе керек. Орхон ескерткіштерінде татарлар «тоғыз татар», «отыз татар» деген атаулармен кездеседі. Сондықтан олар топтарға бөлініп, түрліше аумақтарға қоныстанған. Бұл сөзіміз дәлелді болу үшін отыз татарларының шығу тегін, орналасқан аумағын анықтаған мына түсініктемені оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік. «Қазақстан тарихы туралы қытай деректері» IV-томының 196-бетіндегі Шивей сөзіне берілген түсініктемеде «Шивей – кей ғалымдар бұл «сяньбэй» этнонимінің қытайша транскрипциясының тағы бір түрі деп қарайды. Қытай деректемелерінде олардың арғы тегін «Дунху»деп атаған. IV – XI ғғ. олар қазіргі ҚХР Ішкі Моңғолия автономиясы, Хулуньбэйр аймағы мен соған іргелес жерлерде өмір сүрген. Алғашында олар бес тайпа болып, кейін көне тү-

рік қағанаты кезінде олардың саны 30-дан асқан. Бұл көне түркі ескерткіштерінде «отыз татар» деп аталатын ел» [7, 196 б.].

Татарлардың түркі текті ұлыс болғандығын аңғартатын түркі аңыздары мен жазбалары бар. Мысалы, Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» еңбегінде татар адам аты және халық атауы ретінде баяндалған. Нұхтың баласы Йафестен Түрік – Түтік-Елше хан – Деббақой хан-күйік хан – Алынша хан туады. Алынша хан елді екі ұлына бөліп береді. Олар татар хан және моңғол хан әулеттері болған. Оларға қараған түрік нәсілді елді татар, моңғол халқы деп атаған. XI ғасырдағы түрік ғұламасы Махмұт Қашқари өзінің «Түрік тілдері сөздігінде» татарларды, табғаштарды, қидандарды, таңғұттарды атағы кеңінен мәлім болған жиырмадан астам түркі тайпаларының қатарында атайды. Табғаштар – дунхулардан шыққан сяньбэй этнонимінің құрамына енетін тоба тайпасының көне түрік тіліне дұрыс аталуы. Дегенмен, осындай ежелгі түркі деректерінің ғылыми айналымға енбеуі өкінішті. Қытай деректерінің өзінен отыз татарларының арғы тегі болған сяньбэй этнонимінің тілінің түркіше сипаты айқын аңғарылады. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері IV томының 51-бетіндегі сяньбэй сөзіне түсініктемеде «Қытайдың «Наньцишу» кітабының «Вей жабайылар баяны» тарауында сяньбэйдің 13 лауазым атауы сақталған, бұл атаулардың түбір сөздері түгелдей түрік тілінде болған, тек оларға жалғаған «-чин» жұрнағынан кейін ғана моңғол тілінің сипаты байқалады. Мысалы түркі бітік сөзіне «-чин» жұрнағын жалғап «бітікчин» болып құралады, ғалымдардың пікірінше егер бұл сөз түркі тілінде болса «-чин» жұрнағының орнына «-чи» жұрнағы болар еді-мыс. Алайда осы «-чин» жұрнағы ертеде түркі моңғол тілдерінің ортақ жұрнағы болған болуы да әбден ықтимал [7, 51 б.].

Міне, осылардың бәрін жинақтай келгенде, қимақтардың шығу тегіне бәрінен жақыны татар тайпалық одағы екенін баса айту қажет. Бұған Гардизидің «Әлем шекаралары» еңбегінде берілген генеологиялық аңыз негіз бола алады. Сонымен, татар тайпаларының тарихы отандық тарих ғылымында әлі де зерттеле қоймаған мәселелердің бірі екендігіне көз жеткіздік. Ежелгі татар тарихын зерттеу түркітану ғылымын жаңа белеске көтеруге алып келетіні сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Махмұт Қашқари. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, – 1993. – 192-б.
- 2 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін. Төрт томдық. 1-т. – Алматы: Атамұра, 1996. – 544 б.
- 3 Дәулетхан Ө. Түркештердің этникалық құрамы және орналасу жағдайы // Қазақ тарихы. – 2001. – 21-25 бб.
- 4 Қойшығара Салғарин. Далалықтар немесе ежелгі қыпшақтар // Таң шолпан. – 2002. – № 6. – 74-105 бб .
- 5 Сартқожа Қаржаубай . Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003. –392 б.
- 6 Артықбаев Ж.О., Ерманов А.Т., Жеңісов Ө.Т. Орта Ертіс өңірі кимақ дәуірінде. – Астана: Фолиант, – 2004. – 48 б.
- 7 Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. IV-том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. – Алматы: Дайк-Пресс, – 2006. – 480 б.

References

- 1 Mahmyt kashkari. Tүbi bir Turki tili. – Almaty: Ana tili, 1993. –192-b.
- 2 Kazakhstan tarihy. Kone zamannan bygingi kunge deyin. Tөrt tomduq. I-t. – Almaty: Atamұra, 1996. – 544 b.
- 3 Daulethan. Ө Tүrkeshterdin etnikalyq kұramy zhane ornalasu zhaғdayy // Kazakh tarihy. – 2001. – 21-25 bb.
- 4 Koysyhgara Salғarin. Dalalyktar Nemesu ezhelgi kypshaktar // Tan Sholpan, – 2002, – 74-105 b.
- 5 Sartkozha karzhaubay. Orkhon myralary. – Astana, 2003.
- 6 Artykbaev J.O., Yermanov A.T., Zhenisov Ө.T. Orta Yertis Өңiri kimaq дәuirinde. – Astana: Foliant, – 2004. – 48 b.
- 7 Kazakhstan tarihy turaly Sinensium Super derektemeleri. IV-t. Өlettik zhylnamalar Tarija. II – bolim. – Almaty: Dyke-Press, 2006. – 480 b.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Абдимомынов Н.Т. – PhD доктор, Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

Абдулина А.Т. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы

Айтқұл Х.А. – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі

Ахметжанова А.Т. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ахметова М.Ж. – магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Байболатова Ә.Ж. – магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Байғабатова Н.К. – тарих ғылымдарының кандидаты, I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Баудиярова К.Б. – тарих ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Бекбаева Т.А. – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Дүйсен Ө. – магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Әбденев А.Ж. – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі

Жакупова Г.Е. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Жаппасов Ж.Е. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Жұмаділ А.Қ. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Зұлтыхарова Э.Ө. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ

Исаева А.И. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ мемлекеттік қыздар университеті

Искаков Қ.А. – I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Каскабасова А.А. – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Кемелова Қ.Ш. – Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі

Кәрібаев Б.Б. – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Көкебаева Г.К. – тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қартабаева Е.Т. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қасымова Д.Б. – Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты

Қозыбақова Ф.А. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Құндакбаева Ж.Б. – тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Мекебаев Т.Қ. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Мийманбаева Ф.Н. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Молдадосова А.К. – PhD докторант, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ

Мошина Н.И. – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мұхамбетғалиева А.К. – Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті

Мұхатова О.Х. – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Мырзабекова Р.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ноғайбаева М.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Омарова Г.Е. – ф.ғ.к., Шет тілі және іскерлік карьера университеті

Полякова А.Р. – магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Садықова Р.О. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Серкенова С.С. – магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Таймағамбетов Ж.Қ. – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық мұражайы

Тасилова Н.А. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тойшубекова Ж.К. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Торежанова Н.Ж. – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі

Төлеубаев Ә.Т. – тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тутқушбаева Р.М. – магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Хабижанова Г.Б. – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ысқақов А. – магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Қазақ хандығына – 550 жыл – Казахскому ханству – 550 лет

<i>Кәрібаев Б.Б.</i> Қазақ хандығы дәуіріне сипаттама	4
--	---

1-бөлім	Раздел 1
Деректану және тарихнама	Источниковедение и историография

<i>Мұхатова О.Х.</i> Құжаттану және арнайы тарихи пәндер	10
<i>Миманбаева Ф.Н.</i> Источниковедческая характеристика материалов сенаторской ревизии Туркестанского края 1908-1910 гг.	16
<i>Жакупова Г.Т.</i> Доступ к архивным документам в зарубежных странах	24
<i>Жакупова Г.Т., Полякова А.Р.</i> Тенденции в сфере комплектования государственных архивов	30
<i>Мұхатова О.Х.</i> «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» – тарихи және тарихнамалық дерек	36
<i>Абдимомынов Н.Т.</i> Алтын Орда тарихының батысеуропалық тарихнамасы (XIX-XX ғғ.)	44
<i>Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Тойшубекова Ж.К.</i> «Материалы по киргизскому землепользованию...» как источник по хозяйственно-экономической истории казахов в конце XIX в. – начала XX в.	50
<i>Омарова Г.Е.</i> Историограф-востоковед Т. К. Бейсембиев (к 60-летию со дня рождения)	56
<i>Ноғайбаева М.С.</i> Киев Русінің көшпелілер әлемімен байланыстары туралы	62
<i>Мошина Н.И., Каскабасова А.А.</i> Военная колонизация южного Казахстана Российской империей в середине XIX века: историография вопроса	70
<i>Абдилдабекова А.М., Касымова Д.Б.,</i> Западные исследователи об истоках советского пролетарского феминизма в начале XX века	78
<i>Касымова Д.Б., Телеуова Э.Д.</i> Формирование образа «советской женщины» в современной западной историографии	84

2-бөлім	Раздел 2
Ежелгі және орта ғасырлардағы	Древняя и средневековая
Қазақстан тарихы	история Казахстана

<i>Қартабаева Е.Т.</i> Ежелгі сақтардың этникалық тарихы жайында	90
<i>Хабижанова Г.Г., Ахметова М.Ж.</i> Послемонгольское становление этнополитических союзов тюркских племен	98
<i>Абдимомынов Н.Т.</i> Алтын Орда тарихындағы Ноғайдың саяси қызметі (XIII ғ. 2-ші жартысы)	106
<i>Кәрібаев Б.Б.</i> Қазақ хандығы дәуіріндегі аналар мен ханымдар	112
<i>Мухамбетғалиева А.К.</i> Выдающаяся роль Касым хана в укреплении казахского государства	118

3-бөлім Раздел 3
Жаңа және қазіргі замандағы Новая и новейшая
Қазақстан тарихы история Казахстана

Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж.
Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы тәуелсіздік үшін жүргізген идеологиялық күресінің кейбір мәселелері 124

Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж.
Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік органдарының қоғамдық-саяси ұйымдармен қарым-қатынасы 130

Ахметжанова А.Т., Козыбакова Ф.А.
Деятельность интеллектуалов в период функционирования имперской власти в Казахстане (30-ые годы XX века)..... 136

Bekbayeva T.A.
How Kazakhstan citizens asked G.V. Kolbin ?..... 146

Әбденев А.Ж.
«Өзен-Атырау-Самара» мұнай құбырының салыну тарихы..... 152

Касымова Д.Б., Кундакбаева Ж.Б.
Трансформация мировоззрения советских женщин в первой половине XX века в западной историографии 158

4-бөлім Раздел 4
Археология және этнология Археология и этнология

Төлеубаев Ә.Т.
Қазақ жерлеу салтындағы аза тұту күндері – үші, жетісі, қыркы, (жүзі), жылы..... 166

Таймағамбетов Ж.К., Бексеитов Ф.Т., Оспанов Е.Б.
Х.А. Алпысбаевтың ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры 180

Жұмаділ А.Қ.
Қазақстанның ежелгі тайпалары мен қазақ халқының әдет-ғұрып және салт-дәстүрінің өзара сабақтастығы..... 186

Байғабатова Н.К., Исаков К.А.
Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі 192

Баудиярова К.Б., Исаева А.И.
Семейный досуг – один из факторов стабильности брака..... 200

Кемелова Қ.Ш.
Халқымыздың қолөнерге байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері..... 206

Абдулина А.Т.
К историографии вопроса этносоциологических исследований в Казахстане..... 212

5-бөлім Раздел 5
Жалпы тарих Всемирная история

Хабижанова Г.Б., Серкенова С.С.
Единение с природой в религиозных верованиях тюркских народов Центральной Азии 220

Көкебаева Г.К.
Ұлттар Лигасы және түркі халықтарының тәуелсіздік жолындағы күресі..... 226

Молдадосова А.К., Зұлтыхарова Э.Ө.
Кеңес-фин соғысы кезіндегі КСРО мен Түркия Республикасы қатынастары 232

Мырзабекова Р.С., Байболатова Ә.Ж.
XX ғасырдың екінші жартысындағы Германиядағы түрік диаспорасы және миграциялық үрдіс..... 238

Садықова Р.О., Касымова А.А.
«Қырғи-қабақ соғыстан» кейінгі АҚШ және Иран қарым-қатынастары (1990-2000 жж.)..... 244

6-бөлім Раздел 6
Музей ісі Музейное дело

Әлімбаев Н.
Ресей этнографиялық музей қорындағы (Санкт-Петербург қ.) қазақтың тарихи этнографиясына байланысты құндылықтар хақында252

Айтқұл Х.А., Мьякишева О.А.
История формирования коллекции эпохи бронзы Центрального и Восточного Казахстана археологического фонда ЦГМ РК262

Торезжанова Н.Ж.
Наручные украшения эпохи бронзы (на основе фондовых материалов Центрального госмузея РК)270

7-бөлім Раздел 7
Магистрлік жұмыстар Исследования магистрантов

Туткулибаева Р.М.
Ш. Уәлихановтың Талдықорған өңірін зерттеу ерекшеліктері280

Ысқақов А
Қазақ хандығы – Ақ Орданың заңды мұрагері286

Бакытжанқызы А.
Лейборизм – британский вариант концепции демократического социализма292

Дүйсен Ө.
Қимақтар тегіне қатысты кейбір мәселелер298

Авторлар туралы мәліметтер304

CONTENTS

550 years to the Kazakh khanate

Karibayev B. Characteristic of the era of the Kazakh Khanate	4
---	---

Section 1

Historical Sources Study and Historiography

<i>Mukhatova O.H.</i> Documentation and Special Historical Disciplines.....	10
<i>Miymambayeva F.N.</i> Source study characteristics of materials Senatorial audit of Turkestan 1908-1910 years.....	16
<i>Zhakupova G.T.</i> Access to archival documents in foreign countries.....	24
<i>Zhakupova G.T., Polyakova A.R.</i> Trends in staffing the state archives	30
<i>Mukhatova O.H.</i> «Treatise on the views of residents of a virtuous city» - the historical and historiographical source	36
<i>Abdimomynov N.T.</i> Political activity of Nogai in the history of the Golden Horde (2nd half of XIII century).....	44
<i>Zhappasov Zh.E., Tasilova N.A., Tojshubekova Zh.K.</i> «Materials on the kyrgyz (kazakh) land use» as the source of the economical history of kazakhs in the end of XIX c.– the beginning of XX c.....	50
<i>Omarova G.E.</i> Historiographer- orientalist Beisembiev T.K. (devoted to the 60th anniversary of his birth)	56
<i>Nogaybaeva M.S.</i> On the relationship of Kiev Rus with the nomadic world	62
<i>Moshna N.I., Kaskabasova A.A.</i> Military colonization of southern Kazakhstan by the Russian empire in the mid- XIX century: historiography	70
<i>Abdildabekova A.M., Kassymova D.B.</i> Western researchers on the sources of soviet proletarian feminism in early XX century	78
<i>Kassymova D.B., Teleuova E.D.</i> Formation of the «soviet woman» image in the contemporary western historiography.....	84

Section 2

Ancient and Medieval History of Kazakhstan

<i>Kartabayeva E.T.</i> About the ethnicity of the ancient Saks	90
<i>Habizhanova G.B., Ahmetova M.Zh.</i> Post-Mongol formation of ethno-political alliances Turkic tribes.....	98
<i>Abdimomynov N.T.</i> History of the Golden Horde in Western historiography (the XIX-XX centuries).....	106
<i>Karibayrv B.B.</i> Mothers and Khanums in the Age of the Kazakh Khanate.....	112
<i>Muhambetgalieva A.K.</i> The outstanding role of kasym khan in strengthening the kazakh state	118

Section 3 Modern and Contemporary History of Kazakhstan

<i>Mekebaev T.K., Kumganbaev Zh.Zh.</i> Some questions of the ideological struggle of Mustafa Shokai for the attainment of independence in the period of emigration.....	124
<i>Mekebaev T.K., Kumganbaev Zh.Zh.</i> The relationship of the authorities of the Temporarily Government with organizations in Kazakhstan.....	130
<i>Ahmetzhanova A.T., Kozybakova F.A.</i> Activities of intellectuals during the functioning of imperial power in Kazakhstan (The 30s of XX century).....	136
<i>Bekbayeva T.A.</i> How Kazakhstan citizens asked G.V. Kolbin ?.....	146
<i>Abdenov A.Zh.</i> The history building of oil pipeline «Ozen-Atyrau-Samara»	152
<i>Kassymova D.B., Kundakbayeva Zh.B.</i> Transformation of soviet women outlook in the first quarter of XX century in western historiography	158

Section 4 Archeology and Ethnology

<i>Toleubayev A.T.</i> Memorial dates in Kazakh funeral and memorial rites (Ideological foundations and origins)	166
<i>Taymagambetov J.K., Bekseitov G.T., Ospanov E.B.</i> The stone age of Kazakhstan in the scientific exploration of H.A. Alpysbaev.....	180
<i>Zhumadil A.K.</i> Continuity of ceremonies and tradition of the Kazakh people with ancient tribes of Kazakhstan	186
<i>Baigabatova N.K., Iskakov K.A.</i> Kazakhstan's model of interethnic tolerance and social harmony	192
<i>Baudiarova K.B., Isaeva A.I.</i> Family leisure – one of the marriage stability factor	200
<i>Kemelova K.Sh.</i> Traditions and customs touching needlework of Kazakh people	206
<i>Abdulina A.T.</i> To historiography of question of of ethnosociology researches in Kazakhstan.....	212

Section 5 History of world

<i>Habizhanova G.B., Serkenova S.S.</i> Unity with nature in the religious beliefs of the Turkic peoples of Central Asia.....	220
<i>Kokebayeva G.K.</i> The League of Nations and Turkic people's struggle for the independence.....	226
<i>Moldadossova A.K., Zulpykharova E.U.</i> Relations between the USSR and the Republic of Turkey at the time Russo-Finnish War.....	232
<i>Myrzabekova R., Baybolatova A.</i> Turkish diaspora in Germany and migration in the second half of the XX century	238
<i>Sadykova R.O., Kasymova A.A.</i> The American-Iranian relations after the «Cold War» (1990-2000).....	244

Section 6 Museology

<i>Alimbay Nursan</i> Collection on historical ethnography of Kazakh people in the funds of Russian ethnographical museum (Saint Petersburg).....	252
<i>Aytkul H.A., Myakisheva O.A.</i> History of the Central and Eastern Kazakhstan Bronze Age collection of the Central State Museum of Kazakhstan	262
<i>Torezhanova N.Zh.</i> The Bronze Age hand decoration (based on collections of the Central State Museum of Kazakh Republic).....	270

Section 7 Investigations of postgraduate students

<i>Tutkushbaeva R.M.</i> Features research Ch. Valikhanov Taldykorgan region.....	280
<i>Yskakov A.</i> The Kazakh khanate is a legal heir of White Horde	286
<i>Bakytzhankyzy A.</i> Labourism – the British version of the concept of Democratic Socialism	292
<i>Duysen O.</i> Some problems about the genesis of the kimaks	298
Авторлар туралы мәліметтер	304